ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

АБАЙ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ

ПОЭМАЛАРЫ, ҚАРА СӨЗДЕРІ МЕН ХАТТАРЫ,
МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Алматы «Атамұра» 2025

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Қазақ музыка мәдениетінің дамуында Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ол – көне музыкалық дәстүрді тың арнаға бұрып, қазақ музыкасының көркемдік тілін жаңа сапалық биіктікке көтерген және оның дамуында жаңа кезең қалыптастырған бірегей тұлға.

Абай өзінің музыкалық шығармалары арқылы поэзия мен музыканы біртұтас көркем формада ұштастырып, бұрын-соңды болмаған тың ырғақтық-ладтық интонация, айтушы мен тыңдаушы мәдениетін қалыптастырып, интеллектуалды-эстетикалық кеңістіктің өрісін кеңейтіп, жаңа композиторлық мектептің негізін қалады.

Абай шығармашылығы қазақ ән мәдениетінде ерекше тарихи кезеңнің басталуын айғақтайды. Сал-серілік дәстүрдегі бір тұлға бойында тоғысқан шығарушылық пен орындаушылық өнер Абай шығармашылығында жіктеле бастады. Алайда, Абай өзі шығарған әндердің алғашқы орындаушысы болғаны анық. Оның әндері әуелі авторлық үлгіде орындалып, кейін айналасындағы өнерпаздар арқылы халық арасына кең тарады. Ертедегі жазбаларда оның әндері Сыр бойы, Жайық өңірі мен Орынбор маңында да белгілі болды делінген. Ал қазақ даласының әр жерінде түрлі орындаушылардың айтуынан естіп-білген саяхатшылар мен зерттеушілер өз еңбектерінде «Татьянаның хаты» сияқты әндердің нақышына, поэтикалық мәнеріне тәнті болғандарын тамсана жазса (Дм. Львович), А. Н. Седельников Пушкин мен Лермонтовтан жасаған аудармаларына айрықша тоқталып, қазақ поэзиясындағы жаңа ағымның өкілі ретінде бағалап, нәзік ырғақтағы «Татьяна хаты» әнін де тыңдауға болатынын атап өтеді.

Қазақ музыка этнографиясының екі ғасырдан астам тарихы бар екенін ескерсек, осы уақыт аралығында ән-күй, жыр-дастан, терме-толғау секілді қазақ музыка өнерінің әр саласы бойынша көптеген мұралар жинақталып, бірқатар құнды еңбектер жазылды. Алайда, осы зерттеулердің алғашқы жүз жылдығында шетелдік және орыс саяхатшыларының Абай әндерін алғаш тыңдаған сәттегі әсерін сипаттайтын жазбалар ғана болмаса, нотаға түсірілгені жайлы дерек жоқ.

Абайдың музыкалық мұрасының алғаш хатқа түсуі XX ғасырдың екінші онжылдығына тиесілі. 1919–1922 жылдар аралығында Ақмола өңірінде (Көкшетау) А. Э. Бимбоэс Абайдың «Татьянаның хаты» және «Сегіз аяқ» әндерін нотаға түсіріп, 1926 жылы Ленинградтағы Орыс географиялық қоғамының Н. Ф. Финдейзен басқаратын «Музыкалық этнография» жинағында жарық көрген «Қырғыздың 25 әні» атты мақаласының құрамында жариялаған. Алайда, бұл үлгілер А. Затаевичтің «Қазақтың 1000 әні» жинағы (1925) шыққаннан кейін ғана баспа бетін көрді.

А. Затаевич «Татьяна әнінің» бір нұсқасын, сондай-ақ «Абай», «Қор болды жаным», «Тілек батам» («Қарашада өмір тұр». Е. Ш) атты шығармаларын

«Қазақтың 1000 әні» жинағына енгізсе, «Өленді қайтіп қоярсың» әнін «Қазақтың 500 ән-күйі» жинағында жариялаған. Кейінгі зерттеулер нәтижесінде В. Дернова, Б. Ерзакович, Ғ. Бисенова сынды ғалымдардың еңбектері негізінде Мәскеудегі М. И. Глинка атындағы Мемлекеттік орталық музыкалық мәдениет мұражайында сақталған А. Затаевич қолжазбаларынан Абайдың тағы 12 әні табылған. Бұл мұралардың барлығы түрлі ғылыми еңбектер мен жинақтарда жарық көрді.

Абай әндерінің алғашқы жарияланымдары мен кейінгі жинақталу кезеңінің арасы 10-15 жыл уақытты құрайды. Осы аралықта ақын әндерінің радио мен концерттік бағдарламада орындалуына тыйым салынған кезеңдер де болған. Б. Ерзакович: «...революцияға дейінгі басқа да көптеген ақындарға, кеңес әдебиетінің, ғылымы мен өнерінің алғашқы қайраткерлеріне деген сыңарезу қате саясат өріс алып, Абай әндерін концерттерде орындауға тыйым салынды. Абай әндері музыкалық хабарлар мен көпшілік концерттерде бағдарламадан алып тасталынып жүрді», – деп жазады. Осындай саяси-мәдени қиындықтарға қарамастан, 1934 жылы Ә. Қашаубаев композитор Е. Брусиловскийді арнайы шақырып, Абайдың «Қор болды жаным» және «Біреуден біреу артылса» әндерін нотаға жаздырған (Ерзакович Б. Мұхтардың Абай әндерін нотаға түсіртуі. Мақала. Аударған Ақтаев С. – Ақиқат. 1996, №11).

Осы жағдайлардан кейін ақынның музыкалық мұраларын жинақтау ісі 1935 жылдан бастап жүйелі түрде қолға алына бастады. Бұл іске ұйтқы болған – М. Әуезов. 1935 жылы ол композитор Л. Хамидиді Абайдың інісі Ысқақтың немересі Әрхам Кәкітайұлымен таныстырып, ақынның 18 әнін жаздырады. 1938–1939 жылдары А. Жұбанов Абайдың немересі М. Мұхаметжановадан 14 ән, Б. Ерзакович, Т. Арғынбаев, Ж. Елебеков, М. Әуезов, Қ. Лекеров сынды өнерпаздардан 11-12 әнді хатқа түсіреді.

Жалпы, Абайдың музыкалық мұраларының хатқа түсуі мен сақталуына зор үлес қосқан тұлғаларды екі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірі – жеткізушілер, екіншісі – жинақтап, нотаға түсірушілер. Жеткізушілер қатарында Ә. Қашаубаев, Ә. Ысқақов, Т. Арғынбаев, Қ. Лекеров, Ж. Елебеков, М. Әуезов, М. Мұхаметжанова, К. Байғұтов, Ғ. Сармурзин, Х. Демшінов, Ж. Стамбаев сынды әнші-күйшілер аталса, ал мұраны хатқа түсірушілер қатарында А. Бимбоэс, А. Затаевич, А. Жұбанов, А. Серікбаева, Л. Хамиди, Б. Ерзакович, Е. Брусиловский, У. Бекенов, Қ. Жүзбасовтарды атауға болады. Осы бастамалардың негізінде Абай әндерінің кейінгі кезеңдерде үздіксіз жинақталуы жалғасып отырды. Бұған әртүрлі ғылыми институттар мен жоғары оқу орындары да сүбелі үлес қосты.

1958 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы жанынан құрылған фольклорлық зертхананың ұйымдастырған музыкалық-этнографиялық экспедициялардың алғашқы кезеңдерінде-ақ Абайдың көптеген ән үлгілері жинақталып, жазылып алынса, 1960 жылы осы фольклорлық

зертханада М. Мұхаметжанованың орындауында ақынның 20-ға жуық әні дыбыс жазбасына түсірілген. Ал М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 1984 жылы арнайы шақыртумен М. Мұхаметжанованың орындауында Абайдың 17 әнін дыбыс таспасына басып, ол жазбаларды Қ. Жүзбасов нотаға хаттап, тиісті жинақтарға енгізді.

А. Бимбоэс алғаш жазып алған кезден бүгінгі күнге дейін бір ғасырдан аса уақыт өтсе, осы кезең ішінде Абай әндерінің көптеген түрлері мен нұсқалары пайда болған. Түр-нұсқа санының арта түскенін әр жылдары шыққан жинақтар мен жазылған еңбектерден, табылған әндерден көруге болады. Мәселен, Абайдың музыкалық мұрасы алғаш рет 1940 жылғы академиялық толық жинақтан бастап үш-төрт рет қана жарық көрді. 1940 жылғы жинақта 16 ән (нұсқаларымен 20) жарияланса, бұл 1945 жылғы жинақта қайталанып берілді. Ал жеке жинақ түрінде екі рет қана басылды. Алғаш 1954 жылы Б. Ерзаковичтің құрастыруымен шыққан «Абайдың музыкалық творчествосы» атты жинаққа 36 ән енсе, 1986 жылы шыққан «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына 65 ән, 3 күй енген. Ал Ғ. Бисенова өз еңбегінде «Қазіргі уақытта түр-нұсқаларын қосқанда Абайдың шамамен 60 әні белгілі» – деп көрсетеді.

Бұл – ақынның 175 жылдығына дейін жарық көрген музыкалық мұралар саны. Алайда, бұлардың қайсысы Абайға, қайсысы басқа авторға тиесілі деген мәселе сараланып, салыстырылып, бір ізге түспеген. Бұл жинақтарда ақын сөзімен айтылған халық әуендері де Абайға тиесілі болып жарияланып, ақынның бір әні келесі бір әнінің сөзімен айтылып, ақын сөзімен айтылған жоқтау сарындары да Абайға телініп кеткен жайттар орын алған. Тағы бір мәселе, жоғарыда аталған жинақтарда жарық көрген Абай әндерінің бірқатары бүгінгі күнге дейін кәсіби орындаушылар тарапынан толық орындалып, кең көлемде насихатталған жоқ. Қазіргі таңда әншілер көбінесе Абайдың белгілі, санаулы ғана әндерін орындаумен шектелуде. Осы орайда, қазіргі заманғы өнер мен білім саласына қойылатын талаптар мүлде басқа сапалық деңгейге көтерілгенін ескерсек, Абай әндерінің де кәсіби деңгейде орындалып, жанжақты насихатталуының қажеттілігі айқын көрінеді.

Ақын әндерінің соңғы жинақталып, жарық көруі – 2020 жылы Абайдың 175 жылдығы аясында жарық көрген шығармаларының академиялық толық жинағымен тығыз байланысты. Бұл – ақынның музыкалық мұрасының 34 жылдан кейін толық жинақталуы және академиялық жинаққа кең ғылыми түсінікпен тұңғыш рет енуі. Бұған 1919–1920 және 2020 жылдар аралығындағы барлық жинақтар мен ғылыми еңбектердегі ноталық үлгілер, фольклорлық зертханалар мен фонотека қорларындағы Абайға қатысты әндер барынша қамтылып, олардың әрқайсысына ғылыми түсінік берілді. Алайда, жинақталған шығармалардың түр-нұсқаларының саны алдыңғыдан да молайып, 150-ден асты. Бұл сол кездегі жағдайға байланысты көптеген деректердің қолға түспей, ақын мұрасын кең қарастыруға мүмкіндік болмаған

тұстағы нәтижесі. Одан бергі уақытта ақынның музыкалық мұрасына қатысты зерттеу қайта қарастырылып, назардан тыс қалған деректер жинақталып, академиялық жинақ негізінде 2022 жылы «Көзімнің қарасы. Абайдың музыкалық мұрасы» деген атпен толықтырылып, жеке жинақ болып жарыққа шықты. Ал мұндағы музыкалық нұсқалардың саны 170-ке жуықтады.

Иә, Абай мұрасына сандық көрсеткіш тұрғысынан емес, сапалық және шынайылық өлшем бойынша қарау маңызды. М. Әуезов те «Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық», – деп ақын шығармаларына ұқыпты, мұқият әрі жауапкершілікпен қарау қажеттігін ескертеді (М. Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, Т.15. Мақалалар мен зерттеулер. – 1984. 147-бет (Қазақ ССР Ғылым академиясы. М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты).

Ал бұдан кейінгі соңғы үш жылда Абайдың музыкалық мұрасына қатысты тағы да тың деректер табылды. Мәселен, 2024 жылы «Егемен Қазақстан», «Қазақстан дәуірі» газеттеріне жарияланған Ә. Қазақбаевтың «Жарқ етпес...» әніне қатысты «Абайдың жаңа әні табылды» мақаласындағы әннің ноталық үлгісі салыстырылып, әннің Абайға қатысы бар-жоқтығы қарастырылды.

Сондай-ақ, А. Ахметжановтың «Көзімнің қарасы» әні жөніндегі бұрын-соңды естілмеген деректері мен олардың басқа мәтінмен берілген нұсқалары да ескеріліп, ондағы ноталық үлгілерге де тоқталып, пікір айтылды. Жинақтың бұл басылымына оркестрлік үлгіде халық арасына кең тараған «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай» әндерінің дәстүрлі орындаушылық үлгідегі Ж. Кәрменов айтуындағы нұсқасы енгізілді.

Сонымен бірге, «Татьянаның Онегинге жазған хаты» мен «Татьянаның сөзі» Абай шығармаларының әр кезеңдегі жинақтарында түрліше беріліп келген. Мәселен, «Татьянаның Онегинге жазған хаты» 1907 жылғы қолжазбада «Татьяна қыздың Онегинге айтқаны» деген атпен, «Татьяна сөзі» «Татьянаның Онегинге айтқаны» түрінде жазылған. «Татьяна сөзі» 1909 жылғы жинақта «Татьянаның қайғырған жауабы» деген атаумен жарияланған. Осы негіздерге сүйене отырып, 2020 жылы жарық көрген толық академиялық жинақ пен осы жинақталып отырған соңғы басылымда атаулық бірізділікті сақтау мақсатында аталмыш әндер «Татьянаның хаты» («Амал жоқ, қайттым білдірмей...») және «Татьянаның жауабы» («Тәңірі қосқан жар едің сен...») деген атаумен жүйеленіп берілді. «Музыкалық мұрасы» бөлімінде де осы негіздер ескеріліп, «Татьянаның хаты», «Татьянаның жауабы» деген атпен енгізілді.

Абайдың музыкалық мұрасы қазақ өнері мен руханиятының қайнар көздерінің бірі ретінде біртіндеп жинақталып қана қоймай, музыкалық-эстетикалық және ғылыми-теориялық тұрғыдан да зерттеліп, жан-жақты зерделене бастады. Абай әндерін ғылыми тұрғыда қарастыру XX ғасырдың алғашқы жартысынан бастап қолға алынып, белгілі музыкатанушы ғалымдардың еңбектерімен тығыз байланысты болды.

Атап айтқанда, А. Жұбанов, Б. Ерзакович, Г. Шомбалова, М. Ахметова, В. Дернова, Ғ. Бисенова, В. Беляев, З. Қоспақов, Ә. Байғаскина, Б. Ғизатов және С. Күзембаева сынды ғалымдар Абай әндерін жан-жақты талдауға өз үлестерін қосты. Бұл зерттеулер музыкалық абайтануда Абай әндерінің жаңа стилін тану (А. Жұбанов), әндерді жинау, нотаға түсіру, олардың авторлық түпнұсқаға жақындығын салыстыру, Абай әндерінің музыкалық стилистикасын зерттеу әдіснамасын қалыптастыру (В. Дернова), Абай енгізген жаңа өлең формаларының жаңа әуендік-ырғақтық құрылымдардың пайда болуына негіз болғанын кешенді түрде талдау (Г. Шомбалова), Абай әндерінің «қалалық демократиялық қазақ әні» деп бағалануы (В. Беляев, М. Ахметова), алдыңғы ғылыми пікірлер негізінде Абайдың музыкалық стилі туралы орныққан түсініктерді қорыту (Б. Ерзакович), композитордың музыкалық шығармашылығы алғаш жан-жақты толық қамтылып, көптеген әндерге кешенді талдау, жаңа ән стилінің жаңа речитативтің пайда болуымен байланыстырылуы (Ғ. Бисенова) секілді бағыттарда сарапталды.

Кейінгі жылдары бұл салада Ә. Сабырова мен А. Бердібаева сияқты зерттеушілердің еңбектері ерекше назар аудартады. А. Бердібаева Абай мен Жаяу Мұса әндерін поэзиялық құрылымы мен музыкалық көркемдігі тұрғысында салыстыра қарастырса, Ә. Сабырова Абай әндерінің көркемдік-композициялық құрылымын, поэзия мен әуен байланысын, сондай-ақ, философиялық мағынасын терең зерделеуге бағытталған ғылыми пайымдаулар ұсынды. Бұл еңбектер Абайдың музыкасына ұлттық танымның көрінісі, эстетикалық-философиялық жүйе ретінде қарауға мүмкіндік берді.

Кеңестік кезеңде Абайдың музыкалық мұрасының зерттелу бағыты ұлттық болмысқа негізделмей, сол дәуірдің шектеулеріне тәуелді түрде жүргізілгені белгілі. Соның нәтижесінде біржақты тұжырымдар да орын алды. Оған кезінде А. Жұбанов, Ғ. Бисенова, С. Күзембаева сынды т.б. қазақ музыкатанушы ғалымдары сын көзбен қарап, қарсы пікір білдірген болатын. Соған қарамастан, бұл тұжырымдардың әлі де сақталып келе жатқаны аңғарылады. Қазіргі кезеңде Абайдың музыкалық мұрасын ұлттық дүниетаным, қазақтың төл интонациялық жүйесі тұрғысынан қайта пайымдау қажеттілігі туындап отыр. Болашақтағы зерттеулердің осы бағытта жүргізілгені орынды болмақ.

Абай әндерінің бүгінге дейінгі жету жолы мен мәтіндік және музыкалық сипаты ауызша дәстүрмен тығыз байланысты. Сондықтан да олардың түпнұсқа қалпында, яғни авторлық үлгіде өзгеріссіз сақталғанын анық сеніммен айту қиын. Ауызша-орындаушылық тәжірибе – репертуардың берілу, қабылдану және қайта жаңғыру үдерісінде әрдайым белгілі бір дәрежеде өзгерістер мен түрленулерге алып келетін фактор. Орындаушы тұлғалардың даралық ерекшеліктері, орындау машығы, талғамы Абай әндерінің интонациялық, ырғақтық немесе құрылымдық деңгейде өзгеріске ұшырауына ықпал еткені даусыз. Осыған орай, қазіргі кезеңде бізге жеткен Абай әндері олардың

авторлық нұсқасы толық сақталған күйі емес, халықтық жад, орындаушылық дәстүр және ауызша тарату барысында өзгеріске түскен интерпретациялық нұсқалар екенін айтуымыз керек. Ал бұл түр-нұсқалар ішінен композитордың өз қолтаңбасын танып алу қиындық туғызатын іс. Және мұндағы ұққанымыз, әр әннің өмірі – оның орындалуында болса, нұсқасы – кімнің қалай орындауында екен де, әр жаңа нұсқа алдыңғы нұсқаны жоққа шығаруы және өзі де жоққа айналуы мүмкін. Музыкатанушы И. И. Земцовский: «Вариант (нұсқа) – бұл фольклордың ажырамас ерекше бөлігі. Оны фольклордың жаны мен тәні деп атауға болады. Себебі, нұсқалылықта фольклордың нағыз болмысы материалдық пішінде көрініс табады... Егер біз «вариант» (нұсқа) ұғымын зерделеуге тырысатын болсақ, онда белгілі бір тұрғыдан алғанда, «инвариант» (өзгермейтін, белгілі бір түпнұсқа немесе түпнұсқаға ең жақыны) ұғымын анықтау қажет», – дейді (Актуальные проблемы современной фольклористики. Сб. статей и материалов / Сост. В. Е. Гусев. Л.: Музыка, 1980).

Зерттеу барысында осы тұжырым негізінде әннің түрі мен нұсқаларын анықтау, сондай-ақ, нақты түпнұсқасы немесе түпнұсқаға жақын үлгісін ажырату барысында бірқатар сұрақтар туындады. Нәтижесінде, өзгеріске ұшырап жеткен көптеген түр-нұсқалар мынадай ғылыми негіздерге сүйене отырып сараланып, инвариант үлгісін анықтау жолдары белгіленді:

– Ең алдымен композитордың стильдік ерекшелігіне баса назар аударылды;

– Екінші, композитордың тікелей ұрпақтарының жеткізуіндегі әндер жеке қарастырылды;

– Үшінші, ертедегі әншілер мен жеткізушілердің орындауындағы ноталық үлгілер салыстырылды;

– Төртінші, дауысы сақталған бұрынғы және кейінгі кәсіби орындаушылардың айтуында сақталған әндер салыстырылып, сараланды.

Ал ақынның композиторлық стилінен алшақ әндер Абай әндерінің қатарына жатқызылмады. Мәселен, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінің бір түрі Біржан салдың «Жамбас сипар» әнімен айтылса, фольклорлық зертхана қорынан алынған «Көзімнің қарасы» әні Шәкәрімнің «Жиырма үш жасымда» әнінің әуенімен айтылған. Тіпті, «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына ақын сөзіне жазылған жаңа заман композиторларының әндері де қосылып кеткен жағдайлар ұшырасады.

Абай әндерінің тарихы мен шыққан жылының нақты даталары туралы мәліметтер ғылыми айналымда нақты құжаттық дәлелдерге емес, негізінен ауызша естеліктер мен кейінгі зерттеушілердің тұжырымдарына сүйенеді. Әсіресе, әндерінің жарыққа шыққан жылдарына қатысты пікірлер әртүрлі және болжамды сипатта.

М. Әуезов: «Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, әйтеуір жиыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты деседі. Тегі өлеңі қою шыққан жылдарда әндері де жарыса шығып отыратын

11–9114

сияқты», – десе, Абайдың жақын серігі әрі шәкірті Көкбай Жанатайұлы: «1889–1890 жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін бір-ақ қыста, жазға салым шығарды», – дейді естелігінде. Ал абайтанушы ғалым А. Омаров: «Біржанмен кездескеннен кейін ғана (1888–1890) ән шығаруға ден қойып, санаулы жылдар ғана айналысқан, сазгерлікті ұзақ жылдар серік еткен деген жаңсақ ой туғызбаған жөн», – деп жазады. Аталған үш дерек-тің арасынан белгілі бір уақыттық үндестік байқалғанымен, шығармалар бойынша нақты хронология жасау әзірге мүмкін емес.

Осыған байланысты әндердің жинаққа орналасу реті осы академиялық жинақтағы өлеңдердің хронологиялық тізбегі бойынша берілді (2020 және 2022 жылғы жинақтарда 1995 жылғы жинақ негізге алынды). Бұл түсініктер бөлімінде де сақталды. Ал түсініктер әр әннің түр-нұсқаларының жазылып алынған жылдар ретіне қарай берілді.

Сонымен, атауы мен мәтіні бір, бірақ әуендік интонация, ырғақ, құрылым жағынан бір-бірінен алшақ болып келетін әнді «түр», сол «түрдің» өзгеріске түсіп, өзгеше өрнекпен айтылғандары «нұсқа» болып алынды. Түр ішіндегі нұсқа түсінікте №1.1 (бірінші түрдің бірінші нұсқасы) болып белгіленді. Ал мәтіні бөлек, әуендік жағынан ақынның белгілі бір әніне қатысты ән, сол шығарманың қатарынан қарастырылды. Мәселен, «Желсіз түнде жарық ай», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» секілді өлеңдері «Қараңғы түнде тау қалғыптың» нұсқалық әуендерімен айтылып жеткен. Яғни, бұл екі ән «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің түр-нұсқалары ретінде зерделенді.

Жинақ түсініктеріне қатысты тағы бір айта кететін жайт – ақынның А. С. Пушкиннен аударған Онегин циклына жататын «Татьянаның хаты» мен «Татьянаның жауабы» және «Онегиннің жауабы» мен «Онегиннің хаты» әндері әуендік және мәтіндік жағынан бір-бірімен өте тығыз байланысты болғандықтан, көп жағдайда бірге қарастырылды.

Алдыңғы жинақтар мен зерттеу еңбектеріндегі ноталық үлгілер түсініктерде өзгеріссіз берілді. Ал бұрын ешқайда жарияланбаған, фольклорлық зертханалардың қорынан алынған әндер домбыра бұрауына лайықталып нотаға түсірілді. Ішінара кейбір әндерді салыстыру үшін транспозиция жасалды. Инвариант үлгі ретінде таңдалып алынған әндердің барлығы дом-быра аспабына лайықталды және ән табиғатына байланысты кейбір әндердің өлшемдері мен дыбыс ұзақтықтары жүйесіне өзгеріс енгізіліп берілді. Сондай-ақ, берілген кейбір әндердің («Сегіз аяқ», «Сен мені не етесің», «Татьянаның хаты» мен «Татьянаның жауабы», «Онегиннің хаты» т.б.) мәтіндері қысқартылып ұсынылды.

Ән мәтіндеріне қатысты бір сөз, архивтік қорлар мен фонотекаларда сақталған әндер орындаушылар тарапынан көп жағдайда мәтіндік өзгеріске ұшыраған. Мәселен, Қ. Байжанов орындауындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» пен М. Мұхаметжанова айтуындағы «Мен көрдім ұзын қайың

құлағанын» әні түсініктер бөлімінде айтылуы бойынша беріліп, мәтіндік өзгерістеріне салыстырмалы түсініктер жазылды. Осылардың арасынан инвариант ретінде белгіленген нұсқаларға академиялық мәтіні қойылды. Ал әннің ырғақ жүйесіне байланысты өлең бунақтарының орны ауыстырылып айтылған ән мәтіндерін түзетуге тырыспадық (М. Мұхаметжанова. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» / *Жапырағы сарғайып, өлімсіреп, Байғұстың кім тыңдайды жылағанын – Сарғайып жапырағы өлімсіреп, Кім тыңдайды байғұстың жылағанын*). Бұл басылымда ән мәтіндері мен пунктуациялық белгілер осы жинақ негізінде жазылып, қойылды.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап Ғ. Сармурзин, Х. Демшінов, Ж. Стамбаев сынды орындаушылардың жеткізуімен Абай күйлері табылып, қайта өмір бастағаны белгілі. Бүгінгі күні ол күйлердің қазақ музыкасында өз орны қалыптаса бастады. Дегенмен, Абай күйлері дегенде қарама-қайшы пікірлер де жоқ емес. Бұрын айтылып, жазылғандықтан ескеру міндет болып, 2020 жылғы академиялық толық жинаққа «Желдірме», «Май түні», «Торы жорға», «Майдақоңыр» секілді Абайға тиесілі деп келген төрт күй толық еніп, осылардың ішінде «Май түні» мен «Торы жорға» күйлерінің У. Бекенов хаттаған ноталық үлгілері берілген еді. Ал 2022 жылы жарық көрген «Көзімнің қарасы» жинағына семейлік күйші-ұстаз С. Малаевтың Ғ. Сармурзин орындауынан тікелей түсірген ноталық үлгісі қатар беріліп, ол үлгінің Ғ. Сармурзин орындауындағы түпнұсқалық негізімен бір екендігіне сүйеніп және көркемдік деңгейі анықталып, С. Малаев үлгісі I нұсқа, У. Бекенов үлгісі II нұсқа болып енген болатын. Бұл басылымға осы келтірілген дәлелдерді арқау ете отырып, ең бастысы – әлеуметтік желі жүйесіндегі телеарнаның «Алтын қор» сайтына жарияланған Ғ. Сармурзин орындауын негіз қылып, музыкалық біртектілікті сақтау және ғылыми-музыкалық айналымда Абайға тиесілі делінетін күйлердің тікелей жеткізушінің орындауындағы үлгінің болуы басшылыққа алынып, С. Малаев түсірген бір ғана негізгі үлгісі берілді.

Сондай-ақ, Ә. Қазақбаев мақаласы мен мақалаға негіз болған этнограф А. Балғожиннің қолжазбасында «Желдірме» атты екі күйдің берілуі және күйлерге қатысты этнографтың «...Оба эти пьесы могут исполняться как в отдельности, так и вместе, образуя как бы 2-х частную форму. II-й вариант в отличие от 1-го исполняется в сопровождении голоса, причем в качестве поэтического текста используется стихотворение Абая «Не алмас қыран бүркіт» – деген түсіндірмесі негізінде Қазақстанның Шығыс өңірінде халықтық ән, күй сарындарына Абай өлеңдерін қосып орындау үрдісі болғандығын, бұл тұрғыдан алғанда, әуенінен Мәдидің «Үшқарасы» мен Зілқараның «Жиырма бес» әнінің интонациясы жиі көрінетін 1977 жылы Х. Демшіновтен жазылып алынған «Желдірме» күйін де Абайдың төл туындысы ретінде қабылдауға ғылыми негіздің әлсіз екендігіне байланысты тұжырым жасалып, «Желдірме» күйі жинақтың бұл басылымынан алынып тасталды.

Қорыта айтқанда, «Абайдың музыкалық мұрасы» екі негізгі бөлімге бөлінді. Бірінші бөлімде – жоғарыда аталған ғылыми және практикалық талаптарға сай сараланып, талданған әндердің инвариант үлгілері мен күйлердің ноталық жазбалары ұсынылды. Бұған Абайдың 24 әні еніп, оның 11-і екі түр-нұсқада берілді. Сонымен бірге, «Май түні», «Торы жорға», «Майдақоңыр» күйлері енді. Екінші бөлім – «Түсініктер». Алдыңғы жинақтарда бұл бөлімнің өзі «Әндер», «Күйлер» және зерттеу барысында Абай сөзімен айтылған бұрыннан белгілі-белгісіз бірқатар халық әнінің үлгілері анықталып, мазмұндық сипатына қарай «Абай сөзімен айтылған халық әндері» және «Дастандар» деп аталатын төрт тарауға жіктелген болатын. Бұл басылымда «Әндер» мен «Күйлер» бөлімі ғана қалдырылып, қалған екі тарау жұлдызшамен бөлінген қосымша түсінік ретінде ғана белгіленіп, оған «Ескендір», «Масғұт» дастандарының тағы бір-бір нұсқалары қосылып, түсінік жазылды.

Ақынның академиялық толық жинағына алғаш қосылып отырған «Музыкалық мұрасы» бөлімін әзірлеп, музыкалық салыстырулар жасап, түсінігін жазған – Е. Шүкіман. Бөлімнің әдеби редакторы – филология ғылымдарының кандидаты Т. Шапай, музыкалық редакторы – филология ғылымдарының докторы, өнертану профессоры Т. Қоңыратбай.

Еркін Шүкіман

ӘНДЕРІ

Желсіз түнде жарық ай

(I нұсқа)

Абай
Орындаған: Қ. Лекеров



(II нұсқа)

Абай
Орындаған: Ж. Кәрменов



Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе едің жол тосып
Жолығуға аулаққа?

Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?

Ішім өлген, сыртым сау

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов

Ішім өлген, сыртым сау,
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!

Өз үйінде өзендей
Күркірейді, айтса дау.
Кісі алдында кірбіңдеп,
Шабан, шардақ және шау.

Мұндай ма едің ана күн,
Мұның қалай, батыр-ау?
Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау.

Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің жабырқау?

Ұрлық пенен қулыққа
Байлағанда, кестің бау.
Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау.

Топ болғанда көресің
Түрлі дауды жүз тарау.
Аяғында сендейлер
Көрмей жүр ме ханталау?

Қайта кірер есікті
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күні бір бар-ау.

Біреуден біреу артылса

(I нұсқа)

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова

(II нұсқа)

Абай

Орындаған: Ә. Қашаубаев

Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген – білген-ақ,
Надан – надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсаңдар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл, қайғы жоқ онда,
Ісі жоқ – теріс пе, оң ба?
Тіленіп, телміріп жоқ ізденіп,
Тиын ба, яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме жынды сөзденіп.
Жасынан үлгісіз шіркін,
Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш.

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап.
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап.

Сегіз аяқ

Абай

Орындаған: Ж. Елебеков

Алыстан сермеп,
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.
Қиналма бекер тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.
Қадірлі басым,
Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

Қор болды жаным

(I нұсқа)

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова

(II нұсқа)

Абай

Орындаған: Т. Рахимов

Қор болды жаным,
Сенсізде менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
Қамырықты көңіл,
Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман.
Адам деп мені
Салмадың сен хат маған.
Жай таба алмай жүрек,
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол – қылған дәрім
Ғашығымның жанына,
Оңалдырып ойды,
Түзетпей ме бойды?

Сен мені не етесің?

(I нұсқа)

Абай
Орындаған: М. Мұхаметжанова

(II нұсқа)

Абай
Орындаған: Н. Алдажаров

Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесің.
Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Басылыспай,
Байыңа.
Және жаттан
Бай тап,
Өмір бойы қор өтесің.

Ет жүрек өртенді,
От боп жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей қормын,
Зармын,
Сен үздің ғой бұл желкемді.
Кім білер ертеңді?
Өлім айтпас,
Келсе, қайтпас
Кісіге.
Бүгінгі күн
Бармын –
Жолдас еттің сен бөтенді.

Айттым сәлем, қалам қас

(I нұсқа)

Абай
Орындаған: Т. Арғынбаев

(II нұсқа)

Орындаған: Ж. Кәрменов

Айттым сәлем, қалам қас,
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар – артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айрылмас.

Татьянаның хаты

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов

Амал жоқ, қайттым білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Талайсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп, мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Бұл жерде ешкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін.
Жақтырмай бұзсаң нұрымды,
Білдірмей күйіп өтейін.

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс.

Күтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Онегиннің жауабы

Абай
Орындаған: М. Мұхаметжанова

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағынасы алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әрі түрі жат,
Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқынын дөп
Жаза алыпсың толтырып.
Бойды жеңіп бұл асыл леп,
Тұрды титық көп құрып.

Тіл буынсыз, бой – таза гүл,
Ақылы артық, ары зор.
Ол – перизат, ойла, өзің біл,
Не болады болса қор?

Ішім өлген, құр денем сау,
Босқа үрейім жүр менің.
Жарамайды бекер алдау,
Теңің емес мен сенің.

Пенде көрген бар қызықтың
Бәрін ішкен сұм жүрек
Айныған соң, сен жолықтың,
Айтып-айтпай не керек?

Мен – жаралы жолбарыспын,
Жұрттың атқан оғы өтіп,
Сен есірке, сорлы жаспын,
Шын сөзіме рақым етіп.

12–9114

Онегиннің хаты

Абай
Орындаған: М. Мұхаметжанова

Құп білемін, сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүрегің енді ұнатпас,
Мезгілі жоқ қай медеу?

Ықтиярсыз мұңды сезім
Кетті ыршып жолыңа.
Мазағыңа бердім өзім
Өз басымды қолыңа.

Өлі бойға жан жүгірді,
Қайратым құрыш болды, нан.
Мұз жүрегім май сықылды
Еріп, от боп күйді жан.

Қор қылуға Құдіреттен,
Жүрегіме түсті өрт.
Тайды аяғым ескі серттен,
Түсті емсіз қатты дерт.

Он сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр.
Мен сықылды сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр.

Сен бетіңді әрі бұрсаң,
Шықты көзім, болды көр.
Жанды аларсың разы болсаң,
Біздің орын – қара жер.

Татьянаның жауабы

Абай
Орындаған: Ж. Елебеков

Тәңірі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,
Болды мәлім кеткенің,
Кінәсі жоқ жас адамды
Қатты соққан не еткенің?

Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып.
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың.

Бұл кінә емес, әншейін наз,
Сағынамын, айтамын.
Досың-ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын, қайтемін.

Ғашық-ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін.

Онегиннің өлердегі сөзі

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова

Жарым жақсы киім киіп,
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңілім,
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып ұйып,
Көңілім жүр құс болып шүйіп.
Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіппін жүз есе күйіп.

Қылдың арам ойыңды,
Бір бұрмадың мойныңды.
Сен ақылмен көңіліңді
Тыйып, жеңдің бойыңды.

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлыңды...
Атам, анам – қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды.

Өзгеге, көңілім, тоярсың

Абай
Орындаған: Т. Рахимов



Өзгеге, көңілім, тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.

Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.

Қара басқан, қаңғыған,
Хас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде.
Арттағыға сөз қалсын.

Ата-анаға көз қуаныш

Абай
Орындаған: Ж. Елебеков

Ата-анаға көз қуаныш –
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?

Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.

Ата көңіл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса,
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса –
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла!

Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінерге жарар ол.
Сүйкімі жоқ құр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла,
Ойбайла –
Не пайда?

Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңірі ісіне сен де көн.
Қайғысыз пенде
Көрдің бе
Өміріңде?

Тәңірі сорлы етсе, пенде
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ, ақылы кенде,
Жамбасыңнан жат сұлап.
Бір жаман мен бе
Дедің бе
Көңіліңде?

Көзімнің қарасы

(I түрі)

Абай
Орындаған: Ж. Елебеков



(II түрі)

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов



Көзімнің қарасы,
Көңілімнің санасы,
Бітпейді ішімде
Ғашықтың жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде
Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.

Сұрғылт тұман дым бүркіп

(I нұсқа)

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов

(II нұсқа)

Абай
Орындаған: Н. Алдажаров

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел қыл Құдаға!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ,
Бүгін – жалын, ертең – шоқ.
Белді бу,
Бетті жу!

Бойы бұлғаң

Абай
Орындаған: Ж. Елебеков

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
Тұл бойында
Бір міні жоқ пендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.
Байы – баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,
Айтса көнген,
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан пенде жоқ.

Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр тап-тақыр.

Су жуғар ма,
Сөз ұғар ма,
Сыпыра жылмаң желбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
Енді өкіндім – өзіме аз.

Қараңғы түнде тау қалғып

(I нұсқа)

Абай

Орындаған: Қ. Байбосынов

(II нұсқа)

Абай

Орындаған: Қ. Байжанов

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

Қарашада өмір тұр

(I нұсқа)

Абай

Орындаған: Ә. Ысқақов

(II нұсқа)

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова



Қарашада өмір тұр,
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар –
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
Шартарапты көздемес.
Пайданы қуып алқынып,
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі толған қулық ой,
Бәрі де пысық, езбе емес.
Құмары оның айт пен той,
Пайда мен мақтан – өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,
Шалықтап, шалқып, шатпай ма?
Қапысын аңдып тұрдым деп,
Қулығын бұлдап сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,
«Қу», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа,
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра аларлық.
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда, көңілдің өсері бар.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?

Абай
Орындаған: Ә. Ысқақов



Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма,
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма,
Махаббат, ғадауат пен майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?!

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма,
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?!

Сонда жауап бере алман мен бейшара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын

(I нұсқа)

Абай

Орындаған: Т. Рахимов

(II нұсқа)

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова



13–9114

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Қара жерге бас ұрып сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Мен көрдім асық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Жылы жүрек суыды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

Есіңде бар ма жас күнің

Абай

Орындаған: М. Мұхаметжанова



Есіңде бар ма жас күнің,
Көкірегің толық, басың бос,
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің,
Кімді көрсең – бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын.

Сүйсіне алмадым, сүймедім

(I нұсқа)

Абай
Орындаған: М. Әуезов

(II нұсқа)

Абай
Орындаған: М. Мұхаметжанова

Сүйсіне алмадым, сүймедім,
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

КҮЙЛЕРІ

Май түні

Абай
Орындаған: Ғ. Сармурзин
Нотаға түсірген: С. Малаев

Орташа, әндете

2

Торы жорға

Абай
Орындаған: Ғ. Сармурзин
Нотаға түсірген: С. Малаев

Орташа, құйқылжыта

2
mf
Соза
Соза
І екпін

Майдақоңыр

Абай
Орындаған: Ж. Стамбаев
Нотаға түсірген: М. Әбуғазы

Орташа, ширақ

2

ТҮСІНІКТЕР

Поэмалар

«Ескендір» поэмасы. Бұл шығарма Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы көшірме қолжазбасында «Ескендір патша» (108–112-беттер) деп жазылыпты.

1909 жылғы тұңғыш жинақта – (17-бөлік. Әңгіме (1995 жыл түсінігі Масғұт) дегеннен кейінгі (2) деп белгіленген (Ескендір әңгімесі).

«Ескендір» поэмасы зерттеушілердің пікірінше 1900–1902 жылдар аралығында жазылған. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдың бұл поэмасы Низамидің «Ескендір-намасының» негізінде назира түрінде жазылған деген пікір айтылып келеді.

Соңғы жылдардағы зерттеулердің нәтижесінде ғалымдар бұл поэманың сюжеті көне дәуір ескерткіші «Талмудта» бар екенін анықтап, Абай оны В. Жуковскийдің «Две повести» деген өлеңі арқылы пайдаланғанын дәлелдеп шықты. (Қараңыз: С. Қасқабасов. Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы. – «Қазақстан мектебі» журналы, 1968, № 2, 66–70 бб.; Сонікі: «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі – Кіт.: «Абай тағылымы». А., 1986, 224–237 б.; З. Ахметов. Современное развитие и традиции казахской литературы. А., 1978, с 75–78 т.б.).

Рас, Низамидің шығармасында Абайдың «Ескендірін» еске түсіретін мынадай бір сюжет бар: Ескендір күн шықпайтын жақта өлмес су бар дегенді естіп, қараңғылық жеріне сапар шегеді. Өлмес суды тап деп алға Қызырды жібереді. Ол суды табады, өзі ішеді де кетіп қалады. Қызыр келмеген соң Ескендір кері қайтады. Қайтқан жолда оған періште жолығып, кішкентай ғана тас береді де: «Сен әлемді жаулап алдың, бірақ сенің миың әлі толған жоқ. Мына тастың құнын біл, бүкіл жаһаннан осының салмағына тең тас тап. Сенің нәпсіңді тек сол тас қана тыяды!» – дейді.

Зұлматтан шыққаннан кейін Ескендір жаңағы періште берген тасты есіне түсіріп, оның салмағын өлшемек болады да таразы алдырып, оның бір жағына кішкентай тасты, екінші жағына қаншама үлкен тасты қойса да, періште берген тас баса береді. Осы кезде алыстан көрінген Қызыр: «Таразының екінші жағына бір уыс топырақ сал!» – деп кеңес береді. Сөйтсе, періште берген кішкентай тас пен бір уыс топырақтың салмағы бірдей болып шығады. Содан Ескендір өзінің миын топырақ қана толтыратынын түсінеді.

Ал, «Талмудтағы» әңгіме мынау: «На обратном пути остановился Александр для обеда близ одного ручья. Поданную ему соленую макрель (балық – ред.) царь начал обмакивать в воду ручья – и рыба получила удивительный запах.

– Это доказывает, – сказал Александр, – что ручей этот течет из рая.

Помыв лицо свое в воде ручья, Александр направился по истокам его и дошел до врат рая.

– Отворите! – воскликнул Александр.

– Врата эти – Господни, праведники входят через них, – услышал он в ответ.

– Но я царь, и я знаменит, – сказал Александр, – дайте же какую-нибудь вещь на память.

Дали ему черепную кость. Придя в свое царство, Александр положил на одну чашу весов кость, а на другую все серебро и золото, бывшее при нем. Перевешивала кость.

– Что значит это? – спросил Александр мудрецов.

– Эта кость, – ответили мудрецы, орбита человеческого глаза, ненасытного в жадности своей.

– Чем вы это докажете?

– Возьми горсть земли и посыпь кость.

Царь сделал так, и золото тотчас перевесило кость».

Міне, бұл әңгіме Абай «Ескендірінің» мазмұнымен бірдей. Тіпті кейбір эпизодтар мен детальдарға шейін дәлме-дәл келеді. Олар – Ескендірдің бұлаққа кездесуі, судың ерекше болуы, оған салған кепкен балықтың иісі мен дәмінің өзгеруі. Бұлақты бойлаған Ескендірдің жұмақ қақпасына келуі, патшаның ашу шақырып, қақпа күзетшісімен сөйлесуі, одан белгі боларлық бір нәрсе сұрауы. Қақпаның әр жағынан көз сүйегінің түсуі, ол сүйекті алтын, күміспен өлшеуі.

Көрсетілген ұқсастықтар, сөз жоқ, Абайдың «Талмудты» оқығанын көрсетеді. Абай «Талмудқа» В. Жуковский (1783–1852) арқылы барған, оған дәлел ретінде орыс ақынының «Две повести» деп аталатын өлеңін айтуға болады. Оның мазмұны толығымен «Ескендірге» сәйкес. Бұған қоса В. Жуковскийдің өз өлеңінің басында осы шығармасының сюжетін «Талмудтан» алғанын хабарлайды. (Өз кезегінде В. Жуковский бұл өлеңін XIX ғасырдағы неміс әдебиетінің көрнекті өкілі француз Адельберт фон Шамиссоның (1781–1838) «Ескендір туралы аңыз. Талмуд бойынша» («Sage von Alexander (nach dem Talmud») деген көлемді өлеңінің ізімен еркін аударма тәрізді етіп жазған). Демек, В. Жуковскийден оқыған әңгіменің түп-төркіні «Талмуд» екенін білген соң Абай «Талмудты» оқыған да, В. Жуковскийдегі әрі «Талмудтағы» жәйттерді тарихи мәліметтермен толықтырып, өзіндік сипатпен дүниеге жаңа шығарма алып келген. Оған дәлел: Абай В. Жуковскийде жоқты «Талмудтан», ал мұнда болмаған нәрсені, керісінше, В. Жуковскийден алған, оларға Ескендірдің өзі туралы, оның шаһары Македония, әкесі жайында мағлұмат қосқан. Сөйтіп ерте заманнан Шығыстан – Фирдауси, Низами, Жәми, Науаи, Батыста – Лампрехт, Ламберу, Бернэ, Шатильонский, Шамиссо, ал Ресейде – В. Жуковский жырлаған Ескендір бейнесін Абай да сомдаған. Бірақ ол Ескендірді бұрынғы авторлардан өзгеше, басқа сипатта көрсеткен. Ежелден әділ патша, батыл жауынгер ретінде дәріптеліп келген Ескендірді Абай «мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам», қатыгез де тойымсыз шапқыншы етіп суреттейді» (1995 жылғы жинақ, 317-бет).

Осы шығарманың жазылу мерзіміне қатысты назар аударатын бір мәселе бар.

1945–1946 оқу жылында Қазақ мемлекеттік университетіндегі «Абайтану» арнаулы курсындағы оқыған дәрісінде Мұхтар Әуезов Абайдың поэмалары туралы айтқанда: «Олардың жазылған жыл мөлшерін анықтап, нұсқау қиын», – дейді. Абайдың «Ескендір», «Масғұт» дастандарының 1898 жылғы қолжазба жинаққа кіргендігі туралы мәлімет береді (73-бет) (Абайтану дәрістері, 1994). 1898 жылғы қолжазба жинақ дерегі абайтануда айтылмайды.

Абай өлеңдерінің жиналу, сақталу тарихына қатысты деректерде 1896 жылдан бастап қолжазба көшірмелер жазыла бастағаны айтылады. С. Шормановтың 1897 жылы Петербург кітапханасына тапсырған қолжазбасында бұл поэмалар жоқ.

Мұхтар Әуезовтің 1898 жылғы қолжазба жинақ дегені – осы уақытқа шейін қағаберістеу қалған мәнді дерек. Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы көшірме қол-

жазбасындағы ішінара қайсыбір аударма туындылар «Жазба» деген атаумен беріліп отырғандығы осылар Абайдың өз қолымен жазғаны болуы мүмкін деген ой туғызады. Абайдың 1886 жылы жазған бірнеше өлеңін 1896 жылы қайта қарап, өңдеп түзегені туралы да М. Әуезов айтқан (Жүнісов С. 36-бет).

Дастанның қолжазба нұсқалары мен 1909, 1995 жылғы жинақтардағы басылымында бірді-екілі сөз айырмашылығы бар.

3-шумақтың 2-тармағы Мүрсейіт көшірмелерінде «Жақын жерге жау болып, тұра аттанды» болып жазылыпты.

1909, 1995 жылғы кітаптарда «жау болды» деп берген.

4-шумақтың 3-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының көшірмесінде (1906) «Шапқан елдің бәрін де бодан қылып» деп жазылған.

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1995 жылғы кітаптарда «бодам» деп беріледі.

Осы шумақтың 4-тармағы Мүрсейіт көшірмесінде (1906) «Өкүмдікпен қолына тартып алды» болып жазылған. 1907 жылғы көшірмеде, 1909 жылғы кітапта, 1995 жылғы жинақта «өкіметін» деп берген.

5-шумақ Мүрсейіттің жазба жинағында «Жердің жүзін алуға тағы ойланды» деп аяқталады (1906).

1907 жылғы көшірме, 1909, 1995 жылғы жинақтарда – «ой ойлады».

7-шумақтың 1-тармағы «Атағы талай жерге мұның кетті» (1906) болып жазылған. 1909, 1995 жылғы кітаптарда – «оның жетті».

Осындағы 3-тармақ Мүрсейіт қолжазбасында (1906) «Есепсіз ғаскер жиып, қаруланды». 1907 жылғы көшірме қолжазбада – «қаруланып».

1909 жылғы кітапта «Есепсіз әскер ертіп, жарақтанып» болып алынған.

8-шумақта 3-тармақ «Жан шықпайды алдынан, тоқтауы жоқ» (1906) болып келген. 1909, 1995 жылғы кітаптарда «шықпады» деп алыныпты.

4-тармақ Мүрсейіт көшірмесінде (1906) «Жердің жүзін жеке боп алмақшының» деп жазылған. 1909, 1995 жылғы кітаптарда – «Жер жүзін жеке билеп алмақшының».

9-шумақтың 3-тармағы Мүрсейіт көшірмесінде (1906) «Адам, хайуан бәрі де бірдей шулап» болып жазылыпты.

1907 (қолжазба), 1909, 1995 жылғы жинақтарда «шөлдеп» деп берілген.

Осы шумақта, келесі оныншы шумақта «шөлдеп» сөзі бірнеше қайыра қолданылған. «Шулап» сөзі жұрттың әбден шөлдегенін күшейтіп жеткізіп тұр.

Оныншы шумақтың соңғы тармағы Мүрсейіт жазбасында «Болыпты шөлдегеннен шыдай алмай» деп беріліпті.

1909, 1995 жылғы жинақтарда – «шөлдегенге».

Дастанның қолжазба нұсқалары мен жинақтардағы басылым мәтінінде ары қарай да 12, 13, 16, 22, 24, 26, 27-шумақтарында «бәсті» (1906), «басты» (1909, 1995); «Таңырқар» (1906), «Таң қалар» (1907), «таң қалды» (1909, 1995); «Шаһзадаға бармаққа» (1906), «Шаһарға да» (1907), «Шаһарына жеткенше» (1909, 1995); «жүріп кетті» (1906), «жөнеледі» (1907), «жөнелді» (1909, 1995); «Жердің жүзін» (1906, 1907), «жер жүзінің» (1909, 1995); «қорлығым» (1906), «Зорлығым» (1907); «Кездей келдім» (1906), «Кездей келді» (1907) (1909, 1995); «қайта салды» (1906, 1907), (1995), «барды» (1909); «білмепті» (1906), «білмеді» (1907, 1909, 1995).

Дастан мәтіні бұл жинаққа 1909 жылғы басылым бойынша берілді.

«Масғұт» поэмасы. 1882–1903 жылдар аралығында жазылған деп саналады. Абай мұрасын зерттеген ғалымдар бұл шығарманың алғашқы бөлігі орыстың аса көрнекті жазушысы И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты әңгімесімен үндес екенін анықтап, әрі Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасындағы «Масғұттың» тұсындағы «Тургеневтен» деген жазуға арқа сүйеп, Абай өз поэмасының сюжетін, бір жағынан, И. Тургеневтен, екінші жағынан, Шығыс фольклорынан алған деген пікір айтады. 1970 жылдары З. Ахметов өз зерттеулерінде «Масғұттың» Тургеневте жоқ екінші бөлігін бирма халқының ертегісінен тауып, оны Абайдың шығармасымен салыстырып, екеуінің сарындастығын анықтады.

Енді Тургенев әңгімесі мен бирма ертегісінің сюжеттерін салыстырып көрейік. И. Тургеневтің шығармасы:

Жапар (орысшада – Джиаффар) жас кезінде Бағдаттың бір көшесінде кәрі шалды қарақшылардан құтқарып алады. Шал риза болып, ертесінде базардың маңындағы бір кішігірім баққа алып барады да, өсіп тұрған ағаштан үш түсті (ақ, қызыл, сары) алманың біреуін ал дейді. Ақты алсаң – елдің бәрінен ақылды, қызылды алсаң – Ротшильд еврей сияқты бай, ал сарыны алсаң – кәрі әйелдердің сүйіктісі боласың, – дейді. Жапар сары алманы үзіл алады. Сонда шал оған: «Дұрыс істедің – деді. Себебі сен Сүлеймендей ақылдысың, өзің де кейін байыйсың. Ал, мына байлығыңа, яғни кәрі әйелдерге, ешкім қызықпайды». Содан кейін Жапар шалдан халифтің кәрі анасы қайда тұратынын сұрайды. Шал жолды көрсетеді.

Бирма ертегісінің сюжеті мынадай:

Ерте-ертеде бір елде, патша сарайында әуедегі жұлдыз бойынша алдағыны болжайтын бір данышпан болыпты. Бір күні аспандағы жұлдыздарға қарап, ол жеті күннен кейін бір сұмдық жауын болатынын біледі де, патшаға келіп: «Жеті күн бойы жаңбыр жауады. Оның суын ішкен адам ақылынан адасады», – дейді. Патша сарайдағы ыдыстарға таза суды толтыртады. Жеті күн өткен соң жаңбыр басталады. Жеті күн жауады. Жаңбыр тоқтаған соң патша мен данышпан калаға шықса, елдің бәрі тыр жалаңаш көшеде қыдырып жүр. Олар киімі бар бұл екеуін «жынданған» деп қуады. Патша мен данышпан қашып сарайға келеді де, ақылдасады, содан соң жауынның суын ішеді. Сөйтіп, екеуі де жынды болады. (Қараңыз: Сказки народов Бирмы. М, 1976, 263–264-бет).

Міне, Абайдың «Масғұт» поэмасына негіз болған екі сюжет екі түрлі шығармада баяндалған. Әрқайсысы – өзінше жеке хикая. Абай екеуін қосып, бір шығармаға айналдырған, оларды өз кейіпкерінің өміріндегі екі кезеңді көрсету үшін пайдаланған. Тургеневтен алынған сюжет Масғұттың жастық шағын бейнелейді. Бірақ Абай орыс жазушысының әңгімесін сол қалпында ала салмаған, оған өзгеріс енгізген, нақты есімдер мен детальдар қосқан. Айталық, Тургеневте халифтің аты аталмайды. Абай оны Һарон Рашид деп, Шығыс фольклорында көп айтылатын тарихи тұлғаның өзін кіргізеді. Сондай-ақ Тургеневте Жапардың қарақшылардан құтқарған адамы бір шал делінсе, Абайда ол Қыдыр болып көрсетіледі. Бұл айтылғандардан басқа да өзгерістер бар. Мысалы, Тургеневте Жапар сары алманы үзіп алса, Абайда Масғұт қызыл жемісті таңдап алады. Сөйтіп, Тургеневтің суреттеуіндегі кәрі әйелдің символын Абай жалпы әйел символы болып есептелетін қызыл түспен алмастырады. Осы қызыл түсті не себепті таңдап алғанын Масғұт Тургеневтің Жапарынан мүлде өзгеше түсіндіреді.

Ал, жоғарыда келтірілген бирма ертегісінің сюжетін Абай Масғұттың егде тартқан кезін суреттеуге пайдаланған. Бұл жолы да Абай ертегіге біраз өзгеріс енгізген. Ертегіде патша мен оның көріпкел жұлдызшы уәзірінің аты-жөні белгісіз. Абай оларға нақты есім беріп, ертегі оқиғасы атақты Һарон Рашидтің және оның уәзірі Масғұттың басынан кешкен болып әңгімеленеді. Сондай-ақ аспаннан сұмдық жаңбыр жауатыны туралы ертегіде патшаға уәзір жұлдызға қарап айтса, Абайда бұл хабарды Масғұтқа, Һарон Рашидке емес, Қыдыр айтады.

Жалпы, бас кейіпкердің мінез-құлқын, іс-әрекетін Абай Тургеневтен басқаша сипаттайды. Мәселен, Тургеневтің әңгімесінде Жапар сары алманы жеп, сол арқылы Халифтің кәрі анасына ұнағандықтан уәзір болды деген ой жатыр. Ал, Абайдың поэмасында Масғұт өз қасиетінің арқасында емес, Қыдырдың көмегімен уәзір болады. Егер Тургеневте және ертегіде уәзір өзінің тапқырлығын немесе данышпандығын көрсетсе, Абай Масғұтты тек Қыдырға ғана арқа сүйеген адам ретінде көрсетеді. Ол ертегідей данышпан да емес, алдағыны да болжай алмайды.

Абай Масғұтқа риза емес, өйткені Масғұт қолында бар зор мүмкіндікті дұрыс пайдалана білмейді, ешнәрсенің парқына бармайды, ақылға салмайды, өмірдің ағымымен жүре береді. Өз бетімен ештеңе істемейді, біресе Қыдырдың айтуымен жүреді, біресе халифтің айтқанын істейді, біресе көптің ырқына көнеді. Абай мұндайға қарсы. Соның үшін де ол поэмасын «Ғапіл боп, көп нәрседен құр қаласың, аңдамай көп сөзімен жүріп кетсең!» деген оймен аяқтайды. (Кеңірек қараңыз: З. Ахметов, Современное развитие и традиции казахской литературы. А., 1978, с. 62–73; С. Қасқабасов. Абай Құнанбаев – Кітапта: «Қазақ фольклористикасының тарихы». А., 1988, 187–193 бб.).

«Масғұт» – 1909 жылғы кітапта басылған (17-бөлік. «Әңгіме Масғұт», 98–100-беттер), көлемі отыз бір шумақ, бір жүз жиырма төрт жол өлең.

«Ендігіге не сұрау бұл заманда,
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас еді осы маңда», –

деп аяқталады.

Дастанның «Сол Масғұт халифаға уәзір бопты» деп басталатын екінші бөлімі (он үш шумақ, елу екі жол өлең) 1939 жылғы жинаққа қосылған. «Масғұттың» бұл II бөлімі бұрын басылмаған» деген ғана түсінік берілген (252-бет). Екінші бөлім туралы 1945 жылғы жинақта «Нұсқасы Мүрсейіт қолжазбасынан алынған». Бұл дастан «Мың бір түн» жүйесіндегі әңгіменің бір түрі сияқты» делінген (439-бет).

1957 жылғы жинақта бұл дастанға берілген түсінікте: «Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында Тургеневтен деп көрсетілген.

И. С. Тургеневтің «Восточная легенда» атты қысқа әңгімесі мен «Масғұт» дастанының бірінші бөлімінің сюжеті бастан аяғына дейін дәл түсіп отырады. Бұл «Восточная легенда» мен «Масғұттың» Шығыс елінің белгілі бір сюжеті негізінде құрылғандығын анықтайды» (355-бет) дей келіп, Тургеневтің 1883 жылы жазған «Восточная легенда» әңгімесі орыс тілінде келтірілген (356–357-беттер)» (1995 жылғы жинақ, 322-бет).

«Масғұт» поэмасын Абай барша мұсылман, Пайғамбар үмбетінің үрдісімен Алла атымен бастайды:

«Я, Алла, құрметіңде достың Махмұт,
Тілге жар бер, білінсін тура мақсұт».

Поэмада Абайдың әлеуметтік лирикасының мызғымас арқауы болған қазақ қоғамындағы күйсіздік, берекесіздік, бәтуасыздық, жатып ішер жалқаулық құбылыстарға күйіну сарынымен үндес, сабақтастық бар.

«Ақылды жан табылмас маған сырлас,
Көріне тентек көп надан мойын бұрмас.
Сол үшін ақ жемісті жемеймін дейді.
Сарыны жеп, мен болсам байдың өзі,
Аузында тамам жанның болдым сөзі.
Пәленшеден бір нәрсе алсақ-ау деп,
Тігілер жан біткеннің маған көзі».

Абайдың қара сөздерінде айтылатын ой бағу, мал бағу, бала бағу әрекеттеріне қатысты тоқтамдарымен үндес пайымдар айтылған.

Абай бұл ғибратқа құрылған шығармасында да заманы мен сол заманның адамына іштей наразылық көңілін білдірмей қала алмаған. Надандықтың ел шырқын бұзған құбылыстары, ер жігіттен ес кетіп қатын, қызынан ақыл сұрағанынан шошына түскен ақын елден безіп кету де ойына келетінін бүгіп қалмайды.

«Ендігіге не сұрау бұл заманда?
Ақыл-ой, ар-намыс жоқ еш адамда.
Өлген мола, туған жер жібермейді,
Әйтпесе тұрмас едім осы маңда».

Мұхтар Әуезов Абайдың бұл аңызды өзінің адамгершілік үгітіне мысал етіп, өзіндік ойларын тарату жөнінде үлкен кәдеге жаратқан дейді.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың – Масғұттың ғана жайы. Сол Масғұтты бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшыратып барып, Абай оған үлкен сапалы адамгершіліктің қасиеттерін бітірмек болады. Бұл жағынан қарағанда, Масғұт кай заманның адамына болса да, Абайдың ұғымынша үлгі боларлық, жоғары дәрежедегі ұжданды адам (нравственная личность).

Өзі үгіттеп жүрген жақсы жастардың өз заманындағы мінез-құлқына, адамгершілігіне Масғұтты үлгі етеді. Масғұт қандай боп танылады? Ол ақылдылықтан қашады. Байлықтан қашады. Соның екеуін де сынап, талғап отырып, жиреніп шығады. Сол Масғұттың ақылдан қашуы – Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр. Байлық турасында сөйлегенде де, Масғұт Абай заманындағы байлық аздырып жүрген байдың өзін де және оның қоршау-қошаметтерін де сынайды. Кейін Масғұт қызыл жемісті алғанда, жеңсікшіл, нәпсіқұмар көп жастың жолынан жырақ шығады. Ол әйелді, ең алдымен,

14–9114

адамзаттың қақ жарымы деп түсінеді. Әйелдің достығын ерекше қадір тұтады. Адам баласына дос боламын деген үлкен адамгершілік талапты өз өмірінің мақсаты етіп қояды. Ер жынысы мен әйел жынысы адамдық алдында терең дәрежеде бағаланады. Осы ойлардың барлығы да біз тексеріп өткен Абай шығармаларында ақынның өзі көп үгітпен көркем жырлар, терең ойлар тудырған тақырыптары емес пе еді?

Ендеше, Масғұт аузыменен Абай өз заманындағы, өз ортасында қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі таратпақ болған мораль философиясын жаңа түрде шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр...».

«Сол Масғұттың ақылдан қашуы – Абайдың өз басындағы, өз ортасындағы күйге аса жақын келеді. Ол көп айтатын шерлі уайымы бойынша, көп наданның арасындағы бір жалғыздың халін қандай трагедиялық, ауыртпалық хал деп отыр. Масғұтқа Абай сол өз басының аянышты күйін айтқызып отыр» (Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А., 1959, 554 б.).

Поэмада Абай әйел адамды (Құран Кәрімде) Алла ер адамға дос, жанашыр, тілекші етіп жаратқан, екі жарты – бір бүтін, өмір сонда ғана толық деген ежелгі тағылымды ғибрат етеді.

Абай шығарма желісінде дүниеден безіп кетердей сәттердегі өз басының күйзеліс күйін, «көп шуылдақтың» айтқанға жүрмес, ақылға көнбес, түбі құрдымға апармай қоймас рухани дағдарысын кіріктіріп, қосып отырған.

Бұл шығарма Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы қолжазба көшірмесінде «Масғұд қиссасы» (112–115-беттер) деп жазылған.

1907 жылғы қолжазбада «Масғұт Тургеневтан» болып берілген. 1909 жылғы жинақта (17-бөлік. Әңгіме Масғұт) деген тақырыппен басылған. 1995 жылғы жинақта «Масғұт поэмасы» деп жарияланған.

Дастанның 1-шумағындағы 2-тармақ Мүрсейіт қолжазбасында, 1909 жылғы кітапта екі түрлі қалыпта жазылған.

1906 жылғы қолжазбада – *«Тілге жар берілсе, тұғры мақсұд».*

1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда – *«Тілге жар бер, біліңсін тура мақсұт».*

2-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Барды да кезі келіп бір жұмысқа» деп жазылған. Бұл 1907 жылғы қолжазба, 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Барды ма кезі келіп бір жұмысқа?» боп беріліпті.

Осы шумақтың төртінші тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Бір бейшара кез болды шал байғұсқа» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Бір бишара кез болды шал байғұсқа» деп басылған.

4-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы көшірме қолжазбаларда: «Тәуір-ақ жан сақтайды жұмыспенен» болып жазылған. 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Тәуір-ақ жан сақтапты жұмыспенен» деп алынған.

Осы шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Масғұттан жау қашқан жоқ ұрыспенен» деп берілген. 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Масғұттан жау қашқан соң ұрыспенен» деп басылған.

5-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Көрсе, ағып тұр басынан қан дірілдеп» деп жазылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы кітаптарда: «Көрсе, бастан ағып тұр қан дірілдеп» болып алынған.

Осы шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Мұның қанын мен де өтеп кетейін» деп жазылған. 1909, 1995 жылғы басылымдарда: «Мұның қарызын мен де өтеп кетейінші» деп басылған.

7-шумақтың соңғы тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Қарызыңды білместей шал емеспін» деп жазылған. 1907 жылғы қолжазбада осы тармақ: «Қарызыңды білмейтін шал емеспін» деп жазылса, 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Жақсылықты білмейтін шал емеспін» деп басылған.

8-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Ертең түсте шығамын шаһарыңыздан» деп жазылған.

1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Ертең түсте кетемін шаһаріңізден» деп басылған.

9-шумақтың соңғы тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда: «Қабыл көр, сертім осы, қолыңды бер!» деп жазылыпты.

1909, 1995 жылғы басылымдарда: «Қабыл көр, сертім үшін қолыңды бер!» деп басылған.

11-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы көшірме қолжазбада: «Ол жерге ертең түсте жігіт барды» болып жазылған.

1907 жылғы көшірме қолжазбада, 1909, 1995 жылғы жинақтарда: «Ол жерге ерте тұрып жігіт барды» деп басылған.

Осы шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбалар мен 1909 жылғы жинақта «Қолынан ұстап алып, ертіп барып» болып жазылған. 1995 жылғы басылымда «Қолынан ұстай алып, ертіп барып» деп басылған.

12-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы көшірме қолжазба: «Барса, тамда бір гүл бар солқылдаған» деп басылған.

1909 жылғы жинақта «Барса, тамға бір гүл бар салқылдаған»; 1995 жылғы жинақта: «Барса, тамда бір гүл тұр солқылдаған» деп жазылған.

14-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Жігіт шал сөзін ұғып тұра қалды» болып жазылыпты. 1907 жылғы қолжазбада да солай. 1909 жылғы жинақта «Ол жігіт» деп бастайды. 1995 жылғы басылымда да осы алынған.

16-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазба нұсқасында, 1909 жылғы жинақта – «– Мен болсам, әгар ағын жемек, – дедім» деп басылған.

1907 жылғы көшірме қолжазбада, 1995 жылғы жинақта – «жемек те едім».

Осы шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «Мен ақылды билемен, не қылса да», 1909, 1995 жылғы жинақтар мен 1907 жылғы қолжазбада – «Мен ақылды билемен, не қылсам да» деп келеді.

18-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Адам дертті болмай ма ғаса тартып» деп басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда «ғаса тартып» емес, «құса тартып» деп жазылған.

19-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Тұшты ұйқы ұйықтаман түнде жатып» болып жазылыпты. 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы кітаптарда «Тұщы ұйқы ұйықтай алмай түнде жатып» деп басылған.

18-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Аузында тірі жанның болдым сөзі» деп жазылған. 1909, 1995 жылғы кітаптарда «Аузында тамам жанның болдым сөзі» деп басылған.

Осы шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Тігілер тамам жанның маған көзі» деп басылған. 1909, 1995 жылғы кітаптар мен 1907 жылғы қолжазбада «Тігілер жан біткеннің маған көзі» делінген.

22-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмесінде – «Бермесең, сен де бір ит бірге болдың», 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда «Бермесең, сен-дағы ит бірге болдың» деп басылған.

26-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Топа-торс бұл сөзді айтқаным жоқ», 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда «Топа-торсақ бұл сөзді айтқаным жоқ» деп берілген.

28-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Ебін тауып дәруі кезі келді» деп жазылған. Бұл тармақтағы «дәруі» сөзі 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы кітаптарда «даруға» деп басылған.

29-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Бұл» деп басталса, 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы басылымдарда «Сол» деп басталған.

30-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «Сол заманда надандар шырыш бұзған», бұл тармақтағы «заманда» сөзі 1909, 1995 жылғы кітаптарда «заманда-ақ» деп басылған.

Бұл шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «Жалғанның дәмін бұзып, хауіф қызған» деп жазылған. 1909 жылғы жинақта «Жалғанның дәмін бұзып, жоқ қылғызған», 1995 жылғы кітапта «Жалғанның дәмін бұзып, қауіп қылғызған» деп басылған.

Осы шумақтың соңғы тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Арашашы сұрапты хатын, қыздан», 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы кітаптарда «Арашаны іздепті қатын, қыздан» деп басылған.

1906, 1907 жылғы Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмелерінде дастан отыз бірінші шумақпен аяқталған. Әрі қарайғы 13 шумақ 1909 жылғы жинақта да берілмеген. Соңы 1939 жылғы басылымда енгізілген.

Бұл басылымда жекелеген түзетулер енгізіліп, 1939 жылғы нұсқасы бойынша берілді.

«ВАДИМ» («Батар күнге шымылдық көк бұлт кең»). Алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарық көрген. Содан бергі Абай шығармаларының барлық басылымдарына енгізілген. Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы қолжазба көшірмесінде бұл шығарма «Жазба. Фереуод. Уадим» (94–98-беттер) деп берілген. 1995 жылғы жинақта «Вадим» (М. Ю. Лермонтовтан) деп басылған.

М. Ю. Лермонтовтың аяқталмай қалған романынан аударма. Абай алғашқы екі тарауы мен үшінші тарауының басын өлеңмен еркін аударған. Онда түпнұсқа мазмұнының ұзын-ырғасы ғана бар. Біраз жерлері қалдырылып кеткен.

Романда II Екатерина падиша тұсында болған нақты оқиғалар суреттеледі. Оған жазушының бала кезінде нағашы әжесі Е. А. Арсеньевадан естіген әңгімелері арқау болған. Лермонтов шығармаларын зерттеушілердің пайымдауынша, егер роман аяқталған болса, онда әрі қарай, сөз жоқ, Пугачев көтерілісіне байланысты оқиғалар баяндалатын болуы керек. Шығарманың анық тақырыбы белгісіз. Өйткені қолжазбаның бірінші беті жыртылып кеткен.

Аударманың алғашқы нұсқасында 2-тарауы «Елуге келген, шашы бурыл тартқан», 3-тарауы «Бай: «Ер» деді, артынан ере бердім» деп басталса керек. Ал Мүрсейіт қолжазбасында тарауға бөлінбей, тұтас жазылғандықтан, сол күйінде басылып келеді» (1995 жылғы жинақ, 33-бет).

М. Әуезов Лермонтовтың жас кезінде жазылған бұл шығармасының негізінде Пугачев көтерілісі жатқандығын айтады. Поэмада Шиллер, Пушкин сияқты ақындардың ықпалы байқалады. Өзгелерді суық, жат етіп сипаттау – романтикалық үлгі, сол үлгіні Абай да пайдаланады дейді. «Бүкірді сипаттауының өзі романтикалық адамның қалпын көрсетеді.

...Лермонтов үлкен қоғамдық тақырыпты аңызға айналдырған себебі бар. Өйткені Вадимнің арғы тегі – дворян. Әділетсіздікті жойғанда өз басының тілегі сияқты көрсетеді. Аудармасын Абай ерте бітіреді. Абай жазған төрт поэманың даңқты болатын себебі олардың тұтастығы бар және біткен поэмалар болғандықтан, терең философиялық ойдың қорытындысы болып есептеледі. Абай Шығыс пен Батыстың рухани қазынасын қатар меңгергені шығармаларынан анық көрінеді. Абай екі мәдениеттің ана сүтін еміп өскендіктен, «ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім» деген. Бұл поэмаларды жазғанда шығыстық мұсылман әлемін алып, өзінің көзқарасына, эстетикалық сезіміне бағындырып жазады» (Әуезов. 75-бет).

Осы шығарманың сақталуы жайлы Әрхам Кәкітайұлының естелігінде айтылады.

«...Абайдың жылы өткен соң Кәкітай мен Турағұл Абайдың өлеңін, қара сөзін жинап бастыруға талаптанды. Өзі тірі күнінде Абай жазғандарын реттеп кітап қып жиғызбаған. Бір-екі бет қағазға жазып, ел қолына тарап кеткен. Көшіріп, жазып алып, қайсыбіреулері жаттап алатын болған. Сол бытырап кеткен өлеңдерді жинау, оны реттеу оңай болған жоқ. Пәленшеде пәлендей өлеңі, яки қара сөзі бар еді-ау деп іздеп тауып алатын болды. Немесе пәленше жатқа білуші еді деп сұрап жазып алып жүрді. Ол өлең мен қара сөз бар деген адамдардың өзі жақсы сақтамаған. Керексіз етіп жыртып жоғалтқандары көп болды. Мысалы, өз көзім көрген бір жағдай: Кәкітай бір күні: «Мен Жидебайға барамын, сен маған ер», – деді. Екеуміз салт атпен жүріп отырып түс кезінде Абай қорасына жетіп едік. Кәкітай ол ауылға соқпай, Жидебайдың күнбатыс жағында мешіт, медіресе салып имам болып тұрған Кішкене молланың баласы Махмұт молланың аулына тартты. Махмұт Кәкітаймен құрбылас болатын. Кәкітайдың алдына шығып, атын ұстап, құрметтеп үйіне кіргізді. «Союға мал әкеліп, шәй қайнат», – деп әйеліне бұйырып жатты. Сонда Кәкітай: – Әй, Махмұт, «Вадим» қайда, әуелі соны алып кел, – деді. Махмұт сасқалақтап абдырасын, сандығын ақтарып жүріп ортасы жыртылған бес-алты беттей тозған қағаз алып келіп: – Кәке, бар болғаны осы, – дегенде Кәкітай: – Бұл көп өлең болатын, не болды, кидің бе, міндің бе? – деді. Махмұт:

– Үлкен ұят болды, мына Құтыш деген балам ойнап жүріп жыртып, жоғалтып тастапты. Өзім апарып берем, деп сізге уәде еткен едім, бетім күйіп апара алмадым, – дегенде Кәкітай ашуланып, қарайып кетті де:

– Әй, Махмұт, сені ел имам сайлап, бала оқытып, молла қылып жүр. Сен молла болмақ түгіл мұсылман емессің. Абай ағамнан көрген жақсылығыңды әкеңнен де көрген жоқсың. Құдайдан қорықпай Абайдың «Вадим» сияқты зор еңбегін мына

қараборбай балаңа беріп жыртқызғаның не? – деді де жыртық қағаздарды бүктеп қалтасына салып, дайындап қойған тамағына қарамай, атына мініп Абай аулына жүріп кетті. Осы күнгі Абай жинағына кіріп, арты жоқ болған «Вадим» поэмасы әуелде көлемді үлкен поэма екен» (Абай туралы естеліктер, 170 б.).

Қолжазба нұсқалар мен әр жылдағы басылымдарда елеулі текстологиялық айырмашылық жоқ.

2-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Ол мұнара – сопылардың тұрар жері» болып басылған. 1995 жылғы жинақта: «Ол монастрь – сопылар тұрар жері» деп алынған.

1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде 4-шумақтың 3-тармағы: «Ладан деген иісті от тұтатып» болып жазылған. 1995 жылғы жинақта бұл тармақтағы «от» сөзінің орнына «май» сөзі жазылған.

5-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Тас күмбезде сыбыры күңгірлейді», ал 1907 жылғы қолжазба көшірме мен 1995 жылғы жинақта «сыбыры» сөзінің орнына «сыбдыры» сөзі жазылған.

Бұл басылымды бұл шумақта 1995 жылғы басылымда «сыбдыр» сөзі екі рет қайталанып тұрғандықтан, оның үстіне тас күмбездің ішінде сыбдырдан гөрі сыбырдың әсері қатты болатынын ескеріп, «сыбыр» сөзі алынды.

6-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Жан ашыр жоқ дүнияда жетім қалған» болып басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта: «Жан ашырсыз дүниеде жетім қалған» деп алынған. Бұл басылымда 1906 жылғы қолжазбадағы нұсқа алынды.

8-шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Аш итше бір теңгеге топыр қағып» деп басылған, 1995 жылғы жинақта «теңге» сөзінің орнынан «тиын» сөзі жазылған. Бұл басылымда қолжазба бойынша түзетілді. Бұл жерде сөз нақты бір ақша мөлшері туралы болып тұр. «Тиын» сөзі жалпы ақша мағынасында емес, нақты бір тиын болып естіледі.

9-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Ұялған соң тастаған бір мыс басын» болып басылса, 1995 жылғы жинақта «Ұялғаннан» деп басталған. Бұл басылымда қолжазба бойынша қалдырылды.

11-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Сұр ерін, аузы жұқа, ши тістеп» деп жазылған. 1995 жылғы жинақта: «Сұр ерін, өзі жұқа, жиі тістеп» деп басылған. Бұл басылымда 1995 жылғы нұсқамен қалдырылды.

12-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде: «Бір тиын нәрсе, таласып, үймелейді» болып басылған. 1995 жылғы жинақта: «Бір тиынға таласып үймелейді» деп жазылған.

19-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Көзі, түсі оңып, нұры қайтқан» болып басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта: «Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан» деп алынған.

22-шумақтың 3, 4-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Есікке шегелеулі құлыбы бар, Бір сандыққа барды да соған салды» деп жазылыпты. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта: «Есікте шегелеулі құлыбы бар, Бір сандық бар, барды да соған салды» деп басылған.

24-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Бәрің бірдей

шайнаспай, бөліп ал!, – деп» болып басылған. 1995 жылғы жинақта: «шайнаспай» сөзінің орнына «таласпай» сөзі жазылған.

25-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «Осылар елдің тынышын алды бүтін» деп басылған. 1995 жылғы жинақта «бүтін» сөзінің орнына «бүгін» сөзі жазылған.

25-шумақтың соңғы тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Ойламай, бәрін аштан өлтіретін» болып басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта: «Ойламай» сөзінің орнына «ұялмай» сөзі жазылған.

26-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «От жалындай бұл байға көзін тіккен» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта «бұл» шылауының орнына «сол» деп жазылған.

27-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазба көшірмеде: «– Не керек? – деп әлгі шал күңкіл етті» болып басылған. Бұл тармақ 1995 жылғы жинақ пен 1907 жылғы қолжазбада: «– Не керек? – деп әлгі шал бір күңк етті».

31-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «– Атым Уадим, – деп еді, бай да ұнады» деп басылған. 1995 жылғы жинақта бұл тармақ: «– Атым Уадим, – деп еді, байға ұнады» болып берілген.

32-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Ертіп жүрген екеуге бай да жолда» деп басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта: «Ертіп жүрген екеуге байды жолда» деп жазылған.

33-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Тани алмай ырылдап ит те үрді» болып басылған. 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы кітапта: «Танымай арылдасып иттер үрді» деп берілген.

34-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Уадим іздегенін тапты, міне». 1995 жылғы жинақта: «Вадим де іздегенін тапты мына» деп берілген.

Осы шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Шіркеудегі сертті ойлап, айтқан сөзді» деп басылған. 1995 жылғы басылымда: «Шіркеудегі сертті ойлап, айтқан сөзі» деп берілген. 4-тармағының соңғы сөзі 1906 жылғы көшірмеде: «ғана», 1995 жылғы жинақта «күнә» деп басылған.

37-шумақ 1906 жылғы қолжазбада:

Бірінші, ішпек, жемек, семірмек, есінемек,
Еріккеннен жалшыға бос зекірмек.
Екінші ұрыспастан, кезінде өзі ұрысқансып,
«Олай емес, білмейсің, бұлай», – демек.

Бұл шумақ 1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы жинақта:

Ішпек, жемек, семірмек, есінемек,
Еріккеннен жалшыға бос зекірмек.
Бай ұрыспастан, кезінде өзі ұрысқансып,
«Олай емес, білмейсің, бұлай», – демек.

Бұл жаңа жинаққа осы мәтін берілді. 1907 жылғы қолжазба «аяғы бітпей қалған» деген ескертумен аяқталған. 1906 жылғы қолжазбада ондай ескерту жоқ.

Абайдың бұл аудармасы Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбасы арқылы басылым көріп келеді.

Төменде мысал ретінде орысша түпнұсқаның басынан үзінді беріп отырмыз.

ВАДИМ

Часть 1-я

Глава I

День угасал; лиловые облака, протягиваясь по западу, едва пропускали красные лучи, которые отражались на черепицах башен и ярких главах монастыря. Звонили к вечерни; монахи и служки ходили взад и вперед по каменным плитам, ведущим от кельи архимандрита в храм; длинные, черные мантии с шорохом обметали пыль вслед за ними; и они толкали богомольцев с таким важным видом, как будто бы это была их главная должность. Под дымной пеленою ладана трепещущий огонь свечей казался тусклым и красным; богомольцы теснились вокруг сырых столбов, и глухой, торжественный шорох толпы, повторяемый сводами, показывал, что служба еще не началась.

У ворот монастырских была другая картина. Несколько нищих и увечных ожидали милости богомольцев; они спорили, бранились, делили медные деньги, которые звенели в больших посконных мешках; это были люди, отвергнутые природой и обществом (только в этом случае общество согласно бывает с природой); это были люди, погибшие от недостатка или излишества надежд, олицетворенные упреки провидению; создания, лишенные права требовать сожаления, потому что они не имели ни одной добродетели, и не имеющие ни одной добродетели, потому что никогда не встречали сожаления.

Их одежды были изображения их душ: черные, изорванные. Лучи заката останавливались на головах, плечах и согнутых костистых коленах; углубления в лицах казались чернее обыкновенного; у каждого на челе было написано вечными буквами н и щ е т а! – хотя бы малейший знак, малейший остаток гордости отделился в глазах или в улыбке!

«ӘЗІМ ӘҢГІМЕСІ» поэмасы. «Қай жылы жазылғаны белгісіз. Аяқталмаған немесе соңы сақталмаған. Алғаш хатқа түсірген – М. Әуезов (1927 ж.). Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланды.

Поэманың фабуласы «Мың бір түннен» алынған («Хасан зергер туралы әңгіме»). Ертегі өте көлемді, ғажайып сипатты бірнеше сюжеттік желіден құралған. Оның мазмұны шытырман оқиғаға толы, небір қиялдан туған жайттардан тұрады, сондықтан бұл ертегі қиял-ғажайып қана емес, хикаялық та сипатқа ие.

«Әзім әңгімесін» Абай сәл басқаша құрған, кіріспені кеңейтіп, бас кейіпкердің жас кезінен молырақ мәлімет берген.

«Мың бір түнде» қысқаша ғана Басра қаласында ерте кезде бір саудагер тұрғаны, оның екі баласы болғаны жайлы хабарлап, саудагер өлген соң екі ұлы дүниені бөліп алып, бірі зергер, бірі мыскер (мысшы) болғаны жайында айтылады. Зергердің аты –

Хасан. Күндердің бір күнінде оның дүкеніне бір адам келеді деп хабарланады да, әрі қарай оқиғаның өзі беріледі.

Абайдың бастамасы: Бағдатта Мұстапа және Сапа деген екі жігіт тұрады. Олар әкесі өлген, жетім, бірақ өте еңбекқор. Өздерінің талабы арқасында ағасы Мұстапа суретші, інісі Сапа тігінші әрі кестеші болады. Өсе келе Сапа Шын, Машынға, Мұстапа Балсураға кетеді. Мұстапа әділ еңбек етіп, тұрмыс құрады, үйлі-баранды болады. Сөйтіп, Әзім атты ұлы туады. Ол медреседе оқиды. Ұлы ержете бастағанда Мұстапа дүние салады. Енді Әзім өз өнері мен еңбегінің арқасында бұрынғыдан да байи түседі. Бір күні оның «лапкесіне торғын тон, алтын кәмәр бір шал» келеді.

Осы бастаманың өзі-ақ Әзімді толық мінездеп тұр. Ол еңбекқор, адал, өнерпаз адам. Аярлық, алдау, арбау дегенді білмейді, аңқау әрі сенгіш. Әзімнің бұл қасиеттері Абайдың еңбекке, өнер-білімге, адалдыққа шақырған өлеңдерін еске түсіреді. Демек, Әзімнің бойына ұлы ақын өзінің демократтық-гуманистік ойларынан туған нағыз адам, қоғамның қатардағы мүшесі қандай болу керек, оларға қандай қасиет қажет деген пікірін, өзінің адамгершілікке қатысты түсінігі мен шарттарын сіңірген.

Солай бола тұра Әзім аяр шалдың сөзіне сеніп, талай қорлық көреді, аңқаулықтан көп зардап шегеді. Міне, Әзімнің осы сенгіштігін Абай, бір жағынан, оның кемшілігі деп санайтын тәрізді. Ұлы ойшыл ақынның «өзіңді сенгіштікпен әуре етпе» деген сөзі осы ойға дәлел секілді. (Кеңірек қараңыз: С. Қасқабасов. Абай Құнанбаев. – Кітапта: «Қазақ фольклористикасының тарихы». А. 1988, 193–195-б).

1939 жылғы жинақта, 1933 жылғы жинақ бойынша басылып, берілген түсінікте: «Әзім әңгімесі» деген әңгімелі жырды бұның алдындағы жинақта да басып едік. Қазірде де басып отырмыз. Бас жағындағы біраз өлеңіне қарағанда бұл Абай шығармасы сияқты емес, әлсіз де, үстірт те көрінеді. Бірақ Тұраш Абайдың басылмаған сөздерін жинағанда осыны да Абайдікі болуға тиіс деп әкеліп кіргізген еді. Оның дәлелі, осы өлеңді тауып беруші Ырысайұлы Ысқақ деген Абайдың жақын туысқаны «Әзімді» даусыз Абай сөзі депті. Ысқақ ерте күннен Абай сөзіне ұқыпты болып, көп жинаған туысқанының бірі екен. Ол: «Абай мұны ерте уақытта өлең етіп, бір жазған соң, қайта қарамай тастаған еді. Мен сол уақытта жиыстырып алғанмын», – дейді екен. Өлеңнің бас жағында кездесетін шикілеу жерлер, ескіріп, жыртылып қалған жазбадан Ысқақтың я шала көшіріп, я шала ұғынып, өз жанынан төлеу салып айтқан жері болса да ғажап емес» (275-бет), – деген.

1957 жылғы жинақта берілген түсінікте «Әзім» поэмасы «Мың бір түндегі» (774–827-түндер) «Хасан зергер туралы әңгіменің» сюжет желісіне негізделіп құрылған. «Мың бір түнде» басты кейіпкердің аты Әзім емес, Хасан. Шалдың аты – Бahарам дейді. Және әңгіменің поэмада аяқталмай қалған жері «Мың бір түн» ертегісі бойынша келтіріледі.

Түсініктеменің соңында: «Шығарманың («Әзім» поэмасының) текстін 1927 жылы М. Әуезов Ысырапұлы (дұрысы: Ырысайұлы – ред.) Ысқақ деген адамнан жазып алған» (358-бет), – деп қате мағлұмат берілген.

«Әзім» поэмасы туралы 1957 жылғы жинақта берілген түсініктеме 1977 жылғы жинақта да қайталанған. Бірақ, көп қысқартылып берілген.

Енді Мұхтар Әуезовтің түсініктемесін келтірейік: «Абайдың 1933 жылғы жинағына алғаш рет басылған бір поэмасы – «Әзім». Бұл поэманың тақырыбы «Мың

бір түн» ертегісінен алынған. Қазақ ортасында ауызша кеп айтылып жүретін «Мың бір түннің» бір тарауы – «Әлидің Әзімі» деген ұзақ ертегі болатын. Сол ертегінің ішінен жас бала Әзімнің жетімдік шағы, жігіттік кездегі басынан кешетін бейнет соры, кейін барып өзінің туралығы, жазықсыздығы арқылы арманына жететін оқиғалары Абай поэмасына желі, арқау болған тәрізді.

Бұл поэманың ішінде Абайды қызықтырған тағы бір адам – аяр шал болады. Ол шалдың кәсібі өзгеше. Қара тасты алтын ететін амалы бар. Осындай әрекет соңына түскен адамның жайы Шығыста ертегі ғана емес, химия ғылымы деп аталып жүретін «алхимия» жайынан туған неше алуан жасырын сырлы әңгімелер бар-ды. Ондай әңгіме нанымдар Шығыста ғана көп жайылған емес. «Философский камень» дейтұғын қара тас пен қара металды алтынға айналдыратын ғажайып сырлы бөлекше бір затты іздену орта ғасырлық Еуропада талай фантастикалық әңгіме, аңыздарды көп тудырған.

«Мың бір түннің» «Әзім әңгімесі» сол жаңағы жайдың шығыста да өзгеше орын алатынын аңғартады. Бірақ халықтың сыншыл ойы кейін ол әрекеттер арасында болып жүретін неше алуан арамшылық, аярлықтарды танытады. Көпті алдап жем ететіндерді өз әңгіме, аныздарымен әшкерелейтін болады.

Абай Шығыс ертегісінің, осындай өзгеше мән, тартыстарына қызыққан болу керек. Поэманың бастауына қарағанда, әкесі өлген жазықсыз, тәжірибесіз жас баланың аярға кездесіп, алданған бейнесі көрінеді. Бірақ бұл поэма Абайда аяқталмай қалады. Өз уақытында аяқталған болса да жалғыз ғана қолжазба болып, мезгілімен көшірілмей, тозып-шашылып кетеді. Сөйтіп, соңғы бөлімдері жоғалып қалады. Сондықтан қолда қалған үзіндісі бітпеген поэма болып басылып жүр.

Жоғарыда тексерілген «Масғұт», «Ескендір» поэмаларынан мына поэманың жазылу үлгісі басқарақ. Мұнда Абай Пушкиннің орыс ертегілерін балаларға арнап өлең еткені тәрізді жеңіл тілді, қызық оқиғалы әңгіме жасамақ сияқтанады.

Бұл – алдыңғы поэмалардай ойшылдық, зор тәрбиешілік мақсаттар көздеп жазылған шығарма емес. Халық аузындағы әңгіменің өзін ғана барлық оқиғаны ретті-тәртібімен жеңіл өлең етіп берудің талабы танылады.

Ал, өлеңдік құрылысына, кейбір сөз кестелерінің, ұйқастарының оншалық Абай шығармаларына лайықты шеберлікке сай келмейтініне қарағанда, бұл поэманы оншалық жоғарғы дәрежедегі көркем шығарма деуге келмейді.

Біздің ойымызша, 1927 жылы осы поэманың тексті Абай шығармаларын жинаушыларға табыс еткен Ырысайдың Ысқағы Абай поэмасының ұмытылған немесе ескірген, қолжазбада өшіп қалған кейбір жолдарын өз жанынан да «төлеу» салып аламыштап жіберген сияқты. Өйткені поэманың кейбір ұйқастары, кей кезде жол ішінде сөз құраулары Абайдың ақындық шеберлігіне, поэтикалық лексикасына жанаспайтыны да бар.

Бұлай болмаса, поэма Абайдың тіпті ерте кездерде өзінің ақындық күшін алғашқы тәжірибе ретінде, әр тақырыпты байқастап жүрген кезінде туған алғашқы «черновик» есепті бір вариант болуға керек. Қалай да «Әзім» поэмасы ең әуелі бітпеген шығарма болғандықтан, екінші – көркемдік, шеберлік жағынан көңілдегідей қалыптанған дастан болмағандықтан, бұл поэма жөніндегі түсінік сөздерді осы, жоғарыдағы айтылған жайлармен аяқтаймыз» (Әуезов М).

Екінші шумақтың екінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Екеуі жетім еді әкесі өлген,
Талаптан, жетімбіз деп, бос жүрмеген, –

деп дұрыс басылған болса, 1977 жылғы жинақта:

...Талаптан жетеміз (?) деп, бос жүрмеген, –

деп басылып, өлеңнің мазмұн-мағынасы жойылған.

Оныншы шумақтың екінші жолы 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда:

... Торғын тон, алтын кемер (?) бір шал келді, –

деп басылып келеді. Бұл арада «кемер» деген сөз өлеңнің мазмұнын бұзып тұр. Өлең жолында: шалдың киген сәнді киімі суреттелетін болғандықтан өлеңді түзетіп:

... Торғын тон, алтын кәмәр бір шал келді, –

деп оқысақ, торғын тон киген, алтын белдік яғни кәмәр буынған бай шал келген болып шығады. Ақын бұл арада қазақтың белдік (белбеу) деген сөзінің орнына парсының «кәмәр» деген сөзін қолданған деп білеміз. Кәмәр парсы тілінде – әшекейлі белбеу деген сөз.

Он екінші шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы жинақта:

Қарекетпен көз сүзбей күн көремін, –

деп дұрыс басылған.

1977 жылғы жинақта:

Еңбекпен көз сүзбей күн көремін, –

деп орынсыз өзгертіліп басылған.

Жиырма сегізінші шумақтың төртінші жолы 1977 жылғы жинақта:

Кім көрсе, айтады аң-таң қалып, –

деп басылып, өлең жолы толық болмай қалған. Дұрысы:

Кім көрсе, сол айтады аң-таң қалып, –

деп басылуы керек.

Отыз екінші шумақтың екінші жолы «Нашалы» деген сөзден басталады:

Сырлассақ, сұхбаттассақ, аулақ артық,
Нашалы боламыз ғой сөйлеп шалқып, –

осындағы «нашалы» деген сөзге, 1977 жылғы жинақта: «Шөптің басына шығатын дән, түтінін шығарып, түтікпен тартады», – деп, мүлдем ақылға қонбайтын және өлеңнің мазмұнына қабыспайтын түсінік берілген (38-бет).

Біздің түсінігімізше «Нашалы боламыз ғой» дегені: нашымызға келеміз, яғни, көңілді боламыз деген ұғымда айтылған сөз болды.

Қырық жетінші шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы жинақтан бастап барлық жинақтарда:

... Қол-аяғы байлаулы жатыр жалғыз,
Темір шетік қапас боп тұрды үсте, –

деп басылып келеді. «Шетік» деген сөз өлеңнің мазмұнына мүлдем қабыспайды. Шетік (мәсі) аяққиімнің аты және «шеті шетік» деген шетік болмайды.

1933 жылғы жинақтағы Абай өлеңдерінің мәтінін қайта қарап, қате басылған көп сөздерді түзеткен жазбасында Мұхтар Әуезов:

«Темір шетік қапас боп тұрды үсте» (250-бет) – ұғымсыз сөз» – деп жазыпты (Мұхтар Әуезов. 38-бет). Сөйтіп, «темір шетік» ұғымсыз сөз болып қала берген. Мұхтардан кейін бұл «ұғымсыз сөзге» ешкім көңіл бөлмеген.

Біз осы сөзге текстологиялық талдау жасай келіп, «шетік» деп қате басылып келе жатқан сөздің дұрысы: «шеттік» болады деген қорытындыға келдік. Шеттік татар тілінен алынған сөз.

«Татарша-орысша сөздікке» «Читлек-клетка» деп түсініктеме берілген («Татарча-русча сүзлек», Москва, 1966, 638-бет).

Сондықтан қате басылып, ұғымсыз болып келген сөзді түзетіп:

Зар ұрды ойбай салды не бітірсін,
Темір шеттік қапас боп тұрды үсте, –

деп дұрыс оқуымыз керек» (1995 жылғы жинақ, 329-бет).

Тағы осы сияқты қате басылған бірнеше сөз түзетілді.

«Әзім» поэмасына бірде-бір басылымда текстологиялық зерттеу жасалмаған.

«Әзім әңгімесіндегі» алтын жасайтын шал Әзімді кememен алып бара жатып өз жайынан айтатын әңгіме – шығарманың өзегі. Абай «Мың бір түннен» осы хикаяны алып, өлеңмен баян етіп бергенде мұсылманшылықтың, діни ұстанымның, сонау арғы замандардан үзілмей жалғасып келе жатқан дін жолындағы жанкешті күрестің жайын жеткізуді көздеп отырғандай.

Шал Әзімге:

– Көзіңді аш, есіңді жи, енді ойнама,
Мені сен өз діндесім деп ойлама!
Мен отқа шоқынамын, дініме көн,
Менде бардың бәрінен хауіп ойлама! –

дейді.

Бала айтты:

– Дінім үшін жаным құрбан,
Жаннан қорқып, отыңа мен бас ұрман.
Дінім хақ, ісім ақпын, өлсем шәйіт,
Қорқады деп үмітті үз сен антұрған.

Әзімді шешіндіріп, дүре соғып жатқанда ғажап бір құбылыс байқалады.

Мұнысын жаратпады, Қадір сұбхан,
Көк бұзылып, жер жүзі болды топан.
Байлаулы бала жайға қала берді,
Кememен әуре болды көп антұрған.

Кемені су алып, отыз құл көз ілмей түні бойы су төгумен болады. Әлгі құлдар шалға мына ісіңді құдай қош көрмей тұр, баланы босатып, ризалығын ал деседі. Осыған көнбесең, өзіңді суға тастаймыз деп талап қояды. Шал әлгілердің беталысын байқап, баланың қол-аяғын босатады. «Шырағым, мастықпен қылыппын», – деп көлгірсиді.

Әзім жас, ақ пейілдеу адам еді,
Ойлады: өтірік болса неге именді.
Мастықпен қылса қылған шығар-ау деп,
Іс көрмеген жастықпен және сенді.

– Мастықпен қылған болсаң, кештім саған,
Кәрі ит те: – Шырағым, – деп арсаңдаған.
Жел тынып, күн айығып баяғыдай,
Хикметімен тоқтатты бір жасаған.

«Әзім әңгімесі» – баяндау, суреттеу, оқиға өрбіту тәсілдері шымыр, ширақ, құнарлы, суретті тілмен жазылған шығарма. Бөлек-салақ, қыстырылып қосылған артық қоспасыз таза, мінсіз өлең туындысы.

«Мың бір түн» желісімен баяндалғанның өзінде Абайдың бейнелеу, суреттеу, тіл қолданыс шеберлігі, Абайдың ақындық қолтаңбасы айқын.

Бұл шығармада адамгершілік, ізгілік жайы, жолдан тайған жанның Алланың кәріне тап болмай қалуы мүмкін еместігі туралы тылсым дүниенің ақиқат тоқтамы әңгімеленген.

ҚАРА СӨЗДЕР

Қара сөздер Абай шығармашылығында ерекше орын алады. 1890 жылдардан бастап ақын қара сөзбен айтылатын өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деп аталатын өсиеттері жасы ұлғайған шағында, 1890–1898 жылдары жазылған. Сол кезден бастап өлеңмен айтпақ болған ойларын қара сөзбен айшықтаған.

Абайдың қара сөздері жалпы тақырып, мазмұн жағынан алғанда, оның ақындық мұрасымен тығыз байланысты. Көп сөздеріндегі ойлар, пікірлер өлеңдерімен ұштасып, солардың мән-мағынасын кейде қайталап пысықтап, кейде әрі қарай жалғастыра дамытып отырады. Енді бірқатар жазбаларында ақын тың өрістерден ой толғап, табиғат пен қоғам құбылыстары, халықтың тарихы мен тағдыры, адамның жеке басының проблемалары жайындағы жаңа бір пайымдауларын алға тартады.

Бұл еңбектер жанрлық, стильдік жағынан да әралуан. Мұнда терең публицистикалық тебіреністер де, жүйелі философиялық толғаулар да, ойға оралымды нақыл сөздер де, ғибрат ретінде жазылған аңыз-хикая да, тарихи эссе-очерк те табылады.

Қара сөздер – Абай қаламынан туған жаңа прозалық жанр. Өмір тәжірибесінен бағамдалып, сын тезінен өткен терең ойлы, мағыналы философиялық нақылдарда «пәлсафалық-мораль, қоғамдық-публицистикалық, мысқыл-сын мәселелері бірдей кездеседі. Шебер қиыстырып, мейлінше тапқырлықпен айтылған бұл нақыл сөздерде кейде күнбе-күнгі тіршілік жайы, кейде кекті мысқыл немесе жабырқап-қайғыру сарындары естіледі. Абайдың бұл сөздері аз айтып, көп мағына беретін өткір тілді, өнегелі өсиет болып табылады» (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 27-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – 129-б.).

Абай прозалық шығармасының кіріспе бөлімі ретінде бірінші қара сөзінде: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» деп авторлық ойын түйіндеп, осы жанрға беріле кіріскенін мәлімдейді (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.2. – 158-б.).

Шын мәнінде Абай өлеңдеріне ынтық оқырман қара сөздерге ерекше ықылас танытып, көп көңіл бөлген. Осы ретте қара сөздер жазыла салысымен сауатты адамдардың қолына түсіп, сол күйі аман сақталып жеткен. Көбінесе ауызша тараған өлеңдермен салыстырғанда қара сөздердің көп өзгеріске ұшырамауы да осы себептен шығар.

«Қара сөз» деген термин Абай шығармаларында осы күйінде қолданылмаған. М. Әуезов «Абай» журналының 1918 жылғы №2 санында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық-шығармашылық зерттеу мақаласында: «Абайдың басылмаған қара сөздері көп» деп алғаш рет «қара сөз» терминін қолданған (Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – Т.1. – 63-б.). Мақала «Екеу» деген бүркеншік атпен Абайдың баласы Тұрағұлмен бірлесіп жазылғандығының өзі көп жайтты аңғартады. «Қара сөз» терминін Тұрағұлмен ақылдасып қолданысқа енгізуі де мүмкін.

М. Әуезов «Таң» журналының 1925 жылғы №4 санында «Абайдың қара сөздерінен» деген атпен жариялаған 21-ші қара сөз тақырыбына «қара сөз» терминін пайдаланған. Одан кейін Абай қара сөздері алғаш рет толық түрінде жарық көрген 1933 жылғы шығармалар жинағында жарияланған М. Әуезовтің «Абайдың туысы мен өмірі» зерттеу мақаласында осы сөз қолданылды. Содан бері ұлы жазушының барлық зерттеулерінде және ғылыми әдебиетте «қара сөз» термині үнемі пайдаланылып келеді.

Абайдың қара сөздерін әдеби жанрлық жағынан көркем проза деуге де, философиялық трактат деуге де болады. Нақты айту қиын. Көне замандағы грек ойшылдарының өз шәкірттеріне айтқан әңгімелеріне де ұқсатуға болады. Шыңғыс ханның ақыл-тәрбие, өнегеге негізделген өсиеттері – «Білікке» де жақын. Бұл оқырманға бағытталып жазылған арнау сөз, ашық әңгіме, бұл сонымен бірге жеке адамның халық тағдыры аясындағы өзіндік ой толғамы да десек болады.

Абай ғақлиялары, яғни нақыл сөздері көлемі мен жазылуы жағынан әртүрлі 45 сөзден тұрады. Жалпы саны қырық бес бөлек шығарма. Бұлардың ішінде жеті

қара сөз шағын болып келеді. Ол екінші, он алтыншы, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма төртінші, отыз бірінші, қырық бесінші сөздер – осы қара сөздер топтамасындағы көлемі қысқа үлгілер болып табылады. Ал «Китаб тасдиқ» деген атпен жеке көшіріліп жүрген көлемі үлкен отыз сегізінші қара сөз жоғары адамгершілік, дін, мораль мәселелерін көтерген іргелі философиялық трактат деп нық айтуға болады.

Қара сөздердің түпнұсқа қолжазбасы сақталмаған. Кейбір деректер бойынша бұл қолжазба ақынның кіші баласы Зікәйілдің қолында болған, кейін қатал саяси құдалау кезінде Абайдың өз қолымен жазылған басқа да мұраларымен бірге жерге көміліпті де кейін табылмай қалыпты.

Қара сөздердің қазіргі нұсқасы 1906, 1907 және 1910 жылдардағы Мүрсейіттің көшірме қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. Оларда сөздердің рет саны басқаша көрсетілген, ал жазылған мерзімдері жөнінде ешқандай дерек айтылмаған.

Абайдың 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген алғашқы шығармалар жинағында өлеңдері мен поэмалары жарияланды да, қара сөздер енгізілген жоқ. Сол кездегі қалың оқырман түсінігіне қара сөздер мағынасы қиын тиеді деп ойлаған болуы керек, бұрыннан қисса, дастандар мен жырларды жаттап өскен дала халқына етене жақын өлең мәтіндері ұсынылған.

Кейін шығармалардың мағынасына қарай рет саны өзгертілген. Сол өзгерістер күні осы уақытқа дейін сақталып келеді. Ал жазылу мерзімдері жөнінде нақты мағлұмат жоқтығына қарамастан, 1945 ж. басылымда 1890–1899 жылдар арасы деген жорамал айтылып, сөздер рет санымен жылдар бойынша топтастырылған және томның түсініктер бөлімінде әр сөздің жазылған жылы жақша ішінде көрсетілген. Бірақ артынан бұл жөнінде даулы пікірлер айтылғандықтан, кейінгі басылымдарда жазылу мерзімі көрсетілмей келеді.

Абай қара сөздері 1933 жылы жарық көрген шығармалар жинағында ғана алғаш рет толық түрінде жарияланды. Оған дейін кейбір қара сөз үлгілері әртүрлі жинақтар мен мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді. Рет саны бойынша бірінші қара сөз Абайдың 1916 жылы Орынборда жарық көрген «Абай термесі» жинағында алғысөз ретінде жарияланды. Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің басшылығымен Семейде бір жылдай шығып тұрған «Абай» журналының 1918 жылғы №1, 5, 7, 10 сандарында он төртінші, он жетінші, жиырма үшінші, жиырма тоғызыншы, қырқыншы сөздер алғаш рет жарияланып, оқырмандарға таныстырылды. Алтыншы сөз Семейде шыққан Алаш автономиясының органы – «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 14 қыркүйектегі №13 санында «Абай сөзі» деген тақырыпта алғаш рет жарияланды. Ал жиырма бірінші сөз Ташкентте шыққан «Таң» журналының 1925 жылғы №2 санында басылды.

Абай қара сөздерінің толық мәтіндері 1933 жылғы жинаққа енген нұсқа негізінде барлық басылымдарда сол бетінде жарияланып келеді.

Ақынның 175 жылдық мерейтойына орайластырылып дайындалған жаңа басылымда қара сөздердің 1906, 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбалары 1957, 1977, 1995 жылдардағы жинақтардағы нұсқалармен салыстырылып, текстологиялық жұмыстар жүргізілді. Соның барысында 1995 жылғы басылым негізге алынып, мәтіндік ерекшеліктерге байланысты олқылықтар түзетілді.

Бірінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 24 сөз (143-бет), 1907 ж. 23 сөз (14-бет), 1910 ж. 23 сөз (40-бет).

Алғаш рет «Абай термесі» жинағында (Орынбор, 1916) алғысөз ретінде жарияланған. Жинақты дайындап бастырған ақын Самат Әбішұлы.

Самат Әбішұлы Нұржанов (1902–1945) Павлодар облысының Баянауыл ауданында туып өскен. Екі сыныптық орыс мектебін бітірген. «Әдебиет майданы» журналында, Қазақ телеграф агенттігінде қызмет істеген. Өлеңдері 1923 жылы Семейде шыққан «Қазақ тілі» газетінде жарық көрген. 1932 жылы «Жаз» өлеңі «Әдебиет майданы» журналында басылған. «Еңбек» атты тұңғыш жыр жинағы 1933 жылы Алматыда шыққан. Абай шығармаларын жариялауға қатысып, 1916 жылы «Абай термесі» деген атпен Қазанда кітап етіп шығарған.

С. Әбішұлы құрастырған жинаққа Абайдың бір ғана қара сөзі кірсе де, мұның өзі ол кезде зор жаңалық болды. Осыдан кейін ақынның барлық қара сөздерін тауып жинап шығару мәселесі қолға алынды.

Абайдың бірінші қара сөзі мен жеті өлеңінен тұратын бұл кітапша ұлы ақынның 1909 жылғы тұңғыш жинағынан кейін жарияланған негізгі басылым. Жинақты құрастырушы «Абай термесінде» Абай қара сөздерінің ішінен «бірінші сөзді» арнайы түрде «Сөз басы» деген айдармен беташар сөз ретінде ұсынған. Абай қара сөздерінің тұңғыш үлгі-өнегесі, төлнұсқасы баспасөз арқылы бүкіл қазаққа осы екінші жинақ арқылы танылған.

Бұл қара сөз «Абай термесі» жинағында алғысөз ретінде жарияланғаннан кейін 1939–1940 жж. екі томдық толық жинақтың II томына (1940) бірінші сөз болып енгізілген. Одан кейінгі Абайдың екі томдық жинақтарында осы нұсқа жарияланып келеді.

Бірінші абзацтың екінші сөйлемі 1977 жылға дейінгі бұрынғы басылымдардың бәрінде де қолжазба бойынша: «Енді *ер ортасы жасқа келдік*» деп басталады екен, 1977 жылғы басылымда мағынасына қарай «Енді *жер ортасы* жасқа келдік» деп түзетіліпті. Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында «Енді жер ортасы жасқа келдік» деп дұрыс беріліпті. Соңғы екі басылымды (1977, 1995) құрастырушылар бұл қолжазбаны ескермеген.

Бұл басылымда 1995 ж. жинақтағы нұсқа 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбаларымен салыстыру негізінде еш өзгеріссіз берілді.

Екінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 27 сөз (147-бет), 1907 ж. 26 сөз (16-бет), 1910 ж. 26 сөз (44-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта екінші сөз болып басылған. 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт қолжазбаларымен және 1957, 1977, 1995 жж. басылымдардағы нұсқалармен салыстыру жұмыстары жүргізілді.

Екінші абзацтағы: «бізден басқа халықтың бәрі антұрған, жаман келеді» деген тіркестерде «*жаман* келеді» деген сөздер бірсыпыра жинақтарда алынып қалған екен, 1977 ж. басылымда қолжазбалар негізінде қалпына келтірілген түзету 1995 ж. жинақта сол қалпында қабылданды. Жаңа басылымда еш өзгеріссіз берілді.

1995 ж. басылымда үшінші абзацта «сәудагерінің» деп қате берілген. «Саудагерінің» деп алдындағы басылымдар негізінде түзетілді.

Үшінші абзацтағы: «қазақтың *өлісінің*», «қуып *шығарады*», «біз құлы, күңі *қадарлі* де жоқпыз» деген тіркестер 1977 жылға дейінгі басылымдарда: «қазақтың

өлгенінің», «қуып *шығады*», «біз *күңі құрлы да* жоқпыз» деп өзгертілген екен, 1995 ж. жинақта қолжазбалар мен 1945, 1977 жж. басылымдарға сәйкес бұрынғы қалпына келтірілді. Жаңа жинақта осы өзгерту қабылданды.

Үшінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 1 сөз (119-бет), 1907 ж. 1 сөз (1-бет), 1910 ж. 1 сөз (25-бет).

1933 ж. жарияланған алғашқы нұсқасы барлық басылымдарда жарияланды.

Осы сөздің жетінші абзацы 1977 ж. дейінгі басылымдарда 1910 ж. қолжазба негізінде «*ондай кісі жоқ*» деген сөздермен аяқталған екен. 1957 ж. және 1977 ж. екі томдықта 1906, 1907 жж. қолжазбаларға сәйкес «*ондай кісі аз, яки тіпті жоқ*» деп түзетіліп берілген. 1995 ж. академиялық екі томдық жинақта осы өзгеріс қабылданған.

Жаңа басылымда осы нұсқа негізге алынды.

Төртінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 2 сөз (121-бет), 1907 ж. 2 сөз (5-бет), 1910 ж. 2 сөз (23-бет).

1933 ж. жинақта алғаш рет басылған. Мүрсейіт қолжазбасында екінші сөз (22-бет) ретінде көшірілген. Текстологиялық салыстырулар негізінде еш өзгеріссіз жарияланып отыр.

Екінші абзацтың соңғы бөлігі 1977 ж. дейінгі басылымдарда: «орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды харекетпен азайт!» деп аяқталған екен, ал, 1977 ж. жинақта: «орынсыз күлкіменен азайтпа *қайғыны*, орынды қарекетпен азайт!» деп түзетіліпті. 1995 ж. академиялық екі томдық жинақта алғашқы басылымдардағы түзетулер қабылданған екен. Бұл басылымда осы сөйлем Мүрсейіт қолжазбаларымен қайта салыстырылып, 1995 жылғы өзгеріс сол қалпында қалдырылды.

Бесінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 3 сөз (122-бет), 1907 ж. 3 сөз (6-бет), 1910 ж. 3 сөз (25-бет).

1939 ж. жинақта алғаш рет жарық көрген. Содан бері барлық басылымдарда жарияланып келеді.

Осы сөздегі бірінші абзацтың екінші сөйлемінің соңы 1977 ж. дейінгі бірнеше басылымда «көзім көрді» деп аяқталыпты, 1977 ж. жинақта 1907, 1910 жж. қолжазбалар бойынша, «*өзім көрдім*» деген алғашқы нұсқасы қалпына келтіріліп, 1995 ж. басылымда да сол түзету қабылданған. Жаңа жинақта осы нұсқа өзгеріссіз берілді.

Бірінші абзацтың үшінші сөйлеміндегі «*ескермес* нәрсесі жоқсып» деген сөздер 1954, 1957 жж. басылымдарда «*ескермек* нәрсесі жоқсып» деп қате басылған, 1995 ж. басылымда Мүрсейіттің 1906, 1907 жж. қолжазбалары мен 1945, 1977 жж. жинақтар негізінде түзетілген нұсқасы берілді. Бұл жолы да осы нұсқа қабылданды.

1977 ж. дейінгі басылымдардың бірқатарында екінші абзацтың екінші сөйлемінде бір топ сөз түсіп қалып, айтылар ойға едәуір нұқсан келтірілгені 1995 ж. жинақты дайындау барысында анықталды: 1945 ж. және 1977 ж. жинақтарды қолжазбалармен салыстыру негізінде сөйлемнің алғашқы бөлігі былай деп түзетілді: «Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені...» (әрі қарай мәтін бойынша).

Жаңа басылымда осы өзгеріс Мүрсейіттің 1907 ж. қолжазбасымен салысты-

15–9114

рылды. Осы қолжазбадағы мәтін мен 1995 ж. жинақтағы нұсқа негізге алынып, сол күйі берілді.

Алтыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 4 сөз (123-бет), 1907 ж. 3 сөз (7-бет), 1910 ж. 3 сөз (26-бет).

Алғаш рет Семейде шыққан Алаш автономиясының үнқағазы – «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 14 қыркүйектегі №13 санында «Абай сөзі» деген атаумен жарияланған. Газет нұсқасы 1933 ж. жинақтан бастап, 1945, 1954, 1957, 1977 жж. басылымдарда еш өзгеріссіз жарияланған.

Бірінші абзацтағы төртінші сөйлемнің соңғы сөзі 1977 ж. дейінгі біраз басылымдарда «*зиян*» деп беріліпті, 1977 ж. және 1995 ж. жинақтарда 1906 ж. қолжазба бойынша «*залал*» деп өзгертілді. Бұл жолы да осы нұсқа сол қалпында берілді.

1995 ж. басылымда осы сөздің бірінші абзацындағы: «Ағайын құрымай, мал іздеп не керек?» деген сөйлемнен кейін 1907 ж. Мүрсейіт қолжазбасындағы: «Осы ма бірлік?» деген терең мағыналы сұраулы сөйлем түсіп қалған. Жаңа басылымда бұл қате түзетіліп, «Ағайын құрымай, мал іздеп не керек? Осы ма бірлік?» деп қалпына келтірілді.

Жетінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 5 сөз (124-бет), 1907 ж. 5 сөз (8-бет), 1910 ж. 5 сөз (26-бет).

1933 ж. жинақта алғаш рет жарияланған мәтіні одан кейінгі барлық басылымдарда беріліп келеді.

Үшінші абзацтың орта шеніндегі: «Жанды тәнге бас ұрғыздық» деп басталатын сөйлем 1977 ж. дейінгі бірнеше басылымда жекелеген сөздер түсіп қалып, әртүрлі басылып келуі себепті 1995 ж. жинақта Мүрсейіт қолжазбаларымен және 1957 ж. жинақтағы дұрыс нұсқасымен салыстыру барысында: «Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге *көңілменен қарамадық*, көзбен де *жақсы* қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік» деп түзетілді.

Жаңа басылымда 1995 ж. жинақ нұсқасы негізінде берілді.

Сегізінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 33 сөз (154-бет), 1907 ж. 33 сөз (38-бет), 1910 ж. 33 сөз (50-бет).

1933 ж. бергі басылымдарға енгізіліп келеді. Үшінші абзацтың төртінші сөйлемі 1977 ж. дейінгі кейбір басылымдарда: «Мал болса, Құдай тағаланы да *паралап алам* дейді» деп берілген, 1995 ж. жинақта 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1945, 1977 жж. жинақтарға сәйкес: «Мал болса, құдай тағаланы да *паралап алса болады* дейді» деген нұсқа алынды.

Жаңа басылымды дайындау барысында осы нұсқа 1910 ж. қолжазбамен де салыстырылып, 1995 ж. жарияланған мәтіннен алшақтығы жоқтығы анықталды.

Төртінші абзацтағы «*өзі*» деген сөз 1910 ж. қолжазба мен 1957 ж. жинақ бойынша 1977 ж. басылымда «*өздері*» деп түзетілген. Бұл басылымда да осы сөз еш өзгеріссіз берілді.

Тоғызыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 10 сөз (129-бет), 1907 ж. 9 сөз (12-бет), 1910 ж. 9 сөз (30-бет).

Алғаш рет 1925 ж. «Таң» журналының №2 санындағы «Әдебиет бөлімінде» «Абайдың басылмаған қара сөздерінен» деген атпен басылған бірінші бөлімінде берілген. Ал екінші бөлімінде отыз алтыншы сөз мәтіні жарияланған. Осыған

дейінгі басылымдарға жазылған түсініктерде «Таң» журналында тоғызыншы сөздің жарияланғаны ғана айтылды да, екінші бөлігі отыз алтыншы сөз мәтіні екені ескерілмей келді.

1933 ж. басылымға тоғызыншы сөздің журналдық нұсқасы енгізіліп, одан кейінгі жинақтарда осы мәтін жарияланды.

Бірінші абзацтың төртінші сөйлеміндегі «Тыянақ *қылармық*» деген сөздер 1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, «тыянақ *қаларлық*» деп өзгертілген. 1995 ж. жинақта мағынасына карай бұрынғы басылымдардағы «Тыянақ *қылармық*» деген сөздер қалпына келтірілді. Бұл жолы 1906, 1907, 1910 жж. Мүрсейіт қолжазбаларында осы сөздер сол бетінде жазылғандығы анықталды.

Екінші абзацтың «Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін» сөйлемі 1995 ж. басылымдағы түсініктемеде: «тыныс белгілері дұрыс қойылмай, басқа да грамматикалық қателер болуы себепті мағынасы өзгертіліп келген» деп жаңылыс жазылыпты. Қолжазбалармен және 1957, 1995 жж. басылымдармен қайтадан салыстыру барысында мұндай өзгеріс болмағандығы анықталып, бұл жинақта осы сөйлем сол күйінде берілді.

1995 ж. басылымда екінші абзацтың соңынан санағандағы екінші сөйлем 1907 ж. қолжазба мен соңғы басылым негізінде: «*Сол себептен де бір жүрген қуыс кеудемін*» деген нұсқа қабылданды. Жаңа басылымды дайындау барысында 1910 ж. қолжазбада да осы нұсқа еш өзгеріссіз берілгендігі анықталды.

Оныншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 25 сөз (144-бет), 1907 ж. 24 сөз (28-бет), 1910 ж. 24 сөз (41-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланған. Содан бері барлық басылымдарға енгізіліп келеді.

Үшінші абзацтағы: «*Егер*» жаманшылықты көп *қылған болсаң*, балаңның *оқыған* құраны *сені* неге жеткізеді» деген екінші сөйлемнің асты сызылған сөздері 1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, не алып тасталған немесе ықшамдалып өзгертілген, 1996 ж. жинақта өзге басылымдар (1945, 1954, 1957) мен 1907, 1910 жж. қолжазбалар негізінде бұрынғы қалпына келтірілді. Бұл басылымда да осы түзету ескерілді.

Жаңа басылымды дайындау барысында 1957, 1977, 1995 жж. басылымдарда жарияланған осы оныншы сөз мәтініне текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында төмендегідей ауытқушылық байқалды: үшінші абзацтағы: «Егерде ер жетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен?» деген сөйлемдегі «*тұзақ*» сөзі Мүрсейіт қолжазбаларында «*тозақ*» деп дұрыс қолданылған. Екі сөздің мағынасы екі түрлі: «*тұзақ*» – қолға түсу, ұсталу мағынасын білдірсе, ал «*тозақ*» сөзі «бұ дүниеде көрген жан қинайтын азап, қиянат», «өмірдің соры, тіршіліктің қорлығы» мағыналарын айшықтайды. Сондықтан жоғарыда келтірілген сөйлемде «*тозақ*» сөзі мәтін мағынасын терең ашып тұр. Кеңестік кезеңдегі Абай жинақтарында «тозақ» сөзі діни термин ретінде қарастырылып, мағынасы тар «тұзақ» сөзімен ауыстырылған сияқты.

Сол себепті жаңа басылымда Мүрсейіт қолжазбасындағы «тозақ» сөзі қайта қалпына келтіріліп берілді.

Төртінші абзацтың он бірінші сөйлеміндегі 1977 ж. басылымда, 1910 ж. қолжазбаға сілтеме жасай отырып, «*Бастай* балаңды» деп өзгертілген алғашқы екі

сөз 1995 ж. жинақта 1906 ж. қолжазба мен 1957 ж. басылым бойынша: «*Басында* балаңды» деп қайтадан түзетілді. Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазбада да: «*Басында* балаңды» деп жазылғандығы анықталып, осы күйінде берілді.

Соңғы абзацтағы бесінші сөйлемнің бірінші бөлігі 1977 ж. басылымда, 1907, 1910 жж. қолжазбаларға сілтеме жасай отырып, «Өзіңе табылмаса» деп өзгертілген. 1995 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба мен негізгі басылымдар (1945, 1957) бойынша «Өзің таба алмасаң» деп қайтадан түзетілді. Алайда 1906 ж. қолжазбада: «Өзіңе таба алмасаң» деп жазылғандығы белгілі болды. Бұл жолғы басылымда 1907 ж. қолжазбамен салыстырғанда: «*Өзің таба алмасаң*» деген сөйлем еш өзгеріссіз берілгендігі анықталды.

Он бірінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 30 сөз (151-бет), 1907 ж. 30 сөз (18-бет), 1910 ж. 30 сөз (47-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта басылған. Барлық басылымдарда осы нұсқа жарияланып келеді.

Жаңа басылымды дайындау барысында 1995 ж. жинақта осы сөзге жазылған түсінікте: «Бірінші абзацтың екінші сөйлемінде сызықшадан кейінгі тіркес 1906 ж. қолжазба мен бұрынғы басылымдар бойынша «батыр *кісі* дегені» деп түзетілді» деп жаңсақ берілгендігі анықталды. Себебі, салыстырулар бойынша белгілі болғандай, он бірінші сөзде мұндай сөз тіркесі кездеспеді.

Екінші абзацтың екінші сөйлеміндегі: «...сонша *ауыл-аймағыммен сойылыңды* соғайын» деген сөздер 1977 ж. жинақта: «... сонша *ауыл таяғыңды* соғатын» деп өзгертілген, 1995 ж. жинақта 1906 ж. қолжазба негізінде бұрынғы басылымдардағы нұсқасы қалпына келтірілгендігі айтылыпты. Шын мәнінде 1906 ж. қолжазбада да: «сонша *ауыл-таяғыңды* соғайын» деп жазылғандығы анықталды. Жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбаларда да «... сонша *ауыл таяғыңды* соғатын» деп берілгендігі ескеріліп, 1995 ж. басылым нұсқасы сол бетінде жарияланды.

Екінші абзацтың төртінші сөйлемінің басы 1977 ж. дейінгі кейбір басылымдарда 1906 ж. қолжазба бойынша: «Бай *малын* бағып» деп беріліп, 1977 ж. жинақта 1907, 1910 жж. қолжазбаларға сәйкес: «Бай *барын* бағып» деп өзгертілген. 1995 ж. басылымда сол өзгеріс қабылданды. Жаңа басылымда осы түзету ескерілді.

Он екінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 8 сөз (128-бет), 1907 ж. 7 сөз (6-бет), 1910 ж. 7 сөз (28-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарық көрген.

1977 ж. басылымда сөздің басындағы: «жақсы дүр, жаман дүр» деген нұсқалар қолжазбалар бойынша берілген, 1995 ж. жинақта 1977 ж. дейінгі басылымдардағы мәтін негізінде «дүр» қосымшасы алынды. Жаңа басылымда осы өзгеріс сақталды.

Төртінші сөйлемнің екінші бөлігі бұрынғы басылымдарда: «үйреніп жеткенше, осы да болады *ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек*» деп берілген де, 1977 ж. жинақта қолжазбалармен салыстырылып: «үйреніп жеткенше, осы да болады *ғой демей, үйрене берсе керек*» деп түзетілген. 1995 ж. басылымда да сол түзету қалдырылған. Жаңа басылымда осы нұсқа еш өзгеріссіз берілді.

Он үшінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 6 сөз (126-бет), 1907 ж. 6 сөз (10-бет), 1910 ж. 6 сөз (28-бет).

Алғаш рет 1939 ж. жинаққа енгізілген. Қолжазбада 6-сөз (27-бет).

Бірінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі «уа *әртүрлі*» деген сөздер 1977 ж. жинақта, 1910 ж. қолжазбаға сүйеніп, «уа *әрнеге*» деп түзетілген, 1995 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба бойынша бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді. Жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалармен салыстыру жұмыстары жүргізілуі барысында «уә *әртүрлі*» деген сөздер берілгендігі анықталып, осы нұсқа сақталды.

1995 ж. басылымда бірінші абзацтың төртінші сөйлемінде «соншалық беріктік» деген сөз тіркесінен кейін қолжазбаларды салыстыру негізінде «боларға» деген сөз қосылды. Бұл нұсқа жаңа басылымда сол күйінде берілді.

1995 ж. жинақты дайындау барысында 1977 ж. басылымда жарияланған он үшінші сөздің екінші абзацындағы төртінші сөйлемінің басында келетін «*уә*» сөзі алып тасталды және соңғы сөйлемдегі 1906 ж. қолжазба бойынша «Қылыш *арасында* серт жоқ» деген тіркес «Қылыш *үстінде* серт жоқ» деп бұрынғы басылымдардағы қалпына келтірілді.

Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазба бойынша осы тіркес сол күйінде жазылғандығы анықталып, 1995 ж. жинақтағы нұсқа бойынша берілді.

Он төртінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 9 сөз (128-бет), 1907 ж. 8 сөз (11-бет), 1910 ж. 8 сөз (29-бет).

Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының №10 санында «Қайрат туралы» деген атпен жарияланған. Одан кейін 1933 ж. жинаққа енгізілген. Барлық басылымдарда осы мәтін жарияланып келеді.

1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба негізінде енгізілген: төртінші сөйлемдегі «*уә*», тоғызыншы сөйлемнің басындағы «*біздің*» деген сөздер, басқа қолжазбалармен салыстыра отырып, алып тасталды. 1995 ж. басылымда осы түзетулер сақталып, бұл жинаққа сол күйі енгізілді.

Осы абзацтағы тоғызыншы сөйлемде 1977 ж. басылым бойынша берілген «адасқан *көптің*» деген тіркес 1995 ж. жинақта «адасқан *көптен*» болып түзетілді. Жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар негізінде осы тіркеске байланысты салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында бұл нұсқаларда «адасқан *көптен*» тіркесі еш өзгеріссіз жазылғандығы анықталып, 1995 ж. жинақта жарық көрген осы тіркес негізге алынды. Мүрсейіт қолжазбаларында да осылай жазылғандығы белгілі болды.

Он бесінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 12 сөз (131-бет), 1907 ж. 11 сөз (14-бет), 1910 ж. 11 сөз (31-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарық көрген. Содан бері барлық басылымдарда осы мәтін жарияланып келеді.

Үшінші абзацтың үшінші сөйлемінің басы 1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба бойынша: «әрбір құмарлық өзіне бір *түрлі* дерт болады екен, *уа* әрбір құмар болған нәрсеге жеткенде» деп түзетіліпті. 1995 ж. жинақта басқа қолжазбалармен салыстыра келіп, сол қалпында қабылданды, тек «*уа*» алып тасталды. Жаңа басылымда осы нұсқа негізге алынды.

Төртінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі «*ананы-мынаны*» деген 1977 ж. басылым бойынша түзету өзгеріссіз қалдырылып, 1995 ж. жинаққа енгізілген. Бұл басылымда да осы нұсқа берілді.

Он алтыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 14 сөз (133-бет), 1907 ж. 13 сөз (16-бет), 1910 ж. 13 сөз (33-бет).

Алғаш 1933 ж. жинаққа енгізілген.

1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазбаға сілтеме жасалып өзгертілген «*Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып тұрса болғаны*» деген екінші сөйлем 1995 ж. жинақта басқа нұсқалармен салыстырылып: «*Тек жұрт қылғанды қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді*» деген бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілді. Бұл басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар бойынша текстологиялық салыстыру барысында осы нұсқаның дұрыстығы анықталды.

Бесінші сөйлемдегі: «*Тілін жаттықтырып, дінін тазартып*» деген 1977 ж. басылымда енгізілген түзету 1995 ж. жинақта сол күйінде қалдырылған. Жаңа басылымда осы мәтін негізінде еш өзгеріссіз берілді.

Он жетінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 16 сөз (134-бет), 1907 ж. 15 сөз (18-бет), 1910 ж. 15 сөз (34-бет).

Алғаш рет «Абай» журналының 1918 ж. №11 санында «Қайрат, ақыл, жүрек» деген атпен «Абай сөзі» деп жарияланған. 1933 ж. жинақта журналдағы осы мәтін сол күйінде басылған. Одан кейінгі Абай жинақтарының барлық басылымдарында жарияланып келеді.

Жаңа басылымға дайындау барысында он жетінші сөздің алғашқы журналдық нұсқасы 1957, 1977 және 1995 жж. басылымдардағы мәтіндермен салыстырылды.

Бірінші абзацтағы: «*Қайрат айтыпты: Ей, ғылым*» деп басталатын екінші сөйлемге 1977 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба негізінде енгізілген өзгерістер 1995 ж. жинақта сол күйінде қабылданған. Сонымен бірге «*жетпейтұғынын*» деген сөзден кейін нүкте қойылып, одан кейінгі: «Әуелі, ғылым, өзіңді білуге» деген сөздерден жаңа сөйлем басталды. Бұл өзгерістер жаңа басылымда сол күйі сақталды.

1995 ж. басылымда бесінші абзацтың екінші сөйлеміндегі «*сенсіз*» деген сөзден кейін бұрын қалып қойған «*ешнәрсенің*» деген сөз қосылған. Бұл жолы «Абай» журналында жарияланған нұсқа мен 1907 ж. қолжазбада осылай берілгендігі анықталып, сол қалпында ұсынылып отыр.

Алтыншы абзацтың бесінші сөйлемінің алғашқы бөлігі 1995 ж. басылымда қолжазбалар негізінде: «Жақсының, жаманның *екеуінің де* сүйенгені, сенгені – сен» деп өзгертіліп, «*екеуінің де*» сөздер жаңадан қосылды. Жаңа басылымда журналдық нұсқа мен 1907 ж. қолжазбада еш өзгеріссіз берілген осы нұсқа негізге алынды.

Жетінші абзацтағы төртінші сөйлем 1995 ж. басылымда қолжазбалар бойынша: «*Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет*» деп түзетілді. Жаңа басылымда да осы нұсқа еш өзгеріссіз берілді.

Он сегізінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 23 сөз (142-бет), 1907 ж. 22 сөз (26-бет), 1910 ж. 22 сөз (40-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланды. Барлық басқа басылымдарда осы мәтін басылып келеді.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинақта, 1906 ж. қолжазба негізінде жекелеген сөздерге енгізілген стилистикалық өзгерістер негізінен сол күйінде қалдырылды. Бұл жинақта осы нұсқа сақталды.

Екінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі «*жүріс-тұрысын*» деген тіркес 1995 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба мен 1945, 1957 ж. негізгі басылымдар бойынша «*жүрісін*» деп түзетіліпті. Жаңа басылымды дайындау барысында 1907 ж. қолжазбада

да осы сөз еш өзгеріссіз берілгендігі анықталып, 1995 ж. жинақтағы нұсқа негізге алынып берілді.

Он тоғызыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 20 сөз (139-бет), 1907 ж. 19 сөз (12-бет), 1910 ж. 19 сөз (39-бет).

Алғаш рет «Абай» журналының 1918 ж. №7 санында «Мақал туралы» деген тақырыппен жарық көрген Абай қара сөзінің соңғы бөлігінде жарияланған. Бірінші бөлігі жиырма тоғызыншы сөзге тиесілі. 1995 ж. басылымдағы он тоғызыншы сөз туралы түсінікте бұл өзгешелік туралы сөз қозғалған жоқ. Ал 29-шы сөзге байланысты түсінікте «Абай» журналында жарияланғандығы туралы дерек келтірілген де, журналдық мәтіннің екі қара сөзден тұратындығы туралы мүлдем айтылмаған. 1933 ж. жинақта алғаш рет 19-шы және 29-шы қара сөздер болып басылып, одан кейінгі барлық басылымдарда осылай жарияланып келеді.

1977 ж. жинақта, 1910 ж. қолжазба негізінде *шайқақтап, шалықтанып, жерде* деген сөздерге енгізілген стилистикалық өзгерістер 1995 ж. басылымда қабылданбай, 1906, 1907 жж. қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар бойынша (1945, 1954, 1957) осы нұсқалары қалдырылды.

Осы сөздердің қолжазба мәтінін 1957, 1995 жж. жинақтардағы мәтіндерімен салыстыру барысында соңғы басылым нұсқасы негізге алынып берілді.

Жиырмасыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 11 сөз (130-бет), 1907 ж. 10 сөз (13-бет), 1910 ж. 10 сөз (30-бет).

1995 ж. жинақтың осы сөзге түсініктемесінде Мүрсейіт қолжазбасының тоғызыншы сөзі деп қате берілген. 1933 ж. жинақта алғаш жарияланған кезден бастап, барлық басылымдарда осы мәтін басылып келеді.

Бірінші абзацтың екінші сөйлеміндегі «*бар*» деген сөз 1957 ж. басылымда алып тасталған. 1977 ж. жинақта 1910 ж. қолжазба бойынша қосылып: «*Пендеде бір іс бар жалығу деген*» деп түзетіліпті. 1995 ж. басылымда осы түзету қабылданған. Жаңа басылымда 1906, 1907 жж. қолжазбада да осы сөз жазылғандығы анықталды.

Сонымен бірге 1977 ж. жинақта 1906 ж. қолжазба негізінде үшінші сөйлемге қосылған «*жора*» деген сөз 1995 ж. басылымда алып тасталып: «*оны адам өзі тапқан емес*» деген бұрынғы нұсқасы қалпына келтірілгендігі туралы түсінік беріліпті. Жаңа басылымды дайындау барысында 1906 ж. қолжазбада «жора» деген сөздің мүлдем қолданылмай, «*оны адам өзі жаратқан емес*» деп жазылғандығы анықталды. Сол себепті 1907, 1910 жж. қолжазбаларда да осы сөз берілгендігі ескеріліп, соңғы басылым нұсқасы негізге алынды.

Осы абзацтағы алтыншы сөйлемде 1977 ж. басылымда енгізілген өзгерістер қолжазбалармен қайта салыстыру нәтижесінде «*байқаса*» деген сөз қалдырылды да, 1995 ж. басылымда «*бір*» сөзі алып тасталды. Осының нәтижесінде бұл сөйлемнің басы «Ақылы түгел, ойлы адамның баласы *байқаса*...» деп оқылады. Бұл жолы да осы нұсқа сақталды.

Екінші абзацтың екінші сөйлемінің басында 1977 ж. басылымда енгізілген «Хаттаки» деген сөз 1995 ж. басылымда өзгертіліп, 1957 ж. жинақтағы: «*Соншалық* ұмырының» деген тіркес қалпына келтірілді. Жаңа басылымды дайындау барысында 1995 ж. жинақта жарияланған мәтін негізге алынып берілді.

Жиырма бірінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 13 сөз (132-бет), 1907 ж. 12 сөз (15-бет), 1910 ж. 12 сөз (32-бет).

Алғаш рет «Таң» журналының 1925 жылғы №4 санында «Абайдың қара сөздерінен» деген атпен жарияланған. Кейін 1933 ж. жинақта жарық көрген. Одан кейінгі барлық басылымдарда осы мәтін жарияланып келеді.

1977 ж. жинақта бірінші абзацтағы төртінші сөйлемнің басында бұрынғы басылымдарда қайталанып келген «Мысалы» деген сөздің қолжазбалар бойынша «*Яғни*» деп өзгертілуі, он екінші, он бесінші сөйлемдерде «*яки*», «һәм» деген сөздердің «*ләкин*» деп өзгертілуі 1995 ж. басылымда сол күйінде қабылданған. Бұл жолы да осы өзгерістер қолжазбалар мен басылымдарды салыстыру барысында сол күйі қалдырылды.

Сондай-ақ 1977 ж. басылымның жетінші сөйлеміндегі «*әрнешік*» деген сөз 1995 ж. жинақта «*әрдайым*» болып, бұрынғы қалпына келтірілген. Бұл жолы 1957 ж. басылымда «*әрдайым*» сөзі сол қалпында жариялануы ескеріліп, 1995 ж. жинақ мәтіні негізге алынды.

Жиырма екінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 17 сөз (136-бет), 1907 ж. 16 сөз (20-бет), 1910 ж. 16 сөз (36-бет).

1995 ж. жинақта осы сөзге байланысты жазылған түсініктемеде 16-өлең деп жаңылыс берілген. Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланып, содан бері барлық басылымдарда осы мәтін жарияланып келеді.

1977 ж. жинаққа жеке сөздер бойынша енгізілген өзгерістер 1995 ж. басылымда да қабылданып, бұл жолы да сол күйі берілді.

Үшінші абзацтың үшінші сөйлеміндегі 1977 ж. жинақта 1906 ж. қолжазба бойынша «*кейбіреуі*» деп берілген сөз қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар бойынша «*біреулер*» деп қалпына келтірілді. Бұл жинақта 1907, 1910 жж. қолжазбалар бойынша текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында осы нұсқаның дұрыстығы анықталды. Сол себепті 1995 ж. жинақта басылған нұсқа жаңа басылымдағы мәтінге негіз ретінде алынып берілді.

Жиырма үшінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 18 сөз (137-бет), 1907 ж. 17 сөз (21-бет), 1910 ж. 17 сөз (37-бет).

Алғаш рет «Абай» журналының 1918 ж. №1 санында «Қуаныш пен жұбаныш» деген атпен «Абай сөзі» деп жарияланған. Одан кейін 1933 ж. жинаққа және барлық басылымдарға осы мәтін негіз болған.

Журналдық, қолжазба нұсқалар мен басылымдар мәтіндері бойынша жүргізілген текстологиялық жұмыстар барысында журнал мәтініндегі: «*Кәпірден көп пе? Ойлау керек қой. Әуелі мұсылманшылық көптен табылды ма, бірден табылды ма?*» деген сөйлемдер барлық басылымдарда жарияланған осы сөздің үшінші абзацындағы төртінші сөйлемнен кейін түсіп қалған. Бұл жерде дінсіздер мен діншілдер мәселесі көтерілген. Сол себепті бұл сөйлемдер қалпына келтіріліп, өз орнына қойылды. Сонда діннен басталған ой ғылыммен орынды жалғасын табады.

1977 ж. жинақта 1906, 1907 жж. қолжазбалар мен жеке сөздердің жазылуына енгізілген түзетулер 1995 ж. басылымда қабылданып, бұл жолы да осы нұсқа сақталды.

1995 ж. жинақта бірінші абзацтағы сөйлемнің аяғы 1910 ж. қолжазба мен 1945, 1957 жж. басылымдар бойынша: «бір қуаныш, бір жұбаныш *дегендер* бар» деп түзетіліпті. Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазбамен салыстыру нәтижесінде осы сөз тіркестері сол қалпында жазылғаны ескерілді.

Сонымен бірге 1977 ж. жинақта екінші абзацтың төменнен санағанда екінші сөйлеміндегі «мен бәйге алдым деген сөз болса *жарар*» тіркесіндегі «*жарар*» сөзі артық тұрғандықтан 1995 ж. басылымда алып тасталды. Себебі 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957 ж. басылымда «*мен бәйге алдым деген сөз болса*» деп берілген. Жаңа басылымда осы нұсқа сақталды.

Жиырма төртінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 25 сөз (144-бет), 1907 ж. 25 сөз (29-бет), 1910 ж. 25 сөз (43-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланғаннан кейін барлық басылымдарға осы мәтін енгізілді.

1977 ж. жинаққа енгізілген түзетулер 1995 ж. басылымда қабылданған. Бірінші сөйлемнің басындағы 1906 ж. қолжазба бойынша «*осы күнде*» деген сөз 1907, 1910 жж. қолжазбаларда және негізгі басылымдарда (1945, 1957) жоқ болғандықтан 1995 ж. жинақты дайындау барысында алып тасталған.

Үшінші сөйлемде «*Бірімізді біріміз аңдып*» дегеннен кейін 1977 ж. басылымда түсіп қалған «жаулап» деген сөз қайта қосылды. Бұл ретте 1906, 1907, 1910 жж. қолжазбаларда және 1957 ж. басылымда «*жаулап*» сөзінің нақты жазылуы себепті жаңа басылымды дайындаған кезде 1995 ж. жинақтағы мәтін негізге алынды.

Жиырма бесінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 28 сөз (148-бет), 1907 ж. 28 сөз (32-бет), 1910 ж. 28 сөз (45-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. 1977 ж. басылымға бұрынғы жинақтарды қолжазба нұсқалармен салыстыра отырып енгізілген түзетулер 1995 ж. басылымда қабылданған. Жаңа жинақта да осы нұсқа негізге алынды.

Сонымен бірге 1995 ж. басылымда оларға мынадай тың өзгерістер енгізілді: екінші сөйлемнің басы «*Аның* үшін» емес – «*Оның* үшін», оныншы сөйлемнің басы «Оның *үшін*» емес – «Оның *себебі*», он үшінші сөйлем: «*Дінге де* жақсы *білгендік керек*», он төртінші сөйлемнің басы: «Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан...», он тоғызыншы сөйлемнің ортасы: «соны *үйретейік, мұны* көріп...» деп түзетілді. Бұл жолы барлық қолжазбалар мен 1977 ж. дейінгі басылымдарға текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу барысында 1995 ж. басылымдағы нұсқа негізге алынды.

Мүрсейіт қолжазбасы мен 1957, 1977, 1995 жж. басылымдарда жарияланған осы жиырма бесінші сөз мәтініне текстологиялық салыстырулар жүргізген кезде 1995 ж. жинақта: «Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жаурынан бір қаққанға сатады» деген сөйлемдегі «*жаурынан*» сөзі Мүрсейіттің 1906, 1907 жж. қолжазбалары бойынша қате берілген де, Мүрсейіттің 1910 ж. қолжазбасында «*жаурынынан*» деп дұрыс жазылыпты. Ал 1957, 1977, 1995 жж. басылымдарда да «*жаурыннан*» деп жарияланған. Сол себепті осы басылымдардағы мәтінді негізге алып, «жаурынынан» сөзі қайта қалпына келтірілді.

Жиырма алтыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 36 сөз (158-бет), 1907 ж. 36 сөз (42-бет), 1910 ж. 36 сөз (53-бет).

1933 ж. жинақта алғаш рет баспа бетін көріп, одан кейінгі басылымдардың бәрінде осы мәтін жарияланған.

1995 ж. басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1945, 1957 жж. негізгі басылымдар бойынша мынадай өзгерістер енгізілген: бірінші абзацтың бірінші

сөйлеміндегі «*күреске*» деген сөз алынып тасталды; екінші абзацтың соңғы сөйлемі: «Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей *болып* я *бір арамдығы, жамандығы шыққандай* несіне ұялып, қорланады екен?» деп өзгертілді; үшінші абзацтың басындағы «Енді осылардан» деген тіркестен кейін келетін «*ойлап*» деген сөз алып тасталды. Жаңа басылымда осы өзгерістер сол қалпында қалдырылды.

Жиырма жетінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. «Сократ хакімнің сөз» (186-бет), 1907 ж. «Сократ хакім сөзі» (72-бет), 1910 ж. «Сократ хакім сөзі» (63-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланды. 1906, 1907 жж. қолжазбаларда жақша ішінде «Сократ хакім сөзі» деген тақырыппен рет саны көрсетілмей жеке берілген, 27-сөз деген рет саны сол 1933 ж. басылымда М. Әуезовтің жүйелеуі бойынша белгіленген. Одан кейінгі барлық басылымдарға осы мәтін енгізілді.

Жаңа басылымды дайындау барысында 1910 ж. қолжазбада да «Сократ хакім сөзі» деген атпен жеке берілгендігі анықталды.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинаққа Мүрсейіт қолжазбаларымен салыстыру арқылы енгізілген өзгерістер сақталып берілген. Бұл соңғы басылымда жиырма жетінші сөз бойынша төмендегідей түзетулер жасалыпты: « – Жә, олай болса» деп басталатын абзацта бесінші сөйлемнің басындағы: «Маңдай *теріні*» деген тіркес «Маңдай *терді*» деп өзгертілді; осы сөйлемге жалғас келетін келесі сөйлемнің соңындағы «ләззат ала алмас едік» деген тіркеске «*ләззаттанып хабар* ала алмас едік» деген өзгеріс енгізілді; осыдан кейінгі абзацтың бірінші жолында «Көзді, мұрынды» деген сөздерден кейін «мұндай» деген сөз алып тасталды.

Сонымен бірге «Сонда Аристодим» деп басталатын абзацтағы «Махаббаты *бірлән*» деген сөз «*махаббатыменен*» болып өзгертіліп берілді; « – Олай болғанда» деп басталатын абзацта «*мақұлықтарды*» деген сөз «*мақұлықатты*» деп түзетілді; осыдан кейінгі: « – Ей, Аристодим!» деп басталатын абзацтың үшінші сөйлеміндегі «*тамшысы*» – «*тамшысындай*» деп өзгертілді. Ал «*Бұл ғаламды көздің*» деп басталатын абзацта, «Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл *хисабына*» деген тіркестегі соңғы сөз «*есебіне*» деп бұрынғыша жазылды.

Жаңа басылымды дайындау барысында 1910 ж. қолжазба бойынша текстологиялық салыстырулар жүргізіліп, 1995 ж. басылымға енгізілген өзгерістер құпталды. Соның негізінде соңғы басылым мәтіні негізге алынып берілді.

Жиырма сегізінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 15 сөз (133-бет), 1907 ж. 14 сөз (33-бет), 1910 ж. 14 сөз (17-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланып, одан кейінгі басылымдарға осы мәтін енгізілген.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинаққа енгізілген өзгерістер мен түзетулер қабылданған. Сонымен бірге қолжазбалар мен бұрынғы басылымдарды салыстыру барысында мынадай өзгерістер енгізілді:

1. Бірінші абзацта: «Құдай тағаланың жаратуынан» дегеннен кейін «яки» деген сөз қосылды. Осыдан кейінгі сөйлемде «*ғайыбы*» «*айыбы*» болып түзетілді;

2. Келесі сөйлемдегі «бір антұрғанға, *еңбексізге*» деген тіркес «бір антұрғанға *еңбексіз*» деп өзгертілді. Осыдан кейінгі сөйлемде «еңбек қылып» деген тіркестің алдынан «*адал*» деген сөз қосылды.

3. Осы абзацтағы «Жұрт та, мүлік те» деген тіркестен кейін «*бәрі құдайдың*» деген сөздер қайтадан қосылды. Осы абзацтың соңынан санағанда үшінші сөйлем 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1945, 1957 жж. негізгі басылымдар бойынша: «Бәрін *қылушыға* қылдырушы өзі екен» деп түзетілді.

4. Келесі абзацтың басына «*Құдай тағала*», мәтіннің ішіне «ғибадат парыздан кейін» деген сөздер қосылып, сөйлем бұрынғы мынадай нұсқасына келтірілді: «*Құдай тағала*» әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз *деген* екен».

5. «Жоқ, сен жақсылық» деп басталатын сөйлемдегі «*ләкин*» деген сөз өзгертіліп, бұрынғыша «*бірақ*» деп жазылды.

Жаңа басылымды дайындау барысында қолжазбалар мен басылымдар бойынша текстологиялық салыстыру жұмыстары жүргізіліп, 1995 ж. басылымдағы өзгерістер сол күйі қалдырылды.

Жиырма тоғызыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 19 сөз (139-бет), 1907 ж. 18 сөз (22-бет), 1910 ж. 18 сөз (38-бет).

Алғаш рет 1918 ж. «Абай» журналының №7 санында «Мақал туралы» деп басылған қара сөздің бірінші бөлігінде жарық көрген. 1995 ж. басылымдағы жиырма тоғызыншы сөз туралы түсінікте журналдық басылымдағы мәтіннің соңғы бөлігі 19-шы қара сөзге тиесілі екендігі айтылмаған. Бұл мәселе 1933 ж. жинақта оңды шешіліп, бірінші бөлігі 29-шы қара сөздің, соңғы екінші бөлігі 19-шы қара сөздің мәтіндері ретінде алғаш рет жарияланды да, осы қалып барлық басылымдарға пайдаланып енгізілді.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинаққа енгізілген түзетулердің біразы қабылданыпты. Сонымен бірге қолжазбаларды салыстыру нәтижесінде төмендегідей түзетулер енгізілді:

1. Бірінші абзацтағы бірінші сөйлемнің басына «*Біздің*» деген сөз қосылды. Бұл ретте жаңа басылымда журналдық нұсқа мен 1907, 1910 жж. қолжазбалардың мәтіндерінде осы сөздің сол қалпында келтірілуі де назарға алынды;

2. Үшінші абзацтағы «*бермесі* жоқ» деген тіркес «*бермейтіні* жоқ» деп қайта қалпына келтірілді. Жаңа басылымда 1957 ж. жинақта бұл сөз тіркесінің осылай жариялануы да ескерілді;

3. Төртінші абзацтағы екінші сөйлемде «*аттың*» «*атыңның*» болып қайта өзгертілді. Жаңа басылымда журналдық нұсқа мен 1907, 1910 жж. қолжазбалардың мәтіндерінде осы сөздің «атыңның» болып жазылуы негізге алынды;

4. Соңғы абзацтағы үшінші сөйлемнің басына: «*Бұлардың бәрінен де қымбат*» деген сөздер қосылып, сөйлемнің аяғы «*ең арсыздың ісі емес пе?*» деп түзетілді. Бұл жолы журналдық нұсқа мен 1907, 1910 жж. қолжазбалардың мәтіндерінде осы сөздердің осы күйінде берілуі ескерілді.

Отызыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 29 сөз (150-бет), 1907 ж. 29 сөз (34-бет), 1910 ж. 29 сөз (47-бет).

Алғаш рет «Таң» журналының 1925 ж. №2 санында «Абайдың басылмаған қара сөздерінен» деген атпен екінші бөлігінде жарық көрген. Бірінші бөлігінде тоғызыншы сөз мәтіні берілген. Бірақ бұл жарияланымда қара сөздер жалпылама беріліп, реттік саны көрсетілмеген. Бұл қара сөздің журналдық нұсқасы осыған дейінгі

басылымдарда жазылған ғылыми түсініктемелерде ескерілмеген. Одан кейін 1933 ж. жинақта он тоғызыншы сөз болып басылып, 1939-40 жж. екі томдықта «отызыншы сөз» деп түзетіліп жарияланған. Басқа басылымдарға да осы мәтін енгізілді.

1995 ж. басылымда бірінші абзацтағы екінші сөйлемнің аяғы «не *ақылдылығы*, арлылығы жоқ» деп түзетілген. Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазба мен 1957 ж. жинақта осылай еш өзгеріссіз берілуі назарға алынып, 1995 ж. жинақ нұсқасы сақталды.

Отыз бірінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 21 сөз (140-бет), 1907 ж. 20 сөз (24-бет), 1910 ж. 39 сөз (37-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинаққа енгізілген өзгерістер сол күйінде қабылданған. Сонымен бірге осы қара сөздегі екінші сөйлемнің басына «*Егер*» деген сөзден кейін 1910 ж. қолжазба бойынша «бір» деген сөз қосылды. Мұндағы «бір» сөзі 1910 ж. қолжазбада сол қалпында жазылғаны ескеріліп, 1995 ж. басылым нұсқасы негізге алынды.

Отыз екінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 22-сөз (140-бет), 1907 ж. 21 сөз (24-бет), 1910 ж. 21 сөз (39-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген.

1977 ж. жинаққа енгізілген стильдік өзгерістер 1995 жылғы басылымда сақталды. Сонымен бірге 1995 ж. басылымды дайындау барысында қолжазбаларды және 1945, 1957 жж. басылымдарды салыстыру негізінде төмендегідей түзетулер енгізіліпті:

1. Бірінші абзацтың үшінші, төртінші сөйлемдері қолжазбалар мен бұрынғы басылымдар негізінде біріктіріліп: «Оларды білмек керек, *білмей іздегенмен табылмас*» деп түзетілді;

2. Екінші абзацтағы бірінші сөйлемнің аяғы «*іздемеске*» емес, «*іздемекке* керек» деп бұрынғы қалпына келтірілді. Бұл ретте жаңа басылымда 1957 жылғы жинақта «*іздемекке* керек» деп берілген нұсқа да ескеріліп, 1995 ж. басылымдағы мәтін негізге алынды. Сондай-ақ, осы абзацтағы екінші сөйлемнің «бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең» дегеннен кейін «және» дегеннің орнына 1906, 1907 жж. нұсқалар негізінде «*һәм*» деп өзгертілді;

3. Үшінші абзацтың бірінші сөйлемінен кейін, 1906, 1907 жж. қолжазбалар бойынша: «*Бастапқыдай болғанда, тапқан шешенің мейірімі секілді болады*» деген сөйлем қосылды. Осы абзацтағы соңғы сөйлемде «білім-ғылымның өзі де» дегеннен кейін «*адамға*» деген сөз қосылды. Бұл жолы да 1957 ж. жинақта осы түзетулер сол қалпында жарияланғаны ескерілді;

4. Алтыншы абзацтағы бірінші сөйлемде «*мұлахаза*», «*мұхафаза*» деген сөздерден кейін «қылу» деген сөз қалпына келтірілді. Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазбада және 1957 ж. жинақта «*қылу*» сөзі берілгендігі анықталып, 1995 ж. басылымда жарияланған осы сөз нұсқасы қалдырылды;

5. Жетінші абзацтың соңғы сөйлеміндегі «*Олар*» деген алғашқы сөз «*Ол*» болып түзетілді. Бұл жолы осы жинақтың жаңа басылымын дайындау барысында 1906, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбада «*Ол*» сөзі жазылғандығы назарға алынып, 1995 жылғы басылымдағы осы сөз сақталып берілді;

6. Соңғы абзацтың соңғы сөйлемінде «*Бұл*» дегеннен кейін 1906, 1910 жылғы қолжазбалар бойынша «*беріктік*» деген сөз қосылды. Жаңа басылымда 1907 жылғы

қолжазбада да «*беріктік*» сөзі жазылғандығы ескеріліп, 1995 жылғы басылымдағы осы сөз сол қалпында ұсынылды.

7. Алғашқы басылымдарда қате кеткен *«бахас,» «хусід», «жаһат»* деп қате оқылған араб сөздері *«бәхс», «хәсәд», «жиһәт»* деп түзетілді.

Отыз үшінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 34 сөз (155-бет), 1907 ж. 34 сөз (39-бет), 1910 ж. 34 сөз (51-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарық көріп, содан бері барлық басылымдарда осы мәтін жарияланған.

1995 ж. басылымда 1977 ж. жинақтағы өзгерістер негізінен қабылданған.

1995 ж. басылым соңындағы осы отыз үшінші сөз туралы түсінікте 1906 ж. қолжазба бойынша: «бесінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі «*қарық қыламын*» деген тіркес «*қарыс қыламын дегенге мәз болып*» деп түзетілді» деп жазылған. Осыған байланысты соңғы басылым мәтінімен танысқан кезде мұндай түзетулер болмағандығы байқалды. Сондықтан жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957, 1977 жж. жинақтар бойынша текстологиялық салыстыру жұмыстары жүргізіліп, 1995 ж. басылымдағы мәтін нұсқасы негізге алынды. Сол сияқты жоғарыда аталған түсінікте де: «Ең соңғы сөйлемдегі «*алданыш болатындығы*» деген тіркес қолжазбалар бойынша «*алданыш болатұғыны*» деп өзгертілді» деп жазылғанымен негізгі мәтінге ешқандай өзгерістер енгізілмеген. Бұл жолы да 1907, 1910 жылдардағы қолжазбалар мен 1957, 1977 жылғы жинақтар бойынша жүргізілген салыстыру негізінде 1995 жылғы басылымдағы «*алдатқыш болатұғыны*» деген мәтін өзгеріссіз қалдырылды.

Отыз төртінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 31 сөз (152-бет), 1907 ж. 31 сөз (36-бет), 1910 ж. 31 сөз (48-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. 1995 ж. басылымда бірінші абзацтың алтыншы сөйлемінде: «*Ол екеуіне анық сенген*» дегеннен кейін 1906 ж. қолжазба бойынша «кісіге» болып түзетілгендігі туралы түсінік қате берілген. Жаңа басылым бойынша 1906 ж. қолжазбада «*Ол екеуіне анық сенген*» деп жазылғандығы белгілі болды. Соған сәйкес 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957, 1977 жж. жинақтар бойынша жүргізілген салыстырулар барысында 1907, 1910 жж. қолжазбаларда және 1957 ж. жинақта: «*Ол екеуіне анық сенген кісіге*» деп берілгендігі анықталды. Сол себепті 1995 ж. басылымда жарияланған мәтін негізге алынды.

1995 ж. басылымда екінші абзацтың бесінші сөйлемінде: «Егер де екі нәрсе» дегеннен кейін «*кез*» деген сөз қосылды. Жаңа басылымда 1906, 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957, 1977 жж. жинақтар бойынша салыстырулар жүргізілді, соның нәтижесінде бұл нұсқаларда да «*кез*» сөзі берілгендігі анықталып, соңғы басылымдағы түзету өзгеріссіз қалдырылды.

Үшінші абзацтағы екінші сөйлемде: «махшарда сұралуың» дегеннің алдына «*көрден*» деген сөз қосылды. Жаңа басылымда 1906, 1907, 1910 жж. қолжазбаларда осы «*көрден*» сөзі жазылғандығы анықталды және 1995 ж. басылымда жарияланған мәтін негізге алынып, еш өзгеріссіз берілді.

Отыз бесінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 32 сөз (153-бет), 1907 ж. 32 сөз (37-бет), 1910 ж. 32 сөз (49-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланып, одан кейінгі басылымдарда осы мәтін пайдаланылды.

1995 ж. басылымда бірінші абзацтың бірінші сөйлемінде: *«қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт – соларды»* деген өзгеріс енгізіліпті. Жаңа басылымда 1906, 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957, 1977 жж. жинақтар бойынша салыстырулар жүргізу қорытындысында бұл сөздер де осы нұсқаларда еш өзгеріссіз берілгендігі анықталды және соңғы басылым нұсқасы негізге алынды. Соңғы басылымда бірінші абзацтағы екінші сөйлемнің басы: *«Дүниеде ғиззат үшін, сый-құрмет алмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды»* деп түзетіліп, 1907, 1910 жж. қолжазбаларға сілтеме жасалыпты. Алайда бұл қолжазбалардан дәл осылай жазылғандығы байқалмады. 1906 ж. қолжазбадағы *«Дүниеде ізет үшін, сыйлы, құрметті болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды»* деген сөйлем соңғы басылымда қолданылды.

Екінші абзацтың үшінші сөйлемінде: «сонымен *бірге* қылған өнерлерің де бітті» деген тіркестегі «*бірге*» деген сөз алыныпты. Жаңа басылымда 1907 ж. қолжазбамен салыстыру барысында осы Мүрсейіт нұсқасында «*сонымен қылған өнерлерің де бітті*» деген тіркес жазылғандығы анықталды.

Үшінші абзацтың басындағы «*Әне*» деген сөз 1906 ж. қолжазба бойынша «*Ана*» болып түзетіліпті. Жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957, 1977 жж. жинақтар бойынша салыстырулар жүргізу барысында бұл сөз 1907, 1910 жж. қолжазбалар мен 1957 ж. жинақта «*Ана*» сөзі берілгендігі белгілі болды. Соңғы басылым нұсқасы сол күйі қалдырылды.

Сонымен бірге түпнұсқа бойынша және 1957, 1977, 1995 жж. басылымдардағы осы отыз бесінші сөз мәтіндеріне текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде үшінші абзацтың бірінші сөйлеміндегі: «Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді» деген мәтіндегі «құдайдың» сөзі 1906 ж. қолжазба бойынша барлық басылымдарда сол қалпында берілгені байқалды да, 1907 ж. қолжазбада: «Алланың» деп жазылғаны анықталды. Мүмкін, сол кездегі кеңестік, идеологиялық шектеулерге байланысты «*Алла*» сөзі «құдай» сөзімен ауыстырылған шығар. Сондықтан жаңа басылымда осы қара сөздегі «Алла» сөзі қалпына келтіріліп берілді.

Отыз алтыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 39 сөз (161-бет), 1907 ж. 39 сөз (45-бет), 1910 ж. 39 сөз (55-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинақта басылған. 1977 ж. жинақта 1906 ж. қолжазбамен салыстыру арқылы бірінші абзацтың аяғындағы «ұялмас нәрседен ұялған» деген тіркестерден кейін «*мұндай ұят – шын ұялу емес,* ақымақтық, жамандық» деп түзетіліпті. 1995 ж. басылымда да сол қалпында қалдырылған. Бұл жолы да осы нұсқа өзгеріссіз берілді.

Сонымен бірге 1977 ж. басылым бойынша екінші абзацтың төменнен санағанда соңғы сөйлеміндегі «*көздің*» деген сөз «*көзіңнің*» деп, үшінші абзацтың соңғы сөйлеміндегі «*соның*» деген сөз «*осындай адамның*» деп түзетіліпті. Соңғы басылымда осы нұсқа қабылданған. Бұл жолы да 1995 ж. жарияланған мәтін негізге алынып, сол қалпында берілді.

Отыз жетінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. «Насихат» (184-бет), 1907 ж. «Насихат» (55-бет), 1910 ж. «Насихат» (61-бет).

Мүрсейіт қолжазбаларында «Насихат» деген атпен берілген. 1907, 1910 жж. қолжазбаларда 15 нақылдан, 1906 жылғыда 16 нақылдан тұрады.

16-23-нақылдар 1933 ж. басылымда жинаққа алғаш рет қосылған.

Мүрсейіт қолжазбалары мен Абай жинақтарындағы нақылдардың рет саны бірдей емес, кейбіреулері ауысып келеді. Мысалы, 1957 ж. жинақта 15-нақыл 14-ші, 16-шы нақыл 15-інші болып басылған. Оның себебі – қолжазбалар мен 1933 ж. жинақта осы «Насихат» аталатын сөздің 13-бабындағы ұзағырақ текст 1940 ж. басылымнан кейін 45-сөз етіп дербес беріліпті. 1940 ж. жинақта 24 баптан құралған 37-сөз («Насихат») кейінгі басылымдарда 23 баптан тұрады.

Барлығы 23 баптан тұратын қара сөз топтамасы. Алғаш рет «Таң» журналының 1925 ж. №1 санында осы сөздегі 11 нақыл алғаш рет жарияланған, бұл соңғы 1995 ж. басылған осы қара сөздегі рет саны бойынша 2, 12, 15-23-ші нақылдар. Осыған дейінгі жинақтар түсініктемелерінде отыз жетінші сөздің журналдық нұсқасы туралы айтылған жоқ.

1995 ж. басылымдағы осы сөз туралы түсініктемеде «16-23-нақылдар 1933 ж. басылымда жинаққа алғаш рет қосылған» деп жаңсақ жазылған. Шын мәнінде 16-23-нақылдар «Таң» журналында жарық көрген болатын.

Журналдық нұсқада 2-ші нақыл 1-ші, 12-ші нақыл 2-ші, 15-ші нақыл 3-ші, 16-шы нақыл 4-ші, 17-ші нақыл 5-ші, 18-ші нақыл 6-шы, 19-шы нақыл 7-ші, 20-шы нақыл 8-ші, 21-ші нақыл 9-шы, 22-ші нақыл 10-шы, 23-ші нақыл 11-ші болып басылған. Кейін бұл нақылдар бір ізге келтіріліп, 1945 ж. жинақтан бастап барлық басылымдарда 23 баптан тұратын нақылдар ретінде басылды.

1995 ж. басылымда 1906 ж. қолжазба бойынша төмендегідей түзетулер енгізіліпті:

1. 4-нақылдың екінші жолындағы «*болыстықтан*» кейін «*өзі*» деген сөз қосылған;

2. 7-нақылдың екінші жартысындағы «*адамшылықтың*» деген сөз қолжазбаларға сәйкес «*адамдықтың*» болып өзгертілді.

3. 9-нақылда «*замандасының*» деген сөздің алдына 1907 ж. қолжазба бойынша «*оның*» деген сөз қосылды.

4. 13-нақылдағы «*аузынан қара қан ағызса*» деген тіркесте қолжазбалар бойынша «*қара*» деген сөз алып тасталды.

Жаңа басылымда Мүрсейіт қолжазбалары мен 1957, 1977, 1995 жж. басылымдарда жарияланған осы отыз жетінші сөз мәтініне текстологиялық салыстырулар жүргізу барысында жоғарыда көрсетілген өзгерістер қабылданып, соңғы басылымдағы мәтін негізге алынып берілді.

Отыз сегізінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. «Китәб тәсдиқ» (168-бет), 1907 ж. «Китәб тәсдиқ» (57-бет) және 1910 ж. «Китәб тәсдиқ» (2-бет).

Абай қара сөздерінің ішінде отыз сегізінші сөз ретінде берілетін ақынның бұл еңбегі басқа рисалаларынан жазылу мәнері мен тілі жағынан өзгеше, басыбүтін толық шығарма. Қадімша жазу үлгісі қатаң сақталған шығарма ортағасырда кеңінен қолданылған түркі әдеби (шағатай) тілінде жазылған. Сондықтан да араб, парсы кірме сөздері сол тілдерде қалай таңбаланса, мәтінде де сол қалпында берілген.

Ақынның «Китәб тасдиқ» («Иман кітабы») атты бұл еңбегінде Ислам негіздері, иман шарттары мен ихсан ұстындары ашып көрсетілген. Исламдағы ең негізгі ұстын – таухид (Алланың өзіне тән зати һәм субути сипаттары, Алланың «Ахад» сипаты, Оны тану жолдары және т.б.) пен ақида (діни көзқарас, имани сенім және т.б.)

мәселелері Имам Матуриди сенімі бойынша берілсе, шариғат шарттары Имам Әбу Ханифа мәзһабы бойынша таратылған. Діни-тасауыф танымдағы Хақты махаббатпен тану, Оның саниғ-сұнғатына ғашық болу, пенденің кемелдену жолдары, хәл ілімінің мақамдары мен сырлары секілді ирфани мәселелер белгілі мутасауыфтардың, соның ішінде ортағасырлық түркі сопытанушылары мен шайырларының ойларымен астарласып жатыр. Ақынның «Иман кітабында» қамтылған негізгі ойларының басым бөлігі оның шығармашылығында өлең сөзбен өрнектелген.

Ақынның «Китәб тасдиқ» атты бұл шығармасы алғаш рет 1933 ж. жинақта жарияланып, 1939, 1940, 1945, 1954, 1957 жж. басылымдарға осы мәтін енгізілген. 1977 ж. жинаққа қолжазба нұсқалармен және басылымдардағы мәтіндермен текстологиялық салыстыру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде енгізілген түзетулер 1995 ж. соңғы басылымды дайындау барысында ескеріліп, қосымша өзгерістер жасалған.

Жаңа басылымды дайындау барысында Мүрсейіт қолжазбалары (1906, 1907, 1910 ж.) кеңінен қолданылды. Үш нұсқа салыстырылып, канондық мәтін түзілді. Түркі әдеби тілінде жазылған мәтіннің, әуелі, транслитерациясы жасалды. Араб графикасынан бүгінгі қолданыстағы кирилл әліппесіне түсіру барысында әрбір сөздің жазылуы мен дұрыс оқылуына, ондағы изафеттік құрылымдарға жіті назар аударылды. Транскрипцияны қыпшақ тілі тобының фонетикалық ерекшелігіне барынша жақындатып беру жағы көзделді. Транскрипцияланған мәтіннің бүгінгі оқырманның оқып-түсінуіне ауыр болатындығын ескеріп, еңбектің түпнұсқаға жақындатылған тәржіма-мәтіні жасалды. Жеңілдетілген мәтін жасау барысында түркі әдеби тілінің өзіндік ерекшелігін барынша сақтап беру жағы қарастырылды. Жеңілдетілген мәтін мынадай ұстанымдар негізінде жасалды:

1. Мәтінде кездесетін араб, парсы кірме сөздері бүгінгі сөздік қорымыздағы қолданылу ерекшелігі бойынша берілді (Мысалы: «фәрзәнд» – «перзент», «ижтиһад» – «ыждағат», «ʻиззәт» – «ізет», «қудрәт» – «құдірет», «жаһил» – «жәһіл» және т.б.).

2. Егер кірме сөздер бүгінгі сөздік қорымыздан орын алмаған болса, онда қазақ тілінің дыбыс үндестігі заңына бейімделіп жазылды («тәʻриф» – «тәғриф», «ләкин» – «лекін», «ʻәуам» – «ауам», «мәʻишәт» – «мағишат» және т.б.).

3. Еңбекте кездесетін Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен үзінділердің транслитерациясы жазылып, мәтіннің төменгі жағына аудармасы берілді (Мысалы: «Уәлләзинә әмәну уә ʻәмилус-салихати уләйкә әсхәбул-жәннәти һум фиһа халидун» және т.б.).

4. Шарғи үкімдер мен сілтеме сөздердің де транслитерациясы жазылып, соңынан тәржімасы берілді (Мысалы: «жәлб-и мәнфәʻәт дәфʻ-и музәррәтләрді», «Бір фәрдәдән йүз фәрдә бижай» және т.б).

Сондай-ақ, оқырманға оқуға жеңіл болуы үшін араб, парсы һәм түркі сөздерінің түпнұсқадағы оқылуы мен аудармасы мәтіннің астына берілді. Кірме һәм көнерген сөздердің сөздіктегі мағынасы мен мәтіндегі қолданылу ерекшелігі де ашып көрсетілді.

«Китәб тасдиқ» еңбегінің транслитерациясы:

Ей, йүрәгімнің қууәті, фәрзәндләрім! Сізлерге адәм ұғлының мінезлері тұғралы біраз сөз йазып йадгар қалдырайын. Ихлас бірлән оқып, ұғып алыңызлар, оның

үчүн мухәббәтнің төлеуі – мухәббәт. Әууәл адәмнің адәмчылығы ‘әқл, ‘илм дегән нәрселер бірлән. Мұның табылмақына сәбәпләр – әууәл, хәуас-и сәлим һәм тән саулық. Бұлар туысынан болады, қалмысы өзгелерінің бәрі йахшы ата-ана, йахшы құрбы, йахшы устаздан болады. Тәләб, ұғым мухәббәтдән чығады. Білім-‘илмге мухәббәтландырмақ әлгі айтылған үчәуінен болады. Білім-‘илмді әууәл баштан бала өзі ізленіп табмайды. Басында зорлықменен йаке алдауменен үйір қылу керек, үйүр қылу уә үйрене келе өзі ізленгендей болғанча. Қачан бір бала білім-‘илмді мухәббәтменен көксәрлік болса, сонда ғана оның аты адәм болады. Сонан соң ғана Аллаһ Тә’әләні танымақлық – өзін танымақлық, дунийаны танымақлық, өзі адәмлығын бұзмай ғана «жәлб мәнфә‘әт дәф‘ музәррәтләрні» айырмақлық шекіллі ‘илм-білімні үйренсе білер деп, умид қылмаққа болады. Болмаса йоқ, ең болмаса чала. Оның үчүн көбінесе балаларны йашында ата-аналары хийанәтчылыққа салындұрыб алады, соңынан муллаға берген болады, йа ол балалар өзлері барған болады – һеч бір бәһре болмайды. Ол хийанәтчыл балалары тәләпқа да, ‘илмға да, устазға да, хәтта имани и‘тиқадқа да хийанәт бірлән болады. Бұл хийанәтчіләр – йарым адәм, йарым мулла, йарым мусәлман. Оларның адәмчылығының кәмаләт табмағы – қиынның қиыны. Сәбәбі, Аллаһ Тә’әлә өзі – хәқиқәт жолы, хәқиқәт бірлән раст хийанәтнің душманы. Душманы артқылы чақыртқанға дуст келе мі? Көңілде өзгә мухәббәт тұрғанда, хәқлқні табмайды. Адәмнің білімі, ‘илмі хәқиқәтқа, растлыққа құмар болұб, һәрнәрсенің түбін, хикмәтін білмекке ынтықлық бірлә табылады. Ол – Аллаһның ‘илмі емес, һәммәні білетұғын ‘илмға ынтықлық, өзі де адәмға өзіндік ‘илм береді. Оның үчүн ол Аллаһның өзіне ‘ашиқлық. ‘Илм – Аллаһның бір сифәті, ол – хәқиқәт, оған ‘ашиқлық өзі де хәқлық һәм адәмлық-дүр. Болмаса мал табмақ, мақтан табмақ, ‘иззәт-хурмәт табмақ секілді нәрсәләрнің мухәббәті бірлән білім-‘илмнің хәқиқәті табылмайды. Мал, мақтан, ‘иззәт-хурмәт адәмні өзі ізлеп табылса, адәмлықны бұзмайды һәм көрік болады. Әгәрде адәм өзі оларға табұнұб ізлесе, табса да, табмаса да адәмлығы йоғалады.

Енді хәқиқәт сүйіп, чынны білмек құмарың бар болса, адәмчылыққа лайықлы ихласлы құлағыңны қой. Әууәл дин исламның йолындағы бәндәләр иманның хәқиқәтін білсін. Иман дегәніміз бір ғана инанмақлық емес, сен Аллаһ Тә’әләнің бірлігіне уә Қур`әннің Оның сөзі екенлігіне уә пәйғәмбәріміз Мухәммәд Мустафа салаллаһу ‘әләйһи уә сәлләм Оның тәрәфіндән елчі екенлігіне инандың. Жә, не бітті? Сен Аллаһ Тә’әләға Аллаһ Тә’әлә үчүн иман келтүремүсүн, йә өзүң үчүн иман келтүремүсүн? Сен иман келтүрмесең де, Аллаһ Тә’әләға келер һечбір кемчілік йоқ еді. Йә өзүң үчүн келтірсең, жә инандың. Ол инанмақлығың құры ғана инанмақлық бірлән қалса, саған файдә бермейді. Оның үчүн сен өзің инанмақлығыңнан файдәләнәмін десең, файдә береді, камил иман болады. Сіз «Әмәнту билләһи кәма һуә би әсмәйһи уа сифәтиһи» дедіңіз. Ол исмуллаһлар һәммә Аллаһ Тә’әләнің фи‘ли ‘азимләрінің атлары, оларның мә‘нісін біл, һәм секіз сифәт затийәләрі не дегән сөз, камил үйрән. Өзіңні Оның құлы біліб, өзіңе муслим ат қойұб, тәслим болғаныңа раст боласың да. Өз фи‘лләріңні Соған өз халіңче ұқсатуны шәрт қыл. Аллаһ Тә’әләға ұқшай алам ба деп, наданлық бірлән ол сөзден жиіркенме, ұқшамақ – дәл бірдейлік дә‘уәсі бірлән емес, соның соңында болмақ. Оның үшін Алла Тә’әләнің сифәтләрі: Хайәт, ‘Илм, Құдрәт, Бәсәр, Сәми‘, Ирадә, Кәлам, Тәкуин. Бұл секізінден Аллаһ

16–9114

Тә’әләдағыдай кәмаләт-‘әзимәт бірлән болмаса да, бәндәсінде де һәрбірінен өз халінче бар қылыб йаратыбды.

Жә, біз өзімізнің бойымыздағы секіз зәррә атлас сифәтімізні ол Аллаһ Тә’әләнің секіз ұлұғ сифәтләрінен бас бұрғұзыб, өзге йолға салмақ бірлән бізнің атымыз муслим бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол секіз сифәтіне сифәтімізні һәм ол атлары бірлән ә‘ләмланған фи‘л-е Худаға фи‘лімізні ертмәк не бірлән табылады, қалайча табылады, оны білмек керек. Ол – Аллаһ Тә’әләнің заты, һечбір сифәтқа мухтаж емес, бізнің ‘әқліміз мухтаж, йоқарғы йазылмыш сифәтләр бірлән тә‘рифлеп танымаққа керек. Әгәрде ол сифәтләр бірлән тә‘рифламасақ, бізге мә‘рифәтуллаһ қиын болады. Біз Аллаһ Тә’әләні өзінің білінгені қәдәр ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мумкин емес. Заты түгіл, хикмәтіне һечбір хаким ‘әқл ерічтіре алмады. Аллаһ Тә’әлә – өлчәусіз, бізнің ‘әқліміз – өлчәулі. Өлчәулі бірлән өлчәусізні білерге мумкин болмайды. Біз Аллаһ Тә’әлә «Бір» дейміз, «Бар» дейміз, ол «Бір» демеклік те – ‘әқлімізға ұғұмның бір тиянағы үчүн айтылған сөз. Болмаса ол «Бір» демеклік те Аллаһ Тә’әләға лайықлы келмейді. Оның үчүн мумкинатның ічінде не нәрсенің ужуді бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Һәрбір хәдиске айтылатұғұн бір қадимге тә‘риф болмайды. Ол «Бір» деген сөз ‘аләмнің ічінде, ‘аләм Аллаһ Тә’әләнің ічінде, Худай Тәбәрәкә уә Тә’әлә китабларда секіз субутийә сифәтләрі бірлән, уә тоқсан тоқыз Әсмәи-хуснәләр бірлән білдірген. Бұларның һәммәсі Аллаһ Тә’әләнің затийә, субутийә уә фи‘лийә сифәтләрі-дүр. Мен мұнда сізлерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ‘илм, құдрәт. Секіз сифәттән қалған алтауы – бұларға шәрх. Ол алтауының бірі – хайәт, йә‘ни тірліклік. Аллаһны бар дедік, бір дедік, ‘илм, құдрәт сифәті бірлән сифәтладық. Бұл бірлік, барлық ‘илм, құдрәт өлуде боларлық нәрселер мі? Әлбәттә, ‘илм құдрәті бар болады: хайәті – мә‘лум, бірі – ирадә, йә‘ни қаламақ. ‘Илм бар болса, қаламақ та бар. Ол һеч нәрсеге хәракәт бермейді. Һәммәға хәракәт беретұғұн өзі. Ол ирадә ‘илмнің бір сифәті, бірі – кәләм, йә‘ни сөзләгучі дегән, сөз хәрфсіз, дауыссыз болучы ма еді? Аллаһ Тә’әләнің – хәрфсіз, дауыссыз. Енді олай болса, айтқандай қылып білдіретұғұн құдрәті йәнә бәсәр, сәми‘, ол – көргүчі, ешітгүчі деген. Аллаһ Тә’әләнің көрмегі, ешүтмегі біз секілді көзменен, құлақменен емес. Көргендей, ешітгендей болатұғұн ‘илмнің бір сифәті.

Бірі – тәкуин, йә‘ни барлыққа келтіручі деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өз алдына сифәт болса, Аллаһ Тә’әләнің сифәті өзіндей қадим, һәм әзали һәм әбәди болур да, һәмишә барлыққа келтіруден бошанмаса, бір сифәті бір сифәтінен үлкен йә кічі боларға йарамайды. Олай болғанда ‘илм, құдрәт сифәтләрі секілді бошанмай, һәр уәқт йаратуда болса, бір ыхқтийарсызлық чығады. Ихтийарсызлық Аллаһ Тә’әләға лайық емес. Оның барлыққа келтірмегі – құдрәтіне және бір шәрх. Бұл ‘илм, құдрәт екі сифәт бірлән секіз сифәт бұзылмастан түгел болады. Ол ‘илм, құдрәт де һеч бір ниһайәтсіз, ‘илмінде ғәфләт, құдрәтінде ебсізлік, йә начарлық йоқ. Сани‘ын сун‘әтіне қарап білесіз. Бұл көзгә көрілгән, көңілге сезілгән ‘аләмні қандай хикмет бірлән йараштырып, қандай құдрәт бірлән орнастырған, һеч бір адәм баласының ‘әқлі йетмейді. Бірақ бәндәсіндә ‘әқл – хукмчі, ғәйрәт, қууәт – хизмәт қылучы болучы еді. Соған қарап ойлайсұн: Аллаһ Тә’әләнің сифәтінде солай болмаққа теүш. Олай болмаса, сифәтлер өз орталарында бірі – тәби‘, бірі - мәтбу‘ болады-ғой. Бұл болса, тә‘риф-и Раббгә йарашмайды. Секіз сифәт қылыб, йәнә

ол сифәтләрғә «Лә ғәйру уә лә hуә» болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өз алдына жәмә‘әт йәки жәм‘иәт чығып кетеді. Бұл болса келісмейді. Әгәрдә сифәтләрні hәр бірін башқа-башқа дегенде, көп нәрседен жиұлұб, иттифақ бірлән Худай болған болады. Олай деу батил, бір гинә қудрәт бәндәдә болған қууәт, қудрәт , ‘илм ‘әқлдан басқа болатұғын еді. Аллаh Тә’әләда болған қудрәт – ‘илм hәм қудрәт hәм рәхмәт. Ол – рәхмәт сифәті, секіз сифәт ічінде йазылмаса да, Аллаh Тә’әләнің Рәхмән, Рәхим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Рәззақ, Нафиғ, Уәкил, Ләтиф дегән исмлеріне бина`ән бір ұлұғ сифәтінен хисәблауға йарайды. Бұл сөзіме нәқлийә дәлілім – йоқарұдағы йазылған Аллаh Тә’әләнің исмлері. ‘Әқлийә дәлілім Худай Тә’әлә бұл ‘аләмні ‘әқл йетмейтұғұн келісімменен йаратқан, аннан башқа, бірінен бірі файдә алатұғын жансұз йаратқанларынан файдә алатұғын жан иесі хәйуанларны йаратыб, жанлы хәйуанлар менен файдә алатұғын ‘әқллі инсанны йаратыпты. Жансызларны еті ауырмайтұғын қылыб, жан иесі хәйуанларны ‘әқл иесі адәм баласы асырайтұғұн қылыб, hәм олардан мәхшәрда сұрау бермейтұғын қылып. Енді бұларның hәммәсінен файдә аларлық ‘әқл иесі қылып йаратқан адәм баласынан мәхшәрда сұрау беретұғын қылып йаратқанлығында hәм ‘әдаләт hәм мухәббәт бар. Адәм баласын құрт, құс, өзгә хәйуанлар сифәтінде йаратмай, бұл гүзәл сифәтні беріп, екі аяққа бастырып, башын йоқары тұрғызып, дунийаны көздерлік қылып, өзі хәйуанлар секілді тамақны өз басы бірлән алғызбай, ыңғайлы екі қолны басқа хизмәт қылдырып, аузына қолы ас бергенде, не ічіб, не жегенін білмей қалмасын деп, иісін алып ләззәтланғандай қылып, ауыз үстіне мұрынны қойұп, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көзлерге назуклігінен, зарардан қорғап тұрарлық қылып қабақ беріп, ол қабақларны жауып тұрғанда қажалмасын деп кірпік жасап, маңлай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оны жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей існі көблесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп йаратмақлығы мухәббәт емес мі? Кім өзіңе мухәббәт қылса, сен де оған мухәббәт қылмақ қарыз емес мі? ‘Әқл көзіменен қара: күн қыздырып, деңіздән бұлт чығарады екен, ол бұлттардан йағмур йауып, жер йүзінде нече түрлі даналарны өстіріб, йемішлерні өндіріп, көзге көрік, көңілге рахәт гул-бәйчечеклерні, ағач-йафырақларны, қант қамысларын өндіріп, нече түрлі нәбатәттләрні өстіріп, хәйуанларны сақлатып, бұлақлар ағызып, өзен болып, өзенлер ағып дәрийа болып, хәйуанларға, құсқа, малға сусын, балықларға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, йемішін, кәнін, гулләр гулін, құслар жүнін, етін, йұмыртқасұн; хәйуанлар етін, сүтін, күшін, көркін, терісін; сулар балығын, балықлар икрасын, хәтта ара балын, балауызын; құрт ифәгін – hәммәсі адәм баласының файдәсінә йасалып, hәчбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе йоқ, бәрі – адәм баласының таусылмас азығы. Миллион хикмәт бірлән йасалған машина, фабрик адәм баласының рахәті, файдәсі үчүн йасалса, бұл йасаучы мухәббәт бірлән адәм баласын сүйгенлігі емес мі? Кім сені сүйсе, оны сүймеклік қәрз емес мі? Адәм баласы қәна‘әтсізлік бірлән бұл хәйуанларның тұқымын құртұб, алдыңғылар артқыларға жәбр қылмасұн деп, малны адәм баласының өзінің қызғанычына қорғалатып, өзге хәйуанларны бірін ұшқұр қанатына, бірін күшті қууәтінә, бірін жүйрік аяғына сүйентүб, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғиыққа, қалың орманға қорғалатып, hәм hәрбірін өсіп-өнбекке құмар қылыб, йаш күнінде, кічкене уәқтіндә шәфқәт сихрі бірлән башларын байлап, қамқор қылып қоймақлығы – адәм баласына

өсіп-өніп, теңлік алсын емес, бәлки, адәм баласының үзілмес нәсіне таусылмас азық болсын дегенлік. Бұл хикмәтлерінен һәммәсінен мәрхәмәт, һәм ‘әдаләт заһир тұр екен. Біз ортамызда бұл мәрхәмәт, ‘әдаләтлі иманның шәртінән хисаб қылмаймыз, оның үчүн муслим болғанда, Аллаһ Тә’әләға тәслим болып, оның йолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі ай менен күннен артық мә‘лум тұрған йоқ мы? Фи‘л-е Худаның һечбірін де қәрар қылмаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтмаймыз, бұл хийанәтчылық емес мі? Хийанәтчылыққа бір қарар тұрған адәм – йә мусәлман емес, ең болмаса чала мусәлман. Аллаһ Тәбәрәкә уә Тә’әләнің бәндәләріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфәккәру фи иләллаһи» дегән хәдис шәрифнің «Инналлаһа йухиббул-муқситин» деген айәтларға һечкімнің ихласы, көңілі менен ‘илмі йетіб хуплағанын көргенім йоқ. «Әтә`мурунән-нәсә бил-бирри уә әхсину инналлаһа йухиббул-мухсинин», «уәлләзинә әмәну уә ‘әмилус-салихати уләйкә әсхәбул-жәннәти һум фиһа халидун» дегән айәтләр Қу`раннның ічі толған «‘әмәлус-салих» не екенін білмейміз. «Уә әммәлзинә әмәну уә ‘әмилус-салихати фәйуәффиһим ужурәһум уә Аллаһу лә йухиббуз-залимин» айәтінә қарасаң, ‘әмәлус-салих залымлықның зидды болур. Олай болғанда ‘әдаләт рәфқәт болурға кімде-кімнің ‘әдаләті йоқ болса, хайәсі йоқ, кімнің ұяты йоқ болса, оның иманы йоқ деген, Пәйғәмбәріміз саллаллаһу ‘әләйһи уәссәлләмнің хәдис шәрифі «Мән лә хайә`ән ләһу уә лә имәнә ләһу» дегән дәлил-дүр. Енді белгілі, иман құры инанч бірлән болмайды, ‘әдаләт уә рәфқәт бірлән болады. ‘Әмәлус-салих ‘әдаләтлі уә мәрхәмәтлі болмақ күллі тән бірлән қылған құлчылықларының һечбірі ‘әдаләтні, мәрхәмәтні бермейді. Көзің күнде көреді нәмаз оқучы, рузә тұтқучыларның не халәттә екенліклерін, оған да дәлил керек емес. Бәлки ‘әдаләт барча ізгілікнің анасы-дүр. Инсаф, ұят – бұл ‘әдаләтдән чығады. Оның үчүн ‘әдаләтлі адәмнің көңіліне не келеді? Мен өз көңілімде хәлқ меніменен, сондай-мұндай хулқларменен му‘әмәлә қылса екән деп ойлап тұрып, өзім сол хәлқләрменен му‘амәлә қылмағанлығым йарамайды ғой деп, сол өзі ‘әдаләтде һәм инсфта емәс мі? һәммә йақшылықның башы емес мі? Жә, олай хулық менен сол ойны ойлаған кіші Хәллақына шукрні неге ойламасын? Шакирліктен ‘ибадәтнің бәрі туады. Енді зинһар ‘әдаләт, шәфқәттдән босанбаңлар. Әгәр босансаң, иман да, адәмлық та һәммәсі босанады. Аллаһйар Суфиның «бір фәрдәдән йүз фәрдә бижай» дегәні башыңа келеді.

Енді бізнің баштағы тә‘риф бойынша Худай Тә’әлә ‘илмлі, рәхмлі, ‘әдаләтлі, құдрәт еді. Сен де бұл ‘илм, рәхм, ‘әдаләт үш сифәт бірлән сифәтланмақ ижтиһадын шәрт еттің, мусәлман, һәм толық инсанийәтің бар болады. Білгіл-ки, жәуанмәртлік үч хисләт бірлән болұр деген: сидқ, кәрәм, ‘әқл. Бұл үчінден сидқ – ‘әдаләт болар, кәрәм – шәфқәт болар. ‘Әқл мә‘лум-дүр, ‘илмнің бір аты екенлігі. Бұлар һәр адәмның бойында Аллаһ Тәбәрәкә уә Тә’әлә тәхмин бар қылып йаратқан. Бірақ оған рәуаж беріп гүлләндірмек, бәлки, адәм өз халінче кәмаләтке йеткізмек жәһдінде болмақ. Бұлар – өз иждиһадің бірлән ниәт халис бірлән ізленсең ғана беріле тұрған нәрселер, болмаса йоқ. Бұл айтылмыш үч хисләттің йелерінің алды – пәйғәмбәрләр, онан соң – әулиәләр, онан соң – хакимләр, ең ахиры – камил мусәлманлар. Бұл үч түрлі фи‘л-е Худаның соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фи‘лларға ‘ашиқ болып тұтынмақны пәйғәмбәрләр үйретті әулиелерге, әулиелер оқыды, ‘ашиқ болды. Бірақ, ухрауи пайдасына ғана күзетті. ‘Ашиқлықлары сол халге жетті-ке, дунийаны, дунийада

тиерлік файдәсін ұмытты. Бәлки, хисабқа алмадылар. Хакимләр дунийада тиетұғын файдәсін сөйледілер. ‘Ибрәт көзіменен қарағанда, екісі де бірінен-бірі көп йырақ кетмейді. Оның үчүн һәрбірінің сөйлеуі, айтуы басқача болса да, Аллаһ Тә’әләнің сун‘әтінә қараб фикрлемекні екісі де айттылар. Фикрленмек соңы ‘ибрәтланмақ болса керек. Бұл ‘илм, ‘әқл – һәр екісі де өзін зорға хисабламақны, залымлықны, адәм өзіндей адәміні алдамақны жек көреділер. Бұл ‘әдаләт мәрхәмәтлі уә шәфқәтлі болмақны айтұб бұйырдылар, бұл рәхим болса керек. Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі таифә һәр кіші өзлеріне бір түрлі нәфсін фида қылучылар деб. Йә‘ни, бәндәлікнің кәмәлаты әулиелік бірлән болатұғын болса, күллі адәм тәрк-и дунийа болұб «һу» деп тәриқатқа кірсе, дунийа уәйран болса керек. Бұлай болғанда бұларны малны кім бағады, душманны кім тоқтатады, киімні кім тоқиды, астықны кім егеді, дүнийадагы Аллаһ Тә’әләнің бәндәләрі үчүн йаратқан хәзинәләрін кім ізлейді? Хәрами, мәкруһи былай тұрсын, Худай Тә’әләнің қууәтің бірлән ижтиһад ‘әқлің бірлән тауып, рахәтін көрмегіңе бола йаратқан, берген ни‘мәтлеріне, әндін көрмәк хузурға суық көз бірлән қарап, ескерусіз ташлаб кетмек ‘әқлға, әдәбкә, инсафқа дуруст мы? Сахиби ни‘мәтке шукрлігің йоқ болса, әдәбсізлік бірлән кунәһкәр болмайсың мы? Екінчі – бұл йолдағылар қор болып, дүнийада йоқ болып кету де хәуфі бар, уә кафирләргә жем болып кету де, қайсы бір сабирсызы жолынан тайып, сабирменен бір қарар тұрамын дегені өліп кетселер де керек. Әгәрде бұл йол йарым-йартыларына ғана айтылған болса, йарым-йарты раст дунийада бар бола мы? Раст болса, һәммәға бірдей раст болсын, алалаған раст бола мы, һәм ‘әдаләт бола мы? Олай болғанда, ол жұртта ‘умр йоқ болса керек. ‘Умр өзі – хәқиқәт. Қай йерде ‘умр йоқ болса, онда кәмаләт йоқ. Бірақ әулийәләрнің де бәрі бірдей тәрк-и дунийа емес еді, ‘әшәрә`ә-мубәшшәрәдән хәзрәт ‘Усман, ‘Әбдуррахман бин ‘Әуф уә Сә‘д бин Әбу Уәққас үчәуі де үлкен байлар еді. Бұл тәрк-и дунийалық; йә дунийа ләззәтіне алданыб ижтиһадым чала қалады деп, бойына сенбегенлік; йә хирс дунийалықдан ‘әууамның көңлін суытбақ үчүн, рәнжуге сабир етіп, өзін фида қылыб, мен жанымменен ұрыс қылғанда, хәлқ ең болмаса нәфсісіменен ұрыс қылып, һәуа-һәуәсдән һәр бір арзу нәфсіден суынып, ‘әдаләт, мәрхәмәт, мухәббәтінә бір қарар болар ма екен деген умидменен болса керек. Олай болғанда ол да жұртқа қылған артық мухәббәттан хисаб. Бірақ бұл йол – бек четін, бек назик йол. Бұл йолда рийасыз, жеңілліксіз бір қарар тұрып ізленген ғана кіші ішінің кәмаләтінә йетмек. Бұл зәманда надир, бұған ‘илмнің де зоры, сидқ, ғәйрәтнің да зоры, мухәббәтнің Хәллақына да, уә Халиқ-и ‘аламға да бек зоры табылмақ керәк. Бұларның жиылмағы – қиынның қиыны, бәлки, фитнә болур. Басына һәм өзіне өзгечелік бермек – адәм ұғлын бір бұзатұғын іс. Һәрбір наданның бір тәриқатқа кірдік деп жүргені «біз бұзылдық» дегеніменен бір болады. Хаким, ‘алим әслідә бір сөз, бірақ ‘әрәфдә басқалар-дүр. Дунийада ‘илми заһири бар, олар айтылмышларны нәқлийә деп те айтадылар. Бұл нәқлийәгә жүйріклер ‘алим атаналар, әмма Худай Тә’әлә һечбір нәрсені сәбәбсіз йаратмаған, мұны ізерлеп «тәффәккәру фи ‘әла-иллаһи» дегән хәдиске бина`ән бұл сун‘әти Худадан ізерлеп уә құмар болұб ‘ибрәтланучыларгә тыю йоқ, бәлки, сун‘әтінән сәбәбін білмекке құмарлықтан сани‘ына ‘ашиқлық чығады. Худай Тә’әлә затына бәндәсінің ‘әқлі йетмесе, дәл сондай ‘ашиқмын демеклік те орынсыз. ‘Ашиқ-мә‘шуғлықға халиқ бірлән мәхлуқ ортасы мунәсибәтсіз, Аллаһ Тә’әләнің бәндәсін мухәббәт уә мәрхәмәт бірлән йаратқанын

біліп, мухәббәтінә мухәббәт бірлән ғана елжіремекні Худаға ‘ашиқ болды дейміз. Олай болғанда хикмәт-е Худаға бәндә өз ақылы йетерлік «құр ғана білсем» деген һәрбір існің сәбәбін ізләнучілерге хаким ат қойдылар. Бұлар хәқ бірлән батилны айырмаққа, сәбәблерін білмекке тырысмақлықлары бірлән һәммәсі адәм баласының файдәсі үчүн, ойын-күлкі түгіл, дүнийадагы кулл ләззәт бұларға екінчі мәртәбәдә қалып, бір ғана Хәқні табмақ, һәрбір нәрсенің сәбәбін табмақ бірлән ләззатланадылар. Адасмай тура ізленген хакимләр болмаса, дунийа уәйран болар еді. Фи‘л-и бәндәнің қазығы – осы жақсы хакимләр, һәр нәрсә дунийада оларның истихражы бірлән рәуаж табады. Бұларның ісінің көбі – дунийа ісі, ләкин осы хакимләрнің йасаған, таратқан ісләрі. «Әд-дунийә мәзрә‘әтул-ахирәт», – дегендей, ахирәтке егінлік болатұғын дунийа сол. Һәр бір ‘алим – хаким емәс, һәр бір хаким – ‘алим. ‘Алимларның нәқлийәсі бірлән мусәлман иман-е тәқлиди кәсб қылады. Хакимләрнің ‘әқлийәті бірлән йетсе, иман-е йақини болады. Бұл хакимлерден мурад – мусәлман хакимлері, болмаса ғайри диннің хакимлері – әгәрче «фәтлубни тәжидуни» делінсе де, дунийаның уә һәм адәм ұғлы ‘умрінің сиррына йетселер де, диннің хәқ мә‘рифәтіне йете алмағанлар. Бұларның көбі – иманның йеді шәртіндән, бір Аллаһны танымақтан ғайри, йә‘ни алтауына кімі кумәнді, кімі мункәр болып, тәхқиқлай алмағанлар. Әгәр бұлар дин ұстазымыз емес болса да, динде басшымыз Худаның елчісі пәйғәмбәріміз саллаллаһу ‘әләйһи уә сәлләмнің хәдис шәрифі, «хайрун-нәс мән йәнфә‘ун-нәс», – деген. Бұл хакимлер ұйқы, тынчлық, һәуәс-қызықның бәрін қойұб, адәм баласына файдәлі іс чығармақлығына, йә‘ни електрийаны тауып, асманнан жайны бұрып алыб, дунийаның бір четінен хазир жәуап алып тұрұб, от менен суға хиләсін тауып, мың адәм қыла алмастай хизмәтләр ішлетіб қойұб құрғанлығы, уә хусусән адәм баласының ‘әқл-фикрін ұстартып, хәқ бірлән батилны айырмақны үйреткенлігі – баршасы нәф‘лік болған соң, бізнің оларға миннәтдарлығымызға дә‘уа йоқ.

Бұл зәмананың моллалары хаким атына душман болады. Бұлары білімсізлік, бәлки, бұзық фи‘л, «әл-инсану ‘әдуун лима жәһилгә» хисаб. Оларның шакирдләрінің көбі біраз ‘әрәб-фарсидан тіл үйренсе, бір йарым болымсыз бәхс үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгечелік беремін деп әуарә болұб, жұртқа файдәсі тимек түгіл, түрлі-түрлі зәрарлар хасил қылады. «һай-һой!» менен, мақтанменен ‘әуамны адастырып бітіреді. Бұларның көбі әншейін жаһил түгүл, жаһилләр кібілік тәләб болса, қайда хәқ сөз келсе, хазир инсафқа қайтсын һәм ‘ибрәтләнсін. Раст сөзгә ор қазып, тұз жасамақ не дегән инсаф, құры өзімчілдік, һәр бір өзімчілдік – адәмны бұзатұғын фи‘л. Растың бір аты – Хәқ, Хәқнің бір аты – Аллаһ, бұған қарсы қаруласқанча, мұны ұғып, ‘әдаләт бірлән тәптешлеуге керек. Мұндай фи‘ллардан куфр хәуфі де бар. Уә йәнә пәйғәмбәріміз саллаллаһу ‘әләйһи уә сәлләм: «Ақыр зәманда бір йыллық бір күн болар» дегәнде сәхәбә-и кирәмлар «Бұл бір йыллық күнде нәмаз нечеу болар?» деп сұрағанда: «Оның фәтуасын сол зәманның ‘алимлары білер», – дегән сөзінен ғибратланып қарасаң, зәмана өзгеру бірлән қа‘идалар өзгерілмегенін білдіргені мә‘лум болады. Бұл күндегі тәхсилул-‘улум ескі медреселер ‘урфында болып, бұл зәманға файдәсі йоқ болды. Соған қарай ‘Усманийада мәктәб хәрбия, мәктәб рушдийалар салыныб, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ йыллар ‘умр өткізіп, ‘илмні файдәсіз ұзақ бәхслар бірлән күнін өткізіб, мә‘ишәт дунийада надан бір ессіз адәм болып чығады да, һеч бір хәрәкәткә лайықлы йоқ болған соң,

адәм аулауға, адәм алдауға салынадылар. Көбінесе мұндай ессізлернің нәсихәті де тә`сирсіз болады.

Дунийаның мә‘мурлығын бір түрлі ‘әқлға нур беріп тұратұғын нәрсе. Йоқчылықның адәмні хәйуанландырыб жіберетұғыны да болады. Бәл кулли дунийаны уә ‘илмін білмей қалмақлық – бір үлкен зәрәрлі наданлық, ол Қур`әндә сөгілген; дүнийада кімде-кім өзіне өзгечелік бермек қәсді бірлән малға мухәббәтін аударғанлар дунийада болмаса, ихсанда қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге тәмә‘лі болмайын деп, малға мухәббәтін аудармай, ізгілікке бола хәлал кәсб бірлән тапқан дунийа емес. Біз `илмні сатып, мал ізлемек емесміз. Мал бірлән `илм кәсб қылмақмыз. Һунәр – өзі де мал, һунәрні үйренмек – өзі де ихсан. Бірақ ол һунәр `әдаләтдән чықмасын, шәр`ғиға муафиқ болсын. Адәмға хәлінче ихсанлы болмақ – фәрз іс. Бірақ өзгелернің ихсанына сүйенмек дуруст емес. Моллалар тұра тұрсын, хусусән бұл зәманның ишанларына бек сақ болыңлар. Олар – фитнә-и `алим, бұлардан зәрәрдан басқа һеч нәрсә чықмайды. Өзлері хукм шәри`әтні таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһли тәриқат біліп йәнә біреуні йеткізмек дә`уәсіні қыладылар. Бұл іс оларның сыбағасы емес, бұларның йеткізмегі мухал, бұлар адәм аздырушылар, хәтта динге де зәрәрлі-дүр. Бұларның сүйенгені – наданлар, сөйлегені – йалған, дәлилләрі – тәсбихі менен чалмалары, онан басқа һеч нәрсе йоқ.

Енді біліңізлер, ей, фәрзәндләр! Худай Тә`аләның йолы деген йол – Аллаһ Тә`аләнің ниһайәтсіз болады. Оның ниһайәтінә һечкім йетмейді. Бірақ сол йолға йүруні өзіне шәрт қылып кім қәдәм басты, ол таза мусәлман, толық адәм делінеді. Дунийада түпкі мәқсудың өз файдәң болса – өзің ниһайәтлісің, ол йол – Худаның йолы емес. `Аләмнан жиылсұн, маған құйылсұн, отырған орнына ағып келе берсін дегән ол – не деген инсаф? Сенен не түрлі болса да, йә дунийаңнан, йә `әқліңнән, йә малыңнан `әдаләт, шәфқәт секілді біреулерге йақчылық тигізбек мәқсудың болса, ол йол – Худаның йолы. Ол – ниһайәтсіз йол, сол ниһайәтсіз йолға аяғыңны берік бастың, ниһайәтсіз Худаға тәқәрруб хасил болып, хас ізгі құлдарынан болмақ умид бар, өзге йолда не умид бар? Кейбіреулернің бар һунәрі, мәқсуды киімін түзетмек, жүріс-тұрысын түзетмек болады да, мұнысын өзіне бар дәуләт біледі. Бұл ілерінің бәрі өзін көрсетмек, өзін-өзі базарға салып, бір `әқлі көзіндегі ақымақларға «бәрекелді» дегізмек. «Осындай болар ма едік» деп біреулер тәләбләнәр, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не файдә чықты? Мұнча әуреленіп сыртыңны бір сүйген қәуміңә ұқшатарсың, сыртқа хәсиәт бітмейді. Аллаһ Тә`алә қарайтұғын қәлбіңе, боямасыз ихласыңа хәсиәт бітеді. Бұл айнаға табынғанларның `әқлі қанчалық өсер дейсің? Өссе `әқл, ол түпсіз терең йақчылықны сүймеклікменен өсер. Худай Тә`алә дунийаны кәмаләтні чеберлікменен йаратқан екен һәм адәм баласын өссін-өнсін деп йаратқан. Сол өсіп-өну йолындағы адәмнің төләб қылып ізленер қәрзні ісінің алды – әууәл досын көбейтмек. Ол досын көбейтмекнің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенче дустлық мәқамында болмақ. Кімге дустлығың болса, дустлық дустлық чақырады. Ең аяғы һечкімге қас сағынбаслық һәм өзіне өзгечелік беремін деп, өзін тілмен йә қылықмен өзін-өзі артық көрсетмек мәқсудынан аулақ болмақ. Бұл өзін-өзі артық көрсетмек екі түрлі! Әууәлгісі – һәрбір йаманчылықның йақасында тұрұб адәмнің адәмлығын бұзатұғын жаманшылықтан бойын жимақлық, бұл адәмға нур болады. Екінчісі – өзін-өзі өзгечелікменен артық көрсетмек адәмлықның нурын,

гулін бұзады. Үчінчісі – қастық қылмақ, хор тұтмақ, кемітмек. Олар душманлық чақырады. Һәм өзі өзгече боламын демекнің түбі – мақтан. Һәрбір мақтан біреуден асамын деген күнчілікні бітіреді де, күнчілік күнчілікні қозғайды. Бұл үч түрлі існің йоқлығы адәмнің көңліне тынчлық береді. Һәрбір көңіл тынчлығы көңілге тәләб салады. Куллі адәм баласын хор қылатұғын үч нәрсе бар. Сонан қачмақ керек: әууәлі – наданлық, екінчісі – ерінчеклік, үшінші – залымлық. Білесіз, наданлық – `илм-білімнің йоқлығы, дунийадан һечбір нәрсәні оларсыз біліб болмайды. Білімсізлік хәйуанлық болады. Ерінчеклік – куллі дунийадагы һунәрнің душманы. Тәләбсызлық, жігерсізлік, ұятсызлық, кедейлік – бәрі осыдан чығады. Залимлық – адәм баласының душманы. Адәм баласына душман болса, адәмнан бөлінді, бір жыртқыш хәйуан хисабына қосылды. Бұларның емі, Хәллақына мухәббәт, Халиқ-и `аләмға шәфқәт, ғайрәтлі, тұрлаулы, `әдаләт ісінің алды-артын байқарлық білмі-`илмі болсын. Әууәл, білім-`илмі Худаға муқтәди болсын. Йә`ни, Худай Тә`алә бұл `аләмні йаратты, ерінбеді. Худай Тә`алә келісімменен, хикметпенен кәмәлатны бір йолға салыб жасады, сізлернің ішіңіз де бір йақчылықны бина қылып, арқа сүйерлік чеберлікменен болсұн. Йәнә Худай Тә`алә һәр не йаратты, бір түрлі файдәлі хикмәті бар. Сенің де ісіңнен бір зәрәрлар чығып кеткәндей болмай, көп файдә боларлық бір умиді бар іс болсұн. Бұларсыз іс – іс емес. Бәлки, бұларсыз та`әт – та`әт та емес. Белгілі, Худай Тә`алә һечбір нәрсәні хикмәтсіз йаратмады, уә һечбір нәрсеге хикмәтсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикмәті бар, бәрінің сәбәбі бар, бізнің `әуам былай тұрсұн, `илмға мухәббәті барларға сәбәп, фәрзләрні білмекке ижтиһад лазим, сізләр һәрбір `әмәл қылсаңыз ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қәсд етіп, ниәт етесіз. Ниәт оның фәрзінән хисаб, пәйғәмбәріміз саллаллаһу `әләйһи уә сәлләмнің хәдис шәрифі «Иннәмәл-ә`мәлу бин-нийәт» дегән. Енді ниәт еттіңіз тәһарәт алмаққа, нәмаз оқымаққа, рузә тұтмаққа, бұл та‘әтларда ниәтіңіз заһирынан қалыпсыз `ибадәтқа йетмегенлігі кемчілік емес мі? Сізнің батиныңыз таза болмағы, әуәл иман болып, бұл заһир `ибадәтіңіз иманлы болған соң ғана, фәрз болған, сізнің заһирыңыздағы `ибадәт – батиныңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нурланыб тұрмағына көрік үчүн бұйырылған. Оның үчүн `уләмалар иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі та`әт бірлән нурланады, та`әт йоқ болса, күңгіртленеді, бәлки, сөну хәуфі де бар деген. Әгәр наданлар ол `ибадәтнің ічкі сиррын ескермей қылса, соны қылыб йүрүб, иманы сөнер деген. Менің хәуфім бар, олар хас осы `ибадәт екен, Худаның бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мусәлманлық кәмил болады деп ойлайды. Ол `ибадәт күзетчі еді. Жә, күзетчі күзеткен нәрсәнің әманлығын ойламай, бір кинә ояу тұрмағын қәсд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсәсі қайда кетеді? Мәқсуд күзетілген нәрсәнің әманлығы, тазалығы емес мі?

Ей, ишараттан хәбәрсізләр, қара! Бұл `ибадәттән бір үлкені – нәмаз, ол нәмаздан әууәл тәһарәт алмақ, онан соң ғана нәмазға шуру` қылмақ, ол тәһарәтнің алды истинжа еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсх бірлән бітучі еді, бұлар һәммәсі болмаса көбі ишарәт еді. Истинжәдә көтіңізні жуасыз, сізнің көтіңізнің һечкімге керегі йоқ еді. Оның менен сезімні тазалыққа кіргенлігіңні кәмил ихләсіңні көрсетіб, ішімнің сафлығының соңында хәлқ көрер, сыртымны да пак етемін һәм көзгә көрінбейтұғын ә`заларымны да пак етемін, бұл паклігімнің үстінде Аллаһға ду`а айтамын деп хазирланасыз. Енді

нәмазның аты – салəт, салəт – ду`а мə`нəсінда дегенлер. Аяқта, мойында болған мəсхлəр – ол йумақ емес, өзлері де йуулы деп көрсеткен ишарат. Нəмаздан əууəл құлақ қақтыңыз, кəрчі Аллаh Тə`аləні йоғарыда деп, мəкəн исбат етмесең де, бегірек созу əдепсіз болұб, гунаh дарийасына ғəрқ болдұм, яғни дунийа həуəсіне ғəрқ қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық йардəм берің ишараты. Онан соң қийамда тұрұб қол бағламақ – құл қожа алдында тұрмақ – бұқара патша алдында тұрғаннан артық. Аллаh Тə`аləнің қадирлігіне өзінің `ажизлығына иқрарының беріклігін көрсеткен ишараты. Қибləға қарамақ, кəрчі Худай Тə`аləға hечбір орын мумкин емəс болса да, зийарəтін фəрз еткен орынға йүзін қаратып, шундағы ду`адай қабұллыққа йақын болар ма екен деген ишараты. Онан соң қира`ət, яғни «Сурəтун-фəтихə» оқисың, мұнда бірақ сөз ұзарады. Ол «Фəтихə» сурəсінің мə`ниларында көп сирр бар. Руқу` – баш ұрмақ алдында Худа хазирге ұқшаш, ол да ишарат. Сəждəлəр – əууəл йерден йаралғанына иқрары, екінчісі – йəнə йерге қайтмағына иқрары, баш көтермегі йəнə тіріліб, сұрау бермегіне иқрарының ишараты. Қə`дə ул-ахир –ду`аның ахирында Аллаға тəхийəт, ондан тəшəhhуд, ондан сəлауəт пəйғəмбəріміз саллаллаhу `əлəйhи уə сəлləмге айтмақ үчүн ең ахиры сələмменен тауысасыз, йə`ни Аллаh Тə`алəдəн не тілеп ду`а қылдыңыз. Ол ду`а хəзинəсі куллі мусəлманларны ортақластырып, оларға да сələмətчілік тіləб həм рəхмət тіləб бітіресіз. Жə, бұл сөзден не `ибрəтləндік?

Отыз тоғызыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 26 сөз (146-бет), 1907 ж. 26 сөз (30-бет), 1910 ж. 26 сөз (43-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Содан бері Абай шығармаларының барлық басылымдарында жарияланды.

Соңғы басылымда 1977 ж. жинаққа қолжазбалармен салыстыру негізінде енгізілген түзетулер қабылданыпты. Бұл ретте екінші абзацтың бесінші сөйлеміндегі «*мал* айтып тілеу қылып» деген тіркес 1906 ж. қолжазба бойынша «*мақал* айтып тілеу қылып» деп өзгертілген. Жаңа басылымды дайындау барысында «*мақал* айтып тілеу қылып» тіркесінің 1907, 1910 жж. қолжазбаларда сол қалпында жазылғандығы анықталып, соңғы басылым нұсқасы негізге алынды.

Үшінші абзацтың бірінші сөйлемі осы қолжазбаға сәйкес: «Екінші *мінезі – намысқорлық екен*» деп түзетіліпті. Осы абзацтың төменнен санағанда төртінші сөйлемінің аяғына: «*осы екі мінез қайда бар?*» деген өзгеріс енгізілген. Жаңа басылымда бұл өзгерістер қабылданып, 1995 ж. жинақтағы осы сөз мәтіні еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Қырқыншы сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 35 сөз (156-бет), 1907 ж. 35 сөз (40-бет), 1910 ж. 35 сөз (52-бет).

Алғаш рет «Абай» журналының 1918 ж. №5 санында «Абай сөзі» деген атпен жарияланып, осы мәтін сол күйінде 1933 ж. жинақта және одан кейінгі басылымдарға енгізілді.

Соңғы басылымда 15-абзацтағы сөйлем: «Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егер де жетілсе, бағанағы досына *бір* бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?» деп түзетіліпті. Сонымен бірге соңғы абзацтың соңғы сөйлемінің аяғы 1906 ж. қолжазба бойынша: «*ұқпай тынбайтындығы қалай?*» деп өзгертіліпті. Жаңа басылымда қолжазбалар мен басылымдарға текстологиялық салыстырулар жүргізу

барысында бұл өзгерістер қабылданып, 1995 ж. жинақтағы осы нұсқа еш өзгеріссіз берілді.

Қырық бірінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 37 сөз (159-бет), 1907 ж. 37 сөз (43-бет), 1910 ж. 37 сөз (54-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізіліп, одан кейінгі барлық басылымдарда осы мәтін жарияланды.

Соңғы басылымда 1977 ж. басылымға енгізілген түзетулер қабылданған. Оларға қосымша қолжазбалар мен басылымдарды қайта салыстыру арқылы мынадай өзгерістер енгізіліпті: екінші абзацтың екінші сөйлеміндегі «*медреселерге беріп*» дегеннен кейінгі сөздер былай өзгертілді: «*бірін ол жол, бірін бұл жолға салу керек*. Дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда *үйретушілерге беріп*: сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып»; бесінші абзацтың үшінші сөйлемінің орта тұсындағы «*бұрыла алмайды*» деген тіркестен кейін «егер» деген сөз қосылып, осы сөйлемнің соңы «алаңдап *отырады*» деп өзгертіліпті. Бұл жолы да осы түзетулер негізге алынды.

1995 ж. басылымда бірінші абзацтың «*дүниеде көп есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда үйретушілерге беріп»* деген жерлер жаңа басылымда 1907, 1910 жж. қолжазбалар бойынша «*дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, әрбір жолда бір медресе бар, соларға түсіріп беріп*» деп өзгертілді.

Қырық екінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 38 сөз (160-бет), 1907 ж. 38 сөз (44-бет), 1910 ж. 38 сөз (54-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілгеннен бастап барлық басылымдарда жарияланған.

Соңғы (1995 ж.) басылымда бірінші абзацтың үшінші сөйлемінде «біреуден бір жылқының майын *сұрап* мініп» деген тіркестегі «*сұрап*» деген сөз қолжазбалармен салыстыру негізінде қалпына келтіріліпті. Осы абзацтағы «Не үшін десең» деп басталатын сөйлемде «*сол*» – «*жол*» болып өзгертілген. Ал 4-абзацтың басындағы екі сөйлем біріктіріліп, бір сөйлемге айналыпты. Сонымен бірге осы абзацтағы «Байдың өз жауабы» деп басталатын сөйлемде «өз мінезі оңбай тұрған соң» дегеннен кейінгі тіркес «бағанағы кісі бұзылса, әлгі антұрған *бағанағы байға*» деп түзетілген де, одан әрі мәтін бойынша: «мен айтып па едім» деп жалғастырылыпты. Бұл жолы да аталған өзгерістер ескеріліп, 1995 ж. жинақта жарық көрген мәтін еш өзгеріссіз беріліп отыр.

Қырық үшінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 40 сөз (163-бет), 1907 ж. 40 сөз (47-бет), 1910 ж. 40 сөз (56-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Басқа басылымдарда да осы нұсқа негізге алынған.

1995 ж. жинақта төмендегідей түзетулер енгізіліпті: үшінші абзацтың үшінші сөйлеміндегі «көрген, естіген, *көргеніңді*» деген тіркес «көрген, естіген *нәрсеңді*» деп түзетілген. Осыдан кейінгі сөйлемде «қазынаңды жоғалтып» деген тіркестен кейін «*алып*» деген сөз алып тасталыпты. Соңғы абзацта «Пайда, *залалды*» деп басталатын сөйлемдегі осы тіркес «Пайда, *зарарды*» деп түзетілген де, «Егер де» деп басталатын сөйлемде «*жүгенсіз*» деген сөзден кейін «*мінген*» деген сөз қосылып, одан кейін нүктелі үтір қойылыпты. Соңғы екі сөйлем біріктіріліп, бір сөйлем болған. Бұл түзетулер жаңа басылымда сол күйінде қабылданды.

Қырық төртінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. 41 сөз (166-бет), 1907 ж. 41 сөз (51-бет), 1910 ж. 41 сөз (59-бет).

Алғаш рет 1933 ж. жинаққа енгізілген. Кейінгі басылымдарда сол күйінде жарияланды.

1995 ж. басылымда екінші абзацтың орта тұсындағы «Осыған орай» деп басталатын сөйлем мен екінші сөйлемнің бірінші бөлігі: «Осыған орай біреу *ер атанамын*, біреу қажеке атанамын, біреу *молдеке* атанамын, біреулер білгіш, қу, сұм атанамын деп, сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып» деп өзгертіліпті. Сонымен бірге соңғы сөйлемде «*оқып*» дегеннен кейін «*біліп*» деген сөз қосылып, соңынан үтір қойылған. Бұл өзгерістер де Абай қара сөздері енген жаңа басылымда сол қалпында беріліп отыр.

Қырық бесінші сөз. Мүрсейіт қолжазбаларында: 1906 ж. «Насихат» (185-бет), 1907 ж. «Насихат» (56-бет), 1910 ж. «Насихат» (61-бет).

Мүрсейіт қолжазбаларында «Насихат» деген атпен жазылған мәтінде 13-ші нақыл ретінде беріліп, 1933 ж. жинаққа осы күйінде енгізілген. 1945 ж. басылымда бұл сөздің мағына өзгешелігі ескеріліп, алғаш рет жеке қара сөз қатарына қосылған. Содан бері барлық басылымдарда қырық бесінші қара сөз ретінде жарияланып келеді.

1977 ж. жинақта жеке сөздерге енгізілген грамматикалық түзетулер соңғы басылымда қабылданыпты. Жаңа басылымда да 1995 ж. жинақта жарық көрген осы қара сөз мәтіні негізге алынып, еш өзгеріссіз беріліп отыр.

БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ

Алғаш рет 1933 ж. жинақтың «Тарихи сөз» деген бөлімінде жарияланған. Одан кейін 1933-34 жж. М. Әуезов басқарған экспедиция тауып әкелген Абайдың өз қолжазбасымен (1899 ж.) салыстырылып, тиісті түзетулер жасалып, 1939-40 жж. екі томдық жинаққа енгізілген (II том, 248-253-беттер).

Абайдан қалған бірден-бір бұл қолжазба қазір Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайында сақтаулы.

Мүрсейіттің 1907 ж. қолжазбасының соңғы беттерінде «...бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енесей, Аңқара суының бас жағында болыпты» дегеннен басталып, «Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскер...» деген жерлері ғана берілген. Қалған бөліктері сақталмаған.

1977 ж. екі томдықта, түпнұсқа және көшірме қолжазбалармен, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен қайтадан салыстырылып, жекелеген әріп, сөз қателері түзетілген.

1995 ж. басылымда негізінен сол түзетулер қабылданған. Сонымен қатар жаңадан байқалған кейбір қателері мен дәлсіздіктері түпнұсқаға сәйкес келтірілген.

Мәселен, тақырыптағы бұрын бірнеше рет қайталанып келген «*шыққаны*» деген сөз 1899 ж. Абай қолжазбасы мен 1907 ж. Мүрсейіт қолжазбасы бойынша «*шыққандағы*» деп түзетілген.

Бірінші абзацтағы үшінші сөйлемнің басы «*һәммаға мағлұм*» деп өзгертілген.

Екінші абзацтағы «Біздің қазақтың» деп басталатын сөйлемде «Ақтабан шұбырынды *көретұғыны Амудариядан* қашамын деп болған» деген тіркес колжазба бойынша: «Ақтабан шұбырынды *көретін себебі Нәдірден* қашамын деп болған» деп түзетілген.

Үшінші абзацтың төртінші сөйлемі: «*Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін-өзі татармыз деп айтысады*» деп өзгертілген.

Жаңа басылым 1995 ж. басылым бойынша дайындалды. Десек те ҚР Мемлекеттік мұражайындағы қолжазбамен қайта салыстырылып, төртінші абзацтың соңғы сөйлеміндегі «өз тауарихтарында оның себебін, неліктен «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім» деген жер «өз тауарихтарында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім» деп өзгертіліп, «қытайлар» деген сөзбен толықтырылды.

СЕНАТҚА ХАТ

Абайдың сенатқа хаты дейтін құжат соңғы кездерге дейін ғылымға беймәлім болып келген еді. Зерттеуші ғалымдардың арқасында сексенінші жылдарда Петербордағы мемлекеттік тарихи архив қорынан (1352-қор, 20-тізбе, 379-іс) табылған. Бұл жөнінде баспасөз бетінде алғаш рет хабарлаған филология ғылымының кандидаты П. Асылжанов болатын (қараңыз: «Қазақ әдебиеті», 1981 жыл, 24 апрель). 1984 жылы, ол кезде Қазақстан архив басқармасының бастығы болып істеген осы шағын түсініктеме авторының тікелей ресми хат жолдауы арқылы Петербордан құжаттың толық фотокөшірмесі алдырылып, Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне тұрақты сақтауға табыс етілген.

Ресей империясының ең жоғарғы үкімет құзыры Сенат атына жолданған бұл хат бұдан тоқсан бес жыл бұрын, Абай өмірінің соңғы кезеңінде дүниеге келген. Көлемі қолжазбамен 30 бет. Сауатты орыс тілінде маржандай тізіліп, мұқият жазылған. Сірә, Абайдың ұлы Мағауияның қолымен жазылған деп топшылауға болады. Жазу мәнері бұған дейін архив құжаттары арқылы бізге белгілі Мағауия қолтаңбасына әбден ұқсас. Мағауия орысша оқығаны, орысша едәуір сауатты болғаны көптен мәлім. Абай өзі «шағым-пікір» деп ат қойып жолдаған бұл құжаттың соңына «киргиз чингизской волости Ибрагим Кунанбаев» деп өз қолымен қол қойған. Мұндағы қолтаңбасы да республика архивінде сақталған бізге мәлім Абай қолтаңбасына өте дәлме-дәл келеді.

Хатта Абайға қатысты бір оқиға сөз болады. Бір ғана оқиға төңірегіндегі жайлар, соған араласушы адамдар, олардың сол тұстағы әрекеттері баяндалады. Солардың өзінен-ақ заман тынысы, адамның қоғамдағы орны, өзара ара-қатынасы, шиеленіскен тартысы мен арпалысы анық сыз береді. Абай сойыл-шоқпардың адамы емес, ой мен ақылдың адамы. Осынау кикілжің қырқыстың барысында да оның кісілігі, оқшау даналығы қапысыз қылаң береді. Ұлықтық бәсеке, бақталастық ойран үстінде содыр шонжарлар оны қайткенде еңсесін басып, съезден аулақтату ниетімен соққыға жығып, қамшымен сабалай бастағанда Уәйіс Соқин дейтін азамат Абайдың үстіне өзі жата қалып, өз денесімен оның денесін қалқалап, арашаға түсуі – былайғы жұрттың Абайға деген ықылас-сүйіспеншілігінің жалт еткен бұрқағы деп бағалауға лайық. Дана Абайға

деген абзал жүректің азаматтық арашасы, халқымыздың қысас қиянатқа, озбыр өктемдікке қасқая қарсы тұрған бұла мінезі кезінде осылай бой көрсеткен.

Хат иесі өз басын арашалаушы мүсәпір пенде емес, сорақылықты күстәналаушы, айыптаушы ретінде еңселенеді. Содыр-сотқарларды қисынсыз ақтаушы, билік, төрелік қызметін үстірт атқарушы, көпе-көрнеу бұрмалаушы әкімгерлерді жағадан ала жазғырады, олардың жұмысындағы шалағайлық пен жаңсақтықтарды тап басып әйгілейді. Жалпы сөзбен емес, фактімен сөйлейді, мәселені егжей-тегжейлі біртіндеп талдап, сот ісінің тиісті беттерін, айыпкерлер мен куәлардың уәж-жауаптарын тілге тиек ете отырып, сол кездегі заңдардың талаптарын нақты статьяларды ауызға ала отырып, тергеуші прокурор, сот шешімдерінің ақаулы, қисық тұстарын көздей отырып, бұтарлап бұзады. Ресей мемлекетінің Заң жиынтығына, нақты статьяларына сүйене отырып, келелі түйіндер келтіреді. Осынау оқиғаның басы-қасында ең басты куә – үкіметтің ең сенімді адамы, әкімшілік тәртіп пен әділет сақшысы болуға борышкер – ояздан жауап алынбағанын, бұл үлкен мін екенін қадап айтады. Осы тұста Абайдың темірдей логикасы, философиялық сара тұжырымдары, сұңғыла сүрелері тұшындырмай, иландырмай қоймайды.

Архив деректеріне қарағанда үкімет – сенат кеңсесіне 1899 жылдың аяқ кезінде келіп түскен шағым-пікір дереу іске қозғау салып, істі Семей округтік сотынан Петерборға алдырып тиянақты қарауға түрткі болған. Архивте сақталған Семей округтік сотының сенат атына 1900 жылғы 5-ақпанда жолдаған №646, 1901 жылғы 5-ақпанда жолдаған №659 рапорттары істің қалай бет алып, ақыры немен тынғаны жөнінде нақты айғақ береді.

Бірнеше жыл бойы сергелдеңге түскен іс сенат кеңсесінде бір жылға жуық мерзім егжей-тегжейлі қаралғаннан кейін, ақыры шағым иесінің талабы қанағаттандырылып, Семей әкімшілік орындарының бұрынғы шешімдері бүтіндей бұзылған, іс қайта қаралған. Бұл жөнінде Сенат кеңсесінің мына бір құжатын келтірсек те жеткілікті.

«1900 жылғы декабрьдің 11-күні. Ұлы мәртебелі император құзырымен Үкімет Сенат тыңдады: Семей уезі мен облысы, Шыңғыс болысының жәбір көрген қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың шағымы бойынша оның тоналғаны жайында жеке ісі қаралды. Бұйырылды: Бұрынғы Семей облыстық сотының қырғыздар Әбен Бітімбаевты, Рақым Өмірзақовты, Бейсенбі Жақыповты және Әзімжан Исабаевты жазалар жинағының 1642-статьясымен айыптау жөніндегі істі қысқарту туралы 1899 жылғы 11-майдағы ұйғарымы бұзылсын және Семейдің округтік сотына қайтарылып, істің бұдан былайғы барысын бұрынғы сот құрылымы орындарында істерді аяқтау жөніндегі 1869 жылғы 10-марттағы ереже негізінде және оларға қосымша ретінде шығарылған заңдастыру қаулыларына сәйкес жүргізуге жарлық берілсін. Түпнұсқасы сенатор мырзалардың қол қоюларымен орындауға жолданған және ол 1901 жылғы 3-январьда №8 бен орындалды.

Обер-хатшының көмекшісі
(қол қойылған)».

«Сенатқа хат» атты бұл құжатты архивтен алып, қазақшаға аударған және оның түсінігін жазып, баспаға әзірлеген – филология ғылымының кандидаты Сапар Байжанов.

ІНІСІ ХАЛИОЛЛАҒА АБАЙДЫҢ ЖАЗҒАН ХАТЫ

Абайдың Омбыдағы кадет корпусында оқитын інісі Халиоллаға 1866 ж. 8 наурызда жазған хаты. Петербургтегі Күншығыс халықтарын зерттеу институтының кітапханасында сақтаулы бұл хатты академик Ә. Марғұлан тапқан. Бұл хатты кітапханаға XIX ғасырдың 60-жылдары Петербург университетінің профессоры И. Н. Березинге Омбыдағы кадет корпусы Күншығыс тілдерінің оқытушысы, қазақстандық педагог Н. Ф. Косталецкий жіберген. Халиолламен жақсы қарым-қатынаста болған Косталецкий шәкіртінен қазақтың көне қиссаларын, билер сөздерін, Абай өлеңдерін көшіртіп алған да, баспадан шығару үшін Березинге жіберіп тұрған. Халиолла Өскенбаев (1849–1870) Құнанбайдың Айғыздан туған баласының інісі. Он жасқа дейін ауылда Ғабитхан молдадан оқып, сауатын ашқан. 1859–67 жылдары Омбыдағы кадет корпусында, 1867–68 жылдары Мәскеудегі Александр III атындағы әскери училищеде оқыған. 1868–70 жылдары Батыс-Сібір генерал-губернаторлығына қарайтын Сібір казак әскери бөлімінде қызмет еткен. Ол жан-жақты талантты болған. Халиолла өмірден ерте өтіп, артында айтарлықтай мұра қалдыра алмады. Абай орыс әдебиетінің туындыларымен алғаш рет Халиолла арқылы танысты. Ол халық эпосын жинап, зерттеуде көп еңбек сіңірген. Абай білім қуған інісімен идеялық үлкен ынтымақта болып, сол арқылы орыс әдебиеті мен мәдениетінен көп мағлұмат алған ақын оны өте жақсы көріп, мақтан тұтқан, үлкен қалаларға барып білім алуына көмек көрсеткен. Оған жазған хатында да сол бауырластық ықыласы, оқудағы азаматтың болашағына деген үміт-арманы айқын аңғарылады. Хатты асығыстау жағдайда, Аягөз қаласында жазған. Хатты алғаш рет Ә. Марғұлан «Халиуллаға Абайдың жазған хаты» деген атпен «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1959 жылғы №6 санында жариялаған. Одан кейін бұл хат ақын шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағында жарық көрді. Кейінгі басылымдарында ешқандай текстологиялық өзгеріс байқалмайды. Абай шығармаларының жаңа басылымында осы нұсқа еш өзгеріссіз беріліп отыр.

АБАЙДЫҢ БАЛАСЫ МАҒАУИЯҒА ЖАЗҒАН ХАТЫ

Абайдың Семейден баласы Мағауияға 1896 жылы жазған хаты. Белгілі тарихшы-ғалым Амантай Исин 1997 жылы 1 қыркүйекте Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық мұражайының қорында ескі қолжазбалармен жұмыс істеген кезінде осы хатты тауып алған. Ғалым жүргізген сараптама бойынша: «Төртке бүктелген хат қағазы жақсы сақталған. Хаттың жазылу айы мен күні туралы мәлімет өшіп қалған. Бір сөз сызып тасталған, мұның өзі хаттың көшірілмегенін көрсетіп тұр. Жазу орфографиясы және мәнері толығымен XIX ғасырдың соңына сай келеді. «Дұғай сәлем» деп хат бастамасы жазылып, соңынан жазылу уақыты көрсетілген». Хат Семейден Мағауияға жіберілген. «(Ғиза) тлу уа һәм хұрматлу Мағашқа...» деп басталып, «Амандықта ағаңыз Абай. Семей. 1896 жылдың...» деген сөздермен аяқталады. Шағын хаттың сегіз жолы – екі шумақ өлеңмен берілген. Хатты Абай қамқорлығында болған Балтақай Бозанбаевтың баласы Мұсақан Балтақайұлы ұзақ жыл сақтап келген. Абай хатында Шәкәрім есімі де аталады. Сол себепті де

бұл хат Абай музейіне кейінірек тапсырылған болуы керек. Семейде жүріп баласы Мағауияға жазған қысқа мазмұндағы хатты Абайдың өз қолымен жазды деуге толық негіз бар. Себебі хаттағы жазып, сызып тасталған «сатарлық» деген сөздің өзі хаттың көшірілмегенін байқатады. Хат жазылған кезде Абайдың қасында әдеби хатшысы да болмаған. Хат қарапайым, ұғынықты тілмен жазылған. А. Исин осы хат туралы алғаш рет «Zaman – Қазақстан» газетінің 1997 жылғы 12 қыркүйектегі санында «1896 жылғы Абай хаты» деген мақала жариялады, сол жылы ғалымның «Семей таңы» газетінің 20 қыркүйектегі санында «Ұлы Абайдың хаты табылды» деген көлемді мақаласы жарық көріп, Абайдың Мағауияға жазған хатының толық мәтіні жарияланды. Дәл сол жылы «Абай» журналының №4 санында автордың «Абайдың Мағауияға жазған хаты» атты көлемді мақаласы, «Иртыш» газетінің 20 қарашадағы санында «Неизвестное письмо и стихотворение Абая» атты мақаласы жарияланды. Абай шығармаларының академиялық толық жинағының 2-томында хаттың Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайында сақталған мәтіні (КП. 641/2. № 37 бума) сол бетінде беріліп отыр.

Семей облысының бес дуанының барша халқының сайланмыш адамдарының 1885 жылы май айында, Шар бойында Қарамола съезінде жазылған ЕРЕЖЕ[1]

Семей губерниясына қарасты бес ояздың би-болыстары, ел билеуші ақсақалдары бас қосқан Қарамола жәрмеңкесінде 1885 ж. мамыр айында өткен төтенше съезде қабылданып бекітілген, Абайдың басқаруымен жазылған. Қазақ даласында тұңғыш жарық көрген праволық құжат 74 баптан тұратын «Ереже» деп аталатын заң нұсқасы. 1885 ж. Қарамола деген жәрмеңкеде бірнеше дуан елдің ол күндегі әдеті бойынша бас қосқан Шербешнай съезі болады. Осыған Абай да келеді. Семей облысына қарасты бес уездің съезіне Абай би емес, Шыңғыс болысының «Құрметті қазағы» ретінде шақырылған. Бұған аталған съезді қабылдаған Ереженің соңына жазылған тізімдегі аты-жөні дәлел болады. Абайтанушы, мұрағаттанушы-ғалым Бейсенбай Байғалиев «Абай өмірбаяны архив деректерінде» атты кітабында: «Құрметті қазақ» – ел ұғымындағы ауылдың сыйлы ақсақалы, кез келген беделді адамы емес, жергілікті әкімшілік тарапынан ұсынылып, Дала губернаторы бекітетін атақ-дәреже. Бұл дәреже өкімет алдында ерекше еңбегімен көзге түскен қазақтарға ғана берілген», – дейді. Съезге жиылған топтың ішінде Абайға қастық ниет ойлайтын адамдар Қарамолаға келетін жандаралдан Абайды жазалайтын қаттылықты күтеді. Жандарал бүкіл елдің көзінше Абайды өзіне тіккен үйге ертіп жүріп, ұзақ әңгімелеседі. Осы кездесуден кейін жоғары ұлықтың нұсқауымен Семей губерниясына қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезде Абай төбе би болып сайланады. Бұл оқиға Абайдың білімділігі, жүйріктігі арқасында мұнымен алысқан кісілердің әрқашан тең түсе алмай, ұлық алдына келгенде жеңіліп шығатынын

[1] Томға енгізілген ереже мәтіні С. Байжанов құрастырып, жариялаған «Абай және архив» жинағындағы (Алматы: Ғылым, 1995. 51–62 бб.) нұсқа бойынша беріліп отыр.

дәлелдейді. Съезді Семейдің генерал-губернаторы, генерал Цеклинский басқарады. Бұл жәрмеңкеде өткен съезде Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы арнайы заң ережесін қабылдауды ұйғарады. Цеклинский Абаймен жолыққанда, Абай жалпы қазақ даласын орыс заңдарымен ғана басқаруға болмайтынын, бұл елдің өзінің ерекшеліктері бар екенін, атадан балаға ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан әдет-ғұрпы, заңдары барлығын, көп мәселелерді қазақ ішінде осы заңдар негізінде шешуге болатындығын айтады. Абай Шар бойында үш күннің ішінде жанына бірнеше адамды ғана алып, 74 баптан тұратын заңды жазып шығады. Абай қазақтың бұрынғы заңдарын да, орыс заңдарын да жетік білетіндігін көрсетіп, осылардың барлығын үйлестіре отырып, өзі өмір сүріп отырған дәуірдегі қазақ қоғамына қажетті заңдарды жазып шығады. Осылайша үш күн, үш түн ішінде Қарамола съезіне арнайы заң ережесі жасалып, билер талқысынан өтеді. Абай жазған қазақтың жаңа заң ережесі қабылданады. «Ереже» 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында араб әрпімен басылып шыққан. Бұл маңызды құжаттың шағын кітапша түріндегі бір данасын белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов ғұмырының соңғы кезінде 1985 жылы Қазақстан Орталық мемлекеттік архивіне табыс еткен. Қазақстан Орталық архивінің қызметкерлері Б. Байғалиев пен Ж. Ахмадиев қазіргі қазақ әрпі мен әдеби тіліне икемдей көшіріп, 1992 жылғы «Абай» журналының №3 санында тұңғыш рет жарық көрді. Ережені алғы сөзін жазып жариялаған белгілі журналист-жазушы Сапар Байжанов. Томдардағы фотолар Семей қаласындағы Абайдың «Жидебай Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының қорынан алынып берілді.

МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

ӘНДЕРІ

Желсіз түнде жарық ай. Абай әндерінің төлбасы саналатын (әндер өлеңдердің жазылған жылына байланысты хронологиялық ретпен қойылды), ел арасында көп айтылған әндердің бірі – «Желсіз түнде жарық ай». Тымық түн суреті мен тұнық сезім құдіреті қалай сәтті байланыса суреттелсе, әнге айналған сөз бен сазы да солай тұтасып, бір бүтінге айналған.

Ақынның «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі 1909 жылғы алғашқы жинақта басылған. Өлеңнің жазылған жылына байланысты Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігінде: «Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңді 1898 жылы жазған. 1888 жылы жазды деп бұрынғы өлеңдерді көшіріп жазған Мүрсейіт деген адамның қате жібергені болады» [1, 198], – дейді.

М. Әуезовтің «әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, әйтеуір жиыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты деседі» [2, 201], Көкбайдың «1889–1890 жылдарда тыныштық алып отырғанда, барлық әндерін де бір-ақ қыста, жазға салым шығарды» [1, 203], абайтанушы А. Омаровтың «Абай Біржанмен кездескеннен кейін ғана (1888–1890) ән шығаруға ден қойып, ән шығарумен санаулы жылдар ғана айналысқан, сазгерлікті ұзақ жылдар серік еткен деген жаңсақ ой туғызбаған жөн» [3] дегендерін ескерсек, онда Тұрағұлдың дерегі бұл айтқандармен

қабыса қоймайды. Дегенмен, өленнің шыққан жылы барлық жинақтарда 1888 болып көрсетіліп келеді.

Өлең шалыс ұйқас *(abab)* үлгісінде жазылған, 7-8 буынды, 4+3 *(Желсіз түнде жарық ай... Қалың ағаш жап(ы)рағы), 5+3 (Сәулесі суда дірілдеп... Ауылдың жаны терең сай... Құлпырған жасыл жер жүзі т.б)* бунақты бес шумақтан тұрады. Әннің әуендік арқауы эолиялық ладты негізделген.

№1.1. «Желсіз түнде жарық ай» – ақынның алғашқы туындысы болғанымен, әуендік құрылымы мен ырғақтық ерекшеліктері Абайдың композиторлық шеберлігі мен қуатын айқын көрсетеді. Әннің музыкалық тілі өткір де қарапайым, тез жатталады. Әуендік желісі терең лирикалық мазмұнға ие. Ән орындалған жерде айтушы мен тыңдаушының бірігіп, қосыла шырқап кетуінен шығарманың қарапайым да әсерлі әуезділігі тыңдаушының эмоциялық қабылдауына ерекше ықпал ететінін көруге болады. Соның әсерінен ән ел арасына кең жайылып, халықтық сипатқа ие болған.

Шығарманың әуендік құрылымы *abcd.* 3, 4-әуендік жол қайырма ретінде қайталанады – қайталанған қос тармақ. Белгілі музыкатанушы ғалым В. Дернова өзінің «Абайдың музыкалық мұрасы» зерттеуінің «Абай әндеріндегі орыстың тұрмыстық романстарының мелодикасы» бөлімінде: «Жаңа лирикалық жанрға бүтіндей жататын Абайдың үш қана әні бар: «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» және «Қараңғы түнде». Бұларға қалалық әндерге лайық дәстүрлі құрылым – төрт тармақты шумақ немесе қайталауы (реприза) бар екі бөлімді форманы қолдану тән. Орындағанда шумақтың екінші бөлімі қайталанады. Бұл әндердің бәрі минорда кездеседі» [4, 117], – деп, соңғы екі әуенжолдың қайталануын, яғни қайырмалық сипатын меңзейді.

Салыстыру үшін алдымен жалпы бұхараға белгілі, бүгінгі айтылып жүрген нұсқаның ноталық үлгісін ұсынамыз.

№1.1.



№1.2. Әнді алғаш 1935 жылы Ә. Ысқақовтың орындауы бойынша Л. Хамиди нотаға түсірген. Ән «Абайдың музыкалық творчествосы» (АМТ) [5, 44–45], «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына (АСҚ) [6, 35] және Ғ. Бисенова монографиясында басылған [7, 155].

17–9114

№1.2.

Әннің Ә. Ысқақов жеткізген бұл нұсқасы нотаға біркелкі 4/4 өлшемде түскен. Бүгінгі айтылып жүрген «Желсіз түнде жарық айдан» алыс болмағанмен, 2, 3-әуендік жолдарда өлең буыны мен әуендік буынның ауысып түсуіне байланысты ырғақтық өзгерістер пайда болған. Әннің басталуы «Қарашада өмір тұр» әнінің интонациясына жақындайды.

№1.3. Әннің ендігі нұсқасын 1939 жылы Қ. Лекеровтің орындауында Б. Ерзакович нотаға түсірген. Ән 2/4, 3/4, 4/4 аралас өлшемде түскен. Бұл нұсқаның да Ә. Ысқақов нұсқасындағыдай 2-әуендік жолдағы буындары ауысып, *сәу-ле-сі* сөзінің лига арқылы өрнектелуі буындық сәйкессіздік тудырып, әуенді аздап ақсатып тұрғандай. Әйтпесе, Қ. Лекеров нұсқасының дыбыс қатарлары бүгінгі айтылып жүрген үлгімен бірдей, тіпті Қ. Лекеров нұсқасын бүгінгі үлгі деп толық айтуға болады.

№.1.3.

Жоғарыдағы Ә. Ысқақов және Қ. Лекеров нұсқаларындағы буындық өзгерістерді бүгінгі үлгімен салыстырғанда анық байқалады (төменде).

№1.4. «Желсіз түнде жарық ай» әні орындаушылық тұрғыдан алғанда, әртүрлі музыкалық формада айтылады. Көбінесе оркестрлік өңдеу мен фортепиано сүйемелдеуінде академиялық-вокалдық репертуардың ажырамас бөлігіне айналса, хор және капелла орындауында да жиі шырқалады. Әннің көп дауысты өңдеулері оның гармониялық құрылымының кеңдігін көрсетіп, полифониялық элементтер арқылы шығарманың музыкалық ауқымын кеңейтеді. Ал домбыра сүйемелімен Жәнібек Кәрменов пен оның шәкірті Әділет Мұсаның орындағаны ғана белгілі [8].

Ж. Кәрменов әнді мейлінше еркін, асықпай, барынша шалқыта орындаған. 3-әуендік жолдағы әннің кульминациялық биігін ферматалық ұзақтықта ұстайды. Әуендік дыбыс қатары бүгінгі айтылып жүрген үлгімен бір болғанымен, ішкі өрнектері өзгеше. Дегенмен, бүгінгі күні дәстүрлі орындаушылар үшін Ж. Кәрменов нұсқасы негізгі үлгі болып жүр деуге болады. Жалпы Ж. Кәрменов нұсқасының домбыра қостауы қатар түсірілген жағдайда дәстүрлі орындаушылық ерекшелік әлдеқайда айқын көрінетіні анық. Алайда жинақ көлеміне байланысты канталық үлгісі ғана ұсынылып отыр.

№1.4.

№1.5. Ж. Кәрменовтің шәкірті Ә. Мұса орындауы да ұстаз орындауынан алшақ емес. Алғашқы бунақтағы баяу екпін, келесі бунақта (жарық ай) триольдық ырғаққа ауысып, жеделдей түседі. Бұл соңғы әуендік жолда да (Тасыған) байқалады. Мұнда да әуен бүгінгі айтылып жүрген үлгімен негізі бір. 3-әуендік жолдағы әннің шарықтау биігі мейлінше созылып айтылған.

№1.5



В. Дернова Мәскеудегі А. Затаевич қолжазбаларында Ә. Марғұланның «Көзімнің қарасы» мен «Желсіз түнде жарық ай» әнін жеткізгенін, алайда «Желсіз түнде жарық ай» әнін «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің әуенімен айтқанын жазған [9, 46–47]. Бұған «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің түсініктерінде тоқталамыз.

Әнді Ә. Базанов фортепианоға өңдеген. Ақынның бұл өлеңіне Ғ. Жұбанова арнайы ән де жазған.

Әннің төрт нұсқасы толық қарастырылып, Қ. Лекеровтің айтуында жеткен нұсқасы (бүгінгі үлгі) мен дәстүрлі орындаушылар үшін Ж. Кәрменов үлгісі инвариант (түпнұсқаға жақын) ретінде берілді.

Ішім өлген, сыртым сау. Ақынның 1888 жылы жазылған бұл өлеңінде бүгінгі достың ертең жау болып, екіжүзділікке баруы, «өз үйінде өзендей күркірегенмен, кісі алдында кірбең» бола қалатыны мен ұрлық пен қулық үшін аярлыққа бара беретін опасыз мінезі жайлы айтылады.

Шұбыртпалы ұйқаспен 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Өлең алғаш 1909 жылғы жинақтан бастап барлық жинақтарда текстологиялық өзгерістермен басылып келеді.

Абайдың бұл әнін алдыңғы буын әншілердің орындағаны жайлы ешқандай дерек жоқ. Әнді 1935 жылы Ә. Ысқақовтың орындауында Л. Хамиди нотаға түсірген. Ақын әндерінің алғаш нотасы басылған 1940 жылғы академиялық толық жинақ [10] пен АМТ [5, 32], АСҚ [6, 36] ән жинақтарында басылған. Әннің бұдан басқа түрі немесе нұсқалары жазылып алынбаған. Бірақ ән ертеректе ақынның басқа сөздерімен орындалған («Татьяна хаты», «Татьяна жауабы» 1.1, 1.2, 1.3 нұсқаларын қараңыз).

Ән субкварталық секіріске құрылған қос секвенциядан басталады. Әуендегі пунктирлік ырғақтар марш ырғағына жақындатады. 2-әуендік жол терция интервалы аралығында ғана өрнек құрайды. Бірден секста жоғары көтеріліп басталған 3, 4-әуендік жолдан «Ата-анаға көз қуаныш», «Бойы бұлғаң» әндерінің интонациясы байқалады.

«Абай» энциклопедиясындағы Қ. Жүзбасов мақаласында: «Бұл ән қайғы-шерге толы, драмалық-психологиялық шығарма. Баяу екпінмен, мұңмен орындалатын бұл ән мазмұнына сай ән характерін бірден білдіртеді. Дәстүрлі қазақ поэзиясында кеңінен өріс жайған, әсіресе жыр жанрында 7 буынды өлең өрнегі негізінде шығарылған. Өлең тармақтарының буын саны бірдей бола тұра, қара өлеңге тән әуендік сазбен әндетіп айтуды қажет етеді. Әнді алғаш 20-жылдары А. Затаевич басқа атпен О. Қашағановтың айтуы бойынша нотаға түсіріп, 1925 жылы «Қазақтың 1000 әні» еңбегіне енгізген», – деген түсініктеме берілген [11, 615].

Қ. Жүзбасовтың осы мақаласында: «Әуен иірімінің кейбір интонациялары белгілі халық әні – «Бір бала» үндестігімен жақын. А. Затаевич О. Қашағановтың айтуы бойынша нотаға түсірген» деп қате берілген. Ол әннің «Ішім өлген, сыртым сау» әніне қатысы жоқ. «Бір балаға» ұқсайтын халық әуенімен айтылып, «Татьянаның хаты» деп жазылып алынған басқа ән («Татьянаның хаты», «Татьянаның жауабы» әніндегі 2.1 түсінікті қараңыз. Ал жоғарыда сілтеме етіп көрсетілген А. Бимбоэстің Н. Құлжановадан жазып алған деген «Татьяна хатының» 1.1, А. Затаевичтің Ж. Аймауытовтан жазып алған 1.2 және Л. Хамидидің Ә. Ысқақовтан жазып алған 1.3 нұсқалары осы «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуенімен айтылған).

Әннің әуені мен ырғағына байланысты Г. Шомбалова: «Кейбір жағдайларда Абай халық өлеңдерінің сарынына жаңа интонациялық ырғақтар енгізеді. Бұған тағы Л. Хамиди жазып алған «Ішім өлген, сыртым сау» әні мысал бола алады. Бұл әннің алғашқы екі тактысындағы төмендей түсетін кварта интонациясының секвенциялы болып қайталануы қазақ әндеріне тән емес, сондықтан да көңіл аударарлықтай» [4, 91], – деген пікір білдірген.

Ән «Абай» операсының 4-ші актісінде Көкбай мен Қарлығаштың дуэтіне пайдаланылған. Жинаққа осы нұсқаның өзі ұсынылды.

Біреуден біреу артылса. Абайдың алғашқы туындыларының бірі болып саналатын, ел арасында көп айтылмаған әндердің бірі – «Біреуден біреу артылса». Өлең 1888 жылы жазылған. Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған. Тұрағұл естелігінде: «Біреуден біреу артылса» деген өлеңді сол жылы бізге музыка үйретемін деп Мұқа деген скрипкашы әкеліп, Әсет деген ақынды да сақтаған. Әсет терісі тар, ызақор, өзін-өзі әлденелік көріп отыратын адам еді. Сол мінезінен шығарып айтқан» делінген [1, 195]. Қ. Мұқаметхановтың «Абай шығармаларына ғылыми түсініктемелерінде»: «Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы, 23 бет), онда «Әсетке» деген тақырып жоқ өлең. 1933 жылғы «Толық жинақтан» бастап, «Әсетке» деп аталып, басылып келеді» [12, 279], – деп жазылған.

Өлең 8 буынды, *aaba* үлгісінде жазылған 7 шумақтан тұрады. Өлеңнің бунақ ішіндегі буын санының ауыспалылығы әуен ырғағының тұрақсыздығына да әсер еткен. Ондай бунақтар өлең ішінде жиі кездеседі. 2+3+3 *(Өнер өлшеніп тартылса; Надан надан-ақ сан қылса)*, 3+3+2 *(Татымды ештеңе болмас; Жасынан үлгісіз шіркін; 5-6 шумақтар тұтас осы өлшемде)*, 3+3+3 бунақты жолдар да *(Тіленіп, телміріп ізденер)* ұшырасады.

Е. Брусиловский, Л. Хамиди және Қ. Жүзбасовтардың нотаға түсіруімен әннің үш нұсқасы жеткен. Ән алғаш 1940 жылғы жинақта жарияланған [10]. Онда әннің бір

нұсқасы жарық көрсе, АМТ жинағына екі нұсқасы [5, 15], АСҚ жинағына үш нұсқасы [6, 33-34] және Ғ. Бисенованың монографиясында екі нұсқасы жарық көрген [7, 134]. Барлық нұсқалардың негізі бір. Біз әннің алғаш жазылып алынған нұсқасынан бастап сөз етеміз.

№1.1. Әннің бұл нұсқасын алғаш 1933–1934 жылдары Е. Брусиловский Ә. Қашаубаевтың айтуында жазып алған. Е. Брусиловскийдің әнді жазып алуы жайлы Б. Ерзакович: «...Алайда, одан кейінгі жылдары Абайға, сол сияқты революцияға дейінгі басқа да көптеген ақындарға, кеңес әдебиетінің, ғылымы мен өнерінің алғашқы қайраткерлеріне деген сыңарезу қате бір саясат өріс алып, Абайдың әндерін концерттерде орындауға тыйым салынды. Өз басым, мұны 1931–1938 жылдары Қазақ радиосында қазақ музыкалық радиохабарының редакторы әрі пианист болып қызмет істеген кезімнен жақсы білемін. Абай әндері музыкалық хабарлар мен көпшілік концерттерде бағдарламадан алып тасталынып жүрді. Сондықтан ол кезде мен оның ән мұрасымен онша таныс емес едім. Сол себепті де радиоға мен жазып алып, нотасын түсірген 500 қазақ әнінің ішінде Абай шығармалары жоқ болатын. Ал сол кезде маған басқа әндерді айтып берген әншілердің көбінің-ақ репертуарында оның әндері бар еді. Мұның мысалы ретінде бір ғана деректі келтірейін. Мәселен, Е. Г. Брусиловскийдің маған мынандай бір жәйтті айтқаны бар. Әйгілі халық әншісі Әміре Қашаубаев (1888–1934) дүние салардан аз уақыт бұрын өзінен Абайдың екі әнін, атап айтқанда, «Біреуден біреу артылса» және «Қор болды жанымын» жазып алуын өтініпті. Абайдың осынау әндері, сөз жоқ, әншінің сол кезде қатты күйзелген жан дүниесін ашып бергендей еді. Достарының дені оны өте жақсы білді. Өз өмірінің соңғы жылдарында басшылықтың күдіктене қарауы және әділетсіздігі салдарынан айтулы әнші басынан көп қиындық кешірді. Оның жан күйзелісі, әсіресе, Франция мен Германияға концерттік сапармен барып келгеннен кейін үдей түсті» [13], – деп жазады.

Әннің бұл нұсқасы алғаш АМТ жинағында II түрі [5, 15], АСҚ жинағына I түрі болып жарияланған [6, 33]. Әуендік құрылымы 3 элементті яғни, *aabc*. Ән иониялық ладта шығарылған, халық әуенімен сарындас болып келеді. I сатыдан қоңырлата басталған әуен 1, 2-әуендік жолдарда бірдей интонацияда жүрсе, 3-әуендік жол V сатыдан жоғарыға квинталық секіріс жасау арқылы өрбиді. 4-әуендік жол жоғары-төмен өрнек құра отырып аяқталады. Ән диапазоны децимаға тең.

№1.1.

Абай әндерінің насихатталуына, жинақтардағы айтылмаған шығармаларының қайта жаңғыруына үлкен үлес қосқандар – Теміржан Базарбаев пен Тұрсынғазы

Рахимов. Олар 1995 жылы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында, соған дейін шыққан жинақтардағы ақын әндерін саралап, үйретіп әрі үйреніп, Семейдің жергілікті облыстық телеарнасында «Құлақтан кіріп бойды алар...» деген атпен танымдық-музыкалық екі бөлімді хабар жасайды. Хабарда Абайдың бұрын-соңды айтылған-айтылмаған 14 әні орындалады. Өкінішке қарай, бүгінгі күні телеарна архивінен сол жасалған хабардың біреуі ғана табылып отыр. Ол жеке қорымызда да сақтаулы, әлеуметтік желіде де жария етілген [8], [14].

Осы хабарда Т. Рахимов орындаған 14 әннің ішінде «Біреуден біреу артылса» әні де айтылады. Хабардың идея авторы және жүргізушісі Т. Базарбаев өзі болғасын, әндерді салыстырып, саралаудағы жауапкершілікті де өз мойнына алғаны анық. Әндерді нотадан шығарып, Т. Рахимовқа үйреткен де – өзі. Хабарда орындалған әнді тыңдап, жинақтардағы нота арқылы салыстыра келгенде байқағанымыз, Т. Рахимовтың орындағаны – Ә. Қашаубаев нұсқасы болып шықты.

Әнші әннің үш шумағын айтқан. Орындау кезінде бунақтардың орны ауысқан және сөздер өзгерген. Мысалы, 1-шумақтың 2-тармағы *«Өлшеніп өнер тартылса»* (түпнұсқада *«Өнер өлшеніп тартылса»*), 2-шумақтың соңғы тармағы *«Білер қайдағы шәлгезді»* (түпнұсқада *«Білер қайдағы шәргезді»*), 3-шумақтың 2-тармағы *«Таңырқап тұрып қалсаңдар»* (түпнұсқада *«Таңырқап тұра қалсаңдар»*) болып өзгерген.

Т. Рахимов орындауында 3-әуендік жолдағы шарықтау биігі өрнектеліп, әртүрлі құбылып отырған. Оны төмендегі (№1.1(а) ноталық жазбадан байқауға болады. Қалған әуен Ә. Қашаубаев нұсқасымен бірдей.

№1.1(а) *Т. Рахимовтың Ә. Қашаубаев нұсқасын орындауындағы аз өзгешелік*

№1.2. Әннің екінші нұсқасын Л. Хамиди 1935 жылы Семей қаласында Ә. Ысқақовтың орындауында хатқа түсірген. Бұл нұсқа алғаш 1940 жылғы жинақта басылған [10]. 1, 2-әуендік жолдар алдыңғы нұсқаға ұқсағанмен, триольдық ырғақтар байқалады. Алдыңғы нұсқаға қарағанда 3-әуендік жолдағы шарықтау шегінде аздаған интонациялық өзгешелік бар. Диапазоны бұл нұсқада да децимаға тең. Соңғы әуендік жол кварталық секіріспен басталып, жоғары-төменгі квартаквинталық өрнектер құрай отырып аяқталған. Нотаға түсіруші әнді біркелкі өлшемде түсіргеннен бе әлде жеткізуші осылай орындады ма екен, әннің 3, 4-әуендік жолынан марш ырғағы білінеді.

№1.2.

№1.3. Абай әндерін негізгі жеткізушілердің бірі – ақынның Тұрағұл деген ұлынан туған немересі Мәкен Мұхаметжанова. 1984 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты М. Мұхаметжанованы арнайы шақыртып, 17 әнін аудиотаспаға жазып алған. АСҚ түсініктерінде: «Таспа институттың қолжазба және фоножазба бөлімінде сақтаулы» [6, 76], – деп жазылған. Әннің бұл III нұсқасын Қ. Жүзбасов аудиожазбадан тұтас түсіріп, алғаш рет АСҚ жинағында жарияланған [6, 33].

Әннің алдыңғы нұсқалармен негізі бір болғанмен, мұнда да аздаған өзгешеліктер бар. Жалпы, музыка зерттеушілері көбінесе ақынның елге кең тараған әндерін ғана зерттеу нысанына алып отырған. «Біреуден біреу артылса» әні В. Дернова мен Қ. Жүзбасовтан басқа зерттеушілердің еңбектерінде кездесе бермейді. «Абай» энциклопедиясындағы Қ. Жүзбасовтың осы нұсқаның музыкалық ерекшелігі мен құрылымы жөніндегі қысқа мақаласында: «Әннің 1 және 2-түрлері бір-бірімен өте ұқсас болса, 3-түрінде өлең-өрнек кестесі ауыспалы, әртүрлі бунақ құрылыстарымен ерекшеленіп, әуен-сазымен де бөлекше тұрады» [11, 175], – дейді. Иә, бұл орындаушылық интерпретацияның да көрінісі екені айтпаса да түсінікті. Ал Қ. Жүзбасовтың М. Мұхаметжанова айтуындағы үш шумақты тұтас хаттауы – өлеңдегі буындардың ауыспалылығынан әр шумағының әртүрлі өрнектелуінде. Ғалым осы себептерге байланысты да «бөлекше» деген болса керек.

❋ *Ұсақ ноталар қайталау кезіндегі әуен түрін білдіреді*

№1.3(а) М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы М. Мұхаметжанова айтуында жазылып алынған 17 ән Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғылыми-зерттеу фольклорлық зертханасының (ҒЗФЗ) қорында да сақталған [15]. 2020 жылы фольклорлық зертхана ұжымы ақынның 175 жылдығына арнап Абай музыкасына қатысты мұраларды біріктіріп, «Фольклорлық ғылыми зертханасы қорындағы Абайдың музыкалық мұрасы» деген атпен екі CD жинағын жарыққа шығарды [16]. Оның бірінші табағына тек М. Мұхаметжанова айтуындағы әндер топтастырылған. Солардың ішінде «Біреуден біреу артылса» әнін де кездестіруге болады. Сол аудиожазбалармен салыстыра қарастырып, нотаға түсіргенімізде, Қ. Жүзбасов жазбасынан аздаған айырмашылықтар бары байқалды.

Алдымен ән мәтініндегі өзгерістер. М. Мұхаметжанова әннің үш шумағын орындаған (1, 2, 3-шумақ). Шумақ басындағы *«Біреуден біреу артылса, Өнер өлшеніп тартылса»* тармағы *«Біреу біреуден артылса, Өлең өлшеніп тартылса»* болып, *«Надан – надан-ақ сан қылса»* тармағы *«Надан наданды сән қылса»* болып орындалған. Ал 2-шумақтағы *«Надан жөндіге жөн келмей»* дейтін тармағы *«Надан жөндіге жөн билемей»* болып айтылған.

Сондай-ақ, кіріспе бөлімде айтылғандай, жинақтың алдыңғы (2020) басылымдарынан кейін Абайдың музыкалық мұрасына қатысты бірнеше тарихи әрі тың деректер табылды. Соның ішіндегі ең құндысы – М. Мұхаметжанова айтуындағы Абай әндерінің Қазақ телевизиясының «Алтын қорында» сақталуы. Күйші, зерттеуші У. Бекенов жүргізген «Абайдың музыкалық мұрасы» хабарында М. Мұхаметжанова «Біреуден біреу артылса» және «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнін орындаса, Ғайса Сармұрзин Абайдың «Май түні», «Торы жорға» күйлерін ойнайды [17]. М. Мұхаметжанова мұнда әннің төрт (1, 2, 3, 7) шумағын айтқан. Алдыңғы үш шумақтың мәтіндік өзгерістері дәл жоғарыда көрсетілгендей. Ал төртінші шумақ етіп орындағаны – өлеңнің соңғы 7-шумағы. Ондағы *«Кісіде бар болса талап» тармағы «Адамда бар болса талап» және «Жүрер, әрқайдан ізденер»* тармағы *«Жүрер, ізденер әрқайдан»* болып, мағыналас сөздер қойылу және сөздердің орын ауысуы арқылы айтылған. Бұл орындау мен консерваторияның ҒЗФЗ қорындағы үлгі арасында әуені жағынан ешқандай айырма жоқ деуге болады. Ол түсірілген ноталық үлгімен (№1.3 (а) салыстырғанда да көрінді. Тек 7-шумақтағы әуендік өрнектер өлеңнің 3+3+2, 2+3+3, 2+4+2 құрылымына байланысты ырғақтық өзгерістерге ұшыраған.

№1.3(а)

В. Дернова Абай әндеріндегі мәтінге байланысты, оның ішінде «Біреуден біреу артылса» әніне қарата айтқан пікірінде: «Жинаушылардың басылып шыққан өлең текстіне қарап кейде ән сөздерін түзеткендері де өкінішті. Абайдың жазылып әрі басылып шыққан әндерінде де канондық текст бойынша істелген подтекстовкалармен толық үйлеспейтін әндер бар. Мысалы, Ә. Ысқақовтан композитор Л. Хамиди жазып алған Абайдың «Біреуден біреу артылса» деген қолжазбасының бірінші жолында мынадай сөз тәртібі бар еді: «Біреу біреуден артылса». Баспада сөз тәртібі Абайдың жарияланған тексті бойынша өзгертілді. Біз де Е. Брусиловскийдің текстсіз жазған бұл мелодиясына подтекстовканы осылайша істедік. Әнді назар салып зерттегеннен кейін, бұл подтекстовканы дұрыс емес деп есептеу керек, өйткені әннің ырғақтық өлшемі бойынша алдымен үзілісі соңында болатын екі буынды қайырма келуі керек, одан кейін үзіліссіз үш буынды қайырма болуы керек», – деп мысал келтірген.

В. Дернова сонымен қатар АМТ жинағындағы Е. Брусиловский жазып алған «Біреуден біреу артылса» әніне сілтеме бере отырып: «Өлеңмен жазылған жолда екі екпін – бірінші мен алтыншы буында болады. Бұл жөнінде Е. Брусиловскийдің жазуын тым дәлелдеу (дәлелді – Е. Ш) деп есептеген дұрыс. Мұнда такт сызықтары өлең екпіндеріне сәйкес орналастырылып қойылған» [4, 111–112], – деген түсініктеме берген.

№1.3 пен №1.3(а) нұсқасын орындаушы бір болғанмен, әуенде айтарлықтай өзгешеліктер бар. №1.3 нұсқада V сатыдан жоғарғы II сатыға шарықтаудан (куль-

минация) кейінгі әуеннің төмен түсуі ладтық өзгеріссіз синкопалық ырғақта жүрсе, бұл нұсқадағы әуеннің төмен түсуі VII саты төмендетілген түрде (миксолидиялық лад) триольдық ырғақта жеделдете жүреді. Соңғы фразадағы әуен де бір-біріне жақын болғанмен, екі нұсқада екі бөлек екені аңғарылады. Дегенмен, М. Мұхаметжанованың орындауындағы бұл нұсқада қазақтың қара өлеңдеріне тән кеңдік, жайма-шуақтық, сабырлылық бар. Яғни, «Біреуден біреу артылса» әні ақынның халық сарыны сақталған жаңаша үлгідегі шығармаларының бірі деп айтуға болады. Әртүрлі нұсқада жетуінің өзі әннің елге біршама көп таралғандығын көрсетеді. М. Мұхаметжанова мен Ә. Қашаубаев нұсқасы әннің түпнұсқаға жақын үлгісі ретінде берілді.

Сегіз аяқ. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңі қазақ поэзиясында бұрын-соңды кездеспеген, мазмұндық-формалық жаңашылдығымен ерекшеленетін туынды болып табылады. Бұл өлеңнің құрылымы өзгеше пішінде, нақты айтқанда, *aab, ccb, dd* үлгісімен өрілген және тармақ өлшемі жағынан да күрделілігімен назар аудартады. Аталған үлгі бойынша өлең 8 тармақтан тұрады, олардың буындық құрылысы – 5+5+8; 5+5+8; 8+8 болып келеді. Мұндағы алғашқы алты тармақ поэтикалық тезис рөлін атқарса, соңғы екі тармақ ақындық ойды қорыту, түйіндеу қызметін атқарады. Бұл құрылым жөнінде әдебиеттанушы З. Ахметов: «Сегіз аяқта» алдыңғы алты тармақ тезис есебінде келеді де, соңғы екі тармақта ақындық ой қорытылады» [11, 505], – деп тұжырымдайды.

Аталған өлең тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, сондай-ақ оның әндік нұсқалары да қазақ музыка мәдениетінде ерекше орын алады. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап бүгінгі күнге дейін «Сегіз аяқ» әнінің оннан астам түрі мен нұсқасы хатқа түсіп, ғылыми айналымға енген. Бұл ән алғаш рет 1940 жылы жарық көрген Абай шығармаларының академиялық жинағының екінші томында екі түрлі нұсқада – мажорлық және минорлық ладтарда жарияланған [10]. Осы екі ладтық нұсқа 1945 жылғы жинақта да қайталанады.

«Сегіз аяқ» әні Абайдың музыкалық мұрасындағы ең күрделі әрі көркем өрнекті туындылардың бірі болып саналады. Ол құрылымдық жағынан дараланып қана қоймай, кең таралуы мен орындаушылық әркелкілігі арқылы да ерекшеленеді. Аталған әнге қатысты бірқатар жинақтарда оның түрлі нұсқалары берілген: АМТ жинағында бес түр-нұсқа [5], АСҚ жинағына – сегіз [6], ал Ғ. Бисенованың монографиясында бес түр-нұсқа келтірілген [7]. Бұған қоса, зерттеу еңбектерінде ғана жарық көріп, жинақтарға енбей қалған бірнеше сирек нұсқалар да бар.

Музыкатанушы М. Ахметова «Сегіз аяқ» әнінің құрылымы жөнінде былай деп жазады: «Жалпы өлеңде үш әуендік (музыкалық) сөйлем бар. Алғашқы екі әуендік сөйлем *(aab, ccb)* үш әуендік жолдан тұрса, үшіншісі *(dd)* екі әуендік жолды қамтиды. Үлкен шумақты ән бола тұра, «Сегіз аяқ» әнінде қайырма жоқ. Бірақ үшінші әуендік сөйлем қорытынды әуендік-қайырмалық қызмет атқарады» [18, 85]. Бұл пікірлер әннің поэтикалық және музыкалық құрылымындағы үндестік пен ішкі бірлікті анықтай түседі.

Осылайша, «Сегіз аяқ» – тек өлең құрылымы мен мазмұндық тереңдігі ғана емес, сонымен қатар күрделі музыкалық формасы, ладтық өзгермелілігі мен орындаушылық әртүрлілігі арқылы қазақтың поэтикалық әрі әншілік дәстүріндегі қайталанбас көркем туындылардың бірі ретінде танылып отыр.

№1.1. Абайдың музыкалық мұрасының алғаш жинақталып, хатқа түсуі және алғаш жария болуы өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан басталады. 1919–1922 жылдар аралығында А. Э. Бимбоэс Ақмоладағы әскери-саяси бөлімнің инструкторы болып жүріп, музыкалық үйірмелер ашып, сонымен бірге қазақ әндерін хатқа түсірумен де айналысады. 1926 жылы Ленинградтағы Орыс географиялық қоғамының этнографиялық бөлімінде халық музыкасын зерттеу жөніндегі комиссия Н. Ф. Финдейзен редакциялаған «Музыкалық этнография» мақалалар жинағын шығарады. Осы жинаққа Бимбоэстың «Қырғыздың 25 әні» (Қазақтың. Е. Ш.) мақаласы және 25 әннің нотасы жарияланады. Сол 25 әннің ішіне Абайдың «Татьянаның хаты» мен «Сегіз аяқ» әні (1.1) де енген. «Сегіз аяқ» әнінің мәтінін нота астына А. Бимбоэс өзі жазған. Бірақ А. Бимбоэстің өзі түсірген әннің мәтінін өзі жазғаны туралы екіұшты пікірлер кездеседі.

Г. Шомбалова: «Сегіз аяқ» әнінің үшінші түрі А. Бимбоэсте бар, мұнда подтекстовкасыз» [4, 97] десе, В. Дернова: «Абай әндерін А. Бимбоэс пен А. Затаевич тұңғыш рет нотаға түсіргенде мәтінсіз жазған. Жинаушылар тек әннің мелодиясына ғана назар аударған» [4, 99], – дейді. Ал З. Визель: «Төменде жарияланған әндердің әуендері аталған жинақ бойынша емес, А. К. Глазунов мұрағатынан табылған қолжазбаға сәйкес басылған. Онда төрт ән өңделіп берілген, тоғызының орыс әріптерімен мәтіні жазылған. Олардың ішінде Абайдың қазақ музыка мәдениеті тарихындағы «Сегіз аяқтың» мәтінімен жазылған алғашқы жазбасы бар» деген нақты дерек береді [9, 71]. Одан бөлек, Ғ. Бисенова өз еңбегінде 1926 жылы шыққан «Музыкалық этнография» жинағынан «А. Бимбоэс әндердің мәтіндерін жазып алған, бірақ ән сөздері жинақтағы «25 қырғыз әні» мақаласына орын жетіспеушілігіне байланысты толық орналастырылмады» деген үзінді келтіреді [7, 40]. Міне, соңғы екі пікір Бимбоэстің әнді мәтінмен бірге жазып алғанына дәлел деуге болады.

Б. Ерзакович А. Бимбоэс жеткізген «Сегіз аяқтың» осы түріне байланысты: «Халыққа мейлінше көп тараған «Айттым сәлем, қалам қас» әні орыстың қала романстық лирикасына өте жақын. Оны тұңғыш рет А. Э. Бимбоэс жазып алған және «Сегіз аяқ» деген атпен «Қырғыздың 25 әні» жинағына енгізген. Бірақ бұл әнді Бимбоэстің жазып алғанынан гөрі әлдеқайда әдемі айтатын әншілерді білеміз. Бірақ әуендік негіз бәрінде де бір тектес болып қала береді», – дей келіп, – «Абайда «Сегіз аяқ» өлеңі бар, бірақ оның әні мүлдем басқа. Әнші Абайдың басқа әнінің атын ойлап айта салуы мүмкін, ал Бимбоэс ән сөздерін жазбағандықтан әншінің кездейсоқ қатесіне көңіл аудармауы да мүмкін» [19, 25], – деп, А. Бимбоэстің «Айттым сәлем, қалам қасты» «Сегіз аяқ» деп жариялағанын сынға алады. Бұл тұрғыда Б. Ерзаковичтің пікірі де орынды. Әннің интонациялық жағынан «Айттым сәлем, қалам қасқа» ұқсастығы жоқ емес.

Алайда Б. Ерзаковичтің бұл ойына Ғ. Бисенова: «Шынымен, Бимбоэс жазбасындағы алғашқы әуендік жолда интонациялық жағынан «Айттым сәлем, қалам қас» әніне ұқсастық байқалады. Бірақ үшінші тактіден бастап «Сегіз аяқтың» басқа белгілі нұсқаларымен байланысы бар екені айқын болып тұр.[1] А. Бимбоэс жазбасы

[1] Бұл жерде Қ. Лекеров жеткізген 1.3 нұсқасы жөнінде айтылып тұр.

Б. Ерзаковичтің Т. Арғынбаевтан жазып алған нұсқасымен бірдей[1]. Б. Ерзаковичтің бұл пікірімен келісу қиын. Біріншіден, Т. Арғынбаев – керемет әнші, «Айттым сәлем, қалам қас» әнінің негізгі және ең көп таралған нұсқасын берген, бұл екі әнді шатастыра қоятын әнші емес...» [7, 40] деген пікір білдіріп, соңынан қателесіп Т. Арғынбаевтың орындауындағы нота жазбасы деп Қ. Лекеров жеткізген «Сегіз аяқ» нұсқасын берген. Яғни, айтылып отырған «Айттым сәлем, қалам қасқа» ұқсайтын нота жазбасы дұрыс берілгенімен, орындаушы Т. Арғынбаев деп қате көрсеткен. Ал «Сегіз аяқтың» Т. Арғынбаев жеткізген түрі жөнінде төменде айтылады, ол мүлде басқа ән (3.1. нұсқасын қараңыз).

Иә, Ғ. Бисенованың пікіріне қосылуға болады. Себебі, А. Бимбоэс: «...әндерді ауылды жерде домбыра дауысының көмегімен жазып алғанын және мүмкіндігінше әншілерді (Мұстафа Нұрабаев, Оспан) пианиноның көмегімен жазып алу үшін қалаға шақырып тұрғанын», сонымен қатар, «қырғыз (қазақ) әншілердің айтатын әндерінің әуендік иірімдері көңіл күйіне байланысты әрдайым бірдей бола бермейтінін» біліп, «жазып алған әуендердің түпнұсқасын анықтап, көз жеткізу үшін 2 $^{1}/_{2}$ жыл бойы әбден тексергенін» [9, 72–73] айтады. Соған қарағанда, Б. Ерзакович біржақты пікір білдірген секілді. Бимбоэстің бұл жазбасы Б. Ерзаковичтің ән мәтінін жазып алмаған деген сөзіне де жауап болатын сияқты.

Сонымен, «Сегіз аяқтың» ең алғаш нотаға түскен бұл түрі АМТ жинағы [5, 20] мен Ғ. Бисенова монографиясында V түрі болып [7, 137] мәтінсіз жарияланса, АСҚ жинағына I түрі болып енген [6, 36]. Бір түсініксіз жайт, бұл ән АСҚ жинағына «Айттым сәлем, қалам қас» әні болып та енген. Ол жөнінде «Айттым сәлем, қалам қас» әніне берілген түсініктерде де қосымша айтылады. «Сегіз аяқтың» бұл түрлері жазылып алынғаннан бері еш жерде орындалмаған. Мұның өзінің бірнеше нұсқалары бар. «Абай» энциклопедиясында осы нұсқаның ноталық жазбасы берілген [11, 85].

Ән кең, сазды, эолиялық ладта жүреді. Әуен интонациясы жағынан Б. Ерзакович айтқандай «Айттым сәлем, қалам қас» әніне ұқсайтындығы байқалады. Бірақ 3-тактіден бастап әуен басқаша дамиды.

№1.1

[1] Т. Арғынбаев емес, Қ. Лекеров нұсқасы болу керек.

Абай әндеріне қатысты зерттеу еңбектер мен жинақтардағы ән мәтінінің жазылуы, ән әуенінің транспозициялануы және тактіге бөлудегі өзгешеліктер әр зерттеуші мен құрастырушының ғылыми шешіміне қарай өзгеріске түсіп отырған.

Мәселен, Абай әндеріне *ай, ой, ау, ахау, халалай, әгәгай, әридай* секілді т.б. алексикалық сөздер мен одағай буындар тән болмаса да, музыкатанушы Г. Шомбалова «Абай әндері» мақаласында «Сегіз аяқтың» А. Бимбоэс жеткізген түрін көрсете келіп, 3-әуендік жолдағы лига арқылы қосылған жоғарғы III және II сатыдағы дыбыс астына *(g, f) «ой»* одағай буынын қосқан. Және осы түрінің 5-тактісінде *қи-у-а-дан* сөзінің төрт буынға бөлініп жазылуын Г. Шомбалова *қи-уа-дан* деп үш буынға бөлген. Оның себебі келесі шумақтардағы осындай тармақтарда кездесетін сөздердің (*біл-ген-ге, көп айт-са, жі-гер-лен,* т.б) үш буыннан ғана тұратынын ескергенінен болса керек. Сөйтіп жоғарғы I сатыда айтылатын *қи-у-а-дан* сөзіне қатысты төрт сегіздік нотаның екеуін қалдырып, соңғы екеуін лига арқылы қосып, ширек ұзақтыққа созған. 4, 5-тармақтағы *ша-уып, та-уып* сөздерінің соңғы буындары Бимбоэс жазбасында (түпнұсқа) IV және III сатыға сәйкес болса, Шомбалова салыстыруында III және II сатыға сәйкестендірілген (1.1.(а). АСҚ жинағында да осылай берілген [6, 97].

Сондай-ақ, 8-әуенжолдағы ширектік триольдар мен ширектік жеке ноталар сегіздік триольдар мен сегіздік жеке ноталарға өзгеріп, түпнұсқаға қарағанда бір тактіге кеміген. Ғ. Бисенова да «Сегіз аяқтың» А. Затаевич пен Бимбоэс нұсқасына транспозиция жасаған.

№1.1(а). *Жоғарыда Г. Шомбалова түсірген нота жазбасындағы өзгерістер.*

№1.2. А. Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» (бұдан әрі – «1000 ән») және «Қазақтың 500 ән-күйі» («500 ән») жинағына Абайдың нақты бес әні жарияланған. Алғашқы «1000 ән» жинағына «Татьянаның әні» (№129), «Абай» (№665, «Бойы бұлғаң»), «Қор болды жаным» (№708) және «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» енген. Соңғы ән халық әні «Үкілім-айдың» әуенімен айтылған (№752). Одан бөлек Абайға қатысты «Тілек-батам»[1] әнін де айта кеткеніміз дұрыс. «500 ән» жинағында бір ғана «Өлеңді қайтіп қоярсың» (№88) әні берілген.

В. Дернова Мәскеудегі М. И. Глинка атындағы Орталық мемлекеттік музыкалық мәдениет музейінен (Кеңес үкіметі кезінде осылай аталған. Қазір «Ресей ұлттық музыкалық мәдениет музейі» деп аталады) А. Затаевичтің жеке қолжазбалары табылғанын және онда 1920–1926 жылдары нотаға түсірілген Абайдың 12 әні бары

[1] Бұл жөнінде «Қарашада өмір тұр» әніне қатысты түсінікте толық айтылады.

жөнінде жазады [9, 35–36]. Яғни, А. Затаевич Абайдың 17 әнін нотаға түсіріп, оның бесеуі жоғарыда аталған жинақтарда жарияланған. Ғ. Бисенова: «Сол қолжазбаның ішінде «Татьянаның хаты» әнінің екі түрі, «Көзімнің қарасы» әнінің екі түрі, «Желсіз түнде жарық ай» әнінің бір түрі бар» [7, 28], – деген де дерек береді.

Осы тұста Қазақстан «Ғылым ордасының» Орталық ғылыми кітапханасында А. Затаевичтің қазақ әндерінен құрастырған үшінші жинағының қолжазбасы сақталғанын айта кеткен жөн. Бірақ онда Абай әндері кездеспейді. Тек 2019 жылы А. Затаевичтің 150 жылдығына орай Ресей ұлттық музыкалық мәдениет музейінде сақталған қолжазбалары негізінде жарық көрген «Народные песни и кюи из неопубликованных архивов» (Құрастырушы редакторлар: С. Елеманова, В. Недлина)» жинағында «Кашек» деген атпен бір ән жарияланған. Ол жайлы «Көзімнің қарасы» әніне берілген түсініктерде мағлұмат аласыздар.

В. Дернова: «А. Затаевич Абайдың «Сегіз аяқ» деп аталатын белгілі әнін екі рет жазып алған. Бірінші рет 1922 жылдың 21 қазанында Қостанай губерниясы, Аяқ болысының тұрғындары Қостай Мырзабеков пен Кәрім Қашқымбаевтан, екінші рет 1926 жылдың жазында Семей губерниясынан Дүйсенбай Құнановтың орындауында «Алыстан сермеп» (әннің алғашқы жолы бойынша) деген атаумен жазып алған. Бұл үш орындаушының ішінде «1000 ән» жинағына «Ақ бала» деген ән берген (1000, 479) Қ. Мырзабеков жайлы ғана дерек анық. №285 түсінікте Затаевич Қ. Мырзабековтің 14 жастағы бала екенін айтады. Екі әннің де қолжазбалары жол дәптерінен табылды. Екеуі де бір-бірінен бөлек әндер, оларға жақын нұсқалар ертеректе «Сегіз аяқ» деген атпен жазылып алынған», – деп Дүйсенбай Құнанов орындауындағы нота жазбасын ұсынған (2.2). Сонымен бірге, А. Бимбоэс жазып алған «Сегіз аяққа» ұқсас Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаевтың орындауындағы «Сегіз аяқтың» да ноталық жазбасын (1.2) өзі жазған мәтінімен ұсынып, «Бірақ А. Бимбоэс нұсқасы А. Затаевич жазып алған «Татьяна хаты» (1000, 129) сияқты, зерттеушілер арасында бұл әнді Абай әндерінің қатарына қосуға бола ма, ақынның бұл әнін қазіргі орындаушылардың бір де бірі білмейді және орындамайды деген күмән туған. Дегенмен, бұл нұсқалардың Затаевичтің жол дәптерінен табылуы «Сегіз аяқтың» бұл әуенмен айтылғандығын дәлелдейді», – деген ой айтады [9, 35–36].

В. Дернова жоғарыдағы мақаласында «Сегіз аяқтың» екі нұсқасына байланысты үш адамның атын атағанымен, кейіннен «Песни разных народов» (бұдан әрі – ПРН) жинағында Д. Құнанов жеткізген «Сегіз аяққа» Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаевтың аттары жазылып, Д. Құнановтың аты алынып тасталған [20, 33–34]. Бұдан әрі Д. Құнановтың аты-жөні ешқандай әнге қатысты айтылмайды[1]. Екі жинақты да (Народная музыка в Казахстане, Песни разных народов) құрастырған В. Дернова болғанмен, қай жинақта қате кеткені белгісіз. АСҚ жинағының түсініктерінде де Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаев «Сегіз аяқтың» II түрін жеткізген, яғни осы түсініктегі 2.2. нұсқасын жеткізген адам ретінде берілген [6, 77]. Ал мақалада 1.2. нұсқасын жеткізушілер болып көрсетілген.

Сонымен, Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаевтан жазылып алынған «Сегіз аяқтың» басқа сатыдан басталуы және секірістер арасындағы интервалдардың әртүрлілігі болмаса, бұл нұсқа да А. Бимбоэс жазып алған 1.1 нұсқасынан алыс емес.

[1] Бұл жөнінде «Қарашада өмір тұр» әніне қатысты түсінікте толық айтылады.

№ 1.2

Немесе

Б. Ерзакович айтқан «Сегіз аяқтың» 1.1 нұсқасына қарағанда «Айттым сәлем, қалам қас» әніне осы 1.2 нұсқасы жақындау.

№1.2.(а)



№1.3. Дәл осы түрінің бір нұсқасын Б. Ерзакович 1939 жылы әнші Қуан Лекеровтің орындауында нотаға түсірген.[1] Бұл түрі 1940 жылғы [10], АМТ [5, 17] және Ғ. Бисенова монографиясына әннің II түрі болып [7, 135], АСҚ жинағында [6, 38] V түрі болып жарияланған. Сонымен бірге, Б. Ерзаковичтің «Қазақстанның халық әндері» жинағында (бұдан әрі – ҚХӘ) да жеке берілген [21, 282].

Бұл нұсқада әуеннің жоғарыға өрлеуі байқалмайды, тек 1, 2-әуендік жол квинта интервалы арасында ғана қайталанған қос тармақ түрінде бедерленеді. Тек 3-әуендік жолдан бастап «оу» одағай буыны арқылы I сатыдан жоғары децимаға секіріс жасап сөйлем құрайды. Қалған әуен алдыңғы 1.1 нұсқасына ұқсас.

[1] Ғ. Бисенованың қателесіп Т. Арғынбаев орындады дегені осы нұсқа.

№1.3.

Баяу, терең сезіммен.

Бұл нұсқадан «Бойы бұлғаң» әнінің интонациясы анық байқалады. Ол жөнінде В. Дернова да: «Сегіз аяқтың» осы вариантының мелодиясы Абайдың «Бойы бұлғаң» деген әнінің мелодиясымен ортақтығын көрсетеді» [4, 105], – деп, төмендегідей әндердің салыстырмалы ноталық үлгісін берген.

№1.3.(а)



Сондай-ақ, бұл нұсқаның 4, 5, 6-әуендік жолдары осы күнде көп айтылып жүрген «Гүл-гүл жайна» деген халық әнінің қайырмадағы әуенімен де үндес.

№1.3.(б)

18–9114



Сонымен, «Сегіз аяқтың» бұл түрінің қазақ даласында айтылған үш нұсқасы жазылып алынған. Әннің 1.1, 1.2, 1.3 түр-нұсқаларын белгілі әншілер арасында Қ. Лекеровтен басқа ешкім айтпаған. Бүгінгі айтылып жүрген түрі речитативке жақын болса, бұл түрінде әуен басым. Ақынның ішкі күйік, уайым-қайғы, мұңы мен зары, ең соңы «жалғыздығын» қосып, «қанымен» жазылған «Сегіз аяқтай» толғаулы өлеңіне лирикалық әуен қабыса қояр ма екен? Бұл нұсқалардың ақынның басқа әндеріне (Айттым сәлем, қалам қас), сонымен қатар халық әндеріне де (Гүл-гүл жайна) ұқсастығы жоқ емес. Біздің пайымдауымызша, әннің бұл түрі ауызша тарау арқылы ақынның басқа да әндеріндегі өрнектермен араласып, халық әндерімен бірігіп, өзгеше бір нұсқа пайда болғанға ұқсайды. Бір қарағанда Абай қолтаңбасына жақындық бар сияқты көрінгенімен, алшақтығы одан да көп. Композитордың өз елі – Шыңғыстау өңірінде ешқашан айтылмаған және айтылғанын білетін де, естіген де адам жоқ. Сол себепті, бұл түр-нұсқалары Абай әндерінің қатарына қосылмады. Өкінішке қарай, бұлар Абайға қатысты кештердің театрландырылған қойылымдары мен поэзиялық оқуларында музыкалық лейтмотив ретінде алынып, хор, капелла орындауымен айтылып жүр.

№2.1. «Сегіз аяқтың» халық жадында сақталған негізгі түрі Жүсіпбек Елебеков айтуында кеңінен танымал болды. Осы түрінің басқа нұсқаларын салыстыру үшін алдымен Ж. Елебеков нұсқасын негізгі нысан етіп ұсынамыз.

№2.1.

«Сегіз аяқтың» бұл түрінің әуендік негізі иониялық ладқа құрылған. М. Ахметова көрсеткендей, ән үш музыкалық бөлімнен тұрады. Ән ырғағы жағынан речитативке жақын. 8 тармақты шумақтың музыкасында да осы «сегіз аяқ» ұйқас құрылымына үндесетін ырғақтық ерекшелік бар. Әннің 6/8 өлшемі оның әр тармағына ырғақтық

жағынан симметриялы әрі жүйелі анық құрылым береді. Яғни, әннің әрбір тармағы бір тактіге толық сыйып, тұрақты құрылымдық форма қалыптасқан. Мұндай ырғақтық негіз әнге речитативті сипат дарытып, поэтикалық мәтінді анық жеткізуге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, бұл өлшем орындаушыға әннің интонациялық және ырғақтық ерекшеліктерін нақты сақтап айтуға қолайлы жағдай туғызады. Әуенде 2, 4-әуенжол мен 3, 6-әуенжол соңындағы дыбыс қатарларының бір биіктікте қайталануы кездеседі. Яғни, әуен 7 элементтен тұрады – *abc, bde, fg.*

Ән құрылымы негізінен қайырмасыз формаға негізделгенмен, 7, 8-шумақтар қайырмалық қызмет атқарады. Әр шумақ өзінше дербес музыкалық ойды жеткізеді. Олардың арасында интонациялық бүтіндік сақталып, ән толық бір композициялық тұтастыққа айналған.

Жүсіпбек Елебеков орындауында бұл әннің ұлттық нақышы мен ішкі драматургиясы терең ашылған. Ән бірден жоғарғы тірек тоннан тегеурінді басталып, әр тармақта біртіндеп қарқын алып, әр 3-әуенжол сайын поэтикалық та, музыкалық та ой түйінделіп, соңында толығымен эмоциялық шегіне жетеді. Бұл музыкалық құрылым Абай поэзиясындағы ой тереңдігі мен философиялық мазмұнды музыка тілімен шебер үйлестіре білгендігін көрсетеді.

№2.2. «Сегіз аяқтың» қазіргі айтылып жүрген түрінің бір нұсқасы – В. Дернованың А. Затаевич мұрағатынан тапқан, Дүйсенбай Құнановтың орындауындағы «Алыстан сермеп» деген атаумен жеткен нұсқасы. Кейінгі жинақтарда Д. Құнановтың аты-жөні алынып қалғанын жоғарыда (1.2) айтқанбыз.

Біздің ойымызша ПРН жинағын құрастыру барысында қателік кетіп, екі әнді жеткізушілердің аты-жөні ауысып кеткен. Біріншіден, мақала мен ПРН жинағының шыққан жылын салыстыратын болсақ, мақала – бұрын. Мақалада көп нәрсе анық, нақты, айы-күні айқын жазылса [9, 35–36], ПРН жинағында қысқа ғана түсінік берілген [20, 33–34]. Сол себепті, семейлік Д. Құнановты 2.1. нұсқасын жеткізуші ретінде қалдыруға болады. Екіншіден, семейлік Д. Құнанов жеткізген нұсқа Ж. Елебеков айтатын «Сегіз аяқпен» бір. Үшіншіден, Семей өңірінде әннің негізгі әуені ретінде осы түрі ғана орындалады, тіпті басқа ақынның сөзімен де айтылғанын білеміз (Шәкәрім. «Жастық», «Кәрілік»). Әннің Ж. Елебеков айтқан «Сегіз аяққа» ұқсайтынын В. Дернова да «Дүйсенбай Құнановтың «Алыстан сермеп» деген атаумен жеткізген әннің әуені Қазақстанның халық әртісі Жүсіпбек Елебеков орындауындағы елге кең танымал «Сегіз аяқ» әніне жақын нұсқасы» – деген [9, 35]. Бұл түрі де жеткізушілердің орындауына қарай әртүрлі өрнекпен айтылған. А. Затаевич қолжазбасы мен В. Дернова мақаласындағы нота жазбасында да, А. Затаевичтің ПРН жинағында да мәтінсіз берілген [20, 84]. АСҚ жинағында әннің II түрі болып [6, 37], мәтінмен жарияланған. Ал ән мәтінін жинақты құрастырушылар өздері үйлестіріп жазған.

Бұл «Сегіз аяқтың» бүгінгі айтылып жүрген түрінің бір нұсқасы. Ән *g* иониялық ладына негізделгенмен, әуенде VII саты кездеспейтіндіктен нота жолының басына альтерациялық *fis* (фа диез) белгісі қойылмаған.

№2.2.



Ән жеткізушінің орындауына қарай аздап өзгеріске түскен. Ж. Елебеков нұсқасымен салыстырсақ, 5-әуенжолдың соңы Ж. Елебеков нұсқасында II сатыға аялдаса, бұл нұсқада I сатыда аяқталған. 7-әуендік жол Ж. Елебеков нұсқасында төменгі V сатыдан бастап октава интервалы арасында өрнек құраса, бұл нұсқада III сатыдан бастап, IV-I сатылар арасында өзгерген түрде аяқталады. Әуеннің екі-үш жерінде триольдік ырғақтар да кездеседі.

№2.3. Ә. Қашаубаевтың орындауындағы «Сегіз аяқтың» бұл нұсқасы Е. Брусиловскийдің нотаға түсіруімен жеткен. Қай жылы жазып алынғаны белгісіз. Ғ. Бисенова Ә. Қашаубаев орындауындағы нұсқаны Ж. Елебековтің орындауындағы Л. Хамиди және В. Дернова түсірген ноталық нұсқалармен салыстыра қарастырған [7, 39]. (Е. Брусиловскийдің қолжазбасы қолымызға тимегендіктен, Ғ. Бисенованың еңбегінен алынып берілді).

№2.3.

Бұл орындаудағы «Сегіз аяқта» аздаған өзгешеліктері болмаса, бүгінгі Ж. Елебеков нұсқасымен бір. 3-әуендік жолда триольдық ырғақ байқалады және бұл В. Дернованың Ж. Елебеков орындауында түсірген нота жазбасында да кездеседі. Тағы бір айырмашылық, 4-әуендік жолдың екінші бунағы (шауып) Ж. Елебеков нұсқасындағыдай III емес, VI сатыда қалып қояды. Әннің аяқталуы да өзгеше, №2.1 нұсқаға жақын.

№2.4. Әннің келесі нұсқасын Л. Хамиди 1935 жылы Семей қаласында Ә. Ысқақовтан жазып алған. 1940 жылғы жинақ [10] пен АМТ жинағына I түрі [5, 16], АСҚ жинағында IV түрі [6, 38] және Ғ. Бейсенованың монографиясына I түрі болып енген [7, 135].

№2.4.

Бұл нұсқада әуен синкопалық ырғақта V сатыдан жоғарғы I сатыға секіріс жасау арқылы басталып тұр. Әуеннің аяғына дейін синкопалық ырғақ сақталады. Бүгінгі орындаудан тағы да аздаған айырмашылығы – 2.2 және 2.3 нұсқалары секілді 7 және 8-әуендік жол III сатыдан басталады. Мұны В. Дернованың Ж. Елебеков орындауынан жазып алған нұсқадан да кездестіруге болады.

№2.5. Әннің осы түрінің келесі бір нұсқасын Л. Хамиди Ж. Елебековтің айтуында нотаға түсірген. Жазылған жылы белгісіз. Бұл нұсқа АМТ жинағына IV түрі болып [5, 19] және АСҚ жинағына VI түрі болып енген [6, 39]. Нотаға түсірушінің триольдарды қолдануына қарағанда, ән ширақ айтылған сияқты. Ән Ж. Елебековтің 1970 жылдары жазған аудиотаспасымен салыстырғанда (мысалы, 2.1 нұсқа), аздаған айырмашылықтар бары байқалады. Дегенмен, негізі сақталған.

№2.5.

№2.6. Әннің II түрінің ендігі бір үлгісі – Қ. Байжановтың орындауында жеткен нұсқа. АСҚ жинағында: «Қ. Байжановтың айтуы бойынша нотаға түсірілген. Осы орындаудағы Абай әндері 1954 жылы Алматыда магнитофон лентасына жазылып

алынған. 1984 жылы Қ. Жүзбасов нотаға түсірген», – деп түсінік берілген [6, 77]. Жалпы Қ. Байжанов әнді өте түрлендіріп орындаған. Оның бірінші айтқаны екінші айтқанына ұқсамайды. Себебі, Қ. Байжанов орындаған әндерді басқа әншілердің орындауымен салыстырғанда көптеген айырмашылықтар көрінеді. Әншінің төменгі дауысты (бас) болғандығынан ба екен, орындаған әндерінде төменгі дыбысқа түсу жиі кездеседі. Ондай өзгешеліктер «Қараңғы түнде тау қалғып» немесе А. Затаевичтің «500 ән-күй» жинағындағы «Сырғақты», т.б. әндерінен де байқалады. Қалидың мұндай импровизаторлығы жайлы көптеген естеліктерде де жазылған. Қ. Байжанов орындауындағы «Сегіз аяқ» әнінде де осындай өзгешеліктерді аңғаруға болады және Қ. Жүзбасов та барлық шумағын нотаға түсіруге тырысқан. Бұл нұсқа АСҚ жинағына тұңғыш рет VII түрі болып енген [6, 39].

Әнші әннің алғашқы төрт шумағын орындап, 3 және 4-шумақтардың орнын ауыстырып айтқан. Осындағы 4-шумақтағы сегіз буынды *«әдеті надан адамның»* сөзі ән айтылу барысында *«әдет(і) надан адамның»* болып бір буынға қысқарған. Ал енді түпнұсқада жеті буынды *«Бойда қайрат, ойда көз»* сөзі «Бойда бір қайрат, ойда көз» болып өзгеріп, ол да сегіз буынға көбейген.

№2.6.

Әуен пунктирлі-синкопалық триольды ырғақтарға толы. Ән басқа нұсқалардай жоғарғы I сатыдан басталып, 6-әуендік жолға дейін орындаушылық интерпретация арқылы түрленіп орындалған. Тіпті 4-шумақтың соңғы әуендік жолында дыбыстың жоғарғы VI сатыға дейін көтерілуі ән диапазонын дуодецимаға дейін ұлғайтып тұр. Бұл нұсқаның басқадан айырмашылығы сол – әуен жоғарғы тірек тонда аяқталып отырады. Әннің бұлай жоғарғы I сатыда аяқталуы – қазақ әндерінде кездеспейтін, орыс және Еуропа музыкасына тән ерекшелік. Бұл әншінің өткен ғасырдың 30-шы жылдары Қарағанды радиокомитетінде хор әншісі болып жұмыс істеген кезінде алған үлгісі болса керек.

№2.7. «Сегіз аяқтың» осы түрі ішінде Қ. Байжанов орындауына (2.6.) жақын айтылғаны – М. Мұхаметжанова нұсқасы. Бұл АСҚ жинағында VIII түрі болып алғаш рет жарияланған [6, 40].

№2.7

Әннің бұл нұсқасында да Байжанов нұсқасындай ерекшеліктер бар – мұнда да әннің соңы жоғарғы тірек тонда (I) аяқталып отырады. Тек 2-шумақтың соңы ғана негізгі тонда (тоника) аяқталған. Ал соңғы әуендік жолды М. Мұхаметжанова қатар-қатар келген секірістер жасау арқылы аяқтайды. Жалпы, Қ. Байжанов пен М. Мұхаметжанова нұсқалары бір адамнан үйренгендей өте ұқсас. Алайда жинақ түсінігінде М. Мұхаметжановадан түсірілгені болмаса, нақты қай жазбадан алынғаны айтылмаған.

№2.8. Ал консерваторияның фольклорлық зертхана қорында сақталған осы орындаудағы «Сегіз аяқта» жоғарыдағы ерекшеліктер байқалмайды.

№2.8

М. Мұхаметжанова 1, 2, 4-шумақты өзіндік орындаушылық мәнермен өрнектеген. Мұндағы басты ерекшелік – VII сатының төмендеуі. Ал алдыңғы нұсқадағыдай жоғарғы тоникада аяқтау кездеспейді.

Сонымен, «Сегіз аяқтың» бұл түрінің түрлі мәнерде орындалған сегіз нұсқасы жетіп отыр. Мұның өзі әннің ел ішінде көп айтылып, кең таралғандығынан хабар береді.

Әннің бұл түріне қатысты ел ішінде, тіпті кейбір орындаушылар мен зерттеуші ғалымдар аузынан естіліп қалып жүрген тағы бір сөз – әннің Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жастық туралы» және «Кәрілік туралы» әндеріне қатыстылығы. Иә, Шәкәрімнің аталған өлеңдері құрылымы жағынан «Сегіз аяқпен» бір. Бұл әннің де Қабыш Керімқұлов, Ниязбек Алдажаров, Ахат Шәкәрімұлы және Шәкір Әбеновтер арқылы бірнеше нұсқасы жеткен.

Ахат Шәкәрімұлы «Естелігінде»: «21 жасында Шәкерім «Жастық», «Кәрілік» деген тақырыптарда өлең жазып, оған ән шығарады» – десе [22, 784], естеліктің енді бір тұсында: «Жастық туралы» әнінің шығу тарихынан да мына бір естелікті айтады: «Семейдегі бір музыкант орысқа скрипка алғызып бер деп тапсырған едім. Сол «скрипка алғыздым», – деп хабарлаған соң, жазғытұрым келіп, одан скрипка тартуды үйреніп, бұрынғы білетінімнен жақсы тартатын болдым. Бір ай Семейде жатып, Ақылбай екеуміз бір қайттық. Семейден ерте шығып, Шағылдың белесіне келіп отырмыз (Шағыл – қазіргі Семей қаласындағы Абай атындағы әуежайдың орны. Е. Ш). Семейден қоңыраудың соғылған, барабанның айғай-шуы, неше түрлі дыбыстар естіліп тұрды. Мен Ақылбайға айттым: «Мынау естіліп тұрған дыбыстардан, мынау көктемнің ғажап көрінісінен бір ән менің ойыма оралып тұр» – деп. Содан скрипкаға бір сарын салдым. Ақылбайға: «Бір ән шығарам» – деп аулақ барып отырдым. Сол жерде «Жастық» туралы өлеңге ән шығардым. Ақылбай да бір ән шығарды» [22, 812] – деп жазады (Бұл естелік төменде Абайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп» әніне де қатысты ескеріледі).

Бұл жөнінде Шәкәрім әндерін насихаттаушы К. Өлмесеков те: «Бұл өлең Абайдың «Сегіз аяқ» әнінің әуенімен айтылады. Біз Ниязбек Алдажаров пен Шәкір Әбеновтен сұрағанымызда: «Бұл «Жастық туралы» өлеңде ән болмаған, сол «Сегіз аяқтың» әуенімен айтылатын» деуші еді. Кейінгі кезде кейбір білгіштердің «әнді жазған Шәкәрім» деп айтып жүргендері бар. Бірақ Шәкәрім әнді жазған жоқ, ән Абайдікі. Шәкәрім екі өлеңін (біреуі «Кәрілік туралы») Абайдан он екі жыл бұрын жазғандықтан, кішкене айтыс-керіс болып жатқан жағдайы бар. Мен әнші ретінде «Жастық туралы» дейтін бұл әнін Шәкір Әбеновтен алған едім. Ол кісі осы Абайдың «Сегіз аяғының» әуенімен айтқан. Ал «Аманат» кітабында Ахат аға екі-үш нотасын өзгертіп, әнді «Сегіз аяқтың» әуенімен орындаған. Біз сол үйреніп кеткен «Сегіз аяқтың» әуенімен орындап жүрміз» [23], [24, 347–349] – дейді.

Шәкәрімнің ұлы Ахаттың тікелей өзінен ақынның барлық әнін жазып алған – композитор Арғынбек Ахметжанов. Ол «Рухани жол» жинағында «1879 жылы жазылғаны анық» – дейді. Яғни, 21 жасында жазылған [25, 43].

Дәл осы мәселеге абайтанушы А. Омаров та Шәкәрімнің С. Мұқановқа жазған хатына сүйене отырып, «Сегіз аяқ» па, жоқ әлде «Жастық» пен «Кәрілік» пе?» мақаласында, «Бозбала мен кәрілік» өлеңін 32 жасында жазғанын, Абайдың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі Шәкәрімнің осы екі өлеңінен кейін Көкбай, Шәкәрім, Әріп үшеуіне арналған сыны екенін *(«Әзірет Әлі айдаһарсыз...», «Алтын иек сары ала қыз...», «Кәрілікті жамандап өлім тілеп...»)* және осы сынаудан кейін Шәкәрім өз қателігін түсініп «Жастарға» *(Жалыналық Абайға, жүр, баралық...)* өлеңін жазғанын айтады. Және бұл өлеңдердің барлығының жазылған мезгілі бір екенін мазмұны мен жазылған жылдарына қарай салыстырып, осы арқылы «Сегіз аяқ» өлеңінің алдымен жазылғанын дәлелдейді [26]. А. Омаров тағы бір мақаласында: «Ортаңғы шумақта Көкбайдың, Әріптің сәл-пәл сынға ілігуі – Шәкәрімді бүркемелеу амалы ғана. Сын найзасы тек өзіне тіктелгенін Шәкәрім білген, жақсы ұққан. Баласы Ахатқа «Отыз жас шамасында бір айдай тілім байланды» деп осы жайлы сыр ашқан. Ақырында өз айыбын мойындап, аға алдына келеді. Оған дәлел – «Жастарға» атты ұзақ толғау» – деп өз ойын білдіріп, дәлелін алдыға тартады [27]. Ал Турағұл

естелігінде «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің не үшін жазылғаны жайынан хабар бергені болмаса, қай жылы жазылғаны айтылмаған [1, 195].

Алайда Шәкәрімнің С. Мұқановқа жазған хатында: «Ардақты Сәбит бауырым! 11/ XII да жазған хатыңызды жаңа ғана алдым. Бүгін Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым. Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақ әңгімесі», «Қазақтың түп атасы», жиырма бес жасымда жазған – «Бозбала мен кәрілік», отыз екі жасымда – «Баламен айтысып жеңілгенім» [28] , – деп жазылған. Қолжазбаның кирилл әрпіне көшіріліп машинкаға басылғанынан да ұққанымыз – осы [29, 35]. «Бозбала мен Кәрілікті» 25 жасында жазғаны анық көрсетілген (Өкінішке қарай, ақынның Сәбитке жазған хаты дұрыс оқылмай (расшифровка), тыныс белгілері дұрыс ескерілмей, әр жерде әртүрлі беріліп жүр). «Шәкәрім өлеңді ертеректе жазып, Абайға кейіннен көрсетуі мүмкін» дегенмен, өлеңнің («Жастық», «Кәрілік») дайын әуенге дәл келуі, елдің бірден «Сегіз аяқтың» әуенімен айтып кетуі – әуеннің бұрын шыққанын көрсетеді. Ал кіріспе бөлімде айтылғандай, ақын әндерінің шығуы бір мезгілде болған дегенді ескерсек (Көкбай – 1889–1890, М. Әуезов – 1886–1897, А. Омаров – 1888–1890), «Сегіз аяқтың» алдымен шыққан деген сөз шындыққа жанасады. Бірақ...

Бірақ Шәкәрім шығармаларының Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған 1588-бума 16-дәптер (тапсырған адам белгісіз), А. Шәкәрімұлының өз қолымен тапсырған 1620-бума 16-дәптер мен Рахым Жандыбаев тапсырған 1623-бума 2-дәптер және Ұлттық кітапхана қорындағы 188-бума 1-дәптердегі қолжазбаларда «Жастық туралы» мен «Кәрілік туралы» өлеңінің жазылған жылдары көрсетілген. 1588 бен 188-де тақырыпсыз, «25 жаста жазылған» деген ескертпемен берілсе, Ахат (1620) пен Р. Жандыбаев (1623) нұсқаларында «21 жаста жазылғаны» көрсетілген. Бірақ Ахат нұсқасында әуелде «25» болып, артынан «21» болып түзетілгені анық көрінеді [30]. Бұл Шәкәрім өлеңді 21 жасында жазды десе де, 25 жасында жазды десе де «Сегіз аяқтан» бұрын жазылғанын көрсетеді. Егер Шәкәрімнің екі өлеңі «Сегіз аяқтан» кейін жазылғаны рас болса, онда «Сегіз аяқтың» жазылған жылы он жылға кейін көрсетіліп жүруі мүмкін. Бұл әлі де терең зерттеуді қажет ететін мәселе.

«Сегіз аяқтың» әуенімен айтылған «Жастық туралы» әннің А. Шәкәрімұлы нұсқасы Т. Бекхожинаның құрастыруымен шыққан «Аманат» әндер жинағы мен А. Ахметжановтың «Рухани жол» жинағында берілген [31, 25], [25, 34]. Ж. Елебеков айтуындағы «Сегіз аяқпен» салыстырсақ, екеуінің де әуенінде аздаған өзгеріс бар. Нота «Аманатта» кіші октавада түскендіктен, бір октава жоғары көтерілді.

«Сегіз аяқтың» қазіргі айтылып жүрген үлгісінің ән кеудесі жоғарғы I сатыдан басталып, V-III-I сатылар арасында өрнек құраса, «Аманатта» берілген «Жастық туралы» «Сегіз аяқтың» Ә. Ысқақов нұсқасына ұқсас (2.4) V сатыдан жоғарғы I сатыға көтерілу арқылы басталады. Ал 2-әуендік жол ***(бұлбұлдай сөзі)*** жоғарғы II сатыға дейін дамиды және әннің жоғарғы II сатыға дейін көтерілуі «Сегіз аяқтың» бұл түр-нұсқаларында бұрын-соңды кездескен емес. Жалпы, ән ішіндегі кейбір иірімдердің ауысып түскені болмаса, негізгі әуен «Сегіз аяқ» әуенімен жүріп отырады. Шәкәрімнің «Кәрілік туралы» өлеңі де осы әуенмен айтылған. Оны да А. Ахметжановтың жинағынан көруге болады [25, 39].

Ендігі бір қызық дерек – Шәкәрімнің «Жастық туралы» әнінің мүлде басқа түрінің Ж. Кәрменовтің айтуында жетуі. Мұны абайлық әнші, Ж. Елебековтің шәкірті А. Жікенов те, Ж. Кәрменовтің шәкірттері де растайды және үйренгені бойынша айтып та берді. Алайда әннің бұл түрін Ж. Кәрменовтің кімнен үйренгені жайлы дерек жоқ.

Ж. Кәрменов айтқан «Жастық туралы» әннің арқауын ионiялық лад құрайды. Ескерте кетер жай – ән сөзінің буынына қарай ән иірімдері әртүрлі ауысып, құбылып отырады. Шәкәрімнің осы сөзіне Д. Рақышев та ән шығарған. Ол әннің де табиғаты осы әнге жақын. Бірақ диапазон жағынан Д. Рақышевтің әні гексахорд көлемінде ғана жүреді. Бұл жөнінде «Сұраған жанға сәлем айт» (СЖСА) жинағында кеңінен айтылған [24, 347–349]. Алғашқы басылымда бұл түрі Ж. Кәрменовтің шәкірті Б. Күлдірбаевтың орындауында нотаға түсірілген болатын. Кейіннен Ж. Кәрменовтің өз орындауында табылып, сол бойынша ұсынылып отыр.



3.1. Жоғарыда «Сегіз аяқ» әнінің ионiялық және эолиялық ладтағы бірнеше түр-нұсқалары келтірілді. Осылардың ішінде әзірге нұсқалары байқалмаған екі түрі болса, бірі – 1934 жылы Т. Арғынбаевтың орындауында Б. Ерзакович нотаға түсірген түрі, екіншісі – Х. Елебекова жеткізген түрі. Т. Арғынбаев жеткізген бұл түрінің арқауын эолиялық лад құрайды. Ән АМТ [5, 18] мен АСҚ жинағында III түрі болып жарияланған [6, 37].

Ән баяу, салмақты, сабырлы екпінде айтылады. Әннің алғашқы әуендік жолдары қайталанған қостармақ ретінде жүрсе, 3-әуендік жол да осы жүрісті қайталай отырып, соңғы буында ғана III сатыға төмендеу арқылы алдыңғы жолдардан бөлектене түседі. 4-әуенжол бірден децималық секіріспен дамып, әуен 6-әуенжолдан соңына дейін триольдық ырғақта ширай түседі. Интонациясы басқа болғанмен, дәл осындай өрнек 1.3 нұсқада да кездеседі.

№3.1

Әртүрлі жинақтар мен зерттеу еңбектерде жарияланған «Сегіз аяқтың» осы түр-нұсқаларына, анығында АСҚ жинағына жарияланған «Сегіз аяқтың» түр-нұсқаларына қатысты Т. Базарбаев: «Бірінші варианты мүлде басқа ән (1.1. А. Бимбоэс). Қайырмасында орыс әнінің элементі жүр. Екінші варианты «Сегіз аяқты» елестетеді, бірақ та өзіндік әуезді жойып жіберген (2.2. Д. Құнанов). Үшінші вариант Абайдың әртүрлі әнінен алынған... марш екпініне ұқсап кеткен. Анық Абайдікі емес екені көрініп тұр (3.1. Т. Арғынбаев). Төртінші түрі әнді елестетеді, бірақ әнді төменнен бастап көтереді. Және өткір жерлерін екінші түріне ұқсатып, баяулатып жіберген. Бұл әсіресе, үшінші тактісінен-ақ көрініп тұр (2.4. Ә. Ысқақов). Бесінші түрінің басы «Бойы бұлғаң» әнін елестетіп тұрса, әрі қарай бірінші түрінің көшірмесіне айналып кеткен (1.3. Қ. Лекеров). Алтыншы түрі ғана Абайдың стиліне келеді. Нағыз ыза мен өкініш осы ритмде ғана беріле алады (2.5. Ж. Елебеков). Жетінші-сегізінші варианттар – екеуі бірдей, бірақ әр тональносте берілген. Екеуі де Абайдың емес, әншінің стилін көрсетіп тұр. Кейбір дыбыстары логикасыз, орнында емес (2.6., 2.7. Қ. Байжанов, М. Мұхаметжанова). Осы жеті варианттың бір-ақ варианты дұрысырақ» [32, 191–192], – деп Ж. Елебеков нұсқасына тоқталған.

№4.1. Абай мұрасына қатысты тың деректердің табылуы XXI ғасырдың өзінде де тоқтаған емес. Архивтер мен фольклорлық зертхана қорларында Абайдың музыкалық мұрасына қатысты сыры ашылмаған деректердің әлі де бар екеніне сеніміміз мол. Сонымен қатар, ел ішіндегі көнекөз қариялардың Абай ән-күйлеріне қатысты айтқан әңгімелері мен жеткізген әндері осыған дәлел болғандай. Алайда деректерді сыни талдау арқылы пайымдай отырып пайдаланған дұрыс екенін ескергеніміз абзал.

2009 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Хабиба Елебекованың орындауында Абайдың «Сегіз аяқ» әнінің бір түрі жетті. Әнді алғаш жазып алушылар – М. Әбуғазы мен Е. Шүкіман. 2009 жылы «Сарыарқа әндері» антологиясына (СӘ) тұңғыш рет жарияланды [33, 158]. Х. Елебекова әнді жеткізердің алдында оны 8-9 жасынан бері білетінін айтып, Шәкәрімнің «Жастық туралы» әнін қазіргі «Сегіз аяқтың» әуенімен орындап беріп: «Менің 8-9 жастағы кезім еді. Әкем: «Шыңғыстауда Шәкәрім ақынның жаңа бір әні бар екен. Сол әннің сөзін толық жазып, әнін үйреніп кел», – деп 18-19 жастағы ағамды сол елге жіберді. Арада аптаға жуық уақыт өткенде ағам осы әнді айтып келді», – деп әннің қалай жетуі жайынан аз-кем сөз етіп, өзі білетін «Сегіз аяқты» ешкім естімеген тың әуенмен орындап берді. Аудиожазбаға басылған бұл әңгіме жеке қорда сақтаулы [8]. Мұның қаншалықты Абайға тиесілі екеніне ешкімнің көзі жетпейді. Х. Елебекова жеткізген бұл түрі қазіргі күнде әншілер арасында көп орындалып, музыкалық оқу орындардың бағдарламасына енді. Сонымен бірге, ән бес сериялы деректі-драмалық «Абай» фильміне де (сценарий – Е. Төлеутай, режиссер – Н. Садығұлов. Әнді орындаушы – А. Жорабаева) музыкалық лейтмотив ретінде пайдаланылды.

Дегенмен, «Сегіз аяқтың» бұл түріне қарсылықты пікірлер де болды. Е. Төлеутай жоғарыда аталған «Абай» фильмі жарыққа шыққаннан кейінгі бір сұхбатында «Сегіз аяқтың» бұл түрін әннің түпнұсқасы деген пікір білдірген. Осы пікірге қарсы Семейдегі Абай музейінің аға ғылыми қызметкері Анар Бүркітбаеваның «Сегіз аяқты» неге сергелдеңге саламыз?» деген көлемді мақаласы жарық көрді. Мақалада: «...А. Жорабаева орындаған әуен Абайдың «Сегіз аяғының» түпнұсқасы екен. Ал, қаншама жыл Абайдікі болып келген (қаншама ғалым тер төгіп зерттеп, қаншама әншілер орындап келген) әуен Шәкәрімдікі болып шықты». Яғни, осы күнге дейін Абай әндерін зерттеген ғалымдар, не айтып нотаға түсірткен әншілер қателескен, не білсе де жасырып келген бе? Әрине, Шәкәрім мұрасы көп жыл көмулі жатты. Бірақ, қай жылдардан бастап Шәкәрім туралы айту мүмкін болмады? Абай әндерін айтып нотаға түсірушілер, ең алдымен (басқалары білмеуі мүмкін делік) немере інісі Әрхам, немересі Мәкен Абайдың әуенін қалай білмеген? Әлде, білсе де жасырған ба? Қандай мақсатпен? Олар білмеді деп айта алмаймыз, себебі білмеулері мүмкін емес. Онда Әрхам Ысқақұлы мен Мәкен Мұхамеджанова Абайға қиянат жасаған ба деген ой туындайды. Неге олар Абайдың «Сегіз аяққа» шығарған әуеннің түпнұсқасын нотаға түсіртпей, жас Шәкәрім әуенін нотаға түсіртіп, зерттеушілерді шатастырады. Әлде, оларға Шәкәрімнің әуені ұнап, Абайдікі ұнамағаны ма? Бірақ, бұлай болуы да мүмкін емес, шындыққа жанаспайды. Сұхбатты оқу барысында ұққанымыз, фильмнің авторы бұл әуенді Қарағандының бір қариясынан естіген. Елғұтты қарияның сөзге ұста, көргенді жан екеніне күмән келтірейік деп отырғанымыз жоқ, бірақ Абайдың «Сегіз аяғы» жайында батыл айтуға қандай негізге сүйеніп отырғанын біле алмадық... Автордың куәға тартып отырған екінші адамы – Хабиба Елебекова. Хабиба апамыз Жүсіпбек Елебеков Шәкәрімнің баласы Ахат ақсақалмен тығыз қатынаста болып, содан естіген, бірақ Шәкәрімнің есімін атауға қорқып, Абайдың әні деп орындаған дейді. Сонда Жүсіпбек сынды саңлақ әнші әннің түпнұсқасын білген бе? – деген сауал туындайды. Білмеді деу мүмкін емес, Ахат ақсақалдан сұрамай ма? Сонда жоғарыдағы сұрақ тағы туады. Жүсіпбек Елебеков те Шәкәрімнің әнін ұнатқандықтан, осы әуенді таңдап орындаған ба әлде ұлы ақынның «Сегіз аяққа»

жазған әуеніне көңілі толмады ма!? Абайдың ән мұрасын орындаушылар, зерттеп, насихаттап келген қаншама ғалымдардың «Сегіз аяқтай» әннің әуені кімдікі екенін білмеулері мүмкін емес.

Енді Шәкәрімге келсек, Шәкәрім Абайдың талантты шәкірті. Ұстазының дәстүрін поэзияда да, музыкада да жалғастырушы. Қазақ халқының ән өнеріне зор үлес қосқан сазгер. Абайдың мемлекеттік қорық-мұражайы қорында Ахат Құдайбердиев тапсырған Шәкәрімнің барлық әдеби мұрасы және Ахаттың әкесі жайында жазған естеліктері сақталған. Сол естеліктердің ешқайсысында «Сегіз аяқ» әнінің әуенін жазған әкем еді деген мәлімет жоқ. «Сегіз аяққа» қатысты бір айтқаны бар, ол «Сегіз аяқ» үлгісімен өлең жазған Шәкәрім деген. Қайталап айтамыз, әуені емес, өлеңнің үлгісі» – деген өткір пікірін білдірген [34]. Жинақты құрастырушы және түсініктерін жазушы ретінде біздің де ойымыз осы пікірмен үндес. Ал «Сегіз аяқ» пен «Жастық туралы», «Кәрілік туралы» өлеңдердің қайсысы бұрын, қайсысы кейін жазылғаны бөлек мәселе.

Ақын әндерінің түр-нұсқаларына қатысты Ж. Елебековтің шәкірті, абайлық әнші А. Жікеновтен ақыл-кеңес алынып отырды. А. Жікенов жинақтар мен ғылыми еңбектердегі белгісіз түр-нұсқалардың Шыңғыстау өңірінде бұрын да айтылмағанын, бүгін де айтылмайтынын айтты. Әсіресе, Х. Елебекова жеткізген түріне қатысты «Бұл Абайдың әні емес. Бірінші, егер әннің бұл нұсқасы айтылған болса, ел ішінде сақталып қалу керек еді. Бұл әуеннің біздің елде жұқанасы да жоқ. Облыстық газет-журналдардың біріне берген сұхбатымда бұл жайында кеңірек айтқанмын. Екіншіден, егер Абайдың өз әні болса Ж. Елебеков неге айтпаған? Мен Ш. Әбеновпен өте тығыз араласқан адаммын. Н. Алдажаровтың алдын көрдім. Ол кісілерден сұрағанымда, «Шәкәрімнің бұл өлеңінде ән болмаған. Ел «Сегіз аяқтың» әуенімен айтқан» деп жауап берген. Сондықтан бұл жаңсақ сөз. Олай кесімді пікір айтуға болмайды», – деген ойын айтты.

Алайда Х. Елебекова «Сегіз аяқтың» бұл түрін М. Әбуғазы мен Е. Шүкіманға әннің түпнұсқасы деп емес, мұндай да бір нұсқасы бар, бала күнімізде осы әуенмен айтқан едік» деп жеткізген болатын. Сондықтан әннің бұл үлгісін түпнұсқа деп қабылдау дұрыс емес. Және бір айтар ой, Х. Елебекованың 1916 жылы туғанын ескерсек, ағасының әнді үйреніп келген уақыты 1925 жылдар шамасына сәйкес келеді. Демек, аталған кезеңде бұл ән өз әуенімен халық арасына кеңінен таралғаны анық. Осыған сүйене отырып, бұл әуенді де ел ішінде еркін орындалып жүрген, авторы белгісіз өзге нұсқалар тәрізді халықтық үлгідегі көп әуендердің бірі деуге негіз бар.

Жалпы, ән баяу ырғақ, салмақты жүріспен басталады. Әуеннің алғашқы екі тармағындағы жоғары-төмен секірістер Абай әндерінде кездесіп тұратын интонация. 3-әуендік жолдың соңғы бунағында ғана өтпелі дыбыс арқылы ән өзінің жоғарғы шегіне барады. Диапазонында алдыңғы түр-нұсқалардай кеңдік болмағанмен, әннің ішкі жаратылысында мол кеңістік бар. Сол себепті ән табиғаты ешқандай биік айғайды қажет етпейді. Ән мінезі ауыр. Қоңыр бояу басым. Әуен гептахорд аралығында ғана дамиды. Нота СӘ антологиясынан алынды [33, 158].

№4.1

Әннің Т. Арғынбаев пен Х. Елебекова жеткізген түрлерінің алғашқы екі әуендік жолынан аздаған интонациялық ұқсастықтар байқалады. Осыдан да Х. Елебекова нұсқасының халықтық әуендермен негізі бір екенін көруге болады.

«Сегіз аяқ» әніне қатысты архивтік жазбаларға байланысты В. Дернова: «А. Затаевич Қ. Мырзабеков пен К. Қашқымбаевтардың нұсқасын өңдеп, ырғақтық жағынан аяқтамаған және жинаққа сыймай қалған. Себебі, әннің интонациясынан орыстың қалалық романсының лебі білінеді. Мүмкін ол жазып отырғанда Абайдың әйгілі «Сегіз аяқ» өлеңін білмеген де болу керек. Ең алғаш Затаевич бұл өлеңнің атын Абайға еш қатысы жоқ ән берген қостанайлық татар-актер Ислам Самигулиннен естіген. Әннің «Восемь ног» атауы оны қайран қалдырады. Ал Самигулиннен естіген «Сегіз аяқ» «1000 ән» жинағындағы Ерғали Алдоңғаров жеткізген «Нұржанның әнінің» (№424) бір нұсқасы. Н. Наушабаев – өлеңдерін діни, рухани бағытта жазған халыққа белгілі кітаби ақындардың бірі. Абайдың «Сегіз аяғынан» кейін бұл өлең формасы елге кең таралып, ақындарға да ұнаған. Мүмкін Н. Наушабаевта да осындай өлең болуы ықтимал. Бірақ И. Самигулиннен жазып алған ән әуені Абайдың «Сегіз аяғына» ырғақ өлшемі жағынан да, шумақ өлшемі жағынан да сай келмейді» [9, 37], – деп жазады. Ал А. Затаевич осы әнге берген түсінігінде: «Нұржан Наушабаев – халық әншісі. Бұл әнді мен таңғаларлық «Сегіз аяқ» деген атаумен қостанайлық татар-актер Ислам Самигулиннен естідім» [35, 212, 492], – дейді.

А. Затаевичтің «1000 әні» жинағының 2-басылымында (1963. Ред. алқасы: Ахметова М. М, Дернова В. П, Ерзакович Б. Г, Жұбанов А. К (жауапты ред), Затаевич О. А) әндерді жеткізуші қазақ зиялыларының аты-жөндері (А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, т.б) мен олар туралы және олар жеткізген әндердің түсініктері алынып тасталғаны белгілі. Бірақ 2-басылым М. И. Глинка атындағы Ресейдің музыкалық мәдениет музейі қорындағы А. Затаевич қолжазбаларынан алынған жаңа 64 әнмен толықтырылып, оларға құрастырушылар тарапынан қосымша түсініктер жазылған. Осы әндер ішінде И. Самигуллиннен жазылып алынған «Сегіз аяқ» әні де берілген және оған: «Нұржанның «Сегіз аяқ» («Қолжазба» №715) әнінің нұсқасын келтіреміз. «Сегіз аяқ» – қазақ поэзиясына Абай Құнанбаев енгізген өлең өлшемі. 5 сент. 1922 г.

г. Кустанай» – деген жазба қалдырылған. [35, 529]. Құрастырушылар «1000 ән» жинағындағы «Нұржанның әнімен» (№424) ұқсастығына қаратып әнді «Нұржанның «Сегіз аяғы» деп бергенге ұқсайды.

И. Самигуллин. «Сегіз аяқ»

«Нұржанның әні». «1000 ән»

«Нұржанның әні» мен И. Самигулиннен жазылған «Сегіз аяқ» әндерінде ладтық және дыбыс қатары жағынан ұқсастық болғанмен, «Нұржанның әнінде» VII сатының төмендеуі (миксолидиялық лад) кездеседі.

Н. Наушабаев шығармашылығына қатысты Сыздық Әбілғазиннің «Арқада Наушабайдың Нұржаны өткен» еңбегінен [36] «Сегіз аяқ» формасындағы өлеңді кездестіре алмадық. Біздің ойымызша, И. Самигуллиннен жеткен әннің «Сегіз» сөзіне қатысты болуын басқа жақтан іздеген жөн секілді. Н. Наушабаев жастайынан медреседе білім алып, дидактикалық бағыттағы терме-толғау, нақыл, ғақлия, шығыстық назым үлгісінде өлеңдер шығарып, әнші, сері атанған ақын-композитор. Оның көп ән-өлеңдері назым түрінде жеткен. Бүгінгі күнде 17 назымы, оның ішінде 4, 6, 8, 9, 13, 17-назымдары әнші Сыздық Әбілғазиннің орындауында нотаға түсірілген. Бірақ Н. Наушабаевтың «Сегізінші назымының» дыбыс қатарларында Самигулиннен жазып алынған «Сегіз аяқ» пен «Нұржанның әніне» ұқсастық болғанмен, лад жағынан бір-бірінен алшақ. «Сегізінші назым» эолиялық ладта шыққан [36, 485].

«Сегіз аяқтың» тағы да белгісіз, екіұшты боп жеткен бір түрін В. Дернова өзінің еңбегінде атап өтіп, ноталық үлгісін қалдырған. Бұл ноталық жазба Мәскеудегі музыкалық мәдениет музейі қорындағы А. Затаевич қолжазбасынан алынған. В. Дернова «Затаевич жазбаларындағы Абай әндері» атты мақаласында: «Жол дәптерінде» жұмбақтау күйдегі тағы екі жазба болды. Олардың біреуі – «Сегіз аяқ», кейіннен оның аты сызылып, үстіне «Өткен заман» деп жазылған. Ал соңына «Абай. Әуені автордікі» деп белгіленген» – деп әннің ноталық жазбасын келтірген [9, 43].

Осы әннің ноталық жазбасына байланысты В. Дернова: «Ноталық жазбадағы ұсақ ноталар қайталау кезіндегі нұсқалық өзгерістерге қатысты. Бірақ неге алдыңғы «Сегіз аяқ» атауы сызылып, «Өткен заманмен» ауыстырылды? Бұл не мәтін?» деп сұрақ қоя сөзін аяқтайды [9, 44].

Сонымен, «Сегіз аяқ» әнінің өткен ғасырдың 20-жылдарынан бастап жинақталып, әртүрлі ғылыми еңбектерде басылған және әншілердің орындауында осыншама түр мен нұсқалары жетіпті. Сонымен қатар, М. Ешекеев, Н. Әбішев, М. Көшкінбаев, Қ. Байбосынов, Ж. Кәрменов, С. Әбеуов, Б. Тілеухан, Ж. Құжиманов, Т. Сембаев секілді т.б көптеген әншілердің айтуында аудиожазбалары сақталған. Аталған әншілер әрқайсысы өз мәнерімен түрлендіріп орындағанмен, барлығы Ж. Елебеков үлгісін негізге алған. А. Жұбанов, А. Серікбаева, М. Төлебаев, Е. Брусиловскийлердің басқа орындаушылардан жазып алған ноталық жазбалары қолымызға тимегендіктен жинақ түсініктеріне енбеді.

«Сегіз аяқтың» осы түр-нұсқаларының ішінен халыққа кең таралған, көпшілікке белгілі Ж. Елебеков орындаған түрі инвариант үлгі ретінде алынды.

Қор болды жаным. Абай бұрын-соңды қазақ поэзиясында кездеспеген жаңа түр қалыптастырған ақын. Сондай өлеңдердің бірі – «Қор болды жаным». Бұл ақынның 1880 жылдардың аяғында жазған өлеңі. Тұрағұл естелігінде: «Онегин мен Татьянаға тиісті өлеңдерді 1889 жыл мен 1892 жылдың ішінде жазған», – деп атаған отыз өлең ішінде «Қор болды жаным» да бар [1, 192]. Мұны келтіріп отырған себебіміз, ақынның әр жинақтарында өлеңнің жазылған жылы әртүрлі берілген.

М. Әуезов: «1889 жыл тақырыптарының тағы бірі – махаббат жайы деген едік. Сол қатарға кіретін осы жылы жазылған бірнеше өлең бар. Бұлар: «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі», «Білектей арқасында өрген бұрым». Осы бес өлеңнің тұсында Абай әртүрлі стиль іздеп, махаббат, ғашықтық жөнін әр алуан үлгіде жырлап көреді. Сонда «Қор болды жаным» осы тексерудің бас кезінде біз айтқан, шығыс ақындарының Абайға еткен әсерін көрсетеді. Махаббатты «тағдырдан келген зұлым», – дейді. «Жаным қор болды, бек бітті халім», – дейді. Сол ауыр дертпен тең мүшкілдікті Алланың жіберген тағдыры, оны бенденің көрмеске шамасы қане? – дейді. Әрине, оқушыға ап-айқын, махаббат жайын бұлай жырлап көрген қазақ ақыны болған емес», – деп жазады [37, 148].

Өлең 6 тармақты, 4 шумақтан тұрады. 1, 3-тармақтар 5 буынды, 2, 4-тармағы 7 буынды, 5, 6-тармақтары 6 буыннан құралады. Өлеңнің алғашқы 4 тармағы *abab* шалыс ұйқасты, 5, 6-тармағы өзара ұйқасып *(cc)*, шумақтағы ойды қорытындылайды.

№1.1. Әннің бүгінгі күнге дейін төрт нұсқасы жеткен. 1940 жылғы жинақтан бастап, әр жинақтарда екіден-үштен нұсқалары жарияланып келеді. Әнді алғаш рет Өскемен уезінде Ескендір Дайрабаевтың орындауында А. Затаевич нотаға түсіріп, мәтінсіз жазып алған. «1000 ән» жинағына енген [35, 332]. Өлең қандай өрнекті болса, ән де сондай көркем.

19–9114

«Қор болды жаным» әнінің поэзиялық та, әуендік те құрылымдары бірдей, үш элементтен тұрады – *abab cc*. Үш музыкалық сөйлем бар. Алғашқы екі әуендік жолды кейінгі екі әуендік жол тура солай қайталайды, яғни қайталанған қос тармақ. Ал 5, 6-жол поэтикалық ойдың да, әуендік ойдың да түйінін жасап, қайырмалық қызмет атқарады.

Әннің бүгінге жеткен төрт нұсқасының әуені бір-бірінен алыс емес. Ән диапазоны үш түрінде дециманы құраса, алғаш хатқа түсіп, баспа бетін көрген А. Затаевич жинағындағы бұл нұсқа ундецимаға тең. А. Затаевич әндерді нотаға көбінесе мәтінсіз және темперациялық жүйеде түсірген. Берілген ноталық жазба «1000 ән» жинағынан алынып отыр. Ән *е* эолиялық ладында негізделгенмен, әуенде II саты алынбағандықтан, *fis (фа диез)* альтерациясы қойылмаған. Әуен бірден жоғарғы тірек тоннан IV сатыға кварталық секіріс жасау арқылы басталады.

№1.1

А. Затаевич «1000 ән» жинағының 413-ескертпесінде «бұл әннің шыққан тегі орыстікі» деп жазса, осы пікірді Б. Ерзакович: «Расында да, Абайдың осы әнінің сазы орыстың «Возле речки, возле моста» деген белгілі халық әніне ұқсас» [19, 25], – деп, қуаттаған пікір білдіреді.

Осы тұста сәл шегініс жасауға тура келеді. Жинақтың алғашқы басылымында (2020) А. Затаевич пен Б. Ерзаковичтің осы пікіріне орай орыс халқының аталған әні интернет желісі арқылы тыңдалып, әннің частушка жанрына жақын әрі өте жылдам екпінде айтылатын пляскалық ән екеніне көз жеткізіп, екі әннің бір-бірінен алшақ екені жазылған болатын. Алайда қайта қарастырғанда, орыстың аталған халық әнінің әртүрлі үлгілері және олардың ноталық үлгілерінде де, мәтінінде де айырмашылық бары анықталды. Тіпті, бүгінгі орыс орындаушыларының айтқандарында да әртүрлілік аңғарылды. Солардың бірінен аздаған әуендік-ырғақтық жақындық білінгені рас. Бірақ Ерзакович айтқандай емес. Орыстың аталған халық әні сол бойынша нотаға түсіріліп, «1000 ән» жинағындағы нұсқамен салыстырылды [38].

Accelerando. Бірте-бірте жылдамдата. Постепенно ускоряя.
Presto. Жылдам. Быстро.



Нәтижесінде, «Абай әуендерінің барлығы орыс әндерінен алынған» деген көзқарастың үстірт әрі біржақты екені анық байқалады. Ең алдымен, екі әннің поэтикалық құрылымдары айтарлықтай ерекшеленеді. Мәселен, салыстырмалы мысал ретінде ұсынылған орыс әнінің әр шумағы 8 және 12 буынды екі тармақтан ғана тұрады (Возле реки, возле мосту, Возле реки, возле мосту трава росла). Алғашқы баяу айтылатын тармақ қайталанып, екі әуенжол түзсе, одан кейінгі 2-тармақтың қайталануы арқылы 3 және 4-әуенжолдар қалыптасқан. Яғни, әуендік құрылымы қарапайым әрі симметриялы – *aabb* үлгісінде. Бұдан кейінгі музыкалық даму үдерісі біртіндеп үдей түсіп, соңғы бөлім өте шапшаң екпінде аяқталады.

Ал Абай өлеңінің құрылымы бұдан мүлде өзгеше. Оның тармақтық-буындық жүйесі күрделірек (5, 7, 5, 7, 6, 6), ырғақтық үлгісі де басқа негізге құрылған. Музыкалық жағынан алғанда, Абай әнінің әуендік сипаты – ойлы, толғанысты, баяу екпінде өрілетін, дыбыстық өрнегі күрделі. Мұндай құрылым мен әуендік табиғат орыс әндеріне тән үдемелі, динамикалық сипатпен сәйкес келмейді. Осыған орай, екі мәдениеттің ән үлгілері арасындағы кейбір ұқсастықтарға қарамастан, Абай әуенінің түп-төркінін тек орыс музыкасына тіреу – ғылыми негізсіз, біржақты тұжырым болып табылады.

Т. Әлімқұлов ән әуенінде татар музыкасының элементтері бар екенін де айтады: «Музыка әлемінде, жоғарыда айтқандай, ұқсастық жиі. Төл мен бөгденің арасында шым-шытырық шәркездіктер кездесе береді. Қиянатсыз ұқсастық сорақылыққа жатпайды, табиғи төркіндестікке тартады... Оның «Қор болды жанымы» татар әнінің әуенін көзге елестетеді. Семей аймағында ертеде татарлардың көп болғанын, Абайдың ноғайша киінгенін, татар мәдениетінің ықпалы тимеуі мүмкін емес екенін, Абайдың «Юзи – раушан, көзі – гәүһар» деп басталатын өлеңі татар тілінде жазылғанын, тіпті ән текстіндегі «бек бітті халім» деген сөздің татар төркіндес екенін еске алсақ, көзге елестеген әуеннің сырын ұғыну қиынға түспейді» [39, 123]. Бұл жайында музыкатанушы А. Бердібай да Абай мен Жаяу Мұса әндерінің ерекшеліктері жөніндегі мақаласында: «Олардың ән композицияларына енгізген жаңалықтары көбінесе қазақ-орыс және қазақ-татар этносаралық мәдени байланыстары мен өзара қарым-қатынастарына байланысты болды, ал соңғысы ғылымда даму факторы және этникалық ұқсастықтың бір көзі ретінде түсіндірілетіні белгілі» [40, 94–95], – деген ой айтады. Сонымен қатар, Алтай-Тарбағатай немесе Жетісу өңірінің әндерінде кездесетін пентатоникалық дыбыс қатарларына да жақындық білінеді.

Бір ескерту: «Абай» энциклопедиясындағы осы әнге берілген мақаланың мазмұны «Қор болды жаным» әніне қатысы жоқ екенін, ондағы келтірілген деректер Татьянаға қатысты әннің түр-нұсқаларының біріне берілген [11, 364].

№1.1.(а) Әннің бұл нұсқасы (Е. Дайрабаев – А. Затаевич) «1000 ән» жинағынан кейін АМТ жинағына III түрі болып мәтінсіз жарияланса [5, 23], АСҚ жинағына I түрі болып, алғаш рет мәтінімен басылған [6, 42]. «1000 ән» жинағында ән нотаға біркелкі өлшеммен түссе, АСҚ жинағында 2/4 және 4/4 аралас өлшеммен берілген. Абай әндеріне одағай сөздер тән болмаса да, қайырма алдындағы жартылық нота *«ей»* одағайы болып алынған. Бұл «Возле реки, возле мосту» әнінің ноталық үлгісінде болмағанмен, орыс орындаушыларының айтуында (ех) қолданылған.

№1.1.(а) *АСҚ жинағындағы мәтінмен жарияланған нұсқа*

№1.2. Әннің келесі бір нұсқасын 1933–1934 жылдары Е. Брусиловский Ә. Қашаубаевтың айтуында жазып алған. Ән *es* эолиялық ладына негізделген. Бұл нұсқада да әуен жоғарғы I сатыдан басталады. Әуен басы алдыңғы нұсқадай кварталық емес, синкопалық ырғақта терциялық секіріспен дамиды. Алдыңғы нұсқаға қарағанда бұл нұсқада синкопалық ырғақ басым. Қайырманың 2-бунағындағы *(Тағдыр етсе **Алла**)* әуен Е. Дайрабаев (А. Затаевич) нұсқасында III сатыдан IV сатыға пунктирлік ырғақ арқылы жоғары өрлеп, төменге кварталық секіріс жасаса, бұл нұсқада пунктирлік ырғақ сақталып, сатылап (III, II, I) төмен түседі. Е. Дайрабаев нұсқасында қайырмадағы екі әуендік жол репризалық қайталау болса, Ә. Қашаубаев нұсқасында реприза жоқ, бір ғана синкопа екі әуендік жолды бір-бірінен бөлектеп тұр. Бұл нұсқада да қайырма басында «ей» одағайы қолданылған. Бұл «қамырықты» көңіл мен күрсіністі күйді білдіретіндей.

Қайырмалық 2-әуенжолдағы алғашқы екі буын (Не көр-мейді) ноталық жазылымда лига арқылы байланыстырылған екі төрттік нота түрінде берілген. Мұндай жазылымда екі буын бір дыбыстық бірлік ретінде қабылданғандай көрініс береді. Нәтижесінде, сөздің осы екі буыны ұзартылған жартылық нота тәрізді орындалып, буын мен дыбыс арақатынасы бұрмаланған. Ал шын мәнінде, әрбір буын жеке дыбыстық өлшем болып табылады және олар өз алдына дара, буынмен сәйкес келетін интонациялық-ырғақтық мәнге ие. Әсіресе, бұл әр буынға бір дыбыстан келетін Абай музыкасына тән қасиет. Мұндай дәлсіздік кеңестік дәуірде ноталық транскрипция жасаған орыс тілді зерттеушілер тарапынан жиі кездеседі.

Ән АМТ жинағында да [5, 22], АСҚ жинағында да [6, 42] II түрі болып берілген.

№1.2.



№1.3. М. Әуезов тек Абай өмірі мен өлеңдерінің ғана емес, әндерінің де білгірі әрі қамқоршысы болған. Ақынның музыкалық мұрасының жинақталып хатталуына ерекше ұйтқы болып, 1935 жылы Семей қаласында Л. Хамидиді Ә. Ысқақовпен таныстырып, одан Абай әндерін жазып алған. Ол жөнінде Б. Ерзаковичтің келтірген Л. Хамиди естелігінде: «...Мен халыққа кеңінен танымал көптеген қазақ әндерін қағазға түсірдім. Әсіресе, айтулы қазақ ақыны Абайдың оның немересі Әрхам Ысқақовтан 1935 жылы Семей қаласында жазып алған 18 әні айрықша бағалы еңбек болып шықты. Бұл жазбалардың ой салған ұйтқысы Мұхтар Әуезов болды. Кейін «Абай» операсын жазысқан тұста бұл жазбаларым кәдеге асты», – десе [13], тағы бір естелігінде: «Абайдың басқа әндерін КСРО-дағы Ғылым Академиясының Қазақстандағы филиалының тапсыруы бойынша 1935 жылы Семей қаласында Абайдың жиені (немере інісі. Е. Ш.) Архам Исхақовтан жазушы Мұхтар Әуезовпен бірге мен жазып алдым. Композитор Ахмет Жұбанов симфония оркестріне және Құрманғазы атындағы ұлт оркестріне арнап «Абай» деген поэма жазды. Поэмасында Абайдың атақты әндерін пайдаланды, Абайдың музыкалық мұрасын, әйгілі әндерін пайдаланып композитор Ахмет Жұбанов екеуміз «Абай» операсын жазып шығардық» – деп жазады [41, 7]. Л. Хамиди түсірген 18 әннің ішінде «Қор болды жаным» әні де кездеседі.

№1.3.

Әннің бұл нұсқасы аралас өлшемде түскен. Әуеннің дамуы ұқсас болғанмен, жоғарғы III сатыға өрлеуі алдыңғы нұсқалардағыдай өрнекті емес: әуен терциялық, кварталық секіріспен тік шырқалып, тік құлдилайды. Әнде пунктирлік, синкопалық ырғақ кездеспейді. Осы нұсқа алғаш 1940 жылғы жинақта басылған [10]. АМТ жинағында I түрі болып [5, 21], АСҚ жинағында III түр болып жарияланған [6, 42].

№1.4. Әннің келесі бір нұсқасы М. Мұхаметжанованың орындауында жеткен. Ән 1984 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына жазылып алынып, Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Алдыңғы нұсқалармен салыстырғанда ән әуенінде айтарлықтай өзгешелік жоқ. Бірақ әннің алғашқы әуендік жолындағы екпін баяу, созылыңқы екені байқалады. Одан әрі сегіздік, он алтылық ноталармен әуен жүрісі жеделдеген. Қайырма алдындағы «ей» одағайы бұл орындауда да кездеседі.

№1.4.

№1.4.(а) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми зерттеу фольклорлық зертхана (ҒЗФЗ) қорында сақталған М. Мұхаметжанова орындауындағы «Қор болды жаным» әні домбыра сүйемеліне лайықталып нотаға түсірілді [15], [16]. Қ. Жүзбасов нұсқасымен салыстырғанда, аздап айырмашылықтар байқалады. Бұл нұсқа алғаш рет жарияланып отыр.

№1.4.(а)

Көріп отырғанымыздай, Қ. Жүзбасов нұсқасындағыдай емес, ән басындағы ұстамды, бірқалыпты екпін соңына дейін сақталған. Екінші, орындаушы қайырманың екі тармағын тұтас бір деммен айтып шыққан. Басқа нұсқаларда қайырма репризалық қайталау ретінде берілсе, бұл орындауда қайырмадағы 1-әуендік жолдың соңын пунктир арқылы I сатыдан III сатыға жалғай отырып, үзбей, бір деммен екінші жолды сабақтап әкетеді. Орындаушының осы ерекшелігі ескеріліп, ноталық жазбада (1.4.) қайырма басынан соңына дейін үлкен лигато белгісі қойылды.

М. Мұхаметжанова әннің үш шумағын орындаған. Ән мәтінінде өзгерістер бар. 2-шумақтың 4-тармағындағы *«салмадың»* сөзінің орнына *«жазбадың»* сөзін қолданса, сол шумақтың 5, 6-тармақтарының орнына *(Жай таба алмай жүрек, Жасыған соң сүйек)* 4-шумақтың 5, 6-тармақтарының сөзі *(Оңалдырып ойды, Түзетпей ме бойды)* айтылған.

№1.5. Консерваторияның ҒЗФЗ қорында 1989 жылы А. Серікбаеваның Семей облысы, Шұбартау ауданына жасаған музыкалық-этнографиялық экспедиция кезінде Абайдың бірқанша әндері жазылған. Соның ішінде «Қор болды жаным» әнін де кездестіруге болады. Орындаушы – Бақтажар Көмкебаев [15], [16].

Әуеннің негізгі жүлгесі сақталғанымен, алғашқы бунақта *(Қор болды)* болатын жоғарғы III сатыдағы секіріс шумақтың 2-бунағына *(жаным)* ауысқан. Қайырма алдындағы «ей» одағайы да бұған дейінгі барлық нұсқаларда жоғарғы I сатыда айтылса, бұл орындауда VII сатыға тұрақтаған. Әуен жеңіл, ширақ екпінде айтылған.

№1.5.

№1.6. Алдыңғы сөздің бірінде айтқандай, Абай Құнанбайұлының санаулы әндері ғана халыққа кең тарағаны болмаса, оның көптеген әндері бүгінге дейін айтылмай, назардан тыс қалып келеді. Соның бірі – «Қор болды жаным». Бұл туындылар ардагер әншілер айтуында да жетпеген, сол себепті олардың халық арасына кең таралуы да аз болды. Алайда, Қазақ ұлттық консерваториясының ғылыми-зерттеу фольклорлық зертхана (ҒЗФЗ) қорында сақталған деректер бұл көзқарасты қайта қарауға мүмкіндік берді. Атап айтқанда, осы қорда Мағауия Көшкінбаев орындауындағы «Қор болды жаным» әнінің сақталуы. Бұл ардагер әншілердің айтуында жетпегенмен, соларды үлгі еткен кейінгі буындағы әншілердің Абайдың сол әндерін орындағанын көрсетіп отыр [15], [16].

№.1.6

Әннің бұл орындаудағы нұсқасының алғашқы шумақ пен кейінгі шумақтарында ырғақ өзгешелігі болмаса, басқа нұсқалардан алып бара жатқан алабөтендігі жоқ. Әсіресе, М. Мұхаметжанова нұсқасына жақындық анық білінеді. М. Көшкінбаев әнді барынша баппен, асықпай орындаған.

№1.7. «Қор болды жаным» әнінің ендігі бір орындаушысы – Т. Рахимов. Жоғарыда айтылған хабарда Т. Базарбаев: «Қор болды жаным» деген әнді кезінде Л. Хамиди мен А. Жұбанов «Абай» операсына қолданған. 1940 жылғы жинақтың ішінде бар. Біз сол түрмен алдық», – дейді [8], [14]. Яғни, Ә. Ысқақов нұсқасы бойынша орындаған. Ол жинақта осы бір нұсқасы ғана берілген [10]. Ән нотаға Т. Рахимовтың орындауы бойынша домбыра сүйемеліне лайықталып түсірілді.

Т. Базарбаев Абай әндерінің түр, нұсқаларын қарастырғанда, оның ұрпақтарының айтқаны анағұрлым түпнұсқаға жақын екеніне мән беріп, аса жауапкершілікпен қарағанын байқауға болады. Дегенмен, Т. Рахимовтың өз орындау ерекшелігі байқалмай қоймайды. Оны Т. Базарбаев: «Әр әнші әнді айтып отырғанда жоғары-төмен қосымша дыбыстарды қосып отырады, не болмаса өткінші дыбыс кетіп қалады. Ол – әншінің өзінің ерекшелігі. Оның бәрін нотаға түсіре берудің керегі жоқ. Бұл нәрсе халық әндерін орындағанда керек. Ал Абайдың әні классикаға жатады. Осы қосымша дыбыстар Абай әндерін орындағанда да қосылып кеткен жағдайлар болған. Сол қосымша дыбыстарды алып тастаса Абайдың өз әні шығады», – дейді [8], [14]. Т. Базарбаевтың бұл ойымен келісуге болады. Бұл бұрыннан қазақ әні мен қазақ әншісіне тән ерекшелік.

Т. Рахимов орындауындағы «Қор болды жаным» әнін Ә. Ысқақов нұсқасымен салыстырсақ, әнші алғашқы әуендік жолдың 1-бунағын (Қор бол-ды) он алтылық ноталармен өрнектеген. Әр әуендік жолдың соңын молынан қайырып, созып, толық аяқтап отырған. Тағы бір ерекшелік, 2-әуендік жолдағы *«сен-сіз де ме-**нің»*** сөзінің соңғы буыны нүктелі ширектік нотаға дейін созылған. Бұл әншінің ән драматургиясын түсініп, дамытып, әнге әр, ойлы-мұңды мінез беріп орындауынан болса керек. Басқа нұсқаларда кездесетін қайырма алдындағы *«ей»* одағайы Т. Рахимов орындауында жоқ. Әннің қорытынды фразасы триольдармен өрнектеліп, речитативті түрде аяқталған.

№1.7.

«Қор болды жаным» – ел санасынан өшіп, ұмытылуға жақын қалған әндердің бірі. Әнді М. Көшкінбаевтан басқа алдыңғы үлкен әншілердің айтқаны жайлы еш дерек жоқ. Оның өзі енді табылып отыр. Әр жинақтарда жарияланып келсе де, үйреніп айтқан Т. Рахимов қана. Ал орта немесе кейінгі жас буын өнерпаздар арасында бұл әндерді орындайтындар мүлде кездеспейді. Бір айта кетер жайт, бұл ән опера әншілерінің репертуарынан орын алған және «Musicola» тобы өздерінің репертуарына қосып, К. Абдуллина орындаған.

Келешекте осы әндердің орындалуы басты мұрат болуға тиіс. Бұл айтылған әндер ішінен консерваторияның қорынан табылған М. Мұқаметжанованың нұсқасы мен Ә. Ысқақов негізінде айтылған Т. Рахимов нұсқасы әннің түпнұсқаға жақын үлгісі ретінде алынды.

Сен мені не етесің. Абай өлеңдерінің ішіндегі пішіні, мазмұны жағынан оқшау тұрған шығармалардың бірі – «Сен мені не етесің». Тұрағұл естеліктерінде 1889–1892 жылдар аралығында жазылған өлеңдер ішінде аталады. Өлең әр тармағы әртүрлі бунақта құрылған, 7 тармақ сайын бір қайырылып отыратын, яғни әр шумағы екі бөліктен тұратын 14 тармақты өлең. Қ. Мұқаметханов: «Ақын бұл өлеңіне тағы да ерекше түр табады. Әр шумағы жеті жолдан қайырылып отыратын бұл өлеңді «жеті аяқ» деп атауға болатын сияқты. Өлеңінің тағы бір түр ерекшелігі: шумақтың әр жолындағы сөздердің саны, буын өлшеуі күрт өзгеріп отырады. Өлеңнің кейбір жолдары бірнеше сөзден құрылса, енді бір жолдарда бір ғана сөз бір жол болып келіп отырады. Осындай аса күрделі, жаңа түрмен жазылған өлеңіне арнап қазақтың ән өнерінде кездеспейтін, жаңадан ән де шығарған» [12, 284], – десе, Р. Сыздықова: «14 тармақты «Сен мені не етесің?» өлеңінің синтаксистік құрылымы айрықша талдауға тұрарлық өте қызық. Жалпы тармақ саны 14 болғанмен бұл өз ішінен жеті-жеті тармақтан екіге бөлінеді. Бұл шығарманың буын саны мен ұйқасу суреті де өте күрделі... Бұлардың барлығында да және қызық нәрсе: ең алғашқы тармақ – айтылмақ ойдың түйіні, қазығы, ал әрі қарайғы тармақтар – сол ойды айқындай, дәлелдей түсу» [42, 302], – дейді.

a – Сен мені не етесің?	6-бу.	a – Неге әуре етесің?
b – Мені тастап,	4-бу.	g – Қосылыспай,
b – Өнер бастап,	4-бу.	g – Басылыспай,
c – Жайыңа	3-бу.	c – Байыңа,
d – Және алдап,	4-бу.	g – Және жаттан
e – Арбап,	2-бу.	e – Бай тап,
a – Өз бетіңмен сен кетесің.	6-бу.	a – Өмір бойы қор өтесің.

Көріп отырғанымыздай, өлеңнің 1-8 *(Сен мені не етесің, Неге әуре етесің)*, 7-14 *(Өз бетіңмен сен кетесің, Өмір бойы қор өтесің)* және 4-11 *(Жайыңа, Байыңа),* 6-13 *(Арбап, Бай тап)* тармақтары алыстан күрделі ұйқас құраса, екі бөлік ішіндегі 2, 3-тармақтар өзара ұйқас құрайды. Тек 5-12 тармақтар ғана ұйқасқа құрылмаған. 6-13 тармақтардың ұйқасы 1-шумақта әлсіздеу болғанмен, қалған шумақтарда берік.

С. Мұқанов өлең жолын 5, 6 және 12, 13-тармақтарын қосып, 12 жол деп қарастырған. Ұйқастарын *а, б, б, в, г, а, а, д, д, в, г, а* деп талдаған. [43, 343]. Мұның

бәрін жазып отырған себебіміз, орындаушы бір шумақты екіге жарып, әр жерінен бір алып, өлеңнің жүйесін бұзбасын дегендік. Өлең ғашықтық тақырыбында, ғашық кейіпкердің монологы іспетті. Бірақ жазушы, сыншы Т. Әсемқұлов: «Бұл өлең ғашық жігіттің монологы емес, екі адамның – әйел мен еркектің арасындағы этикалық тартыс» [44, 199], – деп жазады.

Ал осы құрылымы бөлек өлең әнге айналғанда 7 жол емес, ырғағына қарай өлең тармақтары бірігіп, 1-тармақ – 1-әуенжол; 2, 3, 4-тармақтар – 2-әуенжол; 5, 6-тармақтар – 3-әуенжол және 7-тармақ – 4-әуенжолға айналып, төрт музыкалық сөйлем, яғни төрт әуенжолды құрайды.

№1.1. Композитордың бұл әні де басқа туындыларына ұқсамайды. Әннің бұл нұсқасын 1935 жылы Ә. Ысқақовтың айтуы бойынша Л. Хамиди нотаға түсірген. Алғаш 1940 жылғы жинақта басылса [10], кейіннен АМТ жинағында жарияланды [5, 24].

V сатыдан басталған әуен жоғары-төмен терциялық секірістер жасай отырып IV сатыға аялдаумен жалғасады. 2-әуендік жол сексталық интервал арасында әуен өрнегін құраса, 3-әуендік жолдағы төменгі квинталық секіріс (субкварта) ән диапазонын децимаға ұлғайтып тұр. Мұндай төменгі бағыттағы квинталық секіріс «Сұрғылт тұман дым бүркіп» (Ә. Ысқақов, А. Жікенов) әнін еске түсірсе, ән соңында кездесетін төменгі сексталық секіріс «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», «Есіңде бар ма жас күнің» әндерінде де кездеседі. Жалпы сексталық секіріс Абай музыкасына тән интонация. Тағы бір өзгешелік – ән соңы «кетесің-ай» болып, одағай буынмен аяқталған. Дәл осы нұсқа 1994 жылы фортепианоға арналып өңделіп, «Абай әндері» жинағына енген. Өңдеген – Н. Меңдіғалиев [45, 12].

№.1.1.

№1.2. Әннің екінші нұсқасын М. Мұхаметжанованың орындауында 1984 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына аудиотаспаға жазылып алынған. Қ. Жүзбасов нотаға түсіріп, АСҚ жинағына тұңғыш рет жарияланған [6, 44]. Нұсқа сол жинақ бойынша беріліп отыр.

№1.2.

№1.2.(а) Қ. Жүзбасовтың *fis* эолиялық ладына негіздеп түсірген әннің нота-лық жазбасын консерватория қорындағы М. Мұхаметжанова орындауымен салыстырғанда екеуінің әуендік-ладтық арқауы бір болып шықты [15], [16]. Бұл нұсқаның алдыңғы нұсқадан айырмашылығы – VI сатының жоғарылауы (дориялық лад). Алдыңғы нұсқада 3-әуендік жолдағы төменге бағытталған квинталық секіріс (II-V) бұл нұсқада I сатыдан төмengі V сатыға субквартalық секіріс болып берілген. Тіпті, секіріске дейінгі әуен бедерлері де екі нұсқада екі бөлек. Бұл да екі нұсқаны бір-бірінен бөлектеп тұратын ерекшелік деп айтуға болады. Ән соңы алдыңғы нұсқадай октавалық емес, сексталық секіріспен аяқталған (1.2.(а). Қалған әуенде өзгеріс жоқ.

№1.2.(а)

М. Мұхаметжанова әннің үш шумағын айтқан. Бірақ ән сөзін әр шумақтың әртүрлі тармағынан алып, ауыстырып орындаған.[1] Өлеңнің 1-шумағының 1, 2, 3 және 11, 12, 13, 14-тармақтары және 2-шумақта 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 14-тармақтары айтылған. Ал 3-шумақта 5-шумақтың алғашқы 7 *(бірінші бөлігі)* жолы айтылған. Нотаға түсіру барысында өлең шумақ-тармақтарының реті сақталып жазылды.

№1.3. 2008 жылы Шәкәрімнің 150 жылдығына орай Ниязбек Алдажаровтың айтуындағы Абай, Шәкәрім, Шәкәрімнің ұлы Қабыштың (Ғабдолла) және басқа халық әндері енген аудиожинақ жарыққа шықты. Сол жинаққа «Сен мені не етесің» әні де енген [8].

№1.3

[1] Бұл жерде өлеңнің әр шумағы 14 тармақты деп алынды.

Әнші әннің толық бір шумағын (14 жолын) ешқандай текстологиялық өзгеріссіз орындап шыққан. Ән алдыңғы нұсқалардай терциялық емес, кварталық секіріспен басталады. 2-әуендік жолда VII сатыдан бірден сатылап түсу жоқ, әуен VI сатыда өрнектеле I сатыға өрлеу арқылы негізгі интонациялық ізге түседі. 3-әуендік жолдағы қосарланып келген төмен бағытталған квинталық-кварталық секірістер әуеннің диапазонын ундецимаға теңестіреді. Әнші әннің екі шумағын екі түрлі – төменге бағытталған сексталық және октавалық секіріспен аяқтаған. Ән 2009 жылы «Қазақтың 1000 әні» аудио антологиясына әнші Перизат Тұрарованың орындауында енді. Әннің бұл нұсқасы бірінші рет нотаға түсіп, жарияланып отыр.

Абайдың «Сен мені не етесің» әні үш-төрт түрлі нұсқада жетіп, бүгінгі күнде соңғы табылған Н. Алдажаров нұсқасы елге кең таралып, сахналардан жиі орындалып жүр. Жинаққа М. Мұхаметжанова мен Н. Алдажаров жеткізген нұсқалар инвариант үлгі ретінде алынды.

Айттым сәлем, қалам қас. Абай шығармаларының ішінде кең таралғаны да, көп орындалғаны да – «Айттым сәлем, қалам қас» әні. Жігіт пен қыз арасындағы бір-біріне деген іңкәр сезім мен нәзік сырды жеткізуде дәнекер болған хат-өлең халықтың сүйікті әні де болды.

Өлең 1889 жылы жазылған. 1909 жылғы жинақта «Жігіттің қызға айтқаны» деген атпен берілген. Кейінгі жинақтарда «Жігіт сөзі» болып жарияланып, Қ. Мұқаметханов түсініктерінде: «Ғашық жігіттің сезім-сыры оның сүйген қызына жолдаған сәлем хаты арқылы баяндалады» деген түсінік берілген [12, 284]. Яғни, өлең мазмұны – хат-өлең, оған қайтарылған жауап хат-өлең – «Қыз сөзі» *(«Қиыстырып мақтайсыз». 1909 жылғы жинақта «Қыздың жігітке айтқаны»).* Бірақ «Қыз сөзінің» әнмен айтылғаны жайлы дерек жоқ.

«Айттым сәлем, қалам қас» 4+3 буынды екі бунақтан тұратын, 4 тармақты, 10 шумақты өлең. Өлеңнің ешқандай шумағында бунақ орындарының ауысқаны немесе буын санының артық-кемі байқалмайды. Әнде өлеңнің бастапқы үш шумағы ғана орындалады. Әнді домбырамен айтуға байланысты Т. Базарбаев: «...Осы әнді домбырамен сүйемелдеп айтып жүрген әншілер тіпті, жоқ десек те болады. Себебі, өте қиын. Домбыра фактурасына келмейді», – деп жазған [32, 192]. Расында, кейінгі әншілер арасында Ж. Кәрменовтен басқа әншілердің айтқаны кездеспейді.

№1.1. Шығарма Абайдың бұған дейінгі біз сөз еткен әндерінің ішіндегі «Желсіз түнде жарық ай» секілді жаңаша сипат, өзгеше ырғақта туған терең лирикалық әндерінің қатарына жатады. Әуендік құрылымы *abcd*. 3, 4-әуендік жолдар қайталанады – қайталанған қостармақ. Әннің дыбыс ауқымы – ундецима. Әуендік арқауы эолиялық ладқа негізделген.

Әннің екі түрі жеткен. АСҚ жинағында берілген III түрі А. Бимбоэс жеткізген «Сегіз аяқ» әніне қатысы бар. Ол туралы осы әннің 1.2 нұсқасында сөз болады және «Сегіз аяққа» берілген 1.1 түсінікте жазылды.

«Айттым сәлем, қалам қас» алғаш 1934 жылы Алматыда Т. Арғынбаевтың орындауында Б. Ерзаковичтің жазып алуымен хатқа түсіп, 1940 жылғы жинақта II түрі болып [10], АМТ [5, 25] және АСҚ жинақтарында [6, 45] I түр болып басылған.

Шығарманың бұл нұсқасы АСҚ жинағынан алынып ұсынылып отыр. Ән 3/2 өлшемге түсірілген.

Абайдың «Айттым сәлем, қалам қас» әнінің бүгінгі орындаудағы нұсқасында бірінші әуенжолдың соңғы буыны (қалам қас) қатар орналасқан екі пунктирмен аяқталады. Алайда, Т. Арғынбаев нұсқасындағы осы құрылымда айырмашылық байқалады: мұнда бір пунктир «ой» одағай буынына бөлінген түрде берілген. Мұндай шағын вариациялар Абай әндерінің әртүрлі ауызша жеткен нұсқаларында кездесіп тұрады. Дегенмен, бұл әуенге де, ырғағына да теріс әсерін тигізіп тұрған жоқ.

Әннің ең басындағы I, III, IV, V сатылар арқылы басталатын тетрахордтық интонация ән бойында үш рет кездеседі. Әдетте, мұндай қайталау қазақ әндерінде көп ұшыраса бермейді. Әннің бұл ерекшелігін Ғ. Бисенова да кең талдап, анықтама берген [7, 49].

№1.1.

№1.2. Алдыңғы нұсқаға байланысты түсінікте ескерткеніміздей, «Айттым сәлем, қалам қастың» осы нұсқасы жөнінде бір түсініксіз жайт бар. Б. Ерзакович А. Бимбоэс жазып алған «Сегіз аяқ» әніне: «Халыққа мейлінше көп тараған «Айттым сәлем, қалам қас» әні орыстың қала романстық лирикасына өте жақын. Оны тұңғыш рет А. Э. Бимбоэс жазып алған және «Сегіз аяқ» деген атпен «Қырғыздың 25 әні» жинағына енгізген. Бірақ бұл әнді Бимбоэстің жазып алғанынан гөрі әлдеқайда жақсы айтатын әншілерді білеміз. Бірақ әуендік негіз бәрінде де бір тектес болып қала береді», – деген пікір білдірген болатын [19, 25]. Ол осы пікірінен айнымай, А. Бимбоэс жазып алған «Сегіз аяқ» әнін АСҚ жинағына «Айттым сәлем, қалам қастың» мәтінімен де енгізген. («Сегіз аяқ» 1.1) Яғни, АСҚ жинағында бір әуен ақынның екі өлеңіне арқау болған («Сегіз аяқ» және «Айттым сәлем, қалам қас»).

№1.2.

№1.3. «Айттым сәлем, қалам қас» – домбыра қостауымен көп айтыла бермейтін әндердің бірі. Бұл ән де көбінесе фортепиано, оркестр сүйемелінде, көпдауысты хор, капелла ансамбльдерінің репертуарынан жиі көрінеді. Домбыра аспабында айтып жеткізуші Ж. Кәрменов қана.

Өткен ғасырдың 80-жылдары А. Сейдімбеков пен Ж. Кәрменовтің «Асыл мұра» топтамасы негізінде жасалған «Абай әндері» хабары. Ж. Кәрменов әнді айтардың алдында: «Қалам қас» әні Абай ауылында, Абай төңірегіндегі қарттардың айтатын үлгісі екен», – деп түсінік береді.

№1.3.

Ж. Кәрменов айтуындағы нұсқа әуенінде бүгінгі айтылып жүрген үлгіден бір айырмашылығы – 2-әуенжолдың кульминациялық шарықтауында *(мал **мен** бас)* жоғарғы IV сатыны қамтымайды. Сондай-ақ, ырғағында ерекшелік бар. Ал әнді мейлінше созып айтуынан Ақан серінің «Сырымбетіндей» кеңдік, еркіндік көрінеді. «Желсіз түнде жарық ай» түсінігінде айтылғандай, бұл әннің де Ж. Кәрменов нұсқасы домбыра сүйемелімен түсірілген жағдайда дәстүрлі орындаушылық ерекшелігі айқын көрінетіні белгілі. Алайда жинақ көлеміне байланысты мұнда да канталық үлгісі ғана ұсынылды.

№2.1. Келесі сөз әннің түрі жайлы. 1935 жылы Л. Хамиди Ә. Ысқақовтың орындауында нотаға түсірген. Ән алдыңғы нұсқаларға мүлде ұқсамайды, басқа түрге жатады. Әуендік құрылымы *aaab*. Аздаған өзгерістермен ғана ерекшеленгені болмаса, алғашқы үш әуенжолдың әуені бір. Ә. Ысқақовтан кейін бұл түрінің орындалғаны жөнінде ешқандай дерек жоқ. Ән Абай стилінен алшақ. Сол себепті бұл әнді Абай әндерінің қатарынан көре алмай тұрмыз. Ән нұсқасы 1940 жылғы [10], АМТ [5, 26], АСҚ [6, 45] жинақтарына және Ғ. Бисенова монографиясының қосымшасына енген [7, 141].

АМТ жинағында *es* иониялық ладында берілген және 3-әуендік жолда VII сатының төмендеуі кездеседі. АСҚ жинағында осы миксолидиялық лад кездейсоқ белгі емес, ноталық жол басына төрт бемоль белгісі қойылу арқылы көрсетілген. Ән АМТ жинағы бойынша беріліп отыр.

№2.1.

Жоғарыда музыкатанушылардың көбінесе ақынның елге кең таралған әндеріне ғана назар аударып, сол әндерді негізгі зерттеу нысаны ретінде қарастырғаны айтылған болатын. Әсіресе, «Айттым сәлем, қалам қас» әніне қатысты пікірлер сан түрлі.

Г. Шомбалова: «Бұл әннің мелодиясынан XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс халқының тұрмыстық романстарына тән бірталай ерекше белгілерді табамыз. Бұл – сексталық мелодиялық жүрістер мен жеке мелодиялық оралымдар және шумақтың екінші жартысын қайталаудан туатын түр құрылысының екі бөлімнен келуі» [4, 91], – десе, М. Ахметова: «Айттым сәлем, қалам қас» әніне келсек, оның жұмсақ та баяу әуені Абайға тән терең мәнді, мол тыныстық ақындық мәтініне мінез қоса түседі. Онда алдыңғы сегіз жолды өлең сияқты («Сегіз аяқ») қазақтың жеті буынды өлеңіне де жаңаша кең әуендік құрылым мен стиль қолданған. Абайдың бұл кең құрылымды «Айттым сәлем, қалам қас» әні жалпы сипаты бойынша XIX ғасырдың екінші жартысындағы орыс романстық шығармашылығы және орыс қалалық әнімен сөзсіз интонациялық байланыс бар екенін байқауға болады» [18, 87], – деп, жалпы әуен құрылымында жаңашылдық пен өзгешелік барын баян етеді.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап бұл әннің әуені орыстың халық әні «Карие глазки» туындысымен ұқсас екендігі жөнінде пікірлер жиі айтыла бастады. В. Дернованың «...Жаңа лирикалық жанрға бүтіндей жататын Абайдың үш қана әні бар: «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» және «Қараңғы түнде» [9, 117] деген пікіріндегі әндер қатарына «Айттым сәлем, қалам қас» әнінің қосылмауының сыры «Кари глазкиге» ұқсауында жатқан сияқты. Мұндай ойды Б. Ерзаковичтің Абай әндеріне қатысты мақалаларынан да кездестіруге болады.

Олай болса, «Кари глазки» жайлы әуелгі сөз қайдан шықты? Жазушы Т. Әлімқұлов алғаш рет бұл әннің орыстың «Кари глазки» деген әніне ұқсайтынын айтқан. Өзінің «Жұмбақ жан» еңбегінде: «Абайдың жұртшылыққа түгел тараған «Айттым сәлем, қалам қасы» орыстың «Кари глазки» аталатын ежелгі халық әні боп шықты. Ежелгі дейтін себебім, әннің текстінде славянизмнің шалығы бар. Әннің «Карие глазки» болмай, «Кари глазки» аталуы, үнді бір әріптің түсіп қалуы, толып жатқан келте орам, қайрылыстар осыны аңғартады.

Осы әннің нотасын мен қазақ музыкасын зерттеуші һәм композитор Б. Г. Ерзаковичке 1954 жылы берген едім. Он екі жылдан кейін 1966 жылы Алматының «Наука» нәшриятында шыққан «Песенная культура казахского народа» атты

кітабында Б. Г. Ерзакович осы нота хақында былай деп жазады: «Абайдың халыққа өте-мөте кең тараған «Айттым сәлем, қалам қас» әні орыстың қалалық романс лирикасына ерекше жақын. Бұл ән «Карие глазки» деп аталатын орыстың ертедегі тұрмыстық романсына әуен жағынан аса жақын. «Карие глазкиді» Абай өзінің орыс достарының бірінің үйінен естуі мүмкін. Бұл романстың Сібір мен Қазақстанда ғана емес, Россияда да кең тарағанын жазушы-сыншы Т. Әлімқұловтың хабарлаған қызықты фактісі дәлелдейді». Осыдан кейін Б. Ерзакович «Айттым сәлем, қалам қастан» айнымайтын орыс әнін менің қашан, қай жерде, кімнен естігенімді жазады. О баста мен ауызша айтқандықтан және көшеде жүрдім-бардым айтқандықтан нобайын ғана келтіреді. Шындықты сақтау үшін толық жазғым келеді», – деп әнді қалай жазып алғаны жайын сөз етеді.

«Москваның А. М. Горький атындағы әдебиет институтында оқып жүрген кезімде, 1950 жылы қыста, жеке пәтерде тұрушы едім. Бір күні кеште «Айттым сәлем, қалам қасты» ыңылдаттым. Пәтер жалдаушы кемпір – Ольга Дмитриевна таңданып: «Бұл – орыстың әні ғой!» – деді. Бірақ әннің төркінін таба алмады. Осындай таңданысты мен Қырымда Анна Алексеевна дейтін кемпірден және есіттім.

Арада үш жылдай уақыт өткенде, 1953 жылы, Алматыда Городская көшесінің 19-шы үйінде тұратын Анна Степановна Аринчехина кейуана әннің орыс әні екенін анықтады. Ол Фрунзе қаласына барған сапарында сіңлісінің үйіндегі фарфор вазадан әннің нотасын көшіртіп әкелді. Менің Б. Ерзаковичке бергенім сол көшірме. Түпнұсқасы Фрунзе қаласында, вазадағы сурет-нәш.

1954 жылдың күзінде жазушылардың Бүкілодақтық съезіне келе жатқанымда осы әнді вагон-ресторанна естідім. Аспазшы орысқа даяшы қыз қосылып, аяғы хорға айналып кетті. Ән түн ортасы ауғанға шейін шырқалды. Күні бүгін осы әнді москвалық шофер Иван Сергеевичтен естіп жүрмін.

Осындай фактыларға қарағанда, «Кари глазки» («Карие» емес») Б. Ерзакович айтқандай, қалалық романс емес, орыстың әріден келе жатқан халық әні ме деп топшылаймын. Романстың тексті де, сазы да ұзақ болмайды. Бұл әннің тексті ұзақ та, өзі шамасыз шұбалаңқы.

Енді әнді Абайдың «Айттым сәлем, қалам қасымен» салыстырар болсақ, ырғақтарда ғана болмашы айырма бар. Орысшасы баяулау айтылады да, ұзақтан қайырылады.

Бұл өлеңнің кейбір шіркеулік-славяндық сөз нақышы «әріден келе жатқанды» растайды. Рас, әннің кейбір сазы, әсіресе, қайырымы осы күнгі арагідік айтылып жүрген әйгілі «Волга – реченькаға» ұқсайды. «Волга – реченьканың» өзінің Еділден тараған талай әнге, мысалы, «Разлилася Волга широкаяға» ұқсайтыны хақ. Орыстың халық әнінің саздысының көбі осы Еділге байланысты туғанын еске алсақ, «Кари глазкидің» тым әріден келе жатқанына күмән қалмайды. Бір қызығы, бұл ән орысшасында қыздың атынан айтылса, Абай оны жігіттің аузына салады, яғни өзінің көңіл хошына бейімдейді. Әннің айырмашылығы да осыдан тарайды. Орысшасы нәзіктеу, мұңдылау, созымдылау. Қазақшасы ірірек, шерлірек, қысқарақ.

Әрине, Абай өз әндерінің барлығын орыстан көшірмеген. Біз келтірген мысал некен-саяқ. Бірақ Абайдың орыс әнін сүюі, содан тікелей үйренуі ешқандай күдік тудырмайды» [39, 117–119], – дейді.

Б. Ерзакович: «Мынадай бір маңызды жайға тоқтала кеткен жөн: революцияға дейінгі қазақ музыкасы орыс музыкасымен байланыстың арқасында жетіліп, байып қана қойған жоқ, өзі де кейбір орыс композиторларының шығармашылығының қайнар көзі болып, кәдесіне жарады. Ол кездегі зерттеушілер мұны талай рет атап көрсетті. Торғай облысының музыкалық фольклорын зерттеуші С. Г. Рыбаков[1] дәл осындай пікір айтқан. Географиялық қоғам мәжілістерінің бірінде жасаған хабарында ол мынадай ойын ортаға салған: қазақ музыкасын зерттеу «орыс музыкасын зерттеуге пайдалы әсер етуі мүмкін. Оның пікірінше, А. П. Бородин өзінің «Князь Игорь» операсында көп ретте біздің шығыс халықтарымыздың музыкасының ерекшеліктерін өте нәзік те шебер көрсеткен». Бұл мәселе жөнінде С. Г. Рыбаков бір де бір факт келтірмесе де, оның айтқандары – назар аударарлықтай.

Мына бір оқиғаны еске алса да болады: төрт жыл үзілістен кейін 1874 жылы А. П. Бородин «Князь Игорь» операсын жазуға қайта кіріседі де тікелей өзі және В. В. Стасов арқылы атақты зерттеуші-жазушы В. Н. Майновтан половец музыкасының сипаты жайында сұрағанда, В. Н. Майнов А. П. Бородинге: «половецтердің музыкасы таза шығыстық әуендер жиынтығынан құралған болу керек, бірақ «Ложится в поле» Балакирев әуеніндей, парсы әндеріндегідей ерекше әсем емес, өйткені алтайлық түріктер мұндай әсем әуен дәрежесіне әлі жеткен жоқ, бұған олардың чуваш, башқұрт, қырғыз ұрпақтары дәлел бола алады», – деген.

В. Н. Майновтың бұл пікірін еске алады да А. П. Бородин венгр және половец әндерінің жинақтарымен танысады. «Шығыс әуендерінің жиынтығын» іздеу кезінде А. П. Бородиннің қазақ әндерімен танысуы да ықтимал. Бірақ мұны анықтайтын жазба деректер әзірге жоқ. Әйтсе де, қазақ әуенін «Князь Игорьдің» әуенімен салыстыру бұл болжамды онан әрі зерттеу қажеттігіне негіз бола алатын сияқты. Мәселен, қазақтың А. В. Затаевич жазып алған «Ай, айнам» және «Ғазиза-ай» әндері мен половец жауынгерлерінің музыкалық образдары арасында өзара даусыз табиғи ортақтық бар екенін көрсетеді. Сол сияқты Кончаковнаның каватинасы мен қазақтың халық әні «Жайма қоңырдың» (Мұхиттың әні – Е. Ш) арасында да әуендік ұқсастық бар екенін байқауға болады» [19, 27-28], – дейді. Бірақ Б. Ерзакович осылай дей тұра «Айттым сәлем, қалам қастың» ар жағына үңілуде біржақтылық танытқан сияқты.

Т. Әлімқұлов «Орыстың халық әнінің саздысының көбі осы Еділге байланысты туғанын еске алсақ, «Кари глазкидің» тым әріден келе жатқанына күмән қалмайды» деп бір ойды тұспалдап кеткен сияқты. Көрші, аралас отырған этностардың мәдениеті, тілі, өнері, өмір сүру салтының бір-біріне ауысуы немесе күшті мәдениеттің үстемдік құратыны табиғи заңдылық болса, «Кари глазкидің» де ар жағында қыпшақтардың (половец) әуені жатқан жоқ па деген ой келеді. Болашақта ұқсастықтарды осы аяда қарастырған дұрысырақ деп ойлаймыз...

Ақын әндерінің орыс әнімен ұқсастығына қазақ музыкатанушылары біршама қарсылықты пікірлер білдірген. А. Жұбанов Абайдың композиторлық жолының қалыптасуын айта келіп: «...Әннің қазақ халқының рухани байлығының ішіндегі өткір қаруының бірі екенін білді. Ол ән шығару әдісінде жаңа интонациялық көріністермен

[1] С. Г. Рыбаков – этнограф, музыкатанушы, фольклорист. Орыс географиялық қоғамының мүшесі. 1902–1908 жылдар арасында Торғайда тұрған.

20–9114

таныстыр. Бұрынғы қазақтың әндерінің дәстүрін меңгерді. Сол дәстүрде де ән шығарды. ...Біржанның, Ақанның салып кеткен музыкалық ізін, дәстүрін қирату керек демей, қайта Арқа әндерінің асқақ үндерін өзі есіткен орыс, украин халық әндерінің, қаланың демократиялық ән үлгілерінің, орыстың романстық лирикасының үлгілерімен қабыстырып, түрлі бояудан келіп, жаңа бір сапалы түр тапты», – деп түрленуінің, дамуының, жетілуінің негізін ашып береді. Ал Абайдың музыкадағы осы жолын біржақты қараушыларға: «...Абай әндерін орыс музыкасының көлеңкесі деп қараушылардың қолында оны дәлелдейтін ешбір айғағы жоқ, Абай әндері басынан аяғына дейін қазақ музыкасының халықтық интонациясында құрылған, бірақ басқа интонациялық демдердің араласуы арқылы жаңа заман тілі, «сөздігі» бар шығарма болып қалыптасқан» [46, 122–123], – деп түйіндейді».

Абай әндеріне қатысты осындай біржақты ойлардың бүгінгі күнде ескіргені, жаңаша көзқарастың қажет екендігін музыкатанушы С. Күзембаева да айтады. Ол: «Абайдың лирикалық әндерін сөз еткенде, ескере кететін бір проблеманы еске салған жөн. Ол Қазақстан музыкатану ғылымында осы күнге дейін қалыптасып келе жатқан орынсыз ой-пікір. Бұл қате тұжырым бойынша, Абайдың нағыз ұлттық нақышпен безендірілген, нағыз қазақи туындылары «Айттым сәлем, қалам қас» пен «Желсіз түнде жарық ай» әндерін орыстың «Карие глазки» романсы мен орыстың халық әні «Коробейникиге» еліктеп шығарылған, тіпті бұл әндерді Абай жазбаған да шығар деген күмәнді сөздер айтылып келеді. Біздің ойымызша, бұл теріс ұғым кеңес заманы идеологиясының салдарынан шыққан тұжырым. Соншама әндер шығарған Абай тек осы екі әнге келгенде, қалайша олардың авторы болмайды?! Рас, Абай кезінде өз ортасында әртүрлі халықтардың музыкасын естіп, табиғи дарынының арқасында оны қабылдап, өз шығармашылық лабораториясынан өткізгені мәлім, соның нәтижесінде біз Абай тек өз мәнеріне тән әндер жазған деп толық айта аламыз» [47, 2], – деп үн қосады.

Осы пікірге Т. Базарбаев та: «Осы дауды бұрынырақ А. Затаевич қозғап еді, «Айттым сәлем, қалам қас» орыстың «Черноглазая» деген әнімен бірдей деп. Енді оны Ерзакович қайталап айтып жүр. Мұндай пікірлерге кезінде Жұбанов үзілді-кесілді қарсы болған. Шынында да Абай орыстың алдыңғы қатарлы ақындары мен композиторларын жақсы білгендігі белгілі...» [32, 191] – деп, өзінің бұл пікірге қосылмайтынын білдіреді.

Бұл турасында Қ. Жүзбасов та: «Айттым сәлем, қалам қас» әнінің өлең өрнегі кәдімгі қазақ әндерінің қайырмаларында жиі кездесетін бунақтармен ұқсас келетінін де айта кету орынды болар. Солай бола тұрса да, кейбір зерттеушілер бұл әнді малоросс немесе орыс әндерімен үндес деген тұжырым айтқан кездері болды. Бірақ мұндай пікір тым ұшқары, негізсіз. Өйткені романс жанры музыканың европалық үлгісіне жатады да, міндетті түрде аспаптық сүйемелмен орындалады. Оның композициялық тұрпаты бірнеше бөлімнен құралып, циклдық түрмен ерекшеленеді. Сондықтан Абай әндеріне ұқсастықты бөтен жанрлардан іздестірудің реті жоқ», – деп жазады [48, 8].

Ғ. Бисенова осы әндерді салыстыра келе, ол әндердің бір емес, бірнеше нұсқасының барын айтып, салыстырады.

Ғ. Бисенова «Кари глазки» әнінің тағы бір нұсқасын музыкатанушы Н. Матаганованың анасының орындағаны жөнінде айта келіп, «Ол нұсқаны Б. Ерзакович нұсқасымен салыстырғанда ұқсастық таптық. Әнді орындаушы Жетісу өңірінде туған, ұзақ уақыт Семейде тұрған», – деген дерек береді.

Ғ. Бисенова: «Бұл жағдайда Абай әнінің орыс романсының әуеніне кері әсері байқалады деп болжауға болады. Б. Ерзакович «...революцияға дейінгі қазақ музыкасы орыс музыкасымен байланыстың арқасында жетіліп, байып қана қойған жоқ, өзі де кейбір орыс композиторларының шығармашылығының қайнар көзі болып, кәдесіне жарады», – деген пікірді дұрыс айтқан. Абай әнінің жалпы құрылымы жоғарыда айтылған «Карие глазки» романсының екі нұсқасына қарағанда әлдеқайда бай екендігі сөзсіз. Бұл шарықтау шыңына жақындауды көрсетеді, даму тақырыбы неғұрлым мәнерлі, толығырақ. Абайдың әуені өзі естіген романстың шығармашылық тұрғыдан қайта ойластырылған нұсқасы (аудармасы) деп есептесек, онда әуеннің барлық иін, иіріміне үйлес, сай, дәл жазған ақындық даналығына таңданбасқа шараң жоқ. Бұл – осы шығарманы бағалаудағы ең маңызды нәрсе. Сондықтан, Абай әуенінің орыс романсымен интонациялық (бірақ метрикалық емес) ұқсастығына мән берудің қажеті жоқ деп санауға болады. Сонымен қатар, Абай «Кари глазки» романсына назарын аударды дегеннің өзінде, әуеннің кеңдігі, әннің эмоционалды-бейнелік құрылымы ақынның шығармашылық тұлғасына жақын болғанынан деп есептеу қажет» [7, 52], – деген ой айтады.

Ғ. Бисенова сонымен қатар: «Абайдың Тоғжанға деген махаббаты оны көптеген лирикалық туындыларды тудыруға шабыттандырғаны белгілі. «Айттым сәлем, қалам қас» әні сүйіктісінен айрылған кезде тууы мүмкін. «Жігіт сөзі» Найман руынан шыққан

Қаламқас есімді қызға арналған деген сөз бар. Мұндай куәлікті Семей облысының Абай ауданында тұратын Балқатай Толғамбаев береді. Ол Абайдың өмірі мен шығармашылығынан, ұлдары мен туыстарынан көптеген мәліметтерді біледі. Бәрібір, бұл әннің ішкі мазмұны өмірбаяндық мінез арқалап тұрғандай сезіледі» [7, 51–53], – дейді.

Ғ. Бисенова келтіргендей, әннің Тоғжанға немесе Найман руынан шыққан Тана мырзаның қызы Тұржанға арналған екен деген сөздің бары рас. Ақын Қалихан Алтынбаев «Қалбатау» кітабында осы жайға зерттеу еңбегін арнаған [49, 134–138]. М. Әуезов 1945 жылы жазған «Абайдың өмірбаяны» еңбегінде Абайдың алғашқы ақындық қасиетінің қалыптасуына байланысты сөз қозғай келіп: «...Абай өзін ақынмын деп санамаған. Өлеңді де, дәл өлең түрінде, келелі тартыс үстінде аз қолданып, жәй ойын, қалжың, мысқыл түрінде көбірек айтып тастап жүрген. Әсіресе жігіттікке жеткен шағында қыз-келіншекке арнаған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. ...Жаңағы айтылған әйелдер сияқты Абайдың жас күнінде қатты қадірлес болған әйелінің бірі – Мұрын Тананың қызы Тұржан сұлу екен. Бұл кейін Сыбан ішіндегі Быжы деген өзбекке тигенде, Абай әдейілеп барып, амандасып жүрген» [2, 161–162], – деп қысқа түсінік береді. Тұржан туралы сөздің төркіні осыдан шықса керек. Біздің ойымызша, өлең-әннің кімге арналғаны маңызды емес. Бастысы – шығарманың туылуы, оның көркемдігі, эстетикалық мәні, кейінге жетуі.

Жинаққа әннің Т. Арғынбаев жеткізген нұсқасы мен Ж. Кәрменов нұсқасы (дәстүрлі орындаушылар үшін) инвариант үлгі ретінде берілді.

Татьяна хаты, Татьяна жауабы. XIX ғасырдың 80-жылдарының аяғы Абай шығармашылығының жемісті жылдары болды. М. Ю. Лермонтов, А. С. Пушкин, И. А. Крылов, А. А. Дельвиг, В. А. Крылов (Р. Ливенштейн) секілді орыс ақындарынан жасалған аудармалар да осы жылдардың үлесіне тиеді. Солардың ішінде А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударған циклды өлеңдерінің орны бөлек. Олар әнге айналып, ел ішінде «Тәтіштің әні» деген атаумен де кең таралды. Ақынның бұл аудармалары шәкірттерінің бірі Әсет Найманбайұлына да әсер еткен, оның «Евгений Онегинді» нәзира дәстүрімен жырлағаны белгілі. Ән турасында К. Ысқақұлы: «Абай қазақша өлеңмен «Онегинді» перевод қылды. Қазақ ортасына қатты жайылып кетті. Қазақтар Татьянаның хатын бек таңсық көреді» [50, 104–112], – десе, М. Әуезов: «Татьяна мен Онегин образдарының биік поэтикалығына, шынайылығына ғажап қалған Абай олардың тарихын баяндайды, олардың ұлы қастерлі сүйіспеншілігінің бағалылығын баса көрсетеді және оны қазақ жастарының ұғымына жақындатады. Абай версиясында «Евгений Онегин» эпистолярлық роман түріне ие болған», – дейді [51, 54]. «Татьяна әнінің» қазақ даласына кең таралғаны жайлы Дм. Львович (Иванов), А. Н. Седельников секілді орыс саяхатшылары да тамсана жазған [52, 160–181], [53, 204].

Абайдың Онегин мен Татьяна туралы әндері музыка зерттеушілерінің үлкен қызығушылығын тудырып, назарын аударды. А. Жұбанов, Г. Шомбалова, В. Дернова, Б. Ерзакович, М. Ахметова сияқты музыкатанушылар көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіп, талдаулар жасап, еңбектер жазды. Әндердің қазақ арасына кең таралғаны сонша, музыкатанушы В. Дернова 1960 жылдардың өзінде: «Жалпы алғанда Онегин циклынан он екі ән жиналып отыр», – дейді [54, 80]. Бүгінгі күні Татьянаға арналған әндердің саны одан да көп. Алайда қазіргі дәстүрлі орындаушылар репертуарында «Татьянаның әні» деп

бір-ақ ән орындалады, ол – «Татьянаның жауабы» (Тәңірі қосқан жар едің сен). Бүгінге дейін зерттеушілерден басқа осы әндердің қайсысы «хаты», қайсысы «жауабы» екенін ажыратып, оның қайсысы қай әнмен айтылатынына үңілген орындаушы жоқ.

Абайдың Онегин циклына жататын «Татьянаның Онегинге жазған хаты» *(Амал жоқ қайттым білдірмей),* «Онегиннің Татьянаға жауабы» *(Таңғажайып бұл қалай хат)*, «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» *(Құп білемін сізге жақпас)* және «Татьяна жауабы» *(Тәңірі қосқан жар едің сен)* өлеңдері ән түрінде айтылып, кең таралды. Аталған туындылардың атаулары Абай шығармаларының әр кезеңдегі жинақтарында түрліше беріліп отырған. Мәселен, 1907 жылғы қолжазбада «Татьянаның Онегинге жазған хаты» шығармасы «Татьяна қыздың Онегинге айтқаны» деген атаумен кездессе, «Татьяна сөзі» аталатын ән «Татьянаның Онегинге айтқаны» түрінде жазылған. Ал 1909 жылы жарық көрген тұңғыш ресми жинақта бұл туынды «Татьянаның қайғырған жауабы» деген атаумен жарияланған. Осы негіздерге сүйене отырып, 2020 жылы жарық көрген толық академиялық жинақ пен осы жинақталып отырған соңғы басылымда атаулық бірізділікті сақтау мақсатында аталмыш әндер «Татьянаның хаты» *(«Амал жоқ, қайттым білдірмей...»)* және «Татьянаның жауабы» *(«Тәңірі қосқан жар едің сен...»)* деген атаумен жүйеленіп беріліп отыр.

Сонымен, Онегин циклына қатысты сөз жинақтарда жарияланып келе жатқан жүйе бойынша және әннің алғаш хатқа түсу ретіне қарай «Татьянаның Онегинге жазған хаты» *(Амал жоқ қайттым білдірмей)*, қысқартып айтқанда, «Татьяна хатынан» бастап қозғалады. Татьянаға қатысты әндердің мәтіні мен әуені араласып кеткендіктен, «Татьяна хаты» мен «Татьяна жауабы» бірге қарастырылады.

№1.1. «Татьяна хаты» – Абай әндері ішіндегі алғаш хатқа түскен екі әннің бірі. Оның АСҚ жинағы бойынша бүгінгі күнге дейін төрт түр-нұсқасы жетіп отыр. Ақын түпнұсқадағы буын санын сақтауға тырысқан. Осы өлеңнің өзіне тиесілі әуенін түпнұсқадағы кейбір шумақтардың сөзімен орысша айта беруге де болады. Ол жайлы В. Дернова да: «Аударма «Татьяна хатынан» басталуы да мүмкін. Біздің ойымызша, біріншіден, түпнұсқаның стопасын (бунақ, ырғақтық топ. Е. Ш) сақтауға ұмтылғандық, екіншіден, мелодияның кейінгі кезде Онегин циклындағы барлық өлеңдердің негізгі әні болғандығын айтып береді», – дейді [4, 113]. Өлең 4 тармақты 19 шумақтан тұрады. Құрылымы – 5+3 бунақты, ұйқасы – *abab.*

«Татьянаның хаты» әні алғаш 1920 жылдары А. Бимбоэстің жазып алуымен хатқа түсіп, «Қырғыздың 25 әні» мақаласына еніп, 1926 жылы «Музыкалық этнография» жинағында мәтінсіз жарияланған. Алайда осы ән Н. Құлжановадан жазылып алынған деп айтылады. Оны айтып отырған себебіміз, әнді жазып алған уақыттан төрт-бес жыл бұрын, яғни 1914 жылы 26 қаңтар күні Н. Құлжанова Семей қаласында Абайдың өмірден өткеніне 10 жыл толуына байланысты әдеби-музыкалық кеш ұйымдастырып, ақын мұрасы жөнінде баяндама жасайды. Сол кеште Абай әндерін орындаушы, насихаттаушы әнші Әлмағамбет Қапсәләмов Абайдың «Татьянаның хаты», «Айттым сәлем, қалам қас», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» әндерін орындаған. Жүсіпбек Аймауытов Біржан сал рөлін, Тұрар Қозыбағарова Сараның рөлін сомдап, Біржан мен Сараның айтысын сахналайды.

Неге екені белгісіз, кейбір еңбектерде Семейде өткен Абай кеші А. Бимбоэстің «Татьянаның хатын» жазып алған 1920-жылдармен байланыстырылып, «әнді А. Бимбоэске орындап берген Н. Құлжанова» болып беріліп келеді. Себебі, В. Дернова,

Ғ. Бисенова, Б. Ерзакович еңбектерінде, АМТ, АСҚ жинақтарының түсініктерінде және Н. Құлжановаға қатысты еңбектерде осылай жазылып жүр. Бірақ ешқайсысында нақты дерек көрсетілмеген. Н. Құлжанованың А. Затаевичке екі ән жаздырғаны рас. Ол туралы «1000 ән» жинағында жазылған [35, 344, 506]. Кейбір ауызша деректерде 1919 жылы Н. Құлжанова күйеуі Колчак әскерінің қолынан қазақ тапқаннан кейін, көп ұзамай С. Сейфулиннің шақыруымен Ақмолаға ауысып, сонда фольклор жинаумен айналысқан. А. Бимбоэспен «Сегіз аяқ» әнін айтып берген М. Нұрабаевтың үйінде кездесіп, А. Бимбоэс әнді Н. Құлжановадан сол жолы жазып алған делінеді. Бірақ А. Бимбоэске ән жаздырғаны туралы негізгі дереккөз табылмады.

АМТ жинағына «Татьяна хаты» әнінің екі түрі беріліп, Бимбоэс нұсқасы соның II түрі болып мәтінсіз жарияланған [5, 28].

№1.1. *Бимбоэс мақаласындағы мәтінсіз берілген алғашқы нота жазбасы:*

А. Бимбоэс жазып алған нұсқа көріп отырғанымыздай, марштық ырғаққа құрылған. Ән «Татьяна хаты» деп жазылып алынғандықтан, нота астына ақынның осы өлеңінің мәтіні қойылып, музыкалық тәжірибе жасалынды. Алайда, өлең буындарының әуенге сәйкес келмейтіндігі көрінді.

№1.1(а)

Бұл әнді кім жеткізсе де, «Амал жоқ қайттім білдірмей» сөзімен айтпағаны анық. Ғ. Бисенова монографиясында «Татьяна хаты» (Амал жоқ қайттым білдірмей) II түрі ретінде мәтінсіз ұсынылса [7, 142], АСҚ жинағына «Татьяна жауабының» I түрі болып енген [6, 49]. Алайда, нәзік сезім мен ішкі толғанысқа негізделген мөлдір лирикалық шығармаға марш екпінінің қолданылуы ерекше назар аударарлық. Ал марш – әскери немесе салтанатты сипаттағы музыкаға тән ырғақ. Бұл көркем поэтикалық мазмұн мен музыкалық форманың арасындағы сәйкессіздік диссонанстық әсер тудырады.

№1.1(б)

№1.2. Абай әндерін алғаш нотаға түсіргендердің бірі – А. Затаевич. Жоғарыдағы Бимбоэс жазып алған ән түрінің тағы бір нұсқасын А. Затаевич Ж. Аймауытовтың орындауында нотаға түсіріп, «1000 ән» жинағында «Абай (II)» деген атпен мәтінсіз жариялаған [35, 314]. Бұл да АСҚ жинағына «Татьяна жауабының» II түрі болып енген.

№1.2.

№1.2.(а). *Ж. Аймауытов нұсқасының АСҚ жинағында «Татьяна жауабымен» берілуі:*

№1.3. Осы нұсқалардың бірін Л. Хамиди 1935 жылы Семей қаласында «Тәңірі қосқан жар едің сен» деген атпен Ә. Ысқақовтан жазып алған. 1940 жылғы жинақта «Тәңірі қосқан» [10], АМТ жинағына «Тәңірі қосқан жар едің сен» болып, өлеңнің алғашқы жолы бойынша берілген. АСҚ жинағында «Татьяна жауабының» V түрі болып берілген. Үш нұсқаның алғашқы тактілерінде кездесетін интонациялық секірістер, VI сатыдан бастап жоғары өрлеуі, дамуы, т.б. аздаған өзгерістері болмаса, бірдей деп айтуға болады.

№1.3.

Н. Құлжанова (А. Бимбоэс), Ж. Аймауытов (А. Затаевич) және Ә. Ысқақовтардың (Б. Ерзакович) орындауындағы «Татьяна хаты» (АСҚ жинағында «Татьяна жауабы») әндерінің салыстырмалы нотасы





Бүгінгі айтылып жүрген түрімен салыстырсақ, екі бөлек ән. Жоғарыда нотасы берілген үш әннің ішкі иірімдерінің ауысулары болмаса, негізі бір, тіпті, бір ән деп айтуға болады. Осынша сырлы, нәзік лирикалық өлеңнің марш ырғағымен орындалуы – таңғаларлық. Әннің осы нұсқасына байланысты зерттеушілер де пікірлерін білдірген. Г. Шомбалова: «Бұл мелодия Абайдың «Ішім өлген, сыртым сау» әніне өте жақын келіп, өзінің сипаты мен ритмикасы жағынан «Татьяна хатының» мазмұнымен де, құрылысымен де үйлеспейді» [4, 93], – десе, А. Затаевич: «Абай әндерінің музыкалық құндылығын бағалауым негізсіз болмау үшін мен Аймауытов сияқты саналы да білімді әншіні куәгерлікке алдым, бірақ оның әуеніндегі ретсіз, келте қайырылған марш ырғағы – қырғыз (қазақ) музыкасына жабылған жаладай көрінеді» [35, 404], – дейді Ж. Аймауытовтан жазып алған әнге берілген түсінікте.

В. Дернова өзінің ертеректегі бір мақаласында «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуені «Татьяна жауабының» негізгі әуені деген пікірде болған. Бірақ кейін бұл ойынан бас тартып, әннің қандай жағдайда басқа әннің әуеніне ауысып кетуі мүмкін екені жөнінде үш түрлі себеп айтады: «Мұңлы-зарлы «Татьяна сөзі (жауабы)» әшкерелеуші «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің марш тәрізді мелодиясымен қалайша қалыптасқандығы қайран қалдырды... Айқын ашықтығы жағынан мүлдем үйлеспейтін мелодиямен «Татьяна сөзінің (жауабы)» қалыптасуы қалайша болды? Мүмкін болуға бірінші себеп – өлшемнің ортақтығы: «Татьяна сөзі (жауабы)» де «Ішім өлген, сыртым сау» сияқты төрт стопалы хореймен жазылған. Мүмкіндіктің екінші себебі – екі мелодияның алғашқы дыбысының ладтық жалпылығы және жоғарыдан төмен қарай мелодия бағытының (әрине, жалпы алғанда) бірдейлігі. Екі әнді бірінен бірін ажырататын көптеген елеулі детальдар роль атқарудан қалып, жалпылық сипаттар басымдырақ мағына алатындығын байқауға болады. Мұның нәтижесінде жинаушылардың екі рет жазып алған «Ішім өлген, сыртым сау» мелодиясымен орындалатын «Татьяна сөзі (жауабы)» пайда болады. Тағы үшінші себептің де болуы мүмкін. Абайдың Онегиндік цикл өлеңдерінің бірінде, атап айтқанда, «Онегиннің Татьянаға жауабында» төртінші шумақ «Ішім өлген, құр денем сау» деген сөздерден басталады. Халықтың орындаушылық тәжірибесінде «Ішім өлген, сыртым сау» мәтінін «Онегиннің Татьянаға жауабымен» ауыстыру орын алуы мүмкін. Сонымен өлең өлшеміндегі өзгешеліктер де тегістеліп кетуі мүмкін» [9, 114–115], – деген пікір айтады.

Иә, ән «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуенімен айтылған. Жоғарыдағы зерттеушілердің пікірлерінің де орны бар. Дегенмен, бұл қазақтың ертедегі кез келген әнді кез келген қара өлең сөзімен айта беретін әдеттің әсерінен де болуы мүмкін.

№1.4. Консерваторияның фольклорлық зертхана қорында сақталған Ғабиден Жаудиннің орындауындағы «Татьяна жауабы» да дәл осындай марш ырғағында айтылған [15], [16]. Алайда әуенінде лирикаға тән тартымдылық бар.

№1.4.

Қорытындылай келе, марш тәріздес бұл әуендерді Татьянаға қатысты әндердің санатына қосу қиын. «Татьяна хаты» «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуенімен орындалып, тарап кеткенге ұқсайды. Бүгінгі күні «Татьяна жауабы» бұл әуенмен орындалмайды.

№2.1. А. В. Затаевичтің Абай әндерін нотаға түсіру жолындағы алғашқы әннің бірі – «Татьянаның хаты». Бұл әнді ол 1922 жылы Петропавл қаласында қазақ театр труппасының режиссері Осман Қашағановтың орындауында жазып алған. Аталған үлгі Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағында жарияланған [35, 91]. Алайда жазып алынған нұсқада Абайдың төл әндеріне тән емес «ахау, сәулем» секілді халық әндерінде көрініс табатын одағайлар кездеседі.

№2.1

№2.1(а). Ғ. Бисенова: «Ән интонация жағынан халық әні «Бір балаға» ұқсайды. Бұл әннің Абай әндеріне қатысы бар ма деген сөздер де болған. Осы себептермен ән АМТ жинағына қосылмай қалды», – десе [7, 62], Г. Шомбалова: «Бұл мелодияға *«Ахау, сәулем»* сөзін енгізіп, оның негізгі шумағына екі тактілі қайырма-қорытынды қосылуы, сондай-ақ мелодияның барлық сымбаты мен оның бүкіл құрылысы «Татьяна хаты» текстін орындау үшін қазақтың нағыз халықтық мелодиясын пайдалануы ықтимал деп болжауға мүмкіндік береді» [4, 93], – дейді. Бірақ Шомбалова пікірімен келісу қиын. Себебі, О. Қашағановтан жазып алған «Татьянаның хатын» түпнұсқа үлгі ретінде емес, Абай сөзіне шығарылған және халық жадында сақталып,

өңделіп айтылып жүрген халықтық нұсқа ретінде қарастыруымыз керек. Бұл – Абай шығармаларының халықтық сипат алып, ауызша дәстүр арқылы таралғанын айғақтайтын маңызды мысалдардың бірі.

Халықтық нұсқадағы әндер жайлы алдағы қосымша бөлімде айтылады. Бұл әуен жайлы В. Дернова да: «Екі әуеннің біреуі де Абайдың «Татьяна хатының» мәтініне сәйкес келмейді. Затаевич жазбасы жұмбақ күйінде қалады. Біледі деген адамдардың ешқайсысы бұл жөнінде айтып бере алмады. Затаевич қателесіп, Абайға қатысы жоқ әуенді жазып алған жоқ па деген сөздер де айтылды» [54, 81], – дейді. Солай бола тұрса да, АСҚ жинағына «Татьяна жауабының» III түрі ретінде мәтіні қойылып жарияланған [6, 49].

№2.1(а)

№2.2. В. Дернова зерттеу жұмыстары кезінде Мәскеудегі М. И. Глинка атындағы музыка мәдениеті музейіндегі А. Затаевич қолжазбасынан Татьянаға қатысты бір әннің табылғанын айтады. Оның бұл ән жөнінде берген деректері әртүрлі. 1960 жылғы мақаласында: «1921 жылы Орынбордағы рабфак студенті С. Мұқановтан жазып алған, қолжазбада «Абай Құнанбаев. «Татьянаның хаты» деп жазылған» [54, 83], – десе, 1967 жылы шыққан «Народная музыка в Казахстане» жинағында: «А. Затаевич 1922 жыл 17 ақпан күні Мәскеуде С. Мұқановтан жазып алған» [9, 33], – деп, басқаша дерек береді. В. Дернова кейіннен С. Мұқановтың өзінен сұрағанында 20-шы жылдары Солтүстік Қазақстанда «Татьянаның екінші хатын» *(Татьяна жауабы. «Тәңірі қосқан жар едің сен»)* осы әуенмен орындағанын айтқан. «Алайда, бұл әуеннің «Татьяна жауабымен» қалай үйлестіріліп орындалғанын есіне түсіре алмады» [54, 84], – деп жазады. Бұл да алдыңғы әннің (2.1) бір нұсқасы.

Әннің бұл нұсқасы ПРН және АСҚ жинағында жарық көрген. АСҚ жинағының түсініктерінде нотаға түсірілген уақыты 1930 жыл деп көрсетілген. Ән ПРН жинағында арқауы фригиялық ладқа негізделіп, мәтінсіз берілген. Осы бойынша ұсынылды [20, 92].

№2.2.

№2.2(а). С. Мұқанов нұсқасы АСҚ жинағында «Татьяна жауабының» IV түрі болып жарияланған [6, 50]. Ән халықтық әуенмен айтылғандықтан АСҚ жинағын құрастырушылар 2.1. нұсқасындай ән басына «Ахау, сәулем» сөзін өздері қосқан секілді. Себебі, бұл алдыңғы О. Қашағанов жеткізген әннің бір нұсқасы екені көрініп тұр. Ноталық үлгі түпнұсқамен салыстырғанда аздаған өзгеріске түскен.

№2.2.(а)

№2.3. А. Затаевич қолжазбасынан табылған екінші ән де «Абай» деген атаумен ақмолалық әнші Мұхтар Жылқайдаровтан мәтінсіз жазылып алынған. «1000 ән» жинағына М. Жылқайдаровтың орындауында жиырма бес ән енген, алайда, бұл ән ол әндердің қатарында жоқ. Жинақ соңындағы түсінікте: «Мұхтар Жылқайдаров – бұл жинаққа енген Ақмола тобының ішіндегі ең ірі өкілі және Атбасар ауданындағы ең танымал әншілердің бірі. Кең тынысты, қуатты тенор. Өз өңірінің халық шығармашылығымен өте жақсы таныс, мол хабары бар, өз шығармашылығында сәтті де қызықты талпыныс жасаған» [35, 378] , – деген түсініктеме берілген. Музыкатанушылар бұл әуеннің де ақынның қай сөзімен айтылғаны жөнінде болжамдар жасаған. В. Дернова: «Бойы бұлғаңның» сөзімен айтылуы мүмкін, бірақ әуен өлең байлығын, мінезін ашып бере алмайды. Абайдың осы өлеңге жазған өз әуенінен әлдеқайда жұтаң... «Татьянаның сөзімен (жауабы)» орындалуы мүмкін» [9, 34], – десе, Ғ. Бисенова: «Бұл әуенге «Татьяна сөзі (жауабы)» мәтінін жазуға болады. Бірақ бізге Ақмоламен көрші тұрған Қарағанды облысынан осы әуенді «Тәңірі қосқан» сөзімен орындағанын тыңдау бұйырды. Сондықтан бұл әуен «Татьяна сөзімен (жауабы)» айтылғаны күмәнсіз. Алайда, әуен Абайдың өзінікі ме? Әлде А. Затаевичтің «өз шығармашылығында сәтті де қызықты талпыныс жасаған» деген сөзі ақын сөзіне жазылған М. Жылқайдаровтың әні дегенді білдіретін емеурін бе? Сондай-ақ, «Татьяна хатының» елге танылған, тұрақты әуендік нұсқалары бола тұра, Қазақстанның орталық бөлігінде Пушкин романының үзіндісі сол өңірдің өз сарынымен айтылған ба деген ой келеді» [7, 60–61], – дейді. Ән А. Затаевичтің ПРН жинағында мәтінсіз жарияланған [20, 22. 52].

№2.3.

№2.4. «Татьяна жауабының» бір нұсқасы консерваторияның фольклорлық зертханасына 1971 жылы Омар Хаймулдиннің орындауында жазып алынған. Ән нақты Абайдікі болмаса да, жаңа леп пен ырғақ байқалады. О. Хаймулдин өлеңнің 8, 1-шумақтарын орындаған.

№2.4.

Жоғарыда келтірген «Татьяна хатының» II түрі мен оның нұсқаларының тұтастай халықтық әуенде жеткені көрініп тұр. Бұл әуендерде Абай қолтаңбасы, стилі көрінбейді. М. Мұхаметжанова, Ә. Ысқақов жеткізген үлгілерден алшақ. Осы себептерге байланысты әннің II түрі және оның нұсқалары Абай әндерінің қатарына қосылмады.

№3.1. Бұл ән де «Абай» деген атаумен А. Затаевич қолжазбасынан табылған. Әннің бұл нұсқасы Орынбор қаласында 1921 жылы Ташкентке жіберілген қостанайлық балалар тобындағы Балқия Есболова (Есқұлова) мен Зура Байзақова деген екі қыздан мәтінсіз жазылып алынған. Олар бұл әнді ташкенттік студент Құрманбек Жандарбековтен үйренгенін айтқан. Ән 1922 жылы 11 маусым күні қағазға түскен (Бисеновада – 1929 жыл).

Бұл нұсқа ең алдымен 1960 жылы В. Дернованың мақаласында берілген [54, 83]. Ал жинақтар ішінде алғаш ПРН жинағына мәтінсіз жарияланған [20, 91]. АСҚ жинағына «Татьяна хатының» (*Амал жоқ – қайттім білдірмей*) мәтінімен әннің II түрі болып берілген [6, 46]. Алдымен ПРН жинағындағы мәтінсіз нұсқа ұсынылады.

№3.1.

№3.1(а). АСҚ жинағында 4, 6-тактілерінде ноталық өзгерістер бар. Өлең жолдарын сыйдыру үшін сегіздік ноталар он алтылыққа, 5-тактідегі *b (си)* нотасы *с (до)* болып өзгерген. Әннің бұл нұсқасынан «Татьяна хатының» негізгі әуеніне жақындағанымызды байқауға болады. Алдыңғы нұсқаларға қарағанда композитордың стилі және бүгінгі үлгіге жақындық білінеді.

№3.1.(а)

№3.1.(б). В. Дернова мен Ғ. Бисенованың ноталық жазбасын АСҚ нұсқасымен салыстыру үшін беріп отырмыз. В. Дерноваңың бір жазбасында мәтінсіз берілсе [9, 28], келесі бір мақаласында «Татьяна жауабының» мәтінімен берілген. Ғ. Бисенова да Дернованың үлгісі бойынша жариялаған. Әннің бұл нұсқасы жөнінде Ғ. Бисенова Қ. Жандарбековтен сұрағанын және әннің сол кездерде «Татьяна жауабымен» орындалғанын сұрап білген [7, 58–59].

АСҚ жинағындағы ноталық жазбаны В. Дернова мен Ғ. Бисенова мәтіндерімен салыстырғанда біршама өзгеріс байқалады. Біріншіден, АСҚ-да сөз ауысса *(Амал жоқ қайттім білдірмей)*, екіншіден, ноталарды тактіге бөлуде өлшемдер өзгерген.

№3.1(б). *В. Дернова мен Ғ. Бисенова еңбектеріндегі бірдей үлгі*

№3.2. Ғ. Бисенова осы нұсқаның біреуін А. Затаевичтің «Желсіз түнде жарық ай» әні деп жазып алғанын, ол құрастырушы немесе әнді жеткізушінің кездейсоқ жіберген қателігі деген пікір айтып, нотасын мәтінсіз жариялаған [7, 59]. Расында, әуен бүгінгі айтылып жүрген Татьянаға қатысты әндердің интонациясына жақын.

№3.2.

№4.1. В. Дернова 1960 жылы жарияланған «Письмо Татьяны» Абая Кунанбаева» мақаласында А. Затаевичтің архивінен табылған «Татьянаның хаты» әнінің бір нұсқасы Шәріп Медетов атты талантты баладан жазып алғанын айтып, мәтінсіз ноталық үлгісін ұсынған [54, 83] (Ш. Медетов айтуында үш ән «1000 ән» жинағына енген).

№4.1

№4.1(а). Ал осы нұсқа 1967 жылы жарық көрген «Народная музыка в Казахстане» ғылыми жинағындағы мақаласында «А. Затаевич Орынбор қаласындағы мектеп оқушысы Шәріп Медетовтен жазып алған» – деп көрсетіп, әннің *а (ля)* эолиялық ладында түсірілген үлгісін мәтінсіз жариялаған [9, 29].

№4.1(а)

№4.1(б). Осы нұсқа 1971 жылы ПРН жинағына да *d (ре)* эолиялық ладында мәтінсіз енген [20, 91].

№4.1(б)



№4.1(в). Жалпы әннің бұл нұсқасы жинақтар мен мақалаларда Татьянаның бірде «хаты», бірде «жауабының» мәтінімен басылған. Мәселен, «Абай» энциклопедиясында «Амал жоқ қайттым білдірмей» (Татьяна хаты) деген атпен берілсе [11, 87], АСҚ жинағына форшлагтардан тұратын ұсақ мелизмдер мен кейбір төрттік ноталармен өрнектелген дыбыс қатарлары он алтылық ноталарға өзгеріп, «Татьяна хатының» I түрі болып берілген [6, 46].

№4.1.(в). *АСҚ жинағындағы «Татьяна хатының» сөзімен берілген нұсқа*

№5.1. «Татьяна хатының» Ә. Ысқақов айтқан нұсқасын М. Әуезов негізгі әуен деп санаған. Әннің бұл нұсқасын бүгінде Б. Төлегеновадан ғана тыңдауға болады. Ал дәстүрлі орындаушылар репертуарынан «Татьянаның әні» деп «Татьяна жауабы» *(«Тәңірі қосқан жар едің сен»)* ғана орын алған. Бұл нұсқасы 1940 жылғы [10] және АМТ жинағында «Амал жоқ қайттім білдірмей» деген атпен [5, 27], АСҚ жинағында «Татьяна хатының» III түрі болып берілген [6, 47].

№5.1.

№6.1. Б. Ерзакович 1939 жылы А. Жұбанов пен А. Серікбаеваның М. Мұхаметжановадан Абайдың бірнеше әндерін жазып алғанын, өкінішке қарай, сол жазбалардың ішінде «Онегиннің Татьянаға жазған хатынан» басқаларының барлығы жоғалып кеткенін жазады [13]. Бірақ В. Дернова: «1938 жылы М. Мұхаметжанова Абайдың «Хатқа» қатысты екі әнін А. Жұбановқа дауыстамай, домбырада ғана ойнап бергенін, оның біріншісін «Татьяна», екіншісін «Онегин» деген атпен жазып алғанын айтып, түсірілген ноталық жазбасын мәтінсіз жариялаған. «Абайдың «Татьяна» әуеніне әлі күнге дейін мәтіні қойылмай келеді. Әнді «Татьяна хатының» мәтінімен де, «Татьяна сөзінің (жауабы)» мәтінімен де айта беруге болады» [54, 82], – дейді. Ал Ғ. Бисенова өз еңбегінде бұл нұсқаны «Татьяна хатының» мәтінімен жариялаған. Ән зерттеу еңбектерінде ғана болмаса, жеке жинақтарда жарық көрмеген [7, 64].

Әуеннің 2-әуендік жолында ладтық өзгерістер негізінде VI және IV сатылардың кезектесе жоғарылауынан хроматикалық дыбыс қатарлары пайда болған.

№6.1.

№6.1(а) «Татьяна хатының» бұл нұсқасы 1984 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қорына жазылып, сол бойынша Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Ән АСҚ жинағында IV түрі болып жарияланған [6, 47]. Бұл нұсқа да М. Мұхаметжанова айтуында жазылған.

№6.1(а)

№6.1.(б) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасындағы М. Мұхаметжанова айтқан аудиожазба мен Қ. Жүзбасов түсірген нота бірдей болғанмен, VI сатының жоғарылауы секілді т.б. өзгерістер бар. Яғни, бір орындаушының үш рет айтқанында үш түрлі өрнек, кестелерді көруге болады.

№6.1.(б)

№7.1. Ендігі ән 1940 жылғы академиялық жинаққа «Татьяна жауабының» екі түрі жарияланып, оның біріншісі «4-ші» реттік нөмір бойынша «Тәңірі қосқан» деген атпен, екіншісі «4 а» реттік нөмірі бойынша «Тәңірі қосқан жар едің сен» деген атпен берілген [10]. Қарастырғалы отырған ән екіншісіне жатады.

Ән екінші рет АМТ жинағында жарияланып [5, 29], 29-шы бетінде «Татьяна сөзі (жауабы)». Тәңірі қосқан. 4-түрі. 2-е письмо Татьяны. Запись Б. Ерзаковича» деп, «Татьяна жауабының» мәтінімен берілсе, осы кітап соңындағы әндердің алфавиттік көрсеткішінде «Тәңірі қосқан жар едің сен». Слово Татьяны. 1-й вариант. Хабарлаушы – Елебеков, жазып алушы – Б. Ерзакович, 1939 ж. 29-шы бет» деп, кітаптың басқа беті көрсетілген. Ал әннің дәл осы нұсқасы Б. Ерзаковичтің «Қазақстанның халық әндері» жинағында «Татьяна жауабының» мәтінімен беріліп, әндерді жазып алған

адамдар тізімінде жеткізушінің Қ. Лекеров екені және Қарағанды өңірінен жазылып алынғандығы көрсетілген [21, 280].

В. Дернова 1960 жылы жазған мақаласында: «Л. Хамиди Ә. Ысқақовтан Абай әндерін жазып алған уақытта Б. Ерзакович те Қ. Лекеровтен «Татьянаның екінші хатын» (Татьяна жауабы) жазып алған болса керек» [54, 85], – дейді. Бұл 1935 жылға сәйкес келеді. Ал Б. Ерзакович өзінің 1966 жылы шыққан «Песенная культура казахского народа» (ПККН) еңбегінде «...Абайдың «Татьяна хатының» мәтініне арналған үш музыкалық нұсқадағы әні халық арасында кең танымал. Ең көп таралғаны – 1935 жылы халық әншісі Қ. Лекеровтен біздің жазып алған, төменде келтірген нұсқамыз» [55, 376], – деп, «Татьяна хатының» мәтінімен берілген ноталық жазбасын ұсынады.

АСҚ жинағында: «Татьяна сөзі (жауабы)» (VI түрі) Қ. Лекеровтің орындауынан 1939 жылы Алматыда Б. Ерзакович нотаға түсірген. «АМТ», №16 және «ҚХӘ» 280 бет» – деген түсінік жазылған. Бисенованың еңбегінде де осы дерек көрсетілген. Ал АМТ жинағы бар-жоғы 60 беттен ғана тұратынын ескерсек, музыка зерттеушілер әннің ноталық үлгісін әр кезде әртүрлі мәтінмен түсіріп және жеткізушілер мен жазып алған жылдарын әртүрлі жазып отырған.

Бір әуенге құрылымы екі түрлі мәтіннің жазылуы әуен ырғағының ауытқуына белгілі бір деңгейде әсер еткені де байқалады. Атап айтқанда, «Татьяна хаты» өлеңі 8 буынды (5+3) үлгіде құрылған. Ал «Татьяна жауабының» құрылымы 4+4, 4+3 өлшемге негізделген. Осы құрылымдық айырмашылықтар әуеннің ырғақ жүйесінде белгілі бір өзгешеліктердің туындауына себеп болған. Дегенмен, әуенмен табиғи үйлесіп, әуенге бейімделу жағынан неғұрлым сәтті нұсқа болып табылатыны – *«Татьяна жауабы» (Тәңірі қосқан жар едің сен...).*

№7.1. *1940 жылғы жинақ, АМТ, Ерзаковичтің ҚХӘ, Дернова еңбегі және АСҚ жинағындағы «Татьяна жауабымен» берілген нота жазбасы:*

№7.1.(а) *Б. Ерзаковичтің еңбегіндегі «Татьяна хатымен» берілген нота жазбасы:*

21–9114

№8.1. «Татьяна жауабы» өткен ғасырдың 40-шы жылдарынан бастап «Абай әндері» фильмі арқылы Р. Қойшыбаева орындауында да халыққа белгілі бола бастады. Фильмдегі әннің де орындалуы бір бөлек. Ән оркестр сүйемелімен орындалған. Ал интонациясы 7.1. нұсқаға өте жақын. Нотаға «Абай әндері» фильмінен алынып түсірілді [56].

№8.1.

№9.1. Бүгінгі күні «Татьянаның әні» боп айтылып жүрген «Татьянаның жауабы» Ж. Елебековтің орындауында елге кең тарады. Қазір «Татьянаның әні» дегенде алдымен орындалатыны – «Татьяна жауабы». «Абай» энциклопедиясында ақын әндерінің біразы екі түрлі атпен жарияланған. Мәселен, осы ән өлең ретінде «Татьянаның сөзі» болып, ән ретінде «Тәңірі қосқан жар едің сен» болып қарастырылып, түсінік берілген. Және неге екені белгісіз, бұл әннің ноталық үлгісі етіп А. Бимбоэс жазып алған түрі басылған. Ал бұл үлгі негізі «Ішім өлген, сыртым сау» әніне тиесілі әуен (Түсінікті қараңыз).

№9.1.

Сонымен, «Татьянаның хаты» мен «Татьяна жауабының» ел аузынан 30 түрнұсқасы жеткен. Олардың көбі «хатына» қарай бейімделген. Екеуінің де негізі бір болғанмен, ырғағы мен әуені жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар. Сол нұсқалар ішінде «Татьяна хатына» әуендік, ырғақтық, стильдік жағынан неғұрлым түпнұсқаға жақыны (М. Әуезовтің де оң пікірін ескере отырып) – Ә. Ысқақов пен М. Мұхаметжанова нұсқалары болып шықты. Алайда М. Мұхаметжанова орындауында гармониялық минор мен жоғарылатылған IV, VI сатылардың қатар келуінен пайда болған хроматикалық дыбыстар қазақ әуенінің үндестік жүйесіне

жат екені белгілі. Сол себепті «Татьяна хатының» Ә. Ысқақов нұсқасы инвариант үлгі болып алынса, «Татьяна жауабының» инвариант үлгісі ретінде Ж. Елебеков нұсқасы белгіленді.

Бір ескерту, «Татьяна хатының» баяу, ойлы табиғатына байланысты өлшемдері мен дыбыс ұзақтықтары жүйесіне өзгеріс енгізіліп берілді (сегіздік, он алтылық ұзақтықтағы ноталар ширектік, сегіздік ноталарға ауыстырылды).

Онегиннің Татьянаға жауабы. №1.1. Онегин циклының ішінде қазіргі кезде орындалмай жүрген әндердің бірі – «Онегиннің Татьянаға жауабы» *(Таңғажайып бұл қалай хат...)*.

Өлең құрылымы «Татьяна жауабының» құрылымымен бір – 1, 3-тармақтары 8 буынды, 4+4 бунақты, 2, 4-тармақтары 7 буынды (4+3) болып келеді. Ішінара 5+4 бунақтар кездеседі *(Сенің өмірің гүлденіп тұр, Менің өмірім – бір суық сұр)*.

«Онегиннің Татьянаға жауабы» әні 1984 жылы М. Мұхаметжанованың орындауында аудиотаспаға жазылып алынған. Қ. Жүзбасовтың нотаға түсіруінде «Онегиннің жауабы» деген атпен АСҚ жинағында *f* эолиялық ладында жарияланған [6, 48]. Алайда бұл ән де осы циклдағы «Онегиннің хаты» өлеңіне арқау болған. Яғни, екі өлең бір әуенмен айтылған. «Онегин хатымен» салыстыру мақсатында *g* эолиялық ладына транспозиция жасалды.

№1.1.

№1.1.(а) Консерваторияның фольклорлық зертханасынан табылған М. Мұхаметжанова орындауындағы «Онегин жауабында» ырғағы жағынан аса үлкен өзгеріс болмағанмен, 2-әуендік жолында VI сатының жоғарылауы (дориялық лад) кездеседі [15], [16].

№1.1.(а)

Ән мәтінінде аз өзгеріс бар. 2-шумақтың *«Жас жүректің толқынын дөп, Жаза алыпсың толтырып»* деп келетін 1, 2-тармағы *«Жас жүректің толқыны деп, Жаза алыпсыз толтырып»* болып айтылған.

Онегиннің Татьянаға жазған хаты. Әнді алғаш А. Жұбанов 1939 жылы М. Мұхаметжанованың орындауында нотаға түсірген. АМТ [5, 31] және АСҚ жинақтарында жарияланған [6, 51].

Бұл әннің де өлең құрылысы «Онегин жауабына» тән үлгімен сәйкес келеді – буындық өлшемі 8, 7, 8, 7. Аталған үлгі бойынша 1 және 3-тармақтарда ішінара 4+4 буынға негізделген тармақтармен қатар, *«Қайратым құрыш болды, нан»* тәрізді 5+3 буынды тармақтар кездеседі. Ал 4+3 буынға негізделген 2 және 4-тармақтарда *«Тіл жете алмас ғұзіріме»*, *«Гауһарымның қадіріне»* секілді 4+4 буынды тармақтар да қолданылған.

Жалпы, Абайдың Онегин циклындағы әндердің негізінде ортақтық бар екенін жоққа шығаруға болмайды. В. Дернова 1954 жылы шыққан «Абайдың музыкалық творчествосы» жинағындағы мақаласында: «...Онегиннің Татьянаға жазған хаты» *(Құп білемін сізге жақпас)* мелодиясын «Онегин» деген атпен М. Мұхаметжановадан 1938 жылы А. Жұбанов жазып алған, «Татьяна сөздері» мен «Онегиннің» мелодиясын салыстыру – хат та, оған берілетін жауап та бір әнмен айтылатындығы жөніндегі біздің болжамымызды дәлелдейді: «Онегиннің» мелодиясы «Татьяна сөздері (жауабы)» әнінің мұңды варианты болып саналады. Үзінді бір ұмытылған әнді еске салатын тәрізді» [5, 52], – дейді. Бұл жерде «мұңды вариант» деп отырғаны «минорлық вариант». В. Дернова «Татьяна жауабының» алғаш А. Бимбоэс, А. Затаевич, Л. Хамиди жазып алған (№1.1, №1.2, №1.3) түр-нұсқаларын меңзесе керек. Олар мажорлық ладта айтылған. В. Дернова «хат» пен «жауапты» әуендік емес, ырғақтық негізіне қаратып айтып отырғанға ұқсайды. Өйткені «Татьяна хатының» ол түрлері де осылай пунктирлік ырғақта әрі мажорлық ладта айтылған. Ал бізге жеткен «хаттың» да, «жауаптың» да әуенінде негіз бір («Татьяна хаты» мен «Татьяна жауабына» қатысты 1.1, 1.2, 1.3 түр-нұсқаларының түсініктерін қараңыз).

№1.1.

Әуен өлеңнің буын санына қарай ыңғайланып, В. Дернова айтқандай, «өлең өлшеміндегі айырмашылықтар тегістеліп», алдыңғы әуендердің төңірегінде айтылған. Әннің жалпы дыбыс қатарлары «Татьяна хатына» ұқсас деуге болады және 1.1, 1.2, 1.3 нұсқаларында кездесетін маршқа тән ырғақтар да, «Онегин жауабындағыдай» VI сатының жоғарылауы да байқалады. Жоғарыда В. Дернованың «еске түсіреді» деп тұрғаны – осы. АСҚ жинағында әуен бойында бір-ақ рет кездесетін жоғарылатылған

VI саты үшін нота жолының басына *es* (ми бемоль) белгісі қойылмаған. Ән АМТ жинағы бойынша беріліп отыр [5, 31].

Әуен екі өлеңнің қайсысына тиесілі деген мәселеде Абай жинақтарында алдымен «Онегин жауабы», екінші «Онегин хаты» беріліп отырады. Осы бойынша реттесек, ән «Онегин жауабына» тиесілі болу керек. Алайда әннің жетуі мен нотаға түсу мезгіліне қарай сараласақ, 1939 жылы жазылған «Онегин хаты» алдыға шығады. Бұл мәселе жалпы қазақ әндеріне ортақ мәселе болғандықтан, мынау ән мына өлеңдікі деп кесіп айту қиын. Сондықтан, екі ән де осы қалпында ұсынылды.

Онегиннің өлердегі сөзі. Абайдың Онегин циклына қатысты әндердің тағы бірі – «Онегиннің өлердегі сөзі» *(Жарым жақсы киім киіп).* А. Жұбанов М. Мұхаметжанованың орындауында «Онегин» деген атпен жазып алған *(«Татьяна хаты», «Татьяна жауабы», №6.1. нұсқаны қараңыз).*

Өлеңнің құрылысы 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылғанмен, 3-тармақта 5+4 *(Диуана болды бұл көңілім),* 2-шумақтың 2-тармағы 4+5 *(Көңілім жүр құс болып шүйіп)*, 3, 4-тармақ 3+5 *(Есіркеп сүйгізіп еді)*, 3-шумақ 3+4, төртінші шумақ 4+4; 4+3 аралас буын-бунақты болып жазылған. Бұл әнді айту кезінде әуен ырғағына кедергі келтірері анық.

№1.1. Абай шығармаларының толық жинағында: «Бұдан («Евгений Онегиннен») аударма емес. Романда Онегиннің өлімі туралы ешқандай сөз жоқ. Татьянаға жазған соңғы хатында, өз сезімін қаншама үздігіп жеткізгенімен, өлім жөнінде пәлен деп ештеңе айтпайды» – деген түсінік берілген [57, 238]. Соған қарағанда бұл ақынның төлтума өз өлеңі болуы да мүмкін. Бірақ жинақта Онегин циклындағы аудармалар тобында берілген. Кейінгі А. Омаров құрастырған жинақта жеке төл туындысы ретінде беріліп, «Көпке аян, Татьяна мен Онегин бір-біріне жазған хаттарын Абай «ғашықтық – адамдық қасиет» идеясын жастар санасына жеткізу үшін аударған. «Онегиннің өлердегі сөзі» Пушкинде мүлде жоқ. Алғаш рет төл туындылар қатарында жарияланып отыр» [58, 255], – деген түсінік береді.

В. Дернова «Абай әндері» (Песни Абая) мақаласында: «Сол 1938 жылы «Онегин» деген атпен тағы бір әуен жазылып алынады (А. Жұбанов жазып алады). Орындаушының айтуынша, «Онегиннің өлердегі сөзі» бір кездері осы әуенде айтылған (*«Онегиннің хаты», Құп білемін сізге жақпас*). Абайдың «Евгений Онегинге» арналған әуендерінің бәрі бірдей бүгінгі күнге дейін сақталған жоқ деп болжауға болады. Онегиндік барлық аудармалар Абайдың әуенімен де, (олардың бір бөлігі жоғалған да), халық әндерінің әуенімен де орындалған болуы мүмкін» [59, 49], – дейді.

№1.1. *А. Жұбанов жазып алған нұсқа*

Ноталық жазба В. Дернованың зерттеу мақаласынан өзгеріссіз ұсынылып отыр [54, 85]. Нота жолындағы ән сөздері тікелей В. Дернованың өзі тарапынан жазылғаны аңғарылады. Жазбадан байқалғандай, ән ырғағы речитативті сипатта, жыр мәнеріне ие. Алайда дәстүрлі жырлардағыдай құйылып түскен әуезді әуен байқалмайды.

№1.2. Осы әнді М. Мұхаметжанова екінші рет 1984 жылы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына жазып қалдырады. Тура сондай дыбыс жазбасы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ҒЗФЗ қорында да сақталған [15], [16]. Ән АСҚ жинағына Қ. Жүзбасовтың нотаға түсіруімен тұңғыш рет жарияланған [6, 52]. Ән әуені ұқсас болғанмен, А. Жұбановтікіндей үзінді ғана емес, төрт шумақ толық нотаға түсіріліп берілген.

№1.2.

Мұнда да әннің құрылымдық ерекшелігі мен орындалу мәнері оны жыр формасына жақындатқанымен, әуендік сұлулығы мен музыкалық өрнегі жыршылық дәстүрдегі әуез, әуенмен толық сәйкес келе бермейді.

В. Дернова: «Бұл өлең Абайдың өз өлеңі, ән түрінде кең таралмай қалған болса керек. «Евгений Онегиннен» жасалған аудармалардың барлық циклы осымен аяқталады», – дей келіп, – «Пушкиннің «Евгений Онегинінің» поэтикалық сарындары Қазақстан халық шығармашылығында ерекше жолмен аударылған. Ақындар сүйіспеншілікпен «Тәтіш» деп атаған «аяулы Татьяна», «Татьяна сұлу» жайындағы әндерге қазақ фольклорынан басқа ешкімнің таласы жоқ шығар» [54, 85], – деген пікір білдіреді. Дегенмен, бұл әннің Абайдың әні екеніне күдік те жоқ емес. Себебі стильдік жағынан ақын әндеріне ешқандай жақындық жоқ. Әуеннен жылау, дауыс салу, жоқтау сарындас халықтық әуен байқалады. Еуропа операларының арияларындағы речитацияны да еске түсіретінін айта кетуге болады (Джакомо Пуччини «Тоска». (E lucevan le stelle), Франческо Чилеа «Арлезианка». (E la solita storia del pastore).

Осы тұста В. Дернованың мына бір жазбасы еске түседі. Ол: «Абайдың назарын 1893 жылы ресми түрде тіркелген Семей музыкалық-драма қоғамы да аударды. Бір қызығы, Омбы генерал-губернаторлығының мұрағатында сақталған құжаттарда рұқсат етілген драмалық қоғамдардың барлығының тек біреуі ғана музыкалық және драмалық деп аталған – Семей музыкалық-драма қоғамы. Қалада әуесқойлардың концерттерін өткізуге, тіпті опера үзінділерін қоюға жеткілікті музыкалық күштер бар болып шықты. Мысалы, 90-жылдары Глинканың «Жизнь за царя» («Иван Сусанин») операсынан сахналық көріністер қойылған. Сусанинді Абай мүше болған облыстық статистика комитетіндегі танысы (серіктесі – сотоварищ) ветеринар Глаголев шырқаса, Антониданы банк директоры Хлопиннің әйелі шырқады. Абай Хлопиннің үйінде де, Глаголевтің үйінде де қонақта болған көрінеді. Бізге Хлопиннен қалған музыкалық (ноталық) кітапханамен танысуға мүмкіндік туған еді (ол 1905 жылы қайтыс болды). Онда сол жылдары ән мен фортепианоға арналған әдеттегі салон репертуарынан басқа Шуберттің «Скиталец» және «Кармен», «Трубадур» операларының клавирлері сақталған. Осыдан-ақ, белгілі бір дәрежеде Семей зиялыларының музыкалық қызығушылықтары мен концерттік репертуарларының қандай болғанын бағамдауға болады» – деп жазады [60, 16].

Егер В. Дернова келтірген дереккөздер шынайы тарихи мәліметтерге сәйкес келетін болса, онда Абайдың «Онегиннің өлердегі сөзі» атты шығармасын еуропалық опералық ариялар үлгісінде жазылған туынды ретінде қарастыруға негіз бар. Бұл тұрғыда жоғарыда аталған ариялармен белгілі бір мазмұндық және көркемдік жағынан ұқсастықтар байқалады. Мәселен, аталған ариялар да өлімге бет алған кейіпкерлердің ішкі драмасын, жан күйзелісін, өмірмен қоштасар сәттегі рухани толғанысын терең эмоционалды бояумен жеткізетін монологтар.

«Онегиннің өлердегі сөзін» алдыңғы орындаушылар мен жинақтаушылар Абайдың әні деп жазып алғандығы ескерілгендіктен ғана М. Мұхаметжанова орын-

дауындағы нұсқа инвариант үлгі ретінде енгізіліп отыр. Бірақ ән болашақта әлі де анықтап зерттеуді қажет етеді.

Абайдың «Ленский сөзі» өлеңі жөнінде бір ауыз сөз. Бұл өлең Пушкиннің «Евгений Онегин» романының алтыншы тарауы 21-22 шумақтарының аудармасы. Өлеңнің түпнұсқасы П. И. Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсының II актысындағы Ленскийдің ариясына қолданылған (Куда, куда вы удалились...). Өлеңге ақынның жеке шығарған әні жоқ. Бірақ В. Дернова «Ақынның барлық әндері біздің заманымызға жеткен жоқ. Мысалы, «Онегиннің сипаты» өлеңі қандай әнмен орындалғаны бізге белгісіз. «Ленский сөзі» аталатын өлеңнің үзіндісі бізге лирикалық халық әні «Екі жиреннің» әуенімен жетті» деп жазады [54, 85]. Яғни, ертеде «Ленский сөзі» халық әні «Екі жиреннің» әуенімен орындалған.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да. Абайдың музыкалық мұрасын жинақтап, нотаға түсіру барысында бірқатар қателіктерге жол берілген. Бұл мәселе, әсіресе, 1986 жылы жарық көрген АСҚ жинағында көрініс тапқан. Аталған жинақты құрастыру кезінде Абай сөзіне жазылған жаңа заман композиторларының әндері Абайдың төл әні ретінде енгізілген жайттар кездеседі. Соның бірі – «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні.

Шын мәнінде, бұл ән Абайға тиесілі емес. АСҚ жинағында бұл шығарма туралы мынадай түсініктеме берілген: «М. Мұхаметжанованың айтуынан Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Алғаш рет жарияланууы. 3-түсінікті қараңыз» [6, 79]. Аталған 3-түсінікте бұл әннің 1984 жылы жазылып алынғаны көрсетілген. Демек, ән М. Мұхаметжанова тарапынан бертінде, кеңестік кезеңнің соңына қарай жазылып алынған. Ал бұл уақытта ән композитор Сыдық Мұхамеджановтың туындысы ретінде халық арасына кеңінен таралып үлгерген болатын.

Композитор Т. Базарбаев осы жіберілген кемшіліктерге назар аударып, бұл мәселеге арнайы тоқталған. Біз бұл жағдайды әннің нақты авторын анықтау әрі болашақта «АСҚ жинағында берілген «Жарқ етпес... әні бұл жинаққа неге енбеген» деген түсініспеушіліктерге жол бермеу мақсатында атап көрсетіп отырмыз. Аталған сипаттағы қателік бұл жинақта екі мәрте кездеседі. Сондықтан бұл мәселе төңірегінде әлі де тоқталамыз.

Әннің ноталық үлгісі АСҚ жинағынан алып ұсынылды.

Алдымен, Абайда мұндай ән бар ма? «Айттым сәлем, қалам қасқа» дейінгі жинақтардың ешқайсысында мұндай ән кездеспейді. Сонымен қатар, Абай әндерін жинақтаушылар да, алдыңғы жеткізушілер де бұл әннің барынан хабар бермейді. Абайдың музыкалық мұраларын арнайы зерттеген Ғ. Бисенованың «Песенное творчество Абая» монографиясында да ән жөнінде ешқандай дерек, иә болмаса «осындай әні болған, бірақ бізге жетпеген» деген сөз жоқ. Абай сөзінің халық әндерінің әуенімен айтылған көптеген түрлері бар. Соның екі-үшеуін Мұқан Төлебаевтың «Мақпал» жинағынан кездестіруге болады. Алайда олар «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің сөзімен айтылған халық нұсқалары.

Ақынның «Жарқ етпес...» атты әні бары жөніндегі дерек 1915 жылғы «Айқап» журналының №5 санындағы М. Малдыбаевтың «Қазақша бастапқы ойын» мақаласынан көрінеді. Онда: «2-бөлімде Нәзипа Құлжанова Ыбырай Алтынсариннің жазды суреттеген сөзін сөйледі. Әнші Әлмағамбет «Ырғақты», «Татьяна», «Жарқ етпес» дейтін әндерді домбыраға қосып айтты. Екі домбыра бір мандолинаны қосып, ұлт күйін тартты» деп жазылған [61]. Яғни, «Жарқ етпес» өлеңінің өз әні болғанға ұқсайды, бірақ бүгінге жетпеген.

Ал С. Мұхаметжановтың «Жарқ етпес» әнінің жөні басқа. Бұл әннің АСҚ жинағына қосылып кетуін Т. Базарбаев: «Айттым сәлем, қалам қас» – Абайдың үшінші жинағы (музыкалық жинақ). Бұл жинақтың ішінде жаңа әндер бар. Осы жаңа әндеріне байланысты қазір бірталай сөздер туып жүр. Себебі, бұл жинақтың ішіне әлі дәлелдеуге тұратын бірталай әндер кіріп кеткен. Мысалы, осы жинақтың ішінде С. Мұхаметжановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні де жүр. Бұл әнді С. Мұхаметжанов «Абай» спектакліне арнап жазған болатын. Ән 1954 жылы шыққан Қазақстан композиторларының «Абай сөзіне жазылған әндер» жинағына енген. Ал, мына 1986 жылы шыққан «Айттым сәлем, қалам қас» жинағының ішіне сол әнді Абайдікі деп қателесіп беріп отыр» [8], [14] – дейді. Бұл қателік жөнінде Т. Ибрагимов те өзінің «Жер әңгімеші» еңбегінде: «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына еніп кеткен «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнінің нотасының Сыдық Мұхаметжанов нотасымен еш айырмасы жоқ дерлік. 1914 жылғы кеште Әлмағамбет орындаған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңі қай сарынмен орындалғаны әзірге мәлімсіз» – деп атап өтеді [83, 63].

Одан бөлек, Т. Базарбаев 1995 жылғы «Абай» журналына берген мақаласында «Айттым сәлем, қалам қас» жинағында кеткен олқылықтарды сынай келе, жинақ ішіндегі әндерге де тоқтала кетеді. «Бұл әндердің ішінде Абайдікі екеніне күмән туғызатын да әндер бар. Мысалы, «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген әннің басы «Қорланнан» басталып, С. Мұхаметжановтың осы аттас әнімен бітеді» [32, 191], – деп ашығын айтып, анығын жазған.

Т. Базарбаев көрсеткендей, М. Мұхаметжанова жеткізген үлгі мен С. Мұхаметжановтың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні «Абай сөзіне жазылған әндер» жинағы мен «Сарыарқа әндері» антологиясындағы Ж. Елебеков айтуы бойынша түсірілген ноталық үлгімен салыстырғанда, ән жартылай Естайдың «Қорланының» әуенімен, жартылай С. Мұхаметжанов әнінің әуенімен айтылғаны байқалды [62, 34], [33, 289]. Салыстырып көрелік:



Екі әннің де арқауын эолиялық лад құрайды. М. Мұхаметжанова нұсқасы мен «Қорланның» 1, 2-әуендік жолдарының интонациясы бірдей. Әннің 3, 4-әуендік жолдары сәл өзгерген түрде С. Мұхаметжановтың «Жарқ етпес» әнінің әуеніне ұласып кетеді.

М. Мұхаметжанова әннің түпнұсқасындағы (С. Мұхаметжановтағы) қайырмалық вокализді де қосып орындауға тырысқан. Алайда қайырмалық вокализ екінші бөлігінен басталып аяқсыз қалады да, бірден 3, 4-әуендік жол қайталанады. Қайырмалық вокализ де толық емес:

Қайырмалық вокализден кейінгі 3, 4-әуендік жолдың қайталануын сәл өзгертіп орындағаны болмаса, түпнұсқамен бірдей. Жоғарыдағы М. Мұхаметжанова нұсқасын төмендегі нотамен салыстырып қарауға болады.

Міне, Абай әндері жинақтарының басылып шығуы кезінде осындай біршама олқылықтар кеткен. Ән халыққа соншама белгілі бола тұра, құрастырушылардың бұдан бейхабар болуы қайран қалдырады. Тіпті, осы жинақтағы қателіктің салдарынан ғылыми еңбектерде Абай әні ретінде қарастырылып, музыкалық талдаулар да жасалған. Бұл сол кездегі ғылыми жетекшілердің қателігінен де болуы мүмкін.

Абай мен Шәкәрім әндерінің жаңғыруы мен насихатталуына еңбек еткендердің бірі – семейлік композитор Арғынбек Ахметжанов. Ол 2015 жылы қазақ және орыс тілдерінде Абай, Шәкәрім және өз шығармашылығына арналған төрт кітаптан тұратын «Рухани жол» атты еңбек дайындап, жарыққа шығарған. Өкінішке қарай, бұл еңбек біздің қолымызға кеш тиді. Оның алғашқы томы «Абай. Ән мұра» деген атпен Абайдың музыкалық мұрасына арналған. Мұндағы ноталық үлгілердің барлығы фортепианоға лайықталған клавирлік үлгіде берілген. Осы аталған еңбекте де: «Айттым сәлем, қалам қас» атты Абай әндерінің мелодия жинағындағы Мәкен Турағұлқызының нотаға түсірткен «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнінің Абайдың төлтумасы екендігі ешбір дау туғызбаса керек» – деп, АСҚ жинағындағы үлгіні Абай әндерінің бірі етіп енгізген [63, 50, 109].

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні – қазақ әншілерінің репертуарынан кең орын алған туынды. Композитор Т. Базарбаевтың көрсетуінше, бұл әннің халыққа таралуына ең алдымен М. Әуезовтің «Абай» спектаклі себеп болған. Сонымен қатар, Ж. Елебеков, Қ. Байбосынов сынды дәстүрлі орындаушылар мен Е. Серкебаев, Ғ. Есімов, Ш. Әбілов, Б. Ысқақов секілді опера әншілерінің айтуында халыққа кеңінен таралды. Ал Абай сөзіне ән жазу дәстүрінде Қазақстан композиторлары арасында С. Мұхамеджановтың орны айрықша. Ол өзінің музыкасы арқылы Абай өлеңдерінің мазмұнын тереңдете түсіп, поэтикалық астарға жаңа тыныс берді. Соның нәтижесінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні халық арасында Абайдың төл туындысындай қабылданды. Сондай-ақ, С. Мұхаметжанов ақынның «Жаз», «Қыс», «Жазғытұры», «Күз» өлеңдерінің негізінде «Жыл мезгілі» кантатасын жазған.

Бір қызығы, Б. Ерзакович: «С. Мұхаметжанов Абайдың 15-20 өлеңіне тамаша романстар циклын жазды. Соның ішінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» лирикалық романсы ерекше дараланады» [6, 16], – деп бағалай тұра, өзі құрастырған «Айттым сәлем, қалам қас» жинағына «Жарқ етпес...» әнін Абайдікі деп енгізуі түсініксіздік тудырады.

Сөз соңы, әнді негізгі түпнұсқамен салыстырудан кейін, Абай әндерінің қатарына қосуымыз қателік үстіне қателік жамау болады. Бұл әннің негізгі иесі – С. Мұхаметжанов.

Әртүрлі қолжазбалар мен ел ішіндегі айтушылардан жеткен Абайдың музыкалық мұрасына қатысты деректердің табылуы XXI ғасырдың алғашқы ширегіне дейін толастамай тұр. Мұндай тың мәліметтер алдыңғы жинақтарда да қамтылып, ескерілген болатын [64, 329], [65, 72, 220]. Дегенмен, әр мезгіл сайын ақпараттар жаңарып отыр. Сондай тың деректің бірі 2024 жылдың 8 тамызында «Qazaqstan dauiri» газетіне «Абайдың жаңа әні табылды» деген атпен жарық көрді (Мақала алдымен «Егемен Қазақстан» газетінің 2024 жылдың 30 сәуіріндегі санында бұдан шағын көлемде осы атаумен жарияланды). Мақала «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әніне қатысты. Авторы – белгілі қобызшы, өнерзерттеуші Әлқуат Қазақбаев.

Мақалада: «...Мені ойландырып, толғандырғаны – Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңіне қатысты деректер. Себебі, менің қолымда ақынның осы өлеңінің әні бар. Қолымдағы қолжазбадағы «Абайдың өлеңі» деп аталатын әнді этнограф Арыслан Нұрымжанұлы Балғожин 1956 жылы шілде-тамыз айларында Шығыс Қазақстан облысынан жинаған әндер мен күйлер жинағының ішінде нотасымен берген. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің сөзімен айтылған әнді Тополев мыс ауылының тұрғыны Қазыбаев Иманқұлдың өз аузынан жазып алған. Иманқұл бұл әнді өзінің айтуынша 1921 жылы Семей қаласында бір әуесқой музыканттан үйреніп алған...

Әнді нотаға түсірген этнограф А. Балғожин қолжазбаларының соңында орысша түсініктеме берген. Түсініктемеде: «По сообщению Казыбаева Иманкула, эту песню он перенял от одного любителя-музыканта в г. Семипалатинске /в 1921 году/. На вопрос: принадлежит ли мелодия песни самому Абаю или же сочинена кем-либо другим – Казыбаев не смог ответить. Скорее всего это мелодия народной песни, к которой позднее неизвестным певцом был приспособлен текст Абая. В самом тексте 1-ое четырехстишие несомненно принадлежит Абаю, II-е же либо является отрывком из неизвестной песни Абая, – либо поэтической импровизацией исполнителя», – деп жазған. Иманқұлдың «Абайдың өлеңі» деп айтқан әнінің мәтіні төмендегідей:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Ері жоқ, таңбасы жоқ Бурылтайдың,
Сағымы үйге түсер туған айдың.
Төрт болыс тобықтыдан жалғыз қалып,
Зарлықпен салған әні ЫБырайдың» –

деген дерек береді [66]. Алайда мақалада әннің ноталық үлгісі берілмеген. Автор бұл мақаланы кейіннен жеке кітапша етіп шығарып, қолжазбаның факсимилесін және өзінің симфониялық оркестрге лайықтаған партитурасын «Абайдың өз әні «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» деген атпен жария еткен [67]. Кейіннен әннің қолжазбасы осы жолдардың авторына табысталды [68].

Жалпы ән 1956–1957 жылдары Арыслан Балқожаевтың ШҚО өңіріне жасаған экспедициясы барысында жазылған. Экспедиция негізінде жасалған көлемді қолжазба Зекен Мейірмановқа тапсырылып, кейіннен музыкатанушы Мәриям Ахметованың қолына тиген. Ал ол кісі композитор Балнұр Қыдырбекке табыстап, одан Әлқуат Қазақбаевқа берген.

Ә. Қазақбаев өзінің мақаласында Абайдың ән шығармашылығына қатысты пікірлерін әрқилы тұжырымдармен жеткізген. Ол бір сөзінде, «...Абайдың сөзіне жазылған әндердің бәрін Абайдікі деуге болмайды» дей отырып, Абай мұрасына сақтықпен қарау қажеттігін меңзейді. Алайда, келесі бір тұста «А. Балғожин нотаға түсірген «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнінің екінші шумақтағы сөзіне көңіл аудармай әннің тағдырына бойласақ, бұл ән Абай әндерінің алғашқы ел ішіне таралған шақтағы, қаймағы бұзылмай тұрған кездегі әні болып шығады», – деп, ғылыми музыкалық-стильдік сараптаусыз, субъективті болжамға сүйенген тұжырым айтып, әннің ел ішіне таралу кезеңіне қатысты жорамалын дәлел етпек болған.

Осы ойының жалғасы ретінде ол тағы да бір қайшылықты көзқарас білдіреді: «... Бұл ән нақты Абайдікі деп айтуға берік байлам жасамасақ та, әннің әуен-сарынының өзі Абайдікі деп айтып тұрғандай естілді. Кеңінен құлаш тартып, көңілді бірден баурап алатын ақынның өз әндеріне тән. Композитордың кейіннен табылған «Қор болды жаным» әнін Абайдың әні деп дәлелдеген өнертану ғылымының докторы, профессор В. П. Дернованың тұжырымдарымен сәйкес келіп тұрған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнін Абайдың ән мұрасына қосса артық болмас».

Мұнда да әннің авторлығына қатысты «берік байлам жасалмаған», әрі профессор В. П. Дернованың нақты қандай тұжырым жасағаны ашып көрсетілмеген. Сөйтіп әннің Абайдікі екендігі жөнінде дәлелсіз, тек интуитивті пайымдармен шектеледі.

Сондай-ақ, автор өз ойын дәлелдеу мақсатында 1914 жылғы Н. Құлжанова ұйымдастырған Абай кешін, ондағы Әлмағамбеттің Абай әндерін, соның ішінде «Жарқ етпесті...» орындағанын, М. Малдыбаевтың «Қазақша бастапқы ойын» мақаласын алға тартады. Алайда бұл деректер нақты ән авторлығын дәлелдеуге жеткіліксіз. Мұны ғылыми негізде дәлелдеу үшін музыкалық-стильдік және басқа да музыкалық шығармалармен қатар қоя отырып салыстыру, ноталық жазбалар мен тарихи-мәдени контекстер толыққанды зерттелуі тиіс.

Мақаланың соңында автор: «...Академик Ахмет Жұбановтың: «Абай әндерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамайды. Бірінші жағдай – Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды» деп дәл тауып айтқанына иланбастан басқа шара жоқ. Сондықтан, соңғы табылған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әнінің авторы әнді жеткізушілер мен орындаушылар емес, Абайдың өзі деп тұжырымдауға негіз бар» деп, түсініксіз шешім айтады. Мақала субъективті пайымдар мен болжамдарға ғана негізделген. Мұндай бірізділігі мен ғылыми негізі жоқ пайыммен халық мұрасына, оның ішінде Абай шығармаларына шешімді кесім айту дұрыстыққа жатпайды.

Сообщил Қазыбаев Иманқұл
г. Зайсан. Тополив мыс

Ән Абай әндеріне тән кварта-квинталық, сексталық жоғары-төмен секірістермен өрнектелгенімен, оның шығармашылығынан алыс екені байқалады. Себебін айтсақ. Бұл туынды – XVIII ғасырдың 70-жылдарында Ресейдегі шаруалар көтерілісінің көсемі Степан Разиннің Парсы еліне жасаған жорығы туралы оқиғаға негізделген. Аңыз бойынша, Разин парсы князінің қызын тұтқындап, кейін оны Еділ өзеніне батырып жіберген. Осы оқиға желісімен симбирлік (Ресей, Ульяновск облысы) ақын, жазушы әрі этнограф Д. Н. Садовников 1883 жылы «Из-за острова на стрежень» атты өлең жазады. Бұл өлеңге шығарылған ән 1902 жылы Мәскеудегі әдебиетшілер жиынында ақын-бард Степан Скиталецтің (Петров) айтуында алғаш рет орындалып, кейіннен әнші Ф. И. Шаляпиннің орындауында кең таралып, халық арасында танымал әнге айналып кеткен. Бірақ уақыт өте келе әннің авторы ұмыт болған. Алғаш орындаушы С. Скиталец те оның авторы жайлы айтпағанға ұқсайды. Бүгінде ол орыстың халық әні ретінде танылып жүр [69], [70].

Қарап отырсақ, бұл әннің де дүниеге келуі қызық. 1669–1670 жылдары болған С. Разин оқиғасына араға 200 жылдан астам уақыт өткенде барып 1883 жылы өлең жазылса, 20 жылдан соң ән шыққан. Алайда,

Из-за острова на стрежень,
На простор речной волны
Выплывают расписные,
Острогрудые челны. –

деген 8-7 буынды поэтикалық өлшемге жазылған бұл әуеннің Абайдың 11 буынды «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңімен айтылғаны – назар аударарлық жайт.

Байқағанымыздай, екі әннің өзегі бір. Яғни, «Скорее всего это мелодия народной песни, к которой позднее неизвестным певцом был приспособлен текст Абая» деп хатқа түсіруші А. Балғожин өзі айтқандай, бұл жерде поэтикалық құрылымы 5+3, 4+3, 4+4, 4+3, ырғақ өлшемі 2/4-ке негізделген орыс әніне 11 буынды (3+4+4) «Жарқ етпес...» өлеңі үйлестіріліп айтылған.

Екі әнді дыбыс қатарлары арқылы салыстыру барысында байқалғаны – орыс әні мәтінінің әр буынына бір дыбыстан ғана келсе, Абай сөзіне бейімделген нұсқада бір буынға екі дыбыстың қатар келуі (неғылса да, шағылса да, табылса да), түпнұсқада жоқ дыбыстардың қосылуы, 11 буынды әуенге сыйғызу үшін триольдық ырғақтардың пайда болуы немесе түпнұсқадағы дыбыстардың «Жарқ етпесте...» болмауы секілді вариантты өзгертулер пайда болған. Бұл ырғақ өлшемінің тұрақтылығына да әсерін тигізгені көрінеді.

Өз заманында Абайдың өлеңін жаттау, ән қылып айту, қолынан келгендер Абай өлеңдерін кітап етіп көшіртіп, ұзатылған қыздың жасауына қосу, тіпті үлкендердің өзінде Абай сөзін қосып сөйлеу үрдіс болғаны жазбалардан белгілі. Әсілі, «Из-за острова на стрежень» әні кең таралып, ел аузынан түспей тұрған уақытта (Кеңес кезеңінде әр мектептің оқушылар хорының репертуарынан түспеген ән) кейбір орталарда Абай сөзімен айтылып кеткенге ұқсайды.

А. Балғожиннің жоғарыдағы сөзі де көп жайды аңғартса керек. Демек, Ә. Қазақбаев Абайдікі деп таныған «Жарқ етпес...» ақынның музыкалық мұрасына еш қатысы жоқ. Басқа-басқа, Абай мұрасына келгенде сенсация жасаудан гөрі селкеу түсіріп алмайық деген ой бұрын тұру керек деп санаймыз.

Өзгеге, көңілім, тоярсың. Абайдың өзгеше бояулы, кең, ойлы, аса салмақты мінезбен орындалатын әндерінің бірі – «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әні. Өлең 7–8 буынды жыр үлгісінде жазылған, 9 шумақтан тұрады.

№1.1. Бұл Абайдың көп орындалмаған әндеріне жатады. А. Затаевич алғаш Мұсылманқұл Әбсалықовтың орындауында «Өлеңді қайтіп қоярсың» деген атпен жазып алып, «500 ән-күй» жинағында жариялаған [7, 146]. Осы тұста Абай әндерінің насихатшысы ретінде М. Әбсалықов жөнінде қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн. В. Дернова: «А. Затаевич 1926 жылы Семей губерниясы бойынша үлкен саяхат жасады. Осының нәтижесінде Семей, Павлодар, Қарқаралы және Қу болыстығының ауылдарынан көптеген әндер жинайды. Жол бастаушы – белгілі қоғам қайраткері Нығмет Нұрмақов (1895–1937) болды. Ол көптеген әншілерді білетін еді. Соның арқасында қазақ әнінің асқан шеберлері Ғ. Айтбаев пен М. Әбсалықовтан (жанама аты Пшим) әндер жазып алады. А. Затаевич М. Әбсалықовты әнші ретінде және музыка шығарушы ретінде «нәзік, арманшыл» деп атаған. Одан он үш ән жазып алып, «500 ән-күй» жинағына жарияланды. А. Затаевич өзінің Ромен Ролланға жазған хатында үш әншінің атын ерекше атап жазады: Ғ. Айтбаев, М. Шамсутдинова және М. Әбсалықов. Халық әртісі Қ. Қуанышбаевтың айтуы бойынша, Мұсылманқұлдың халық алдында өнер көрсеткенде қарап, зер салып отыратын Абай өлеңдері жазылған дәптері болған. Яғни, М. Әбсалықов Абай әндерінің насихатшысы болған және оны халық әртісі Қ. Байжанов та растайды» [9, 42–43], – деп жазады.

А. Затаевичтің «500 ән-күй» жинағында ән мәтіні толық жазылып алынбаған. 1-шумақтың 2-тармағындағы мәтінді (Өлеңді қайтіп қоярсың) әннің басталуы ретінде нота астына жазған. В. Дернова әннің ноталық жазбасы Мәскеудегі А. Затаевичтің қолжазбаларының арасынан да шыққаны жөнінде айта келіп: «Өкінішке қарай, А. Затаевич өлеңнің бір жолын ғана жазып алған, қалған жолдардың

әуенге қалай жазылатыны жұмбақ боп қалып отыр. «Өлеңді қайтіп қоярсың» әні кімге тиесілі? Абайға ма әлде оның өлеңін оқып, таратушы М. Әбсалықовқа ма? №1 жұмыс дәптерінде осы әнге қарата «Сөзі Абайдікі, әні онікі» деп жазылған. Абайдікі немесе Мұсылманқұлдікі екені белгісіз» [9, 42–43], – деп жазады. Бірақ «500 әнкүй» жинағында осы әнге берілген түсінікте: «Қазақтың тамаша ақыны әрі әншісі Абай Құнанбаевтың басқа әндері «1000 ән» жинағында берілген», – деген түсінік жазылған [71, 315]. Сондықтан, В. Дернованың күмәні орынсыз болған секілді және одан беріде сирек болса да орындалып келеді.

Кейінгі орындаушылардың бірі өлеңнің бір шумағын ән кеудесі, бір шумағын қайырма қылып орындаса, енді бірі екінші шумағын тұрақты қайырма ретінде қолданған. Ән 1940 жылғы жинаққа енбеген, кейінгі АМТ [5, 33] және АСҚ жинақтарында жарияланған [6, 54]. Әуен *f* эолиялық ладына негізделгенмен, альтерациялардың кілт жанына екеуі ғана қойылып *(си, ми),* бірі кездейсоқ белгі ретінде ғана берілген *(ля бемоль)*. Ал төртіншісі жоғарылатылған VI саты үшін қойылмаған.

№1.1.

№1.1.(а) А. Затаевичтің нотаға түсірген үлгісіне өлең мәтіні толық беріліп, әннің алғаш өңделген нұсқасы «Абай» энциклопедиясында жарық көрді. Бұл нұсқада түпнұсқадағы әуендік құрылым мен метроритмдік жүйе негізінен сақталып ұсынылғанымен, мәтіндік тұрғыдан аз өзгеріс орын алғаны байқалады. Атап айтқанда, «іштегі» сөзінің соңғы буыны қысқарып, әуенге кіріктірілген. Сонымен қатар, түпнұсқадағы кездейсоқ белгі *(ля бемоль)* бірден кілт жанына қойылып, төртінші белгі *(ре бемоль)* жоғарылатылған VI саты үшін көрсетілмеген. Жалпы алғанда, бұл нота үлгісі – аталған әнді алғашқы өңдеу (расшифровка) әрекеттерінің бірі ретінде маңызды.

№1.1.(а)

22–9114



№1.1(б). 2007 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты А. Затаевичтің «500 ән-күй» жинағын толық мәтінмен жаңаша басылым етіп шығарды. Жаңа жинақта әнге реконструкция жасалып, такт сызығы өлең өлшеміне қарай қойылып, ырғағы 6/4, 7/4 өлшемге ауыстырылған және әр әуендік жолдың басында А. Затаевич жазбасында кездеспейтін триольдық ырғақтар пайда болған [72, 524].

№1.1.(б)



№1.2. Абайдың бұл әні А. Затаевичтің нотаға түсірген уақытынан бастап 1995 жылға дейін орындалмаған деуге болады. 1995 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай Семей қаласының жергілікті телеарнасы ұйымдастырған хабарда ән алғаш рет Т. Рахимовтың орындауында ұсынылды [8], [14]. Осы орындау негізінде ән қайтадан нотаға түсіріліп, алғашқы жазбамен салыстырғанда бірқатар айырмашылықтар анықталды.

№1.2



Т. Рахимов бұл әнді бастапқы әуендік құрылымын бұзбай, оның стильдік ерекшеліктерін сақтай отырып орындаған. Әсіресе әрбір тармақтың соңындағы әуезді дыбыстарды ұзаққа созып, дыбыстың динамикасын *piano, pianissimo* деңгейіне дейін бәсеңдету арқылы әннің ішкі драматургиясын терең түсініп, лирикалық иірімдерді шынайы сезіммен жеткізіп, вокалдық мәдениет және жоғары көркемдік талғаммен ерекше орындаушылық шеберлік танытқан.

Ән кеудесінің соңғы тармағында *(Іштегі дертті жоярсың)* пунктирлік, сикопалық ырғақтар жиі байқалады. Тек бір ғана өзгешелік – қайырманың соңғы 3, 4-әуендік жолында VI сатының жоғарылауы (дориялық лад) мұнда кездеспейді және қайырманың 3-әуендік жолындағы сексталық секірістен кейінгі (жас ақсын) жоғарғы I сатыдағы сегіздік нота ферматалық ұзақтыққа созылған. Ол шартты түрде жартылық және лигамен қосылған нүктелі төрттік нотамен берілді.

Т. Рахимов өлеңнің 1, 2, 3 және 5-шумақтарын айтқан. Ән мәтінінде өзгерістер бар. Жинақтағы *«Хас надан нені ұға алсын», «Құлағын ойлы ер салсын»* болып келетін 3-шумақтың 2, 4-тармақтары *«Қас надан нені ұғарсың», «Құлағын салса, ер салсын»* болып айтылған.

№1.3. «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әні 2009 жылы шыққан «Қазақтың 1000 әні» аудио-антологиясына әнші Е. Рысқалидың айтуында енді [73, CD 22, 7-трек]. Алайда бұл орындауда да жинақтағы үлгіден айтарлықтай айырмашылығы бары көрінді.

№1.3.

Қайырманың 3-әуенжолында сексталық секірістен кейін кездесетін қайырмадағы VI саты мүлде кездеспейді, кульминациялық биіктік (I) V сатымен шектелген.

Жалпы дориялық ладтың қазақ әнінде кездесіп тұратыны және ол әуенді байытатыны түсінікті. Алайда осы әндегі VI сатының жоғарылауының сыры ертедегі домбыралардың 9, 11 пернелі болуы және оны белгілі аспап шебері Ж. Тұрдықұловпен кеңескенімізде, ертедегі шығыс өңіріндегі домбыралардың перне байлауында 8-перненің (ми бемоль) кездеспейтіндігімен түсіндірді.

Е. Рысқали қайырма соңындағы шағын фразаны субкварталық өрнекпен қайталаған *(Омырауым боялсын)*. Ол Затаевич нотасында жоқ, әншінің интерпретациясы. Өлеңнің 1, 5-шумақтары ән кеудесі, 2-шумақ тұрақты қайырма ретінде айтылған.

Абай әндерінің жинағын құрастыруда кеткен қателіктердің бірі – АСҚ жинағына Ә. Еспаевтың «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әнінің енуі. Ж. Елебеков, М. Ешекеев, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов сынды әйгілі әншілердің орындауында елге кең таралып, автордың бірнеше жинақтарында жарияланса да, әннің Ә. Еспаевтікі екені құрастырушының назарынан тыс қалған (Құрастырушы Б. Ерзакович).

Әннің ноталық үлгісі 1963 жылғы [74, 39] және 1975 жылы жарық көрген «Аққуым» жинағынан [75, 178] алып ұсынылып отыр.

Музыкасы: Ә.Еспаев
сөзі: Абай

Асықпай, ойлы

Аталған телехабарда Т. Базарбаев: «Ә. Еспаевтың «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әнін Абайдікі деп қателесіп берген. Ә. Еспаевтың ол әні 1954 жылы шыққан қазақ композиторларының «Абай сөзіне жазылған әндер» жинағында жүр. Қазіргі заманда Абайдың стилін, жазу мәнерін, әндерінің теориялық негізін зерттеп келіп, қайсысы Абайдікі екеніне, қайсысы Абайдікі емес екеніне көзіміз жетті, турасын айтуға болады» [8], [14] – дейді. Т. Ибрагимов та бұл жинақта «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әнінің авторының Абай деп жаңсақ көрсетілгенін жазады.

Өкінішке қарай, Ә. Еспаевтың «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әні кейбір орындауларда әлі күнге дейін Абайдың әні ретінде беріліп келеді, ал қарапайым тыңдаушылар тарапынан да солай қабылдануда. Жеке қорда сақталған Н. Алдажаровтың орындауында да бұл ән Абайдікі болып айтылған. Бұған дейін «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әніне қатысты пікірімізде, аталған әннің ғылыми еңбектерде Абайдың әні ретінде қарастырылып, талданғаны жөнінде айтылған болатын. Сол жағдайды бұл әнге де қатысты айтуға болады. Қазақ музыка этнографиясының қалыптасқанына 200 жылдан астам, ал кәсіби музыкатану ғылымының негізі қаланғанына бір ғасырға жуық уақыт өтсе де, Абайдың ән мұрасы жүйеленбей келе жатқаны өкініш тудырады. Соның салдарынан мұндай деректік қателіктер орын алып отыр. Бір сөзбен айтқанда, АСҚ жинағына енген «Өзгеге, көңілім, тоярсың» әнінің II түрінің авторы – Әбілахат Еспаев.

Ал әннің инвариант үлгісі ретінде А. Затаевич жинағы негізінде айтылған Т. Рахимов нұсқасы алынды.

Ата-анаға көз қуаныш. Абайдың өзгеше пішінде жазылған өлеңдерінің бірі – «Ата-анаға көз қуаныш». Қ. Мұқаметхановтың Абай шығармаларына берілген түсініктерінде: «Өлең «Ақылбайға» деп аталып, 1933 жылғы жинақта тұңғыш рет жарияланған. Бұл өлеңнің жазылу тарихы туралы Мұхтар Әуезов былайша мағлұмат берген: «Ата-анаға көз қуаныш» деген өлеңді Ақылбай деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадың деп айтқан. Бірақ Ақылбай күндегі өмірде талапты пысық болмаса да, Абайдың балаларының ішінде ең талантты болған. Бұл ірі ақын және музыкант, домбырашы, скрипкашы, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар: бірі «Дағыстан», бірі «Зұлыс» [12, 295].

Өлеңнің Ақылбайға арналғанын Т. Жұртбай да растап, Оспан өмірден өткеннен кейінгі ағайын арасындағы оқиғамен байланыстыра жазады [76]. Сонымен қатар, бұл өлеңге жауап ретінде Ақылбайдың да «Тайға міндік, тойға шаптық» деген өлеңмен жауап жазып, кешірім сұрағанын, екі өлеңнің де тарихының бір, егіз өлеңдер екенін және Мүрсейіт қолжазбаларында бір өлең ретінде қағазға түсіп, 1939 жылғы жинақтан бастап қана екі өлең болып жарияланғанын айтады. Ол жөнінде «Мұхтар Әуезов өзінің «Абайдың өмірі мен ақындығы», «Абай Құнанбаев» атты монографияларында мұны ашық ажырата баяндаған. «Оспан өлгенде өзінің бір баласының атынан айтқаны», – деп түсінік беруі де сондықтан» [76, 422–426], – дейді. Тағы бір мақаласында өлең тарихы жөнінде қысқаша айта келіп: «Әрине, бұл Абайдың өлеңдерінің шығу тарихы туралы аңыздардың бірі. Мүмкін, Ақылбайдың мұнан басқа, Оспанның өлімінен бұрынғы бір мінездеріне қаратыла айтылған шығар» [76, 274–275], – деп те жазады.

Өлең 7 тармақты, 6 шумақтан тұрады. Әр шумағы 8-7 буынды (4+4, 4+3) төрт тармақ және 5+3, 3, 3 буынды үш тармақты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім ән кеудесі болып есептелсе, екінші бөлім әннің қайырмасы қызметін атқарады. Бұл өлеңде де «Сен мені не етесің?» өлеңіне ұқсас шумақ арасында ұйқастық байланыс бар. Өлеңнің бірінші бөліктері шумақ ішінде ұйқасса, екінші бөлігіндегі (5, 6, 7-тармақтары) ұйқастар міндетті түрде келесі шумақтың екінші бөлігінің осы тармақтарымен алыстан ұйқас құрайды.

a - Ата-анаға көз қуаныш –
b - Алдына алған еркесі.
a - Көкірегіне көп жұбаныш,
b - Гүлденіп ой өлкесі.
c - Еркелік кетті,
c - Ер жетті,
c - Не бітті?

d - Оқытарсың молдаға оны,
e - Үйретерсің әрнені.
d - Медеу етіп ойы соны,
e - Жаны тыныштық көрмеді.
c - Жасында күтті,
c - Дәметті,
c - Босқа өтті.

С. Мұқанов та осылай түсініктеме беріп, өлеңнің әр шумағы 14 жолдан тұрады деп қорытынды жасаған [43, 342–343].

№1.1. Әнді алғаш Б. Ерзакович 1934 жылы Қ. Лекеровтің орындауында нотаға түсірген. Ән орташа екпінде орындалады. «Абай» энциклопедиясында Қ. Жүзбасов: «Әуені бірқалыпты, қайырмасы ширақ, кейбір иірімдері дәстүрлі тұрмыс-салт әндерінің сарынында келеді. Сондықтан, ән әуезінен гөрі мұнда ақындық көркем тіл зергерлігі басым» [11, 96], – деген түсінік берген. 1940 жылғы [10], АМТ [5, 34], АСҚ [6, 55] жинақтарында тек Қ. Лекеров жеткізген бір ғана түр-нұсқасы берілген. Әуеннің музыкалық құрылымы екі бөлімнен тұрады – *aabc def.*

Әннің бүгінгі күнге таралуына Ж. Елебеков нұсқасы ерекше ықпал етті. Қ. Лекеров пен Ж. Елебеков нұсқаларының бір-бірінен айтарлықтай алшақтығы болмаса да, олардың арасында белгілі бір әуендік және ырғақтық айырмашылықтар байқалады. Атап айтқанда, қайырма бөлімінің басындағы он алтылық ноталардың орындалуында әуен екпінінің бірден шапшаң, речитативтік сипатқа ауысуы – осы айырмашылықтардың бірі.

№1.1.

№1.2. Консерваторияның фольклорлық зертханасында Абай әндерінің ішінде «Ата-анаға көз қуаныш» әнінің М. Мұхаметжанованың орындауындағы нұсқасы да сақталған [15], [16]. Бұрын-соңды ешқандай жинақта жарық көрмеген бұл орындаудағы нұсқаның да өз ерекшелігі бар.

№1.2.

Жалпы Абай ұрпақтары мен кәсіби орындаушылар айтуындағы әндерде айырмашылықтар жоқ емес. М. Мұхаметжанова нұсқасын Лекеров, Елебеков (төменде) нұсқаларымен салыстырғанда 3-әуенжолдағы VI–I саты арасынан басталатын даму бұл нұсқада бірден I сатыдан басталып, глиссандо арқылы төменге бағытталған септималық секіріс арқылы өрнектеледі. 4-әуенжол да *(Гүлденіп ой)* бөлекше бедерленгені байқалады. Мұндағы көрінген тағы бір өзгешелік – II сатының төмендеуі (фригиялық лад).

М. Мұхаметжанова орындауында әннің 1, 4-шумағының 5, 6, 7-тармақтары 2-шумақтың 5, 6, 7-тармақтармен ауыстырылып айтылса, 2-шумақ орнына айтылған 4-шумақтың *(Сүйер ұлың болса сен сүй)* 5, 6, 7-тармақтарының орнына 3-шумақтың 5, 7 және айтып отырған 4-шумағының 7-тармағын айтқан. *«Үміті» сөзі «Үмітің»* болып айтылған.

№1.3. Арқа әндері, оның ішінде Абай әндерін орындауда көркемдік биіктік пен стильдік нақтылық көбіне Ж. Елебековтің интерпретациясымен бағаланып, сол нұсқамен салыстыра қарастырылады және өнертанушылар тарапынан да эталон ретінде танылған. Сондықтан да оның нұсқасын Абай әндерін орындаудың үздік үлгісі деп бағалауға толық негіз бар.

Бұл орындауында Қ. Лекеров нұсқасындай қайырмада жеделдету жоқ, басынан аяғына дейін бір екпінде айтылған. Ғ. Бисенова: «Абайдың кейбір әндерінде декламациялық-речитативті (көркемдеп, мәнерлеп тақпақтай баяндау) және әндете айту сыйысып, үйлесіп кеткен. Бұл әндерге «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» (1 нұсқа), «Ата-анаға көз қуаныш», «Сұрғылт тұман» әндерін жатқызуға болады» [7, 88], – деген пікір айтады. Ж. Елебеков орындауындағы ән мәтінінде өзгеріс бар.

1-шумақтың 5, 6, 7-тармақтары *(Еркелік кетті, Ер жетті, Не бітті?)* 2-шумаққа, 2-шумақтың 5, 6, 7-тармақтары *(Жасында күтті, Дәме етті, Босқа өтті)* 1-шумаққа ауысқан және «Босқа өтті» сөзі «Бос кетті» болып өз-

герген. 3-шумақтың осы тармақтарының орнына соңғы шумақтың тармақтары *(Бір жаман мен бе, Дедің бе, Көңіліңде)* айтылған.

№1.3.

№2.1. Консерваторияның ғылыми-зерттеу фольклорлық зертхана қорында «Ата-анаға көз қуаныш» әнінің бұрын ешқайда орындалмаған бір түрі сақталған [15], [16]. Ән 1965 жылы 15 шілде күні Семей облысы Абай ауданы Қарауыл селосында музыкалық-этнографиялық фольклорлық экспедиция кезінде жазылған. Экспедиция жасаушы – Асқан Серікбаева. Әнді орындаған – Бақтажар Көмкебаев («Қор болды жаным» әнінің бір нұсқасын жеткізуші).

№2.1.

«Ата-анаға көз қуаныш» әнінің бізге жеткен үлгісі иониялық ладқа негізделіп орындалса, Б. Көмкебаев жеткізген нұсқасы эолиялық лад ерекшеліктерін сақтаған. Әннің бастапқы интонациясында Ә. Ысқақов орындауындағы «Сұрғылт тұман дым бүркіп» шығармасының әуендік әсері байқалғанымен, мелодиялық желі ары қарай өзіндік бағытта дамып, дербес сипат алады. Сонымен қатар, Ж. Елебеков пен Б. Көмкебаев орындаған нұсқалардың ладтық негіздері әртүрлі болғанымен (иониялық және эолиялық), олардың ырғақтық құрылымында белгілі бір ортақтықтар аңғарылады.

Әннің Б. Көмкебаев жеткізген бұл түрінің текстологиялық жағынан да аздаған өзгерістері бар. Орындаушы әннің 1, 2, 3-шумақтарын орындаған. 1-шумақтың 3-тармағындағы *«көкірегіне»* сөзі *«жүрегінде»*, 4-тармақтағы *«еркелік»* сөзі *«балалық»* болып айтылған. «Балалық өлді, білдің бе?» өлеңінің ықпалы болуы мүмкін.

Консерватория зертханасында сақталған Ж. Елебековтің әншілік дәстүрін ұстанған шәкірттері М. Көшкінбаев және жеке қорымызда сақталған К. Өлмесековтердің орындауындағы «Ата-анаға көз қуаныш» әні ұстаз нұсқасының негізінде айтылғандықтан түсініктерге берілмеді.

Ж. Елебеков орындауындағы «Ата-анаға көз қуаныш» – әннің түпнұсқаға жақын үлгісі болып алынды.

Көзімнің қарасы. Абай – қазақ жазба әдебиетінің тарихында махаббат, ғашықтық, сүйіспеншілік, сұлулық тақырыбын биік эстетикалық өреде жырлаған тұңғыш ақын. Осы тақырыптағы өлеңдерінің бірсыпырасына ән де шығарып, халық арасына кең таралды. Солардың ішінде көпшілікке аса белгілісі – 1891 жылы жазылған «Көзімнің қарасы».

Өлеңде ғашық жарға деген іңкәрлік, ыстық сезім, «жүректен қозғай» тіл қатқан ішкі сыр, ынтық «көңілі тынар күнді» аңсап үздіккен, күйіп-жанған жігіттің жай-күйі, сүйген жардың сұлу бейнесі, екеуінің жүрек лүпілі айқын суреттеледі. М. Әуезов: «Бұл өлеңдердің *(Қор болды жаным, Көзімнің қарасы)* тұсында алғашқы ғаруз уәзінімен жазылған шағатайша бәйіттердің жотасы қайта көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы «Тассауын» (сопышылдық) поэзиясының рухын, ішкі-тысқы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаған (Қор болды жаным). «...Сенсің – жан ләззәті, Сенсің – тән шәрбәті. Сұлуды сүймәклік, Пайғамбар сүннәті...», – деген сияқты сарын да Шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанмен не қазақ, не Европа үлгісіндегі махаббат жыры емес» [2, 130], – деп өлең бойында шығыстық үлгінің бар екенін айтады.

«Көзімнің қарасы» – 3+3 бунақты, 6 буынды үлгіде жазылған, төрт тармақты, 22 шумақтан тұратын өлең. Ұйқасы *aaba*.

№1.1. «Көзімнің қарасы» әнінің де екі түрі және бірнеше нұсқалары жеткен. Әнді алғаш нотаға түсірген – А. Затаевич. АСҚ жинағында III түр болып берілген [6, 57].

«Сегіз аяқ», «Татьянаның хаты» әндеріне байланысты түсініктерде Мәскеудің М. И. Глинка атындағы музыкалық мәдениет музейі қорынан А. Затаевич қолжазбаларының табылғаны турасында айтылды. «Көзімнің қарасының» бұл нұсқасы

да сол қолжазбадан табылған. Ол жөнінде В. Дернова: «А. В. Затаевичтің №148 қолжазбасында «Кашек» деген атпен жазылып алынған ән бар. Қолжазбаның төменгі жағында «Абайдың «Көзімнің қарасы» деп жазылған. Ән 1921 жылдың маусым айында Семей облысы, Өскемен уезінде Серғазы Тәмтеев деген адамнан жазылып алынған (НПиК жинағында «Сейтгазы Тамтеев» болып көрсетілген). Жинақтарында бұл жайлы түсінік жоқ. Қолжазбасында «Кашек» атты ән жалғыз. Соған қарағанда Серғазы Тәмтеев кездейсоқ корреспонденттердің қатарында болған сияқты. Себебі бұдан басқа ештеңе ұсына алмаған. Қолжазбадағы «Көзімнің қарасы» әніне байланысты түсініктеме кейіннен басқа сиямен жазылған және оны алғашқыда Абайға тиесілі екен деп ойламаған. Негізінде бұл Ж. Елебековтің М. Әуезов үлгісінде үйреніп, айтып жүрген нұсқасы. Сонда «Кашек» сөзі қай қайырмасынан алынып отыр? Сөйтсек, Затаевич қазақ тілін аз біліп, ән мәтіндерін де аз түсінетін 1921 жылдары ән қайырмаларындағы сөздердің үйлесімділігіне қызығып, жазып алып жүрген екен. «1000 ән» жинағының алғы сөзінде «...авторлар қайырмаларға тыңдаушының құлағына жағымды естілетін, тек сөз тіркесінің сұлулығы мен ерекшелігі арқылы әсер ететін еркін әрі жаңаша сөз қолданыстарын қосатынын атап өтеді»», – деп жазған. Сол себепті Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңінің төртінші тармағындағы «Ғашықтың жарасы» деген сөздегі қайырмалық әрі әуендегі үндестік бойынша, ән атын қазақша еш мағынасы жоқ «Кашек» (бұрмаланған «Ғашық» сөзі) сөзімен таңбалаған. Серғазы Тамтеев айтқан «Көзімнің қарасы» әуені қарапайым әрі түсінікті. Біз оны өзіміздің түсірген мәтіндік нұсқамыз бойынша және бірнеше ырғақты нақтылаулармен бірге ұсынамыз», – деп кең түсінік бере отырып, әннің нотасын бірге жариялаған [9, 38]. ПРН жинағында да осы мәндес түсінік берілген [20, 33. 83]. Бұл жерде В. Дернованың ән атына қатысты болжамына толық келісуге болады. Себебі, А. В. Затаевичтің 150 жылдығына орай 2019 жылы жарық көрген «Народные песни и кюи (из архива исследователя)» (НПиК) жинағындағы ән атауының астына «Припев» деген сөз қалдырылған. Яғни, бұдан В. Дернова айтқандай, ән атының қайырмамен байланысты екені аңғарылады [77, 117].

А. В. Затаевич алғаш нотаға түсірген «Көзімнің қарасы» («Кашек») әні оның қолжазбаларында сақталғанымен, негізгі жинақтарында (1000 ән, 500 ән-күйі) жарияланбаған. Алғаш 1971 жылы В. Дернованың құрастыруымен жарық көрген ПРН жинағына «Ғашық» деген атпен мәтінсіз енген [20, 83]. 1986 жылы АСҚ жинағына «1922 жылы Орынборда жазылған» деген түсінікпен әннің III түрі болып басылған [6, 57]. Жалпы ән әр басылымда әртүрлі биіктікте берілген. Мәселен, қолжазба негізінде жарық көрген НПиК жинағында шығарма *fis* эолиялық ладына *(фа диез минор)* негізделсе, В. Дернова мақаласы мен ПРН жинағында *a* эолиялық лады *(ля минор)* шеңберінде берілген. Ал АСҚ жинағында ән *e* эолиялық ладына *(ми минор)* түсірілген. Сондай-ақ, ПРН жинағында алтыншы тактідегі сегіздік квартольдар көрсетілмеген. Бұл бір жағынан, ғылыми тұрғыдан да, орындау тұрғысынан да дұрыстыққа саналады. Біріншіден, нүктелі ширек нота мен сегіздік квартоль 6/8 өлшем аясынан асып, метроритмдік тепе-теңдікке қайшылық тудырады. Екіншіден, мұндай квартольдер әуеннің табиғи екпінін тежеп, ырғақтың ішкі динамикасын

бұзады. АСҚ жинағында да осылай басылған, сол қалпында ұсынылып отыр. Бұл – әннің халыққа кең тараған түрінің бір нұсқасы. Әуендік құрылымы төрт элементті – *abcd*. Ән әр нұсқада диапазонының әртүрлілігімен де ерекшеленеді. Бұл нұсқада децимаға тең.

№1.1.



Ән біркелкі 6/8 өлшемде түскенімен, әуеннің такт сыртынан (затакттан) басталуы оның метроритмдік құрылымына айтарлықтай әсер етеді. Бұл жағдайда бастапқы екпін негізгі екпінмен қабыспай, екпін түседі деп күтілетін буыннан сәл кейінге ығысады. Нәтижесінде, негізгі метрлік жүйе мен фразалық құрылым арасында және өлең бунақтарының әр соңғы буыны да келесі тактінің бастапқы үлесіне ығысып, үйлесімсіздік тудырады. Сондай-ақ, өлең тармақтарының да табиғи интонациясы бұзылып, тұтастық сақталмай қалады.

Сонымен бірге, әуен такт сыртынан (затакттан) емес, бірден метрикалық екпін түсетін әлді үлестен басталғанда, әрбір поэтикалық бунақ тактінің ішіне толық сыйып, өлең жолдары бөлінбей, тұтас сақталар еді әрі Ж. Елебеков сынды орындаушылардың үлгісіне әлдеқайда жақын болар еді. Өкінішке қарай, мұндай ырғақтық-мелодиялық сәйкессіздіктер ертеректегі ноталық үлгілердің көпшілігінде кездеседі. Мұны В. Дернова да: «Такт сызығы екпінді буынды көрсетеді. Алайда жолдардың соңында екпін түсетін үлес белгіленбеген. Затаевичтің мұны не себепті көрсетпегені беймәлім» [9, 44], – деп жеке тоқталып өтеді. Тағы бір өзгешелік, әннің 3, 4-әуендік жолдары қайырмалық қайталаусыз (репризасыз) берілген.

№1.2. «Желсіз түнде жарық ай» әніне берілген түсініктерде А. Затаевичтің Ә. Марғұланнан «Көзімнің қарасы» әнін де жазып алғаны, оның М. И. Глинка атындағы музейдегі этнограф қолжазбаларынан табылғаны туралы айтылған болатын.

№1.2.

В. Дернова: «А. В. Затаевич қазақ әндерін жинай бастаған кезеңде Қазақстанда араб графикасы қолданылып жүрген еді. Сондықтан ән мәтіндерін орыс әрпімен жазуға тура келген. Бұл күрделі жұмыс барысында оған А. Х. Марғұлан сынды білікті жандар көмектескен. Марғұлан өлең тармақтарын тактіге бөліп, мәтінді әуенге дәл түсіруде белсенді үлес қосқан. Мысалы, олар Абайдың «Көзімнің қарасы» өлеңін мынадай үлгіде сәйкестендірген:

Козим / нин кара / сы,
Конилим / нин сана / сы,
Битбей / ди ишим / де;
Гашык / тын жара / сы.

Затаевич бұл әннің астына «Қатыгез романстық мінезде» деп тегін жазбаған. Оның нұсқасынан қалалық романсқа тән субдоминанттық үшдыбысты құрылым мен доминант-септаккорд (V7) айқын көрінеді. Әуен мен мәтін арасындағы сәйкестікті мұқият сақтаса да, Затаевич бұл романстық сипаттағы нұсқаны «Қазақтың 500 әні» жинағына енгізбеген.

Ал «Көзімнің қарасы» әнінің кейінгі – Л. А. Хамиди, А. Қ. Жұбанов, С. Скорульский жазып алған нұсқаларында мұндай романстық белгілер айқын емес. Керісінше, қазақтың дәстүрлі интонациясы басым. Бұл жағдай ұлттық ән өнерінің орыс романсына әсер етіп, оны өзіндік сипатқа икемдегенін көрсетеді. Осы ретте, Затаевич жазбасы мен кейінгі 1935 жылғы нұсқаларды салыстыру халықтың орындаушылық дәстүрінің романстық формаларды ұлттық болмысқа сай өзгерткенін дәлелдейді» [9, 44–45] – деп жазады.

Әсілі, Ә. Х. Марғұланнан жазып алынған нұсқаның Затаевич тарапынан «қатыгез романс» деп сипатталуына тағы да бірнеше музыкалық себеп бар секілді. Біріншіден, бұл нұсқадағы триольдік ырғақтық құрылым Затаевич үшін тосын сипатта болған. Екіншіден, әннің гармониялық минор ладында өрбуі және жоғарғы тірек тонда аяқталуы оған қазақтық бояудан гөрі еуропалық романстың драматургиясын еске салған болуы ықтимал. Алайда триольдік ырғақ қазақ әні мен дәстүрлі орындаушылар мәнерінде жиі кездесетін, әннің ішкі серпінін ұстап тұратын ерекшеліктердің бірі. Сондықтан Ә. Марғұлан бұл шығарманы дәстүрлі орындаушылық мектепке тән ырғақ үлгісінде орындаған деуге болады. Ал гармониялық минор бояуы қазақ дәстүрлі музыкасына тән емес. Мұндай тәсіл әнге қалалық романстық сипат дарытып, оның қала музыкасына тән белгілермен түрленуіне жол ашқан. Бұл Ә. Х. Марғұланның қала мәдениетіне тән музыкалық алған үлгі нәтижесіндегі интерпретациясы болуы мүмкін.

Ән қалыпты басталып, 2-әуенжол V сатыдан жоғарғы III сатыға сексталық секіріс жасау арқылы басталған. Бұл бұрынғы нұсқалардың ешқайсысында кездесе қоймайды. Ал осы әуенжол соңының V сатыға қайтуы – дәстүрлі орындаудағы нұсқаға ғана тән үлгі (Ж. Елебеков, М. Ешекеев, Қ. Байбосынов. 1.2.(а) үлгісін қараңыз). Тіпті, М. Ешекеев орындауында IV сатыға дейін төмендейді. Бір ескерер жайт, дәстүрлі орындауда 2-әуендік жолдағы әннің шарықтау шегі жоғарғы IV сатыға дейін көтерілсе, оркестрлік үлгіде жоғарғы III сатымен шектеледі. Сол себепті, оркестрлік үлгідегі «Көзімнің қарасының» диапазоны дәстүрлі үлгіге қарағанда бір тонға кем – децима. (Қ. Байбосыновтың «Сыр сандық» жинағында оркестрлік үлгідегі «Көзімнің қарасы» II түр болып берілген [78, 103]).

№1.2.(а)

Осы тұрғыдан алғанда, «Көзімнің қарасы» әнінің бастапқы нұсқасы дәстүрлі қалыпта айтылғанын аңғарылады. Бұған дәлел ретінде 1965 жылы Қазақ ұлттық консерваториясының ҒЗФЗ қорына Абай елінен жазылып алынған, Күлия Толғанбаеваның аспап сүйемелінсіз орындаған үлгісін келтіруге болады. Бұл нұсқаның ырғақтық сипаты Ж. Елебеков, М. Ешекеев. Қ. Байбосынов сынды орындаушылар ұсынған интерпретациялармен толық үндес келеді. Осыған сүйене отырып, әннің бастапқыда дәстүрлі үлгіде орындалып, уақыт өте келе оркестрлік, фортепианолық немесе хорға лайықталып, «қалалық романс» үлгілеріне икемделгенін пайымдауға болады.

№1.2.(б) *К. Толғанбаеваның орындауында*

Халық арасынан шыққан қарапайым орындаушылардың өзінен халықтық ырғақ, ұлттық нақыш айқын білініп тұрады. Ертеде және өз ортасында қалай орындалды, солай үйреніп жеткізді. Бұл – олардың ең басты ерекшелігі және тазалығы.

№1.3. Әннің келесі нұсқасы жөнінде сөз етпей тұрып, салыстыру үшін Ж. Елебековтің алтын қорда сақталған «Көзімнің қарасының» ноталық үлгісі ұсынылады.

№1.3.

№1.3(а). Бұл нұсқа да Ж. Елебеков айтуында 1939 жылы Б. Ерзаковичтің нотаға түсіруімен хатталған. Бұл да осы түрінің бір нұсқасы. Ән 1940 жылғы жинақта [10], АМТ [5, 36] және АСҚ жинақтарында әннің II түрі болып жарық көрген [6, 56]. Сонымен қатар, Б. Ерзакович құрастырған ҚХӘ жинағында тура осы қалпында жарияланған [21, 277]. Ән 1940 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр. АСҚ жинағында әннің бірінші тактісінде аздаған өзгеріс бар. Кейіннен жөнделсе керек.

№1.3.(а)



Әншінің жас күндегі орындауы (1.3(а) мен кейінгі орындауында (1.3) біршама айырмашылық бары айқын көрінеді. Бұл орындаудағы ән нұсқасы Ж. Елебековтің алтын қорда сақталған аудиожазбасымен салыстырғанда ырғағы, әуені, орындалуы

жағынан әлдеқайда қарапайым, диапазоны да оркестрлік нұсқадағыдай бір тонға кем – децима. Яғни, осыдан-ақ әншінің өсу жолы мен әннің де жаспен бірге толысып, әсем иірім, өзгеше өрнектермен көркемделіп, байи түскенін аңғарасыз. Ж. Елебековтің алтын қордағы жазбасында (1.3.) әннің 1, 2, 6 және 22-шумақтары орындалған. 2-шумақтың 1-тармағындағы *«Қазақтың данасы»* сөзі *«Қазақтың баласы»* болып, 3-тармақтағы *«Бар демес сендей бір» сөзі «Бар дей ме сіздей бір»* болып айтылған. 22-шумақтың *«Ер емес қымсынар, Әркім-ақ ұмсынар»* болып басталатын 1, 2-тармақтары *«Әркім-ақ ұмсынар, Ер емес қымсынар»* болып орны ауысқан. Жинақтардағы *«Құдай-ау, бұл көңілім, Күн бар ма бір тынар?!»* болып берілген 3-тармағы *«Құдай-ай, күн бар ма, Бұл көңілім бір тынар»* болып айтылған. Соңғы жолдар әнші М. Ешекеевтің айтуында да, кейінгі жас орындаушыларда да осылай орындалып жүр. Ал М. Ешекеевтің ертеректегі жазбаларында соңғы шумақ *«Қыз емес қымсынар»* болып айтылса, кейінгі жазбаларында *«Ер емес»* болып орындалған.

№1.4. Әннің келесі бір нұсқасын Қ. Жүзбасов М. Мұхаметжанованың орындауында нотаға түсірген. Ән АСҚ жинағында IV түрі болып басылған [6, 57].

№1.4.



№1.4.(а) М. Мұхаметжанованың орындауындағы әндердің таспаға жазылып алынғандығы – түсірілген нотаны салыстыру үшін үлкен мүмкіндік. Ал осы орындаушының консерватория қорындағы «Көзімнің қарасын» Қ. Жүзбасов нотаға түсірген үлгімен салыстырғанда, аздаған айырмашылық байқалды. [15], [16].

№1.4.(а)

М. Мұхаметжанованың бұл орындауында ауыспалы ырғақтың қолданылғаны байқалады. Атап айтқанда, алғашқы тактіде әуен триольдік өлшеммен басталса, 2-әуенжолдың соңына қарай біркелкі, тұрақты ырғаққа өтеді. Мұндай ырғақтық

өзгеріс, бір жағынан «Көзімнің қарасы» әнінің жалпы халықтық орындау тәжірибесінде оркестр сүйемеліне лайықталған нұсқасының кеңінен таралуымен байланысты болуы мүмкін. Яғни, орындаушы сол үлгіге бейімделіп, кең танымал болған ырғақтық құрылымды басшылыққа алғандай әсер береді. Соған қарамастан, дәстүрлі нұсқадағы интонациялық, әуендік өрнектерді сақтауға және жеткізуге тырысқаны аңғарылады.

№1.5. Абайдың «Көзімнің қарасы» әніне қатысты қызықты деректі А. Ахметжановтың «Рухани жол» еңбегінен кезіктірдік. Ол: «Бұл жинаққа енген екі ән «Мен сәлем жазамын» және «Қызарып, сұрланып...» туралы айтарымыз мынау: Абайдың лирикалық әндерінің кейбір мелодия түрлері елдің бәріне таныс «Көзімнің қарасы» деп басталатын ән өлеңдерімен әр орындаушыдан өнертанушылар нотаға түсірген. Сол себептен де жоғарыда аталған екі әннің әуені өз өлеңіне телінбей, әнсіз қалып, «Көзімнің қарасының» түрлері болып жазылып алынған. Жазып алушы әнді орындаушы қай сөзбен айтты, солай көшіріп беруді ғана білген. Бұл әндердің өз өлеңі нақ осы «Көзімнің қарасы» ма, жоқ па, ол арасына тереңірек үңілмей, басқа да өлеңімен айтылатын осы әуендер ноталарда «Көзімнің қарасының» түрлері болып қалған. Сол себептен де 1935 жылы Л. Хамидидің Архам Кәкітайұлы Ысқақовтан түсіріп алған үлгісі елге кең тарап, осы әннің қалыптасқан үлгісі ретінде көпшілік шырқап айтып жүр. Ал қалған түрлері көмескіленіп, екінші орынға ысырылып келеді...

Абай бұл өлеңіне ән шығарған. Өлең құрамы, мазмұны соншама күрделі, бірбірінен ажырамас лирикалық шумақтар тез жатталына қоймаған. Сол себептен бұл өлеңнің өз әуен-сазы тілге жеңіл, баршаға ортақ «Көзімнің қарасы» өлең шумақтарымен жиі айтылып кеткен. Осы жинақты құрастырушы 1954 жылы Абайдың туған жері Қасқабұлақ жеті жылдық мектебі оқу ісінің меңгерушісі Нұрғалы Байұзақовтың орындауынан нотаға түсірген...

«Қызарып, сұрланып...» деп басталатын Абай әні 1954 жылы Қасқабұлақта жазып алған әуенімен осы жинаққа Абайдың бір әні болып енгізіліп отыр. Бұның да әнші Ж. Елебековтің «Көзімнің қарасы» деп, құйқылжыта айтатын екінші түріне (№1.3а) кейбір ұқсастығы бар. Жүсекең «Көзімнің қарасы» әнінің бірінші түрін 1939 жылы Б. Ерзаковичке жазғызса да, бұл «Көзімнің қарасы» әнінің негізгісі болып алынса да, «Қызарып, сұрланып...» атты Абай әнін «Көзімнің қарасы» әнінің екінші түрі» деп өзі орындап келген. Дегенмен, Ж. Елебековтің орындауындағы әуеннен «Қызарып, сұрланып» әнінде әжептәуір айырмашылықтың бар екенін аңғаруға болады... [63, 48, 124] – деп, әннің клавирлік үлгідегі нотасын жариялаған. Мұнда канталық үлгісі ұсынылды.

№1.5



Бір түсініксіз жайт, автордың «қалған түрлері көмескіленіп, ысырылып келеді» дегенде «Қызарып, сұрланып...» «Көзімнің қарасының» бір түрі дегенді меңзегені ме? Екінші, Ж. Елебековтің «Қызарып, сұрланып...» әнін орындағаны жайлы дерек кездеспейді. Оны әншінің шәкірті, Абай елі әндерінің білгірі Амангелді Жікеновтен сұрағанымызда, ол Ж. Елебековтің Абайдың мұндай әнін орындамағанын және ел ішінде де бұл әннің естілмегенін айтты.

№2.1. Абай әндері ертеден көптеген түр-нұсқалармен жетіп, олардың ішінде кейбір әндерінің сөзі басқа бір әнінің сөзімен ауысып немесе белгілі әндері ақынның мүлде басқа өлеңдерімен айтылып, иә болмаса, белгілі ән мәтіндері бұрын-соңды естілмеген әуенмен айтылып жеткен. Сондай жағдай осы әнде тағы кездесіп отыр.

Әннің интонациялық құрылымы мен әуендік желісі алдыңғылардан өзгеше болуымен ендігі айтылатын «Көзімнің қарасы» түрге жатады. Бұл түрін Л. Хамиди Ә. Ысқақовтың орындауында жазып алған және А. Жұбанов пен Л. Хамидидің «Абай» операсында пайдаланылған. Бірақ бұл үлгіні орындауда дәстүрлі орындаушылар арасынан Т. Рахимовтың есімі ғана аталады. Ән 1940 жылғы жинақтан бастап барлық кейінгі басылымдарда I нұсқа ретінде тұрақты түрде жарияланып келеді.

№2.1.

Әннің бұл түрі турасында Ғ. Бисенова: «Абай бір өлеңге екі түрлі әуен шығаруы мүмкін бе? Иә, мүмкін. Бұл өлеңнің мазмұнына байланысты. Негізгі екі бейнеге байланысты екі себеп дамиды: сұлулығымен таңғалдырған сүйікті жар және күшті, үлкен сезімнен туған азап. Жігіттің осынша сезіміме жауап ала алам ба деген күмәні терең уайымға ұласқан. Жас жігіттің адами қарым-қатынас туралы ойға шомуы да философиялық маңызға ие. Өлеңдегі бұл алғышарттар терең мазмұнымен ерекшеленетін Л. Хамидидің А. Ысқақовтан жазылған нұсқасын өмірге әкелді. Осы нұсқаның А. Жұбанов пен Л. Хамидидің операсында Абайдың музыкалық бейнесін жасауға қолданылуы да кездейсоқтық емес» [7, 71], – деген пікір білдіреді. Өлеңдегі адами қарым-қатынас турасында академик З. Ахметов те: «Мұнда ынтызарлық сезім қаншалықты нәзік, терең көрінсе, ғашық жарын идеал тұту, қастерлей, қызығып тамсану сарыны да соншалықты күшті шыққан» [79, 121], – дейді.

Т. Базарбаев «Абай» журналындағы мақаласында: «Айтылып жүрген түрінен мүлде бөлекше. Хамиди мен Жұбановтың «Абай» операсында қолданған түрі. Бірақ та жазылу ритмі дұрыс емес. Әнді нотаға түсіргенде айтушы бұрыс айтып тұрса да, дұрыс түсіру керек емес пе? Бұл әнге өткір ритм келмейді. Сондықтан әннің ішіндегі нүкте қойылған сегіздік нота мен он алтылық нота үйлеспей тұр. Ал, расын

23–9114

айтсақ, бұл ән басқа бір текспен айтылатын ән сияқты. Әлі зерттеуді керек ететін ән. Бірінші түрі өлеңге ауыр және қайырмасы «Қараңғы түнде тау қалғыпқа» ұқсап тұр» [32, 193], – десе, «Құлақтан кіріп бойды алар...» хабарында: «Мына жинақтың ішіне әннің төрт түрі кірген. Олар қазіргі айтылып жүрген түрі және халыққа көп тарамаған түрі. Оны А. Жұбанов пен Л. Хамиди «Абай» операсына кіргізген. Әрине, мұны Л. Хамидидің өзі жазып алса керек. Сондықтан Абайға осы екі түрі де жақындау деп, оның ішінде айтылмай жүрген түрін үйреніп, сіздерге ұсынғалы отырмыз. Бұл түрі өте терең» [8], [14] – деп қысқаша түсінік береді. Т. Базарбаев зерттей келе кейінгі пікіріне тоқталған секілді.

Әннің мәні – сөз бен саздың тереңдігі мен үйлесімінде. Олар бір-бірін толықтырғанда ғана тұтас, толық көркем дүниеге айналады. Әннің бұл түріндегі кейіпкер мінезі алдыңғы түріне қарағанда ойлы, мұңды, қаталдығы да байқалмай қалмайды. Ырғағы өте баяу, еркін жүрісті, кең тынысты, сонымен қатар орындаушыдан терең ой мен танымды да талап етеді. Әннің драмалық сипаты басым.

№2.1.(а) Т. Рахимов әннің негізін Ә. Ысқақовтан ала отырып, әуендік интонациясын бұзбай орындап шыққан. Бірақ кульминациялық дамудың алдында бірде пунктирлік, бірде синкопалық ырғақтар пайда болған. Ал Ә. Ысқақов нұсқасындағы әр тармақтың басы мен соңында кездесетін пунктирлер бұл орындауда жадағайланып, жойылып кеткен. Т. Базарбаев жоғарыда келтірген бір сөзінде жинақта берілген әннің ырғағына көңіл толмастық білдіріп, «жазылу ритмі дұрыс емес» деген болатын, яғни өзі қадағалаған болса керек. Т. Рахимов әннің соңын әртүрлі аяқтап отырған. Орындауында текстологиялық өзгерістер жоқ.

№2.1.(а)

№2.1(б). Дәл осы ән жөнінде А. Жікенов: «Елде Еркінбеков Қалиасқар деген ақсақал болған. Өмір бойы Бөріліде тұрды, сол жерде жерленді. Мал баққан адам еді. Бірақ ақындығы бар, дастандар жазған. Шығармалары кезінде газеттерде жарияланған. Абай еліне белгілі, өнерге өте жақын адам болды. Ән салып, ірі дастандарды жатқа айтатын. Оның үстіне Әлмағамбеттермен бірге жүріп, Абайдың әндерін естіген. Бұл кісілер жалпы ешкімге ашылып әңгіме айтпайтын. Шәкерлер

де сондай еді ғой. Әбден қорқып қалған. Ж. Елебековтен оқу бітіріп келген жас кезім. Арасында Бөріліге барып тұрамын. Менің келгенімді естиді екен де, үйінен шығып мені қарайды екен. Бір күні мені көріп, тұмағын бұлғап шақырды. Амансәлем жасап, үйіне кіріп, әңгімелесіп отырғанымызда маған: «Ей, Амангелді, сен Жүсіпбектен оқып келдің ғой. Жарайды, дұрыс... Әншісіңдер... Ал бірақ мен осы Абайдың әндерінің бәрін бұрын Әлмағамбеттерден естігенде басқа болатын. Сендер басқаша қылып айтасыңдар», – деп талай әндерді айтты. Оның бәрін мен жазып алмадым. Ол кезде ештеңені елемейсің. Қазір ғой ұрпаққа қалдыруымыз керек деп бірдеңелерді ойлап жүреміз. Сол кісінің айтуындағы «Көзімнің қарасының» II түрі жадымда сақталып қалыпты. Әні жатымды болғаннан кейін адам ойында мәрдей басылып, жатталып қалады ғой. Артық дыбыстары жоқ әндер сондай болады», – деп әнді орындады.

№2.1.(б)

Алдыңғы екі әуен жол речитативті түрде дамыса, соңғы екі әуенжолдың екпін-ырғағы баяулап, созылып айтылған. Әуен алғаш басталғаннан-ақ Ә. Ысқақов нұсқасынан өзгеше екені көрінеді. Субкварталық өрнек жоқ. Бұл нұсқада жаңа заманның бояуы білінеді.

№2.1.(в). Абай аудармаларының ішінде көптеген мысал өлеңдер бар. Соның бірі 1909 жылғы жинақтан бастап, барлық басылымдарда басылып келе жатқан И. А. Крыловтан аударған «Қарға мен бүркіт» мысал-өлеңі. Осы мысал-өлең де Ә. Ысқақов жеткізген «Көзімнің қарасының» II түрінің әуенімен жазылып алынған.

Өлеңді Б. Ерзакович 1948 жылы Семей облысы Жарма ауданы Октябрьдің XV жылдығы атындағы колхозда тұратын ақын Қасенбек Байғұтдиновтың айтуында нотаға түсірген. АМТ [5, 48], АСҚ жинақтарында [6, 81] жарияланған. Бұл деректер АСҚ жинағынан алынып беріліп отыр. Ғ. Бисенова да өз зерттеуінде «Қарға мен бүркіттің» «Көзімнің қарасымен» ұқсастығын атай отырып, монографиясының қосымшасына жеке ән ретінде енгізген [7, 159].

18, 19, 20, 21 тармақтары ғана 6 буынды, қалған тармақтары 7-8 буынды (4+3, 5+3) жыр үлгісінде жазылған 40 тармақты мысал-өлеңнің «Көзімнің қарасының» (aaba, (3+3) әуенімен айтылуы таңғаларлық.

№2.1.(в)

Алдыңғы жинақтарда «Қарға мен бүркіт» мысал-өлеңінің әуені болғанымен, ол кейінгі жинақтарға енбей қалғанына байланысты өнерпаздар мен зерттеушілер тарапынан бұл жағдай сынға ұшырауы мүмкін. Алайда, Абай өлеңдерінің жазылу хронологиясына сүйенсек, ең алдымен «Көзімнің қарасы» өлеңіне орын берілуі заңды. Бұл орайда, әуен де дәл осы өлеңге тиесілі болуы тиіс.

Екіншіден, «Көзімнің қарасы» әнінің әуендік сипаты – баяу екпінді, мұңды мінезімен ерекшеленеді. Үшіншіден, қазақтың жыр-терме, қисса-дастан, мысал жанрларына тән әуендік ерекшелік – жүрдек екпінді, речитативті сипатта орындалады. Осы тұрғыдан алғанда, «Қарға мен бүркіт» мысал-өлеңінің мәтіні мен «Көзімнің қарасы» әнінің әуені арасында көркемдік тұтастық байқалмайды. Осы сәйкессіздікке байланысты аталған мысал-өлең Абай әндерінің құрамынан алынуына негіз болып отыр.

№2.1.(г). «Көзімнің қарасының» бұл түріне қатысты да қызықты бір дерек А. Ахметжанов еңбегінен көрінді. «Абайдың ән мұрасы» бөлімінің соңғы тарауында: «Мен сәлем жазамын» әнінің мелодиялық нотасы сол 1954 жылы Қасқабұлақ ауылының тұрғыны, мектеп оқу ісінің меңгерушісі, ұстаз Байұзақов Нұрғалыдан жазылып алынды. Сол кісінің айтуы бойынша скрипкада ойнап, өз оқушыларына тыңдатып, жаттатты... Бұл мелодияны Абайдың «Көзімнің қарасы» әнінің бірінші түрі етіп, сол жылдары Семей қаласында Ә. Ысқақовтан Л. Хамидидің жазып алғандығын, оны операға пайдаланғандығын тағы кейін біліп отырмыз. Сөйтіп, «Мен сәлем жазамын» атты Абайдың әні өз авторлығымен айтылмай қалды. Сол жылдары Н. Байұзақов ұстаздан жазылып алынған Абайдың өз әні – «Мен сәлем жазамын» әнінің нотасын осы жинаққа енгіздік» [63, 49] – делінген.

Ал әнге берілген түсінікте алдымен «Абай жолы» романындағы: «Екі айдай ауру едім, қазір лазаретке түсемін. Мағышты үйге қайырдым. Тезірек Мағаш (Мағауия) мұнда келсін» – деген Әбіш хатынан кейінгі Абайдың көңіл күйін тұтас келтіреді. «1894 жылдың күзіндегі бұл оқиға ақын жанынан жыр боп ағылады, күй боп төгіледі», – деп ақынның «Әбдірахман науқастанып жатқанда» (Иә, құдай, бере көр), «Әбдірахманға» (Алланың рахматын), «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» (Көзімнің нұрысыз) өлеңдерін «Мен сәлем жазамын» өлеңімен қатар қоя отырып: «Үш ауыз өлеңімен осы әнді 1954 жылдары Қасқабұлақ ауылындағы үлкен аталар мен әжелер айтатын. Және осы әуен сол ауылдағы жеті жылдық мектептің оқу ісінің меңгерушісі Нұрғалы Байұзақовтың орындауында нотаға түсірілген. Нұрғалы ағаның жары Мінәш Әрхамқызы Ысқақова осы мектепте ұстаздықты бірге атқарған. Қазір Семей қаласында тұрады. Нұрғалы ұстаздың үлкен әкесі Байұзақ – Абайдың «Қыздарға» деген өлеңіндегі атасы, Бәкең (Байбөрі) Қыздардың ағасы, Абайдың сыйлас дос, туысы. Сол себептен де «Мен сәлем жазамын, қарағым қалқама» әнін Абай асыл баласы Әбдірахманға шығарған деген пікірімізді дәлелдей аламыз. Ә. Ысқақов асығыстықтан 14 әннің махамын қатар айтып, нотаға түсірткендіктен, жалпыға

ортақ жатталған «Көзімнің қарасы» әнінің сөздері нота астына жазылып кеткен. Ән қайғылы, зарлы, шерлі күйдің тебіренісін айна қатесіз суреттейді. Байсалды, адами, тоқтамды, қажырлы, ержүректіктің күңіренісін береді» [63, 147–149], – деген түсінік береді. Бұл жерде А. Ахметжанов өлеңді 1894 жыл жазылған дегенді айтып отыр. Ал салыстырып отырған өлеңдері – осы жылы жазылған туындылар.

№2.1.(г)

Иә, ақын ұлы Әбдірахманның бір басына арнап он үш өлең жазғаны белгілі. А. Ахметжанов келтірген дәлелінің қисыны да жоқ емес секілді. Оның үстіне бұл әнді Ә. Ысқақовтың қызы мен күйеу баласынан үйренген. Ақынның дәл осы өлеңіне мұндай қисын мен ғылыми талдау ақын Ы. Ожайдан да көрінген болатын. Ол да «Көзімнің қарасына» жасаған герменевтикалық талдауында 20 шумақ өлеңнің алғашқы төрт шумағын «Бұл Абайдың тәні бөлек демесең жаны бір, жалғандағы шын «ғашығы» Әбдірахманға арнаған өлеңі болатын» – дейді [80].

Жалпы «Мен сәлем жазамын» өлеңі алғаш 1933 жылғы жинақта басылып [81, 195], 1945 жылғы жинақта: «Мен сәлем жазамын, қарағым қалқама» (1897) – деген өлең де тек 1933 жылғы (195–196 беттер) және 1939 жылғы Абай жыйнағында ғана бар (I том, 199-бет), одан бұрынғы баспаларында жоқ. Өзі әнмен айтылған өлең болуға тиіс. Кімге, не жайында жазылғаны белгісіз», – делінсе [82, 200, 446], А. Омаровтың жаңаша үлгідегі жинағында: «Үш шумақ өлең, сірә да, Абайдың әзілі. Жақын жүрген дос-інілерінің бірі сүйген қызынан күні бойы хат-хабар күтіп, жүдеп, сарғайып (азып) жүргенін аңдап, соны өлең еткен. «Қайғыңнан азамын, Барушы айта ма?» деген сияқты қалжың аралас сөз осының айғағы. Кімнің атынан жазылған? Ол – Ырысайдың Ысқағы, Кәкітай я Көкбай немесе өзге біреу болуы да мүмкін. Ал 52 жастағы Абай қызға «сәлем жазды» деу ақылға симайды. Шүбәсіз, өлең 1897 жылғы емес. Жаңа айтқандай, өлең дерегі «мен он жыл бұрынғы кездікімін» деп әйгілеп тұр. Сондықтан оны Абай алғаш жастар тәрбиесіне бет түзеген 1887 жылғы шығармалар қатарына қосуға ұйғардық» [58, 264], – деп түсінік берілген.

Байқағанымыздай, бір ән айналасындағы әртүрлі дерек біртұтас көзқарас қалыптастыруға кедергі келтіреді. Ән мәтіні мен оның музыкалық нұсқасына қатысты пікірлер де әртүрлі. Мәселен, әнді «Көзімнің қарасының» II түрі деп қарастыруға болғанмен, 1945 жылғы жинақтағы «әнмен айтылуға тиіс» деген түсініктеме Ахметжанов қисынына жақындата түседі. Оның үстіне, Т. Базарбаевтың: «расын айтсақ, бұл ән басқа бір текспен айтылатын ән сияқты», – деген пікірі де осы музыкалық параллельді аңғарғаннан туған секілді. Ал Әлмағамбеттермен бірге жүрген Қалиасқар ақсақалдың әнді «Көзімнің қарасы» деп жеткізуі (А. Жікенов)

мәселені одан әрі күрделендіре түседі. Алайда, Семейде жарық көретін «Абай» журналында Т. Базарбаевтың аталмыш мақаласы жарияланған кезде (1995), А. Ахметжанов неге пікір білдірмеді екен?

Бұл болашақта Абай шығармашылығының поэтикалық-музыкалық байланысын қайта қарап, жаңаша бағалау қажет екенін көрсетеді. Бұған абайтанушылар да, музыкатанушылар да атсалысуы керек деп санаймыз. Ал А. Омаров пайымы қисыннан алыс көрінеді.

Музыкалық жағынан «Мен сәлем жазамын» мен Ә. Ысқақов айтуындағы «Көзімнің қарасы» бір интонацияға құрылған әндер. Ішкі өрнектері А. Жікенов айтуындағы нұсқаға біршама жақын.

№3.1. «Көзімнің қарасының» бұрын «белгісіз де белгілі» нұсқасы консерваторияның ҒЗФЗ қорынан кейінгі кезде табылды. Бұл нұсқаны жеткізуші – О. Хаймулдин. Ән домбыра сүйемелімен айтылған.

№3.1.

Жоғарыда «белгісіз де белгілі» деген сөздің мәні бар. Бұл – ертеден келе жатқан, Шыңғыстау өңіріне тиесілі әндердің бірі. Уақытында қазақ әндері әртүрлі жағдайда елге тарады, әртүрлі жағдайда жинақталды. Кейбір ән авторлары саясат тырнағына ілініп, тағдыры талқыға түсіп, сонымен бірге олардың шығармасын да айтуға тыйым салынды. Сондай кездерде ел әннің ұмыт қалмауы үшін ән сөздерін басқа сөздермен алмастырып жеткізуге тырысты. О. Хаймулдиннің орындауында «Көзімнің қарасы» болып жетіп отырған ән – Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жиырма үш жасымда» деген әні.

Бұл жайында Т. Жұртбаймен ауызша сөйлескенімізде: «Шәкәрім халық жауы боп атылып кеткеннен кейін оның жаңғырығы жүрсін деген оймен «мынау Абайдың әні екен» деп, Шәкәрімнің сөзін Абайдың әніне немесе Абайдың сөзін Шәкәрімнің әніне салып өткізіп жіберетін тәсілдер болған. Зиялылардың арасында айтылғанда бірін-бірі біліп отырса да, «бұл Абайдың әні ғой» деп, біреуі сендірген болып, біреуі сенгенсіп тыңдап жүретін болған», – дейді. Бұл айтылып отырған ойдың үлкен қисыны бар. Бұл әуен де сондай тағдырды басынан өткізіп, халық арасына тарап кетуі бек мүмкін.

«Жиырма үш жасымда» – 1–4 тармақтары 6 буын, 5-тармағы 11 буын, 6-тармағы 12 буыннан құралған жастық, махаббат тақырыбындағы лирикалық ән. О. Хаймулдин жеткізген «Көзімнің қарасы» алғашқы төрт тармақтың әуені негізінде айтылған. Бұған екі өлең құрылысының бірдей болуы да әсер етсе керек. Қорытындылай келе, О. Хаймулдин жеткізген «Көзімнің қарасы» қазақ музыка этнографиясы үшін құнды жәдігер болып қала береді. Алайда Абайдың «Көзімнің қарасы» әнінің нұсқасы ретінде қарастыруға негіз жоқ. Әуен Шәкәрімге тиесілі.

Жоғарыда сөз етілген «Көзімнің қарасының» екі түрі ішінде Ә. Ысқақов пен Ж. Елебеков нұсқалары түпнұсқаға жақын үлгі ретінде берілді.

Сұрғылт тұман дым бүркіп. «Сұрғылт тұман дым бүркіп» – М. Глинканың «Не осенний мелкий дождичек» романсының аудармасы. Өлеңі А. Дельвигтікі. Абайдың бұл әніне және әннің тағдырына байланысты әртүрлі әңгімелер бар. Соның алғашқысын Шәкәрім әндерін насихаттаушы әнші К. Өлмесеков айтқан еді: «Ән Абайдың әні емес, Ақылбайдың әні. Ол туралы Ахат естеліктерінде жазылған, тіпті, бұл әнге Қабыш Құдайбердиевтің қосқан жауабы бар». Әншінің бұлай деуінің себебі «Сұраған жанға сәлем айт» жинағын құрастыру барысында белгілі болды және «Сұрғылт тұман. Ақылбай» деп жазылғаны жеке ән дәптерінен де кезікті. Онда Қабыштың да қосқан сөздері бар. Яғни, әнші солай үйренген [8].

Осы жайға байланысты әртүрлі еңбектерді қарастырғанда Т. Ибрагимов [83], Т. Жұртбай [84], А. Мұхаметқалиқызы [85] сынды зерттеушілердің ойлары Ахат қолжазбасымен үндес және әннің дүниеге келу тарихы да ұқсас болды.

Т. Ибрагимов «Жер әңгімеші» кітабында: «Сұрғылт тұман» Шағыл өзегінде 1892 жылы дүниеге келіп еді. Бас себепкер – Абай. Ол Ақылбай мен Әлмағамбетті мына іргесі тиіп тұрған Семей қаласына баруды кеңес етеді. Олардың алдына қойған мақсаттары: Семей қаласы қазақтарына тән, ал Шыңғыс өңіріне таңсық қазақ әндері, сондай-ақ орыс, татар әндерін және қала жұртына сіңісті болған күй, өзге саздарды үйреніп, игеріп қайту еді. Сол сияқты қобыз, скрипка, сырнай, өзге аспаптарды ойнауды үйреніп қайтуды да тапсырады. ...Екеуі бірдей өнерге құштар және өз өнері тақау үндес жандар екі-үш ай ішінде қыруар олжаларға кенеліп қайтса керек...» – деп басталатын әңгіме Ақылбай мен Әлмағамбеттің қайтар жолда Семейден ұзап шығып, Шағыл төсіне келгенде Әлмағамбеттің Ақылбайға: «Олжалы қайтып барамыз, Абай аға да риза болар. Бірақ үнемі өзгелердің дүниесін апарып, жеткізіп, таратып жүрміз. Сізге өзгенің өлеңін аударып, ән шығару дағдылы ісіңіз ғой, енді өз жанымыздан бірдеңе шығарып апарсақ, қуантқан үстіне қуантсақ, жараспай ма?!» – деген екеуара әңгіме диалогтармен жалғасады. Ақыры шағылда ат шалдырып, сол жерде Ақылбайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп» әні дүниеге келеді. «Бұл әннің мәтін авторы А. А. Дельвиг» [83, 33–35] – дейді.

Сонымен қатар, Т. Ибрагимов: «...Бұл өлең Абайдың 1909 жылғы Санкт-Петербургтан басылып шыққан жинағына енгізілмепті. Ел аузындағы әңгіме, аңыздарға қарағанда бұл дүние аудармамен қатар әуен, әуез сазымен қатар туғаны себепті ортаға көп жайылған. Соған қарамастан, бұл шығарманы Кәкітай мен Тұрағұлдың білмеуі мүмкін емес еді. «Сұрғылт тұманның» Абай аудармасы екендігіне тағы бір күмән тудыратын жай – бұл шығарманың Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1907, 1910 жылғы көшірмелерінде болмай шығуы. Ендеше: 1909 жылғы жинақты әзірлеу алдындағы Абай шығармаларын жинастырып, көшірмелерді топтастырған, ұйымдастырған бас иелері Кәкітай мен Тұрағұл екені белгілі. «Сұрғылт тұман дым бүркіптің» нақ авторы кім екенін нақ жете білетін де екеуі болса керек еді. Жинақ құрамындағы шығармаларды сан сұрыптап, сараптағанда Абайдың мұндай тамаша дүниесін алғашқы жинаққа қоспауының себебін екеуінің шешімінен аңғаруға болатын сияқты. Олардың шешімі бойынша 1909 жылғы жинағы «Сұрғылт тұманның» Абай аудармасы еместігіне сұрақ иесі жүгінгендей қалып бар» [83, 36] – деп, өлеңнің 1909 жылғы жинаққа енбеуін әннің Ақылбайға тиесілі болғандығынан екенін меңзейді..

Дәл осы әңгімені Т. Жұртбай: «...Бір мысал, Семейдің аэропорты орналасқан жер бұрын Шағыл деп аталған. Қазіргі Шағыл ол кезде Семейден көш жер алыс. Сәске ауа қос жолаушы ат шалдырып тұрғанда Ақылбай: «Абай аға: ал алты айда не үйреніп келдіңдер. Бойларыңа өнер қонды ма, көрсетіңдер десе, қайтеміз, Мұқа. Одан да өнер базарлығы болсын, сол кісінің өзі орысшадан аударған бір өлеңіне ән жазайық», – дейді. Бұл пікірді Абайдың скрипкашысы Мұқа Әлқанұлы құп алды.

...Ойларына ырғағы мен мақамы жағынан әнге икемді «Сұрғылт тұман дым бүркіп» атты жолдар түседі. Қос скрипкашы қосыла безілдетіп, өздеріне таныс, құлаққа сіңген орыс музыкасының ізімен ән әуенін іздейді. Абайдың бұл өлеңі А. А. Дельвигтің (М. И. Глинканың. Е. Ш)

Не осенний мелкий дождичек
Брызжет, брызжет скозь туман.
Слезы горькие льет молодец,
На свой бархатный кафтан –

деп басталатын романсы еді.

...Шағылдың таңын әнмен қарсы алған Ақылбайдың бұл әуені Абай әні деп айтылып жүр. Біздіңше, бұл әбестік тәрізді. Осындай мәдени салтанатпен барғанда Абай: «Әй, жарайсың, Ақылым. Түртпектеген ана Мұқа ғой. Өзім де соны күткем. Киімің олақ, көңілің көл-ақ. Ақыл, сені ширасын деп ем. Түзеліпсің, ақтадың», – депті. Кейін Мағауия қайын жұртына аттанарда «он минутта ойына түскен» әйгілі «Ақылбайдың әні», – ұлы ақынның үлкен ұлының музыкалық талантын танытады» [84, 20–22] – дейді.

Ал осы оқиға Ахат Шәкәрімұлының «Менің әкем – халық ұлы Шәкерім» естелігінде: «Жастық туралы» әнінің шығу тарихынан да мына бір естелікті айтады: «Семейдегі бір музыкант орысқа скрипка алғызып бер деп тапсырған едім. Сол «скрипка алғыздым», – деп хабарлаған соң, жазғытұрым келіп, одан скрипка тартуды үйреніп, бұрынғы білетінімнен жақсы тартатын болдым. Бір ай Семейде жатып, Ақыл-

бай екеуміз бір қайттық. Семейден ерте шығып, Шағылдың белесіне келіп отырмыз (Шағыл – қазіргі Семей қаласындағы Абай атындағы әуежайдың орны. Е. Ш). Семейден қоңыраудың соғылған, барабанның айғай-шуы, неше түрлі дыбыстар естіліп тұрды. Мен Ақылбайға айттым: «Мынау естіліп тұрған дыбыстардан, мынау көктемнің ғажап көрінісінен бір ән менің ойыма оралып тұр» – деп. Содан скрипкаға бір сарын салдым. Ақылбайға: «Бір ән шығарам» – деп аулақ барып отырдым. Сол жерде «Жастық» туралы өлеңге ән шығардым. Ақылбай да бір ән шығарды» [22, 812] – деп жазады (Бұл естелік «Сегіз аяқтың №2.8 бөлімінде берілді).

Қарап отырсақ, Т. Ибрагимов, Т. Жұртбай, А. Шәкәрімұлы жеткізген оқиғаның өзегі де, ән тарихы да ортақ, әннің дүниеге келген жері де бір – Шағыл. Айырмашылығы – Ақылбайдың серігі бірінде – Әлмағамбет, бірінде – Мұқа, енді бірінде – Шәкәрім. Ал бірінде – өлең мен ән тұтас Ақылбайға тиесілі болса, екіншісінде – өлең Абайға, ән Ақылбайға тиесілі. Тек Ахат естелігінде ғана Ақылбайдың қандай ән шығарғаны нақты айтылмаған.

Ал, осы А. А. Дельвиг пен М. И. Глинканың шығармашылық бірлестігінен туған романстың тағдырының өзі қызық. А. А. Дельвиг пен М. И. Глинканың шығармашылық бірлестігі нәтижесінде туған «Не осенний мелкий дождичек» романсы ұзақ уақыт бойы не Глинканың, не Дельвигтің жинақтарына енбей, ауызша тараған. Бұл шығармаға жазылған музыка кейінірек Глинканың «Иван Сусанин» операсындағы Антониданың романсына пайдаланылған. Қолжазба 1946 жылы ғана Ленинградтағы Салтыков-Щедрин кітапханасынан табылған [5, 39], [39, 121].

Т. Жұртбай: «...Бұл деректерді алғаш салыстыра ашқан Әбіш Жиреншин. Ол кісі – музыкасы Абайдікі демеген. Өлеңнің әні барын біле тұрып, сілтеме жасамаған. Ақылбайдың туындысы екенінен де мағлұмдар ғалым сондықтан да өз түсініктемесіне енгізбеген. Бұл туралы деректердің мол мағлұматы абайтанушы Төкен Ибрагимовтың жеке қорында, көне көз қариялармен сөйлескендегі әңгімесін жазған үнтартқыш таспасында бар. Әрхам Ысқақовтың музейдегі жазбасында да емеурін деректер кездеседі. Ал, бұл әннің музыкасының ұқсауы – біріншіден: Ақылбай сол сапарда тыңдауы мүмкін. Соны пайдаланған шығар. Екіншіден: әннің біз естіген нұсқаларының әуені қазір өте сирек айтылатын осы әннен гөрі өзгерек. Демек, кейінгі музыка зерттеушілері иінге келтірген» [84, 22] – деп жоғарыдағы ойын жалғастырған.

Т. Жұртбайдың «сол сапарда тыңдауы мүмкін» дегенінде жан бар. Бұл ән сол заманда өте белгілі, елге кең таралған, халықтың, әсіресе жастардың көп орындаған әні болған. Ол жөнінде Ғ. Бисенова да: «Ән Абайға ауызша жеткізілуі мүмкін, өйткені, А. Дельвигтің өлеңдері де, М. Глинканың романстары да революцияға дейінгі кезеңдерде жарияланбаған. Абай әнді аударған уақытта («Не осенний мелкий дождичек») студенттер мен солдаттар арасында кеңінен таралып, айтылған. Қазақ ақыны әнді өзінің жер аударылған достарынан естуі мүмкін» [7, 80] – дейді.

Ал, Т. Жұртбай айтқан «музыканың ұқсауына» келсек, ән орыстың халық әніне де, Глинканың музыкасына да ұқсамайды. «Сұрғылт тұман» өз алдына дара ән.

Абай шығармаларының екі томдық жинағындағы (2013) өлеңге берілген түсінікте: «Сұрғылт тұман дым бүркіп» (1892) тексті Мүрсейіт қолжазбаларымен және кейінгі басылымдармен салыстырып берілді. Алғаш рет 1933 жылғы жинақта жарық

көрген. Онда қолтума шығарма екені немесе аударма екені айтылмаған. Ал 1945 жылғы мерекелік бір томдықта: «Оспан өлімі жайлы жазылған өлең сияқты» – деген болжам айтылған. 1954 жылдан бергі басылымдарда бұл шығарма «Не осенний мелкий дождичек» деп басталатын орыстың халық өлеңінен аударма деген тұжырым қайталанып келеді. Шындығында мұны жартылай аударма деп бағалаған жөн. Өйткені Абай туындысының орыс өлеңіне ұқсас жерлері де, одан едәуір айырмашылығы да бар» [57, 254–256], – деп жазылған.

Қ. Мұқамедханов та «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» еңбегінде Абай өлеңдерінің бірі ретінде қарастырып, бұл өлеңді «Мүрсейіт қолжазбасынан алынған» деп көрсетіп, «бейіс» сөзіне ғана анықтама беріп өткен, бірақ аударма екендігі жөнінде сөз қозғамаған [86, 73].

Өлең тек 1933 жылғы жинақтан бастап қана жарық көрген. Одан кейінгі жинақтардағы түсініктерде Мүрсейіт қолжазбасы және кейінгі басылымдармен салыстырып берілді деген ғана сөз айтылады. Анығында Мүрсейіт қолжазбасында бұл өлең кездеспейді.

Сонымен, негізгі дереккөз – Семейдегі Абай қорық-мұражайының мұрағатындағы А. Шәкәрімұлының қолжазбасы болғандықтан, сондағы деректерге сүйендік. Қолжазбаның 161-бетінде өлең мазмұнына қарай салынған иллюстрациялық сурет берілген. 162–163-беттерінде «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деп басталатын екі ауыз өлең де, оның әні де Абайдікі емес. Оның сөзі де, әні де Ақылбайдікі. Абайдікі деп қата басылып жүр», – деген ән-өлеңнің авторына қатысты үш ауыз сөз жазылған және өлең сөздері берілген. Мұндағы көңіл аударарлық жай – А. А. Дельвигтің 16 жолдық өлеңі үш адамның жазғаны болып, 12 шумаққа көбейіп аударылғандығы. Қазіргі айтылып жүрген 2 шумақ «Ақылбайдікі» десе, онан кейінгі 3 шумақ «Қабыштың қосқаны» (Шәкәрімнің ұлы) боп жазылған. Қалған 7 шумақ өлең «Менің қосқаным», – деп көрсетіліп, соңына «Құдайбердиев Ахат. 1922 жыл», – деп, аты-жөні мен жазған жылы көрсетілген [87, 162–163].

З. Ахметов айтқан «өлең басылымында кездеспеген текстологиялық өзгерістер» Ахат қолжазбасы мен әнші-орындаушылардан кездесті [11, 529]. Қазіргі айтылып жүрген екі шумақтың мәтінін Ахат қолжазбасы, Н. Алдажаров, К. Өлмесеков және А. Жікенов орындауындағы мәтінмен салыстырғанда байқалды.

Қазіргі мәтін:

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт **бешпент** сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел **қыл** құдаға.
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған **бейішке.**
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ,
Бүгін – жалын, ертең – шоқ.
Белді бу,
Бетті жу!

Ахат қолжазбасындағы мәтін: [87, 162]

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт пешпет сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Томсарып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел **ет** құдаға.
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған **бейіске.**
Алласы оны жазғырып,
Тастаған әкеп кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ,
Бір күн жалын, бір күн шоқ.
Бетті жу,
Белді бу!

Ән «Сарыарқа әндері» антологиясына Н. Алдажаровтың орындауындағы нұсқа негізінде нотаға түсіріліп, онда мәтіні ақынның жинақтарынан алынып жарияланған [33]. Бұған дыбыс жазбасының сапасының төмендігі себеп болған. Төменде ұсынылған мәтін аудиожазбадан есту негізінде шамамен жазылып, беріліп отыр.

Н. Алдажаров орындауындағы мәтін: [8]

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт **белде (белге?) зулайды (сулайды?).**
Жеңіменен көз сүртіп,
Томсарып жігіт жылайды
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел **ет** құдайға.
Белді бу,
Бетті жу!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейіске.
Алласы оны жазғырып,
Тастаған әкеп кейіске.
Әйелде еш опа жоқ,
Бір күн жалын, бір күн шоқ.
Өлең айт,
Үйге қайт!

Ән ел арасына кеңінен тарала қоймаған кезеңде оны алғаш орындаушылардың бірі – әнші К. Өлмесеков болды. Алайда оның орындауындағы жазбаны таспадан тыңдау техникалық жағынан айтарлықтай қиындық туғызды. Сондықтан бұл нұсқада тек әуенін нотаға түсіруге мүмкіндік туды. Ал ән мәтіні К. Өлмесековтің ән дәптеріндегі жазба нұсқасына сүйеніп берілді.

К. Өлмесековтің ән дәптеріндегі мәтін: [8]

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт **бешпент сулайды.**
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел **де** құдаға.
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған **бейішке.**
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Әйелде **ешбір** опа жоқ,
Бүгін – жалын, ертең – шоқ.
Белді бу,
Бетті жу!

А. Жікенов орындауындағы мәтін: [8]

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт **бешпет** сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел **ет** құдайға.
Бетті жу,
Белді бу!
Атаңды анаң азғырып,
Сыйғызбаған **пейішке.**
Алласы оны жазғырып,
Әке(л)ген бастап кейіске.
Әйелде еш опа жоқ,
Бүгін – жалын, ертең – шоқ.
Өлең айт,
Үйге қайт!

Көріп отырғанымыздай, алғашқы екі шумақ мәтінінде жолдардың ауысып келуі, жекелеген сөздердің, тіпті тұтас жолдардың өзгерген тұстарын кездестіруге болады.

Ахат қолжазбасындағы Қабыштың қосқан үш шумағы: [87, 162]

1. Өмірден таңдап сүйгенім,
Асығы күшті **жар** болған.
Қамығып қатты күйгенім,
Айрылып содан зар болған.
Басқаға көңіл толар ма,
Дертке дәру болар ма.
Мен қайда,
Ол қайда?!

2. Жанымды сізге берсем деп,
Жастай ғашық еткенім.
Армансыз бірге өлсем деп,
Не еткенің жатқа кеткенің?
Мен қалдым қайғы, қапаңда,
Жалғыз жанша жапанда.
Кеттің дос,
Қалдым бос.

3. Көзімнің нұры жайнаған,
Көңілімнің сәулесі.
Қарайып қан қайнаған,
Сенсің жүрек әуресі.
Сәулем-ау сені сағынам,
Күндіз-түні жабығам.
Ойланам,
Толғанам.

Н. Алдажаров Қабыштың қосқан үш шумағын айтардың алдында: «Осыған қосымша мына екі ауыз өлеңді Шәкәрімнің Қабышы жазып еді «Жігіттің жауабы» – деп, жоғарыдағы екі шумақтан кейін әңгімелей отырып, қосымша орындаған.

Н. Алдажаров орындауындағы Қабыштың қосқаны. Жігіттің жауабы: [8]

Әлемнен таңдап сүйгенім,
Асығы күшті **жар** болған.
Қамығып қатты күйгенім,
Айрылып содан зар болған.
Басқаға көңіл толар ма,
Дертке дәру болар ма.
Ол қайда,
Мен қайда?!

Жанымды сізге берсем деп,
Жастан ғашық еткенің.
Армансыз бірге өлсем деп,
Не еткенің жатқа кеткенің?
Мен қалдым қайғы, қапаңда,
Жалғыз жанша жапанда.
Кеттің дос,
Қалдым бос.

К. Өлмесековтің ән дәптеріндегі мына жазу жөнінде айта кеткен орынды. Ән дәптердің «Сұрғылт тұман» жазылған бетінен бөлек, соңғы беттерінің бірінде: «Сұрғылт тұман» әніне Қабыш Құдайбердиевтің Әбдіғалиға (Ниязбектің әкесі) жазып берген жауап өлеңі» – деп жазған түсініктемесі мен екі шумақ өлеңі бар.

К. Өлмесеков дәптеріндегі Қабыш жауабы: [8]

Әлемнен таңдап сүйгенім,
Асығы күшті зор болған.
Қамығып қатты күйгенім,
Айрылып содан зар болған.
Басқаға көңіл толар ма,
Дертке дәру болар ма.
Ол қайда,
Мен қайда?!
Жанымды сізге берсем деп,
Жастан ғашық еткенің.
Армансыз бірге өлсем деп,
Не еткенің жатқа кеткенің?
Мен қалдым қайғы, қапаңда,
Жалғыз жанша жапанда.
Кеттің дос,
Қалдым бос.

Ахаттың қосқан шумақтары: [87, 162–163]

1. Орындалмай тілегім,
Не табамын өмірден?
Өртеніп өтті жүрегім,
Арылмай арман көңілден.
Жалынамын мен саған,
Тілегімді бер маған.
Жанымды ал,
Кел, ажал!

2. Қамығып қатты қайғырып,
Қан жұтып, қажып жас жігіт.
Сүйген жардан айрылып,
Сөнді жалын, сөнді үміт.
Сол сәтте жігіт өліпті,
Шал тауып, жерлеп, көміпті.
Жетті ажал,
Не амал?

3. Естілді жігіт өлгені,
Түгел тарап маңайға.
Шалдың оны көмгені,
Аңыз жетті маңайға.
(Бұл шумақта екі тармақ кем)
.....
Естіп жар,
Солды ажар.

4. Қыз көйлекшең, жалаң бас,
Безіп кетті далаға.
Жүректе жалын, көзде жас,
Бет бұрды тура молаға.
Өртеген қайғы кейітті,
Құшақтап жатып бейітті.
Жан берді,
Қыз да өлді.

5. Шал көріп оны састы да,
Келді зират басына.
Жігіттің көрін ашты да,
Жатқызды қызды қасына.
Армансыз болып жатыңдар,
Махаббатқа батыңдар!
Мәңгі бол! –
Деді ол.

6. Шал жылап тұр егіліп,
Жас қабірдің басында.
Өртеніп, өзек езіліп.
Тыя алмай аққан жасын да.
Ол айтады: «Немерем,
Өлгенде мені мұнда көм!»
Соны айтты,
Шал қайтты.

7. Қайырымды ақ жүрек,
Мейірімді шал қандай?
Адал ниет, бір тілек
Сүйісіп өткен жар қандай?
Кірлетпей кеткен арларын,
Жары үшін қиған жандарын.
Ойла, сал (сәл),
Тәлім ал!

2000 жылы М. Әлиакпаровтың құрастыруымен жарық көрген А. Шәкәрімұлы шығармаларының «Ақын аманаты» жинағына жоғарыда келтірілген Ахаттың архив мұрағатындағы «Сұрғылт тұманның» қолжазбасы «Қайғылы махаббат» деген атпен енген. Онда да мәтіндік айырмашылықтар бар:

«Сұрғылт тұман дым бүркіп» деп басталатын екі ауыз өлең де, оның әні де Ақылбайдыкі, Абайдыкі деп жаңылыс басылған. Мұның уақиғасы былай: Бір жер жыртып жүрген шал мұжықтың қасына келіп, бір жас жігіт жылап тұрады. Ол жігіттен: *«Неге жылайсың?»*, – дегенде, жігіт айтады: «Бір сүйген қызым бар еді, содан хабар жоқ. Мені тастап басқамен кетті-ау деймін», – дейді. Сонда жігітке мұжық айтты деп, Ақылбайдың әнімен шығарғаны (Өлең жинақтағы жазылу реті бойынша берілді):

Сұрғылт тұман дым бүркіп, барқыт бешпет сулайды,
Жеңіменен көз сүртіп, томсарып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама, тәуекел ет құдаға.
Өлең айт, үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып, тұрғызбаған бейішке,
Алласы оны жазғырып, тастаған әкеп кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ, бір күн жалын, бір күн шоқ.
Бетті жу, белді бу!

1922 жылы бас қосып, осы әнді сөзімен айтып отырғанымызда Қабыш деген ағайым мұжыққа жігіттің айтқаны деп, осы әнмен шығарғаны:

Өмірден таңдап сүйгенім – асыға күтіп жар болған,
Қамығып қатты күйгенім – айрылып содан зар болғам.
Өзгеге көңіл толар ма? Дертке дауа болар ма?
Ол қайда?! Мен қайда?!

Жанымды сізге берсем деп, жастай ғашық еткенім,
Армансыз бірге өлсем деп, не еткенің, жатқа кеткенің?
Мен қалдым қайғы қапаңда, жалғыз жанша жапанда.
Кеттің дос! Қалдым бос!

Өзімнің қосқандарым:

Орындалмай тілегім, не табамын өмірден,
Өртеніп өтті жүрегім, арымай арман көңілден.
Жалынамын мен саған, тілегімді бер маған.
Кел, ажал! Жанымды ал!

Қамығып қатты қайғырып, қан жұтып, қажып жас жігіт,
Сүйген жардан айрылып, сөнді жалын, өшті үміт.
Сол сәтте жігіт өліпті, шал тауып жерлеп көміпті.
Жетті ажал, не амал?!

Естілді жігіт өлгені, түгел тарап маңайға,
Шалдың оны көмгені – аңыз боп жетті талайға.
Жарын күтіп сарылып, көре алмай көптен сағынып,
Естіп жар, солды ажар.

Кыз көйлекшең, жалаң бас, безіп кетті далаға,
Жүректе жалын, көзде жас, бет бұрды тура молаға.
Өртеген кайғы кейітті, құшақтап жатып бейітті.
Жан берді, кыз да өлді!

Шал көріп мұны састы да, келді зират басына,
Жігіттің көрін ашты да, жатқызды, қызды қасына, –
«Армансыз бірге жатыңдар! Махаббатқа бір батыңдар!», –
Деді ол, – «Мәңгі бол!» [88, 104].

Алайда жинаққа Ахат қолжазбасында берілген Қабыштың қосқан бір шумағы мен Ахаттың өзінің қосқан соңғы екі шумағы енбей қалған. Мұнда да мәтіннің алдыңғы нұсқаларынан айырмашылықтар бар.

«Сұрғылт тұманға» қатысты осы айтылғандардың нәтижесінде байқалатыны – Ахат та, Келденбай да бұл ән-өлеңді Ақылбайдікі деп білуі және оған Қабыш қосқан үш шумақтың барынан (екеуі де екі шумағын ғана айтқан) хабардар болуы. Ән авторына қатысты әнші Әділет Мұсамен тілдескенімізде, бұл әнді ұстазы Ж. Кәрменов те Ақылбайдың әні деп орындағанын әрі солай үйренгенін, өзінің ертеректе шығарған ән жинағында (кассета) ән авторын «Ақылбай» деп көрсеткенін айтты. Тек, Н. Алдажаров қана ән авторын Абай дегенмен, ол да Қабыштың қосқан екі шумағын алдыңғы шумақтарға қосып орындаған.

Алайда ақынның ұрпағы, Ишағы Жағыпарқызы «Жұлдыз» журналының 1999 жылғы №7 санында жарық көрген «Санамда жаңғырады бейнелерің» естелігінде: «Әкем Жағыпар Құнанбайұлы Абайдың кенже баласы Мағауиядан туған. Туған жері Шыңғыстау ауданы (қазіргі Абай) «Ақшоқы» деген жер. Әкем жұқа жылы шырайлы, ақкөңіл, пысық, әңгімешіл, сері болған. Балаларына аталары жайлы мағлұмат беріп отыратын. Үй ішінде әрдайым домбыра тартып, Абай өлеңдерін айтатын. Ойымда көбірек қалғаны «Сұрғұлт тұман дым бүркіп» әні. Әкемнен сұрадым: «Бұл өлеңді ойыңнан шығардың ба?» – деп. Сонда әкем: «Ерте уақытта біздің ауылда бір кедей адамның әйелі өліп, әкем (Абай) соған көңіл айтып шығарған», – деді» [89] – деген естелігі аудармадан да, оқиғалардың желісінен де, Қабыш пен Ахаттың қосқандарынан да алшақтата түседі.

Ал, осы бір ән-өлең М. Әуезов еңбектерінде аудармалар қатарынан кездеспегенмен, «Абай жайында Мадияр, Қатпа, Әрхам, т.б айтқан әңгімелері» [90, 126–138], «Абай – қазақ халқының ұлы ақыны» [91, 59], «Абай Құнанбаев» монографиясының

«Абайдың лирикасы» тараушасы [92, 320], «Абайтанудың арнаулы курсы» зерттеуінің «Абайдың композиторлық еңбектері» бөлімі және т.б. еңбектерінде [93, 162] ақын әндерінің қатарында сөзсіз аталып отырады. Ақылбайдың «Зұлыс» пен «Дағыстан» поэмасынан басқа («Жаррах батыр» поэмасы жетпеген) өлеңдері жетті деген сөз жоқ. «Акылбай Кунанбаев» (орысша) еңбегінде де [94] поэмалары туралы ғана айтылғаны болмаса, оның жеке өлеңдері немесе «Сұрғылт тұманға» қатысты сөз кездеспейді.

Үш орындаушының жеткізуіндегі сәйкестікке қарасақ, Н. Алдажаровтың Абай әні дей тұра, оған Қабыштың қосқан шумақтарын айтуы ойға қалдырады. Ақылбайдың өлеңіне қосқан дейтіндей Қабыш (1887–1932) жас жағынан Ақылбаймен (1861–1904) тұрғылас емес. Өлең жазылған жылы бар болғаны бес жаста. Ал Абай өлеңіне өлең қосқан десе, ол қаншалықты шындыққа жанасады. Абай өлеңіне шәкірттері сөз қосқан дейтін бір сөзді Т. Жұртбай: «...Әкесінің «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңін оқыған Ақылбай соңына «Бір жаман мен бе дедің бе, көңіліңде» деген сөздерді қосыпты да, одан әрі осы өлеңнің өлшемінде Абайға қарата «Тайға міндік» өлеңімен өзінің білместігіне кешірім сұрап жауап жазыпты. ...Ал осыдан кейін «Тайға міндік, тойға шаптықты» Абай шығармаларына қосу керек пе, жоқ па деген сұраққа: Қосу керек. Тек өлеңге: «Ақылбайдың» жауабы» деген тақырып қойған дұрыс. Мұхтар Әуезов өзінің «Абайдың өмірі мен ақындығы», «Абай Құнанбаев» атты монографияларында мұны ашық ажырата баяндаған. «Оспан өлгенде өзінің бір баласының атынан айтқаны» деуі де сондықтан» [76, 425–426] – деп, өлеңді ақынның өзіне қалдырады.

Өлең жазылған кезде ақын да, Ақылбай да өмірде бар. Бірақ қалған он шумақ Абай мен Ақылбай өмірден өткен соң қосылғанға ұқсайды. Өлеңге өлең қосқан адамдар белгілі болғанмен, кімнің өлеңіне қосқаны белгісіз, Ақылбайдың өлеңі ме, Абайдың өлеңі ме? Ал, Абай өлеңіне қосылды десек, қаншалықты рас? Әлде Ахаттың жазғанындай, шынында, Ақылбайға тиесілі өлең-ән бе? М. Әуезовтің «... Абай ақын-шәкірттерінің де Абай өлеңдеріне шығарған өлең-әндері бар» [90, 162] дегенінде қай әнді меңзеп тұр, «Сұрғылт тұман» емес пе?.. Онда өлең Абайдікі, ән Ақылбайдікі болғаны ма?

Бірақ М. Әуезов «Ақылбайдың әнінің» бірден-бір жеткізушісі бола тұра, оны бұл жайдан хабарсыз болды деу – ойға қонымсыздау көрінеді. Қалай десе де, өлең-әннің поэзиялық және музыкалық стилі жағынан Абай қолтаңбасы алдымен бой көрсетеді.

Міне, төркіні қайдан шыққаны белгісіз ән төңірегіндегі деректер осылай сөйлейді. Негізі, бұл алдағы уақытта абайтану ғылымының әлі де болса анықтайтын ісі болуға тиіс деп санаймыз.

Өлең құрылысы – 7-8 буынды *(abab)*, алғашқы төрт тармақ – ән кеудесі, қайырмадағы 7 буынды алғашқы екі тармақ өзара ұйқас құраса *(cc)*, соңғы 3 буынды екі тармақ жеке ұйқас құрайды *(dd)*. «Сұрғылт тұман» «Сегіз аяқ» әніндей түрге бөлінбейді. Әр кезде әр орындаушыдан жазылып алынған негізі бір нұсқалар. Әуендік құрылымы шумақ – *abcd,* қайырма – *abcd*. Әннің әуендік арқауы эолиялық ладқа негізделген.

№1.1. Әннің жазылып алынған және жеткізушілердің орындауында сақталған жеті-сегіз нұсқасы бар. Алғашқы ән нұсқасын 1935 жылы Л. Хамиди Ә. Ысқақовтың орындауы бойынша нотаға түсірген. 1940 жылғы [10], АМТ [5, 39–40] және АСҚ

жинағында жарияланған [6, 58]. Бірақ аталған жинақтардың ешқайсысында әннің қай жылы нотаға түсірілгені жөнінде түсінік берілмеген. АМТ жинағында әннің екі нұсқасы беріліп, алфавиттік көрсеткіште С. Қасиманов нұсқасы ғана жазылған. Ә. Ысқақов нұсқасының 1935 жылы жазылғаны туралы дерек Б. Ерзаковичтің мақаласынан алынды [13].

Әннің бұл нұсқасы баяу айтылса да, көтеріңкі күй білінеді. Оған ықпал етіп тұрған – ырғақтың барынша біркелкілігі мен ән ырғағындағы синкопалық, пунктирлік ырғақтар мен бірыңғай 16-лық ноталармен берілген әуен (сегізінші такт) әнге ширақтық пен көтеріңкі күй үстейтіндей.

№1.1

Жалпы, ән диапазоны децимаға тең. Әннің қазіргі айтылып жүрген нұсқасынан өзгешелігі және ән диапазонының мұнша ұлғаюы, біріншіден, әуен бірден VII сатыға көтерілуінде болса, екіншіден, ән кеудесі мен қайырмадағы 2-әуенжол соңының (су-лай-ды, құ-дай-ға) төмен бағытталған квинталық секіріс жасауында (субкварта). Бұл төменгі секірістерді музыкатанушы Ә. Сабырова: «Абайдың трагедиялық интонациясының мәні төменгі квинталық секірістерден байқалады («Сұрғылт тұман. I түр, «Көзімнің қарасы» (Ә. Ысқақов)» – деп көрсетеді [95, 105]. Ал көп нұсқаларда бұл секіріс I сатыда көрінеді. Жалпы қай нұсқа болмасын, осы секіріс алдындағы музыкалық сөйлемнің дыбыс қатарлары өз ішінде бір-біріне ұқсас қайталанады (салыстыруды қараңыз). Ән қайырмасының 3-әуендік жолы (Өлең айт) бүгінгі нұсқада III сатыдан басталса, бұл нұсқада I сатыдан басталып III сатыға өрлейді. Бұл ерекшелік ішінара ғана кездеседі.

24–9114

Әннің осы нұсқасын В. Дернова: «Абайдың «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деген өлеңіндегі осы бірінші жол орыс өлеңінің басталуына тән. Жоғары сатылы дауыстың жатық және сол дауыстың қоршауындағы мелодиялық каданс сақталған», – деп салыстырмалы нота жазбасын береді [5, 52].

«Сұрғылт тұманда» әуен мен сөздің бір-біріне қабысып кеткені сонша, әуендегі әр нота сөздің мағынасына қарай өз орнын тапқандай әсер қалдырады. Бұл туралы Ғ. Бейсенова да: «Сұрғылт тұман» – көптеген Абай әндері ішіндегі сөз бен әуеннің органикалық бірлікте байланысқан ән ғана емес, сонымен бірге поэтикалық және музыкалық формада да үндесетін әндердің бірі» [14, 82], – деген пікір айтады.

№1.2. Әннің келесі бір нұсқасын 1953 жылы Б. Ерзакович Садық Қасимановтан жазып алған. Ән АМТ және АСҚ жинақтарында жарияланған. Диапазоны гептахорд көлемінде. Әуенде триольдық ырғақ басым. Әуен басындағы квинталық секіріс шумақтың соңғы тармағында да дәл солай қайталанады. Қайырма қазақ халық композиторларының әндеріне ұқсас (Сырғақты, Он саусақ, т.б) «ай» қаратпа одағайымен басталған (Ақындық-әуендік формула. С. Елеманова). Қайырманың алғашқы екі әуендік жолы дерлік бірдей қайталанады, айырмашылығы IV, II сатыларда ғана. Жалпы, бұл нұсқаның әуен байлығы алдыңғы нұсқаға қарағанда бос, қоңылтақтау.

№1.2

№1.3. Әннің келесі үлгісі – М. Мұхаметжановаының орындауындағы нұсқа [6, 58–59]. Алдыңғы нұсқалардан алыс емес. №1.2 нұсқасында қайырма қаратпа одағай жалпы ән басында көрінеді. Әуенде алдыңғы нұсқалардағыдай секірістер кездеспейді. Ғ. Бисенова: «А. Серікбаеваның нотаға қайта ыңғайлап түсіруінде (VII саты) гармониялық минордың қатысы бар, алайда басқа нұсқаларында ән табиғи минорда айтылады» [14, 81] , – деп жазған. Яғни, А. Жұбанов түсірген нұсқада бұл өрнек болған. Алайда, А. Жұбанов пен А. Серікбаеваның М. Мұхаметжановадан жазып алған нұсқасы кезікпеді.

№1.3.

№1.3(а). Консерватория қорында сақталған М. Мұхаметжанова орындауындағы «Сұрғылт тұманды» алдыңғымен (1.3) салыстырғанда, әуендік дыбыс қатарында айтарлықтай өзгеріс болмағанмен, алғашқы әуендік жолдың 2-бунағында дориялық лад көрініс береді [15], [16]. Әннің аяқталуында сәл өзгерістер бар. М. Мұхаметжановаының алдыңғы айтуындағы ән қайырмасының 3-әуендік жолы секіріссіз болса, бұл айтуында кварталық секіріс байқалады және дыбыс үзілмей, бір деммен 4-жолға сабақтасып кетеді. Сол үшін үлкен лига белгісі қойылды.

№1.3(а)

№1.4. «Сұрғылт тұман» әні 2009 жылғы СӘ антологиясына дейінгі жинақтардың барлығында жарық көріп келгенімен, алдыңғы буындағы әншілер орындауында жетпеді. Бүгінгі өнерпаздар арасында орындала бастауы әннің осы жинақта жариялануымен байланысты [33, 159]. Қазір ел құлағына сіңіп, жиі орындалып жүргені де – осы нұсқа. Ән Шәкәрім әндерін сақтаушы, таратушы Н. Алдажаровтың орындауында өткен ғасырдың 80-жылдары үнтартқыш таспасына жазылып, 2008 жылы Шәкәрімнің 150 жылдығына арналып CD жинақ болып жарыққа шықты [96]. Әуен бірінші тактіде өз жүйесімен V сатыдан басталғанымен, әуендік жолдың 2-бунағында жоғарылатылған VI саты (дориялық лад) байқалады. Бірақ қазіргі орындаушылардың көбі Алдажаров үлгісімен орындаса да, осы ерекшелікті айналып өтеді. Бұдан кейінгі әуен бойында кездесетін VI сатыда өзгеріс жоқ.

№1.4.

№1.5. СЖСА жинағында берілген К. Өлмесеков орындауындағы нұсқа ырғағы жағынан Н. Алдажаровтың жеткізген нұсқасына жақын [24, 45]. Соған қарағанда К. Өлмесеков Н. Алдажаровтың орындауында үйренген болса керек. Қайырманың алғашқы әуенжолындағы VII сатының көрінуі – Ә. Ысқақов және А. Жікенов нұсқасына жақындайды. Тек Ә. Ысқақов нұсқасында VII сатыдан кейін әуен V сатыға келсе, мұнда VI сатыға тұрақтайды *(Ә-йел-мі-**сің**)*. Қалай дегенмен де, әуеннің VI сатыға тұрақтауы мелодиялық жағынан құлаққа жағымды. Бұл өрнек А. Жікенов орындауында да бар.

№1.5

№1.6. «Сұрғылт тұманның» А. Жікенов орындауындағы [8] нұсқасы әуені мен ырғағы жағынан Ә. Ысқақов нұсқасымен үндес. Ән баян сүйемелімен орындалғандықтан, нотаға темперациялық жүйеде түсірілді. Ән ырғағы Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып», «Желсіз түнде жарық ай», «Айттым сәлем, қалам қас» әндері секілді біркелкі ырғақта ширақ әрі көтеріңкі айтылған. Әннің бұлай айтылуы бүгінгі күннің ырғағына қарай бейімделгендей әсер береді.

Шумақ пен қайырманың 2-әуендік жолында жоғарылатылған VII саты бар. Жоғарыда Ғ. Бисенованың «А. Серікбаева түсіруіндегі нұсқада гармониялық минордың қатысы бар» дегені осы болуы мүмкін.

№1.6.

№1.7. «Сұрғылт тұман» Ж. Кәрменовтің шәкірті Ә. Мұсаның орындауында да беріліп отыр. Әннің алғашқы шумағының алтыншы тармағындағы «құдайға» сөзі Ахат, К. Өлмесеков қолжазбаларындағыдай «құдаға» болып айтылған. Мәтінде одан басқа өзгешелік байқалмайды. Бұл нұсқада альтерациялар көрінбегені болмаса, Н. Алдажаров нұсқасымен (1.5.) бір деп айтуға болады.

№1.7.

Әннің барлық нұсқаларында қайырманың 3-әуендік жолы үш түрлі биіктікте басталатынын байқауға болады: 1.1, 1.6 және 1.8 нұсқада I сатыдан, 1.3, 1.7 нұсқаларында II сатыдан басталса, 1.2, 1.4 және 1.5 нұсқаларында III сатыдан басталады. Әннің аяқталуы да әр нұсқада әртүрлі. 1.4, 1.5, және 1.7 нұсқаларының қорытынды фразаларында төмен құрылған терциялық секвенциялармен аяқталады.

№1.8. Әннің «Абай әндері» фильмінде қолданылғаны жөнінде айта кету орынды. Ән фильмде «Адамның кейбір кездері» өлеңінің мәтінімен айтылған [56]. Мұнда Ә. Ысқақов нұсқасы анық байқалады. Дегенмен, өлең құрылысының өзгешелігі әуенге аздап ықпал еткен.

№1.8

«Сұрғылт тұманның» осы нұсқаларының ішінен инвариант үлгі ретінде Ә. Ысқақов пен Н. Алдажаров нұсқасы алынды.

Бойы бұлғаң. Абай шығармашылығы жастық, махаббат, сұлулық, ғылым-білім, сын, өнер, өлең, әлеуметтік құбылыстар, дін, философия секілді сан алуан тақырыптарды қамтиды. Соның ішінде «улы сия, ащы тілмен» іреп сойған Абай сатирасының да сөз өнерінде орны бөлек. Сондай өлеңдерінің бірі – «Бойы бұлғаң».

«Бойы бұлғаң» – ел ішінің бұзылып, өтірік өршіп, «су жұқпас, сөз ұқпас, сыпыра жылмаң желбуаздардың» сөзі жүріп, «әз тұтарға адам, сыйласарға жан қалмай», елді «антын, арын саудалаған» мырзасымақ, батырсымақтардың басып, «ақыл айтар пенденің» азайып, айналасының азып бара жатқаны ақынды ашындырып, төңірегінің түзелуден кеткені түңілдіріп, соған өкіне отырып, өткір тілмен түйреп, осып айтқан өлеңі.

Т. Қожакеев Абай сатирасын жазылу түр-пішіні жағынан тұрмыстық эпиграмма, саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғайтын сатиралық өлеңдер және мысалдар деп үш топқа жіктей келіп: «...Ақын бірсыпыра сықақ өлеңдерін басқа түр-формада жазған. Оның «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Антпенен тарқайды», «Бойы бұлғаң» өлеңдері – сатиралық шолулар. Тозған елдің тоқыраған тағдырына деген

ауыр күрсінісі, азған адамдарына деген көз жасы толы шағымы, ел үшін қорланған ақынның «ah» ұрған үні, кеудесін қақ айырған қайғысы» [97, 28], – деген ой айтады.

«Бойы бұлғаң» – Абайдың 1892–1893 жылдары жазылған өлеңдерінің бірі. Жазылған жылына байланысты Тұрағұл естелігінде: «Көбінесе өлеңді қыстыгүні жазушы еді. «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» деген өлеңді 1892 жылы, Оспан өткен жылы қыстауға қонғанда жазып еді. Бұл өлеңнің аяғы «Кешегі Оспан, бір бөлек жан» деген өлең» – деген түсінік береді [1, 196]. Оспанға арналған өлеңі *(Кешегі Оспан)* осы пішіндес. Соған қарағанда, өлеңнің жазылған жылы нақты болса керек. Шығарма 1909 жылғы жинақтан бастап жарық көріп келеді. Әр жылдардағы басылымда аздаған текстологиялық түзетулер енгізілген.

«Бойы бұлғаң» құрылысы жағынан *aab ccb* ұйқасты, 2+2 буынды қос тармақ және 4+3 буынды бір тармақты екі бөлімнен тұратын, яғни 6 тармақты, жаңа пішіндегі өлең. Дегенмен, өлеңнің ішінде қарапайым оқырман байқай қоймайтын жасырын ұйқас бар. Өлеңнің алғашқы үш жолы *aab* үлгісінде ұйқас құраса, екінші бөлігіндегі *cc* ұйқасы *(Бетті бастым, Қатты састым)* 6-тармақтың алғашқы бунағымен *(Тұра қаштым)* ұйқас құрайды. Сонда: Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым...; Түзде мырзаң, Үйде сырдаң, Сөзі қылжаң...; Адам аулап, Сыпыра саулап, Байды жаулап...; тағы басқа. 7-шумақтағы осы жолдар кейбір жинақтарда «Аққа тартқан, Жөнге қайтқан, Ақыл айтар...» болып берілген, әсілі, «Ақыл айтқан...» болса керек еді. Ол 2020 жинақта түзетілген.

«Бойы бұлғаңның» поэтикалық құрылыс үлгісіне байланысты С. Мұқанов: «Бір шумағында жеті жол бар. 1, 2, 4, 5, 6 жолдары төрт буыннан, 3-жолы жеті буын, 7-жолы үш буын, үйлесі а, а, б, в, в, в, б» [43, 340], – деп, алты жол деп жүрген өлеңді бесінші тармақтың алғашқы бунағының алдыңғы тармақтарымен ұйқаса байланысуын есептеп, жеті жол етіп талдаған.

Р. Сыздықова: «Алты шумақты өлеңдердің екеуін («Кешегі Оспан», «Бойы бұлғаң») ұйқас суретіне қарап жеті тармақты етіп беруге де болар ма еді: бұларда соңғы тармақтың бір бөлігі алдыңғы тармақпен ұйқасып келеді. Сондықтан оны да бір тармақ етіп, ең соңғы үш буынды сөзді 7-тармақ етіп графикалауға болар ма еді» [42, 296], – дейді.

№1.1. Абай «Бойы бұлғаңға» арнайы ән шығарған. Бүгінгі күнде Абайдың ән мұрасы дегенде алдымен ауызға ілінетін әндердің қатарында, көпке мәлім, кең тараған. Ақын әндерін жинақтау барысында бұл ән үш адамнан жазылып алынған. Әнді алғаш 1935 жылы Семей қаласында Ә. Ысқақовтың айтуында Л. Хамиди нотаға түсіріп, 1940 жылғы жинақта тұңғыш рет жалғыз нұсқасы болып жарияланған [10]. Ән бүгінгі айтылып жүрген «Бойы бұлғаңнан» алыс емес. Бүгінгі мен бұрынғының негізі бір, аса көп өзгерістерге ұшырай қоймаған. Әуендегі пунктирлер марштық екпін үстейді. Әннің әуендік құрылымы *aab cde* үлгісінде.

№1.1.

Барлық нұсқаның 1, 2-әуендік жолдары репризалы болып келеді. Әндегі марштық ырғақ өлең табиғатындағы сатиралық мінезбен үйлескенімен, төмен бағытталған квинталық секірістер әуен тереңінде бір күрсіністің барын аңғартады.

Әнде ладтық ауысу бар. Әннің арқауын иониялық лад *(мажорлық)* құрайды деп танығанымызбен, алғашқы үш әуендік жолда иониялық ладтан көрі әуеннің эолиялық ладта *(минорлық)* жүретіні анық байқалады, яғни әуен параллель ладта дамиды. Мәселен, ән *e* эолиялық ладында түсірілген *(паралелі g иониялық лады)*. Әннің алғашқы екі әуенжолы көптеген эолиялық ладтағы қазақ әндеріндей III сатыдан басталып *(Екі жирен, Майдақоңыр, т.б)*, I сатыда аяқталады *(тоника)*. 3-әуендік жол жоғарғы III сатыдан *(соль)* басталып, соңғы дыбысы *e* эолиялық ладының V сатысына *(h – си)* тұрақтайды. Тек 4-әуендік жолдан бастап қана *e* эолиялық ладының паралелі *g* иониялық ладына ауысып, сол ладта аяқталады.

№1.2 Әннің келесі нұсқасы АМТ жинағына жарияланған (1954). Түсініктерінде 1948 жылы Б. Ерзакович Қ. Лекеровтен жазып алған деп көрсетілсе, дәл осы нұсқаны Б. Ерзакович ҚХӘ жинағында жариялап, Ж. Елебековтен жазып алғаны туралы түсінік жазылған [21, 276, 384]. Әсілі, 1954 жылы АМТ жинағында кеткен қателік 1955 жылы ҚХӘ жинағында түзетілген секілді. Ал 1986 жылы жарық көрген АСҚ жинағында жеткізушінің Ж. Елебеков екені анық көрсетілген [6, 59–60, 80]. Үш кітаптың да құрастырушысы бір адам – Б. Ерзакович. Сол себепті, әнді жеткізуші Ж. Елебеков болып алынды.

№1.2.

Нота партитурасының жоғарғы жағына жазылған «жылдам, шалқыта» деген орындаушылық мінездеме әншінің бұл туындыны ширақ, жігерлі түрде орындағанын аңғартады. Орысшада мұндай сипаттамаға «воодушевлённо» деген термин сәйкес келеді, яғни бұл – қайратты, сергек, серпінді айту мәнері дегенді білдіреді. Мұндай интерпретация әншінің жастық мінезімен де сабақтасып жатқан болуы мүмкін. Әйтсе де, «Бойы бұлғаң» әні табиғатынан қарқынды, жылдам орындалатын туынды емес. Мұнда «жылдам» мен «ширақ» ұғымдарының айырмасы ескерілуі тиіс. Мысалы, Ж. Кәрменов орындауындағы «Бойы бұлғаңды» ширақ орындалған нұсқаға жатқызуға болады. Алайда осы орындауда алдыңғы нұсқаларға тән марштық екпін

байқалмайды. Жоғарыда жеткізушіні Ж. Елебеков деп алуымызға себеп болған да осы – нотадағы әуендік ерекшелік және сол ерекшеліктің қорда сақталған Ж. Елебеков айтуындағы «Бойы бұлғаңға» жақын келуі. Бірақ бұл орындауда ардагер әншінің әнді төртінші әуендік жолдан бастап, соңына дейін еш үзіліссіз, речитативті сипатта орындағаны байқалады.

№1.2(а). Ж. Елебековтің әр жылдардағы орындауын бұл ән тұсында да салыстыруға тура келеді. Себебі, бізге жеткен аудиожазбалардағы орындауында аздаған айырмашылықтар бар.

№1.2(а)

Ж. Елебековтің бұл орындауында қайрат пен жігер, ашу мен ашынудың ізі жоқ. Керісінше, адамның, ортаның мінін салмақпен, ұстамдылықпен бетіне басып отырған ақылман мінез басым.

№1.2.(б). Ендігі бір орындауында интонация, әуен ырғағы, екпіні дәл осылай болғанмен, қорытынды фразаның соңында әуен құбылады.

№1.2.(б)

Ж. Елебеков алғашқы орындаған 1.2.(а) нұсқасында 1, 7 және 8-шумақтарын орындаған. Мәтіндік өзгерістер жоқ. Екінші орындауда әннің (1.2(б) нұсқа) 1, 2, 7, 8, және 9-шумақтарын айтқан. 2-шумақтың 3-тармағындағы «бір міні жоқ» сөзі «еш міні жоқ» болып және 4, 5-тармақ орындарын ауыстырған. 6-тармақтағы «Сөзі қылжаң еркесіп» «Сыпыра жылмаң еркесіп» болып, сондай-ақ, 9-шумақтың 3-тармағындағы «желбуаз» сөзі «желауыз» болып айтылған. Т. Рахимов орындауында «желбауыз» болып жүр.

№1.3. Ендігі бір нұсқаны Қ. Жүзбасов М. Мұхаметжанованың орындауында нотаға түсірген. Бұл нұсқада біршама өзгешеліктер бар. Ән АСҚ жинағында жарияланған [6, 60].

№1.3.



Ән әуені параллель ладта жүретіні жайлы жоғарыда айттық. Алдыңғы нұсқада айтқанымыздай, бұл нұсқаның да 1, 2-әуендік жолдары эолиялық ладта жүреді. Бірақ бұл нұсқада әуеннің алғашқы сатылары алдыңғы нұсқалардай III, IV, V саты емес, I, III, V сатылардан бастау алып, яғни әуен *а* эолиялық ладында өрнек құрады. Тек 3-әуендік жолдан бастап қана альтерациялар арқылы *а* иониялық ладқа көшеді. Яғни, ән *а* эолиялық ладында басталып, *а* иониялық ладында аяқталады. Мұнда паралель лад көрінбейді. Әннің бұл ерекшеліктерін Қ. Жүзбасов: «Әннің 1-ші және 2-түрлері ауыспалы минорлы-мажорлы ладта айтылса, М. Мұхаметжанованың жеткізген түрі бір атаулы тектес минор-мажорлы ладта қалыптасқан» [11, 162] – деп көрсетеді. «Бойы бұлғаңның» мұндай нұсқасы орындаушылар арасында ешқашан кездескен емес.

№1.3(а). Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы фольклорлық зертхана қорында сақталған М. Мұхаметжанова орындауындағы «Бойы бұлғаңның» Қ. Жүзбасов түсірген ноталық жазбадан недәуір айырмашылығы бар [21]. Бұл нұсқа алғаш рет нотаға түсіп, жарияланып отыр.

№1.3.(а)

Әуен ешқандай ладтардың ауысуынсыз таза иониялық ладта айтылған. Алдыңғы 1.1, 1.2 нұсқаларда кездесетін 1, 2-әуендік жол соңындағы квинталық секірістер мұнда секстаға ауысқан. Бұл басқа нұсқаларда мүлде кездеспейді. 3-әуенжолдағы кульминациядан кейін миксолидиялық бояу көрінеді (VII сатының төмендеуі). Бұл да алдыңғы нұсқаларда жоқ өрнек. М. Мұхаметжанова алғашқы үш шумағын айтқан. 2-шумақтың 3-тармағында *«бір міні жоқ»* сөзі *«еш міні жоқ»* болып мәтіндік өзгеріске ұшыраған.

№1.4. «Бойы бұлғаңның» енді бірі «Абай әндері» фильміндегі балалар хорының айтуынан алып беріп отырмыз [56]. Мұнда ән жеңіл, біркелкі ырғақта орындалған. Фильмде толық естілген 2 және 1-шумақ. 1, 2-әуендік жол V сатыда өріліп, тек 3-әуендік жолдан бастап қана негізгі әуенге көшеді. Екінші айтылған шумақтың 1, 2-әуендік жолдарынан Қ. Жүзбасов жазып алған М. Мұхаметжанова нұсқасына ұқсастық байқалады және ырғағы жағынан да өзгешелік бар.

№1.4.

Ширақ, жеңіл ырғақта.

«Бойы бұлғаң» әнінің де бірнеше нұсқалары ұсынылды. М. Мұхаметжановаңың екі орындауынан бір-біріне ұқсамайтын екі нұсқа кездесті. Жинаққа ел аузында айтылып, жұрт жадында жатталған Ж. Елебеков айтуындағы нұсқа инвариант үлгі ретінде берілді.

Қараңғы түнде тау қалғып. Абай аудармаларының ішінде әнге айналып, халыққа кең тарағаны – М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қараңғы түнде тау қалғып» өлең-әні. М. Ю. Лермонтов И. В. Гетенің «Uber allan Gipfeln» (Над всеми вершинами) өлеңінен аударған.

Ақын жинақтарының түсінігінде: «Гете шығармасының жазылу тарихын жазушы Қалмұхан Исабаев былай баяндайды: «Ұлы Отан соғысынан кейін жеңілген Германияның Зуль округінде (бұрынғы ГДР территориясы – ред.) біраз уақыт әскери қызмет атқарып тұрдым. Осы аймақтағы Гобельбах дейтін қалада Гетенің музейі бар. Кезінде ұлы ақын Веймар герцогы Август Карлмен бірге саяхатшылық құрып жүргенде, осы маңдағы бір оңаша үйге келіп тоқтайды екен. 1870 жылы қыркүйектің 6-сы күні Гете осы үйге алғаш келгенде, терезеден қарап тұрып, Тюрингия тауларының әсем көрінісіне сүйсінгендіктен, осы өлеңді жоғарыда көрсетілген тақырыппен есікке бормен жазып кетіпті. Осы оқиғаның менің жадымда берік сақталғандығы сондай, арада отыз шақты жыл өтіп, сол өлкеге тағы бір жолым түскенде, Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» деген аудармасының текстін ақ мәрмәрға жаздырып, магнитофон таспасына жазылған әнін нотасымен қоса, сол музейге апарып тапсырдым... Өлең 1945 жылғы жинақта «Лермонтов бұл өлеңді Гетенің «Wanderers Nahliid» дейтін өлеңінен аударған деп көрсетіліпті. Бұл да дұрыс айтылған сөз. Өйткені өлеңнің неміс тіліндегі нұсқасында «Түнгі жолаушының әні» деген тақырып болған» [57, 262], – деп жазылған.

Гете, Лермонтов, Абай – үш кезеңде туған үш ақын шығармашылығының ішкі байланысы, поэтикалық-рухтық сарындастығы, бір өлеңнің үш ақындағы түн тыныштығы, түн суреті, адам мен табиғат, кеңістік пен кейіпкер арасындағы үндестік жайында Г. Бельгер («Абай мен Гете», «Созвучие»), Т. Шапай («Тыныштық

метафорасы»), А. Кемелбаева («Гете мен Абай») сынды белгілі қаламгерлер ғылыми-зерттеу еңбектерін жазған.

№1.1. «Қараңғы түнде тау қалғып» әні де ақынның «Айттым сәлем, қалам қас», «Көзімнің қарасы», «Желсіз түнде жарық ай» сияқты жаңа бағытта шығарған әндерінің бірі. Бұл әннің де алғаш жеткізушісі – Ә. Ысқақов. 1940 жылғы жинақта жарияланбағанымен, АМТ жинағында бір түрі ғана берілген [5, 41]. Ал АСҚ жинағына әннің үш түрі енген [6, 61–62]. АМТ жинағындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» пен АСҚ жинағындағы «Қараңғы түнде тау қалғыптың» I түрін салыстырып көргенімізде екеуі бір үлгі болып шықты. Тек нотада сәл өзгеріс бар. Бірақ АМТ жинағында: «Хабарлаушы – А. Искаков, жазып алушы – Л. Хамиди, жазып алынған жылы – 1935 жыл» деп көрсетілген. Алайда, АСҚ жинағында түсінікте: «Ж. Елебековтің орындауынан 1944 жылы Алматыда Л. Хамиди нотаға түсірген. «АМТ», №28» деген түсінік қалдырылған. Б. Ерзакович мақаласындағы Л. Хамидидің А. Ысқақовтан жазып алды деген 18 әнінің ішінде «Қараңғы түнде тау қалғып» та бар. Сонымен қатар, «1939 жылы М. Әуезовтің ұйтқы болуымен Алматыда Абай әндерін нотаға түсіру қайта қолға алынғанда Л. Хамиди Ж. Елебековтің айтуынан төрт ән жазып алады», – дейді [13]. Сол әндердің ішінен «Қараңғы түнде тау қалғыпты» да кездестіреміз. Екі жинақты (АМТ, АСҚ) шығарып отырған да, мақаланы жазып отырған да Б. Ерзакович бола тұра, осындай жаңылыс жайлар орын алған. Бұл жайында Ғ. Бисеновада ештеңе айтылмаған. Бірақ АСҚ жинағындағы түсінікте АМТ жинағына, ондағы әннің реттік нөміріне «№28» деп сілтеме берген. Соған қарағанда, ән Ә. Ысқақовтан жеткен болса керек. Әуенінде өзгешелік жоқ. Ән АМТ жинағы бойынша ұсынылып отыр.

№1.1.



Осы нұсқаның өзі екі жинақта екі түрлі берілген. АМТ жинағында 2-әуендік жолдың басындағы алғашқы екі буын ***(үй-қы-ға)*** II, III сатыны *(ми, фа)* қамтыса, АСҚ жинағында II сатыда *(ми, ми)* ғана әуен түзген. Мұндай өзгешеліктер жинақтарда жиі ұшырасады.



№1.2. Әннің келесі бір нұсқасын Қ. Байжанов орындауынан Қ. Жүзбасов нотаға түсіріп, АСҚ жинағында тұңғыш жарияланған. Жинақтағы түсініктерде «3-ші түсінікті қараңыз» деген сілтеме болғанмен, онда қалай жеткені жайлы мағлұмат кездеспейді. «Абай» энциклопедиясында: «1984 жылы музыка зерттеуші Қ. Жүзбасов әнші Қ. Байжановтан 1958 жылы таспаға жазылған үлгісін және М. Мұхаметжановадан жазылған нұсқасын нотаға түсірген» [19, 326], – деген түсінік берілген.

№1.2.

Зерттеушілер Абай әндеріне одағайлар мен алексикалық элементтердің тән емес екенін атап өткенмен, бұл ерекшеліктер орындаушылық-интерпретациялық дәстүрге тән ерекшелік екенін жоққа шығаруға болмайды. Абай әндерінің әуендік сипатын зерделегенде, кейбір үлгілерде одағай сөздердің кездесуі назар аударады. Мәселен, бірқатар орындаушылардан жазылып алынған нұсқаларда («Сұрғылт тұман дым бүркіп», «Қор болды жаным») ән басы немесе қайырма «ей» одағайымен басталады. Орындаушылық интерпретация кейбір жағдайларда ән ауқымына да өзгерістер әкеліп жатады.

Қ. Байжановтың орындауындағы нұсқада әннің әуендік өрісі күрделене түсіп, оның диапазоны жоғары және төмен бағытта едәуір кеңейіп, диапазоны терцдецимаға дейін жеткен. Әннің бірінші әуендік жолы әдетте қалыпты басталып, 2-әуендік жолдың ортасынан бастап (ұйқыға кетер) әуен бірден VII сатыға дейін өрлейді. Осы жолдың тірек тонға қайтуы да төменгі V және VII сатылар арқылы өзгеше өрнектелген. 2-шумақтағы 3-әуенжол жоғарғы III сатыға дейін көтерілген. Ән соңында әуен бір октава жоғарыда аяқталады. Бұл Қ. Байжанов орындауындағы «Сегіз аяқ» әнінде де көрінген болатын.

№1.2.(а). Ендігі сөз жеке қорда сақталған Қ. Байжанов орындауындағы [8] «Қараңғы түнде тау қалғып» жөнінде. Қ. Байжановтың бұл орындауындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» пен АСҚ жинағындағы нұсқа бір болғанмен, айырмашылық бар. Ән алғаш рет домбыра бұрауына лайықталып түсіріліп, жарияланып отыр.

№1.2.(а)



Айта кету керек, алексикалық сөзбен басталу алдыңғы нұсқада да кездескенімен, бұл нұсқада ән I сатыдан емес, субкварта (төменгі V саты) деңгейінен басталады және бұл әр әуенжолдың басында кездесіп отырады. 2-әуендік жолда алдыңғы нұсқада байқалған VII сатыға күрт көтерілу бұл орындауда жоқ, бәрімізге таныс әуенмен өрнектеледі. Ал 3-әуендік жолда жоғарғы III сатыға дейін көтерілу интонациясы екі шумақта да сақталған. Бұл ән көлемін ұлғайтумен бірге еркін, кең далалық және өзгеше құрылымдық дәстүрлі ән формасына тән көркемдік сипат беріп тұрғандай. Әннің аяқталуы алдыңғы нұсқамен ұқсас – жоғары октавада түйінделеді.

Әннің бұлай кеңеюі әншінің эмоциялық өрісі мен вокалдық қуат мүмкіндігін көрсеткендей. Қ. Байжанов интерпретациясынан туған «Қараңғы түнде тау қал-

ғып» – әннің бір нұсқасы болып қалады және алдағы уақыттарда сахналардан естіледі деп ойлаймыз.

Қ. Байжанов 2-шумақ сөздерін өзгертіп айтқан. Мәселен, 1-тармақтағы «Шаң шығармас жолдағы» «Шаңдай алмас жолдағы» болып, 2-тармақтағы «Сілкіне алмас жапырақ» «Сыбдырламай жапырақ» болып айтылған. Қ. Мұқаметханов: «1909 жылғы жинақта «Шаңдай алмас жолдағы, Сыбдырламас жапырақ» деп басылған. Бұл «Не пылит дорога, Не дрожат листы» деген жолдардың аудармасы» [86, 75–76], – дейді. Қ. Байжановтың сөзді бұлай айтуына осы алғашқы жинақтың ықпалы болса керек.

№1.3. Әннің ендігі бір нұсқасын М. Мұхаметжанованың орындауында Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Бұл нұсқада да аздаған әуендік өзгерістер бар. Ән алғаш АСҚ жинағында жарияланған.

№1.3.

М. Мұхаметжанова нұсқасы бәрімізге белгілі әуен болғанмен, 2-әуендік жолдағы сөйлемнің соңы (бал-быр-рап) жартылық ұзақтыққа созылып әрі терция жоғары (V, IV) аяқталған. Бұл басқа нұсқаларда ұшыраспаған өрнек. Консерваторияның фольклорлық зертхана қорында сақталған аудиожазба да осы нұсқамен бір.

№1.4. В. Дернова Мәскеудегі А. Затаевич қолжазбаларына сүйеніп: «Ә. Марғұлан «Мұхаметжанның әнінен» [71, 222], [72, 657] бөлек Абайдың «Көзімнің қарасы» және «Желсіз түнде жарық ай» әндерін айтқанын жазады. Бірақ Ә. Марғұлан «Желсіз түнде жарық айды» «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің әуенімен айтып, *«Ауылдың жаны-ай»* сөзін *«Ауылдың сырты-ай»* деп орындағанын ескертеді [9, 46–47]. В. Дернова еңбегінде ән нотасы «Желсіз түнде жарық айдың» сөзімен беріліп және Ә. Ысқақов орындаған «Қараңғы түнде тау қалғып» әнімен салыстырып көрсетілген.

№1.4.

№1.5. Ақын әндерінің ел ішінде өңделіп, өзгеріп айтылуы және басқа сөздерімен айтылуы «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінде тағы кездесіп отыр. Мәселен, Ж. Тоғандықов «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңін «Қараңғы түнде тау қалғыптың» әуенімен орындаған. Әуені аздаған өзгеріске түскен. Ән жеке қордан алынды [8].

№1.5.

Алғашқы екі әуендік жолдан «Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің интонациясына ұқсастық анық көрінеді. 3-әуендік жолда әуендік даму бағыты өзгеріп, 4-әуенжолда аздаған вариациямен қайтадан бастапқы әуенге жақындайды.

Сонымен, «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңіне қатысты үш түрлі әуен нұсқасы белгілі болып отыр: Т. Арғынбаев орындаған қарапайым қоңыр әуен, және М. Мұхаметжанова 1960 жылы айтқан, қазіргі таңда кең таралған «Есіңде бар ма жас күнің» әні (түсінікті қараңыз), сондай-ақ жоғарыда аталған вариант. Бұл болашақта арнайы зерттеуді қажет етеді, себебі ол Абайға тиесілі өзге ән болуы да ықтимал.

№1.6. Өткен ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап Ж. Елебековтің арнайы әншілер дайындауы – қазақ ән өнеріне тың үн, өзгеше өрнек, жаңа мәнер әкелді деуімізге болады. Солардың алғашқы легінде мойны озық үш әнші болды. Олар – М. Ешекеев, Ж. Кәрменов, Қ. Байбосынов. Осы өнерпаздардың да Абай әндерінің насихатталып, жарыққа шығуына қосқан үлесі мол-ақ. Әрқайсысының талғам таразысы, әншілік мәнері, орындау ерекшелігі әртүрлі. Бір ұстаздың бір-біріне ұқсамайтын үш шәкірті Абай әндерінің жан-жағынан келіп, әр қырынан өңдеп, гаухар жүзіктей жарқыратып, халықтың қолына қайта ұстатты. Біз сөз етіп

отырған «Қараңғы түнде тау қалғыпқа» келгенде, алдыңғы екеуі Қ. Байбосыновқа жол бергені рас.

№1.6

Ән асықпай, мейлінше кең орындалған. Жалпы әуен интонациясы Ә. Ысқақовтың орындауына өте жақын. Қ. Байбосынов ән табиғатына қоңыр бояу үстеп, баяулата орындау арқылы түн тыныштығын ерекше бейнелей түскен.

Қ. Байбосынов орындауындағы «Қараңғы түнде тау қалғып» – жаңаша леп, бөлек мәнердегі академиялық үлгі. Кез келген жас өнерпаз өнерден өрнек аларда әр әннің озық орындаушысын іздеп, таңдау жасайды. Ал «Қараңғы түнде тау қалғып» әніне келгенде, таңдаудың осы үлгіге түсері анық.

Жалпы, әннің бұл үлгісі тек домбырамен айтатын әншілердің орындауында ғана емес, опера әншілерінің жеке орындауында да ел санасына сіңді, «Абай» операсында хорға пайдаланылды. Сонымен қатар, «Дос-Мұқасан» вокалдық-аспаптық ансамблі заман ырғағына лайықтап, жаңаша үлгіде орындады.

«Қараңғы түнде тау қалғып» әнінің Қ. Байбосынов орындауындағы нұсқа инвариант үлгі ретінде алынса, бұрын орындалмаған Қ. Байжанов нұсқасы өзгеше өрнекті, тың үлгі ретінде берілді.

Қарашада өмір тұр. «Қарашада өмір тұр» – Абайдың 1894 жылы жазған өлеңі. Өлең 7-8 буын үлгісінде 4 тармақты, 6 шумақтан тұрады. Өлеңдегі *b* ұйқасы әр 8-тармақта аяқталып отырады. Яғни, *abab cbcb.* Әр екі шумақта жаңа ұйқас құрылады. Бұл турасында музыкатанушы Г. Шомбалова: «Абай қазақтың өлеңінің структурасына жаңа формалар енгізді. Жаңалықтардың бірі – өлеңмен жазылған дәстүрлі құрылысты жолдардан жаңа шумақтар жасау болып табылады. Біздің ойымызша, оған «Қарашада өмір тұр» әнінің мәтіні мысал бола алады. Мұнда сегіз буынды төрт жолды емес, *ababcbcb* болып ұйқастырылған сегіз жолды шумақ құрылған» [4, 95], – деп, өлеңнің әр шумағын сегіз жолды деген ой айтады.

№1.1. Ән үш түрлі атпен жазылып алынған. Алғаш А. Бимбоэс 1919–1922 жылдар арасында «Шакарим. №1» және «Шакарим. Частушка №2» деген атпен екі ән жазып алып, «Қырғыздың 25 әні» мақаласына енгізген. Соның алғашқысы «Шакарим №1».

Бұл жөнінде Т. Бекхожина «Аманат» жинағында: «Аты аталған жинақтың ішінде «№1 Шакарим», «№2 Шакарим [частушка]» деген атпен Шәкәрімнің екі әні жарық көреді. Бірақ, екі әннің де өлеңі нота астына жазылмаған, тек орыс тілінде мазмұны берілген» [31, 11–12], – деп жазады.

25–9114

Әуеннің арқауын эолиялық лад құрайды, әуендік құрылымы *aabc*. Әуен V сатыда аяқталып отырады.

№1.1.

№1.2. Әнді екінші рет А. В. Затаевич Фаиз Сәдуақасов деген адамнан «Тілек батам» деген атпен жазып алып, «1000 ән» жинағына енгізген. Әнге берілген түсініктерінде: «На слова Ахмета Байтурсынова» деп жазылған [35, 281, 407]. Шындығында, А. Байтұрсынұлы шығармаларында «Тілек батам» өлеңі Абай үлгісінде жазылған, құрылымы «Қарашада өмір тұр» өлеңімен бір [98, 80].

№1.2.

Байқағанымыздай, А. Бимбоэс пен А. Затаевичтің жазып алған нұсқалары бір-біріне өте жақын. Әнді жеткізушілердің құбылтып орындағаны болмаса, екі әннің де ырғағы, негізгі әуендік интонациясы бір деп айтуға болады. Алдыңғы нұсқада 1, 2-әуендік жолдар қайталанса, екінші нұсқада сәл өзгешелік бар. 3-әуендік жолдың басы екі нұсқада да бірдей квинталық секірістен басталады, бірдей қайталанады. 4-әуендік жолдағы әуендік мәтін бір-бірінен өзгеше болғанмен, ән соңы V сатыдан аяқталады. Қазақ әндерінде әннің бұлай V сатыда аяқталуы өте сирек кездеседі. Бұл екі нұсқа да кейінгі жинақтардың ешқайсысында жарияланған емес.

№1.3. Үшінші рет осы әнді композитор Л. Хамиди 1935 жылы Ә. Ысқақовтан Абайдың «Қарашада өмір тұр» деген әні деп жазып алады. Бір қызығы, А. Бимбоэс мақаласындағы: «Шакарим (частушка) I. Обыватель-киргиз когда в своем доме, рокочет, как бурная река, а когда предстанет перед людьми, тих, как ягненок» деген ән мазмұнының аудармасы [9, 72] Абайдың «Қарашада өмір тұр» өлеңіне қарағанда, «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңімен мазмұндас екені көрінеді *(«Өз үйінде өзендей, Күркірейді айтса дау, Кісі алдында кірбеңдеп, Шабан, шардақ және шау»)*. Иә, «Қарашада өмір тұр» мен «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңдерінің құрылымы бір-бірінен алшақ емес. Әсілі, жеткізуші әнді осы өлең сөзімен айтып, мазмұнын түсіндіріп, ән авторын Шәкәрім деп берсе керек.

АСҚ жинағында әннің екі түрі беріліп, Ә. Ысқақов нұсқасы соның I түрі болып жарияланған [6, 62–63]. Жинақ соңындағы түсінікте: «Ж. Елебековтің орындауынан 1944 жылы Алматыда Л. Хамиди нотаға түсірген, «АМТ», №29» деп жазылған. «Абай» энциклопедиясында да осындай мәлімет берілген. «АМТ, №29» сілтемесі бойынша әнді салыстырғанымызда, АМТ мен АСҚ жинағындағы ноталар бірдей болып шықты. Бірақ АМТ жинағының алфавиттік көрсеткішінде «Хабарлаушы А. Искаков, жазып алушы Л. Хамиди. 1935» деп көрсетілген. Осы ноталық жазба айна қатесіз 1940 жылғы жинақта олардан бұрын жарияланған. Алғаш 1940 жылғы жинаққа жарияланғандықтан, бұл нұсқаны 1935 жылы Ә. Ысқақовтан жазып алынған нұсқа деп қабылдағанымыз дұрыс. Бұл жерде АМТ және АСҚ жинағын құрастырушылардан қателік кеткен сияқты. Ал Ж. Елебековтің «Қарашада өмір тұр» әнін айтқаны жетпеген.

№1.3.

Әннің басталуында Ә. Ысқақов айтуындағы «Желсіз түнде жарық аймен» ортақтық бар. Ә. Ысқақов нұсқасының басқа өлшемде түсірілгені болмаса, қайырмаға дейінгі әуен мен ырғақ алдыңғы екі нұсқаға ұқсас. 1.1, 1.2 нұсқадағы 3-тармақ басында кездесетін квинталық секіріс бұл нұсқада жоқ. Алдыңғы екі нұсқада 3-әуендік жолдың соңғы сөйлемдері (көңіл жүр, оты бар) IV, VII сатылар арасында сатылап түсумен өрнектелсе, Ә. Ысқақов нұсқасы алдыңғы нұсқалардан үш музыкалық сөйлеммен ерекшеленеді: алдымен – 3-әуендік жолдың соңғы фразасының жоғарғы IV сатыдан төменгі IV сатыға дейін төмендеуі; екінші – осы төмендеуде әуендік ладтың ауысуы бар. Бұл Біржан салдың «Ақтентек», «Жонылпалды» әндерін еске түсіреді; үшінші – қайырма қосылған.

Әннің қайырмасы жайында Г. Шомбалова: «Бұл тоғыз тактылы ән шумағының мелодиялық негізгі мазмұнына шумақтың екінші жартысын қайталауды қамтитын кеңінен дамыған 9 тактылы мелодиялық қайырма қосылған. Қайырма қосу арқылы ән шумағының формасын дамыта отырып, Абай тегінде қазақтың халықтық дәстүрлі формасына сүйенеді. Ән шумағының екінші жартысындағы қайырманың мелодиясына подтекстовка пайдаланбаған, оны істегенде текстің структурасы мен

әннің мелодиясы толық сәйкес келген болар еді. Құрылысының күрделілігі жағынан және мелодияның жалпы сипаты жағынан бұл ән «Айттым сәлем, қалам қас» әніне жақындайды» [4, 95], – десе, Ғ. Бисенова: «Абай әдетте, қазақ халық әндерінде көп кездесетін «ахау», «ай», «сәулем-ай» сияқты кірістірілген сөздерді, үзінділерді, лепті сөздерді немесе қайырмалық «гиккай», «халалай» т.б. сөздерді қолданбайды. Осы жағынан келгенде «Қарашада өмір тұр» әні бөлек тұр», – деп ән қайырмаларына байланысты өзінің ойын айтады [14, 101]. Ал Т. Қоңыратбай: «Абай әндерінің музыкалық үн-әуені лирика, оның да эпикалық стильмен ұштасқан ауыр түрі. Онда ойнақшыған ырғақ, секірген музыкалық әуен кездесе бермейді. Ақынның лирикасы қазақ тұрмысындағы әлеуметтік-этикалық нормалардан асып кетпейді. Әрбір шығармасының мағынасы терең, бояуы қою, мазмұны шыншыл келеді» [99, 308], – дейді.

Қайырмаға байланысты тағы бір айтар сөз – әннің Жаяу Мұса әндерімен үндес келуі. Бірі жазба әдебиет, екіншісі кәсіби ән өнерінің өкілі, екеуі де бір кезеңде өмір сүрді. Екеуінің де музыкалық шығармашылығы Арқа ән дәстүрінің негізінде жеке-жеке қалыптасты. Абай мен Жаяу Мұса әндерінің өзара жақындығы жайында музыкатанушы ғалым А. Бердібай: «Абай Құнанбайұлы және оның замандасы, сал-серілік бағытты ұстанған Жаяу Мұса Байжанұлының музыкалық-поэзиялық құрылымдарын салыстырғанда, 4 тармақты, 7 буынды шумақ формасы соңғы тұлғаның (Жаяу Мұсаның – Е. Ш) 66 әнінің 7 нұсқасында, ал Абай шығармашылығының жартысына жуық әндерінде кездеседі. Бұл олардың әрқайсысының эстетикалық-дүниетанымдық алғышарттарын белгілеп дәлелдейді», – деп олардың музыкалық-поэзиялық өлшемдер арқылы жаңалық әкелгені жөнінде ой айтады [100, 58].

Рас, музыкалық-поэзиялық құрылым жағынан жақындық білінеді. Бұған мысал ретінде Жаяу Мұсаның «Сапар», «Шолпан туса», «Сылқым соқ» секілді әндерін алуға болады. Олардың да өлең өлшемі де 7-8 буынды және қайырмадағы әуен лад жағынан өзгеше болса да (бірі эолиялық ладта, екіншісі иониялық ладта) сарындас келеді. Сол ұқсастықты «Сапар», «Шолпан туса», «Шормановқа» әндерінің қайырмаларынан байқауға болады.

Жаяу Мұса. «Сапар»

Жаяу Мұса. «Шолпан туса»

Жалпы, Абай әндеріне алексикалық сөздер мен одағайлар тән емес екенін ескерсек, бұл әннің ақынға тиесілі екеніне күмән жоқ емес. Бірақ мұндай қайырмалар орындаушылар тарапынан қосылып кетуі де мүмкін.

№1.4. Әннің ендігі бір нұсқасын М. Мұхаметжанованың орындауында Қ. Жүзбасов нотаға түсірген. Ол Ә. Ысқақов пен М. Мұхаметжанова нұсқасына байланысты «Абай» энциклопедиясында: «Әннің осы екі түрі бір-бірінен сәл өзгерістері болмаса, негізгі түпнұсқасы тұтастықты танытады. Әннің әуен-сазы мен ырғағы, құрылысы жағынан төрт жолды өлең кестесін негізге алса, қайырмасы халық әнші-ақындарының тәсілдерімен үндес, сарындас» [19, 353], – дейді. Ән АСҚ жинағында II түр болып берілген [13, 63].

№1.4.

М. Мұхаметжанова әннің екі шумағын *(Негізі шумақ сегіз жолдан тұрады – abab, cbcb. Шартты түрде екі шумақ деп алып отырмыз)* екі түрлі орындаған. Алғашқы әуендік жолдағы төменгі бағыттағы квинталық секіріс *(өмір тұр)* келесі әуендік жолда кездеспейді. 1.1, 1.2 нұсқадағы 3-әуендік жол басында кездесетін жоғарғы бағыттағы квинталық секіріс бұл нұсқада сақталған. 3-әуендік жолдың соңғы фразасындағы сөйлем *(көңіл жүр, оты бар)* терциялық интервалдар арқылы жасалған.

Әннің осы күнге дейін орындалмай келе жатқаны рас. Бұл әуенді 2013 жылы әнші Е. Рысқали Шәкәрімнің 155 жылдығына арналған кеште Шәкәрімнің өз әні

бар «Тыныштық жоқ, тыным жоқ» әнінің сөзімен айтқан. Ол әнді Т. Бекхожина Ахат Шәкәрімұлынан жазып алып, «Аманат» жинағына енгізген. «Тыныштық жоқ, тыным жоқ» әнін неге өз әуенімен айтпағанын Е. Рысқалидың өзінен сұрағанымызда: «Ол өлеңнің өз әні барынан хабардармын, бірақ ән мелодиясы мұңлы, әуені де сәл жұтаңдау болды. Сондықтан Шәкәрімнің көптен орындалмай жүрген, А. Бимбоэс пен А. Затаевич нотаға түсірген әннің әуенімен айттым. Оның үстіне «Тыныштық жоқ, тыным жоқ» өлеңі құрылысы жағынан әнге дәл келді», – деп жауап берді. Алғашқыда әнді А. Бимбоэс «№1. Шакарим» деп жазып алғандықтан, әнші Шәкәрімге тиесілі әуеннің жарыққа шыға беруін қалаған сияқты және «Қарашада өмір тұр» әніне қатысы барынан хабарсыз да болуы мүмкін. Мұны біз де құптап, СЖСА жинағында: «Қалай болғанда да мұны Шәкәрімнің ұмытылған бір әнінің жарыққа шығуы деп түсінген жөн шығар», – деген едік. Себебі, А. Бимбоэста «Шәкәрім» деп, А. Затаевичте «Тілек батам», Л. Хамиди мен Қ. Жүзбасовта «Қарашада өмір тұр» деп аталып, ән авторы Шәкәрім, енді бірде Абай болып, адастыра берген соң айтқан болатынбыз. Оған себеп – бірінші, қайырмадағы алексикалық сөздер орындаушылар тарапынан қосылған болса да, Абайға тән болмағандықтан Абай әні екеніне күмән болды. Екіншіден, ән алғаш «Шакарим» деп жазылып алынған. Үшіншіден, Шәкәрім әндерінде де алексикалық сөздер кездеспегенмен, оның «Сұраған жанға сәлем айт», «Бұл ән – бұрынғы әннен өзгерек», «Жаңа ойдан шығарған бір бөлек бұл ән», «Жаңа әнім – байғазым», «Жаның сүйген жарың болса», «Кейіме кәрі жан» секілді әндерінде (ән кеудесінде болмаса да қайырмасында кездеседі) жеңіл ырғақ бар. Сол үшін әннің Шәкәрімге тиесілі екендігіне сенім болды.

Тағы бір айта кетер ой, жоғарыда Т. Жұртбай айтқандай («Көзімнің қарасы, түсінікті қараңыз)», Шәкәрім халық жауы боп атылып кеткеннен кейін Шәкәрімнің жаңғырығы жүрсін деген оймен Шәкәрімнің сөзін Абайдың әніне немесе Абайдың сөзін Шәкәрімнің әніне салып айту кезінде ауысып кетуі де мүмкін.

Ал А. Бимбоэс жазып алған «№2. Шакарим» әнінің әуені де біркелкі ырғақтағы ән. Оның мәтінімен жазылған нотасын өткен ғасырдың 60-жылдары Алматы мемлекеттік консерваториясының аға оқытушысы З. А. Визель атақты композитор А. К. Глазуновтың Ленинград қаласындағы архивінен тауып алғанын Т. Бекхожина «Аманат» жинағында жазады [31, 13]. Кейіннен В. Дернова құрастырған «Народная музыка в Казахстане» мақалалар жинағында басылды [9, 82]. Ол мәтінді Шәкәрім жинақтарымен салыстырып қарағанымызда «Тағы сорлы қазақ» деген өлеңі болып шықты [101, 227].

«Қарашада өмір тұр» – болашақта өзінің зерттелуін күтіп тұрған әндердің бірі. Себебі, әннің жинақталуынан бастап, стильдік ерекшелігіне дейінгі ойлар әннің нақты ақынға тиесілі екеніне күмәнді де күдікті ойлар тудырады. Алайда, жинаққа ақынның ұрпақтарының орындауында жазылып алынғандығы ескеріліп, Ә. Ысқақов пен М. Мұхаметжанова орындауында жеткен нұсқалары инвариант үлгі ретінде енгізілді.

Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау.

Жоқтау – адам өмірден өткенде, сол адамның өз басының, ағайынына өткен жақсылығын, еліне еткен еңбегін, елден бөлек асыл қасиеттерін жырға қосып, дауыс

салып айтатын ғұрыптық жырлардың бірі. Жоқтаудың ешқандай діни салт пен қағидаға қатысы жоқ, бұл қазақ салтындағы өмірден өткен адамды ақтық сапарға қадірлеп, қастерлеп шығарып салудың үлгісі.

Жоқтаудың көне үлгілері шумер (Гильгемаш), үнді (Махабхарата) жазбаларында, сондай-ақ, Махмұт Қашқари сөздігінде де кездеседі. Сонымен қатар, ежелгі дәуір жырлары («Қорқыт ата» кітабы. Бұқашты анасының жоқтауы) мен қазақтың эпостық («Қобыланды», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу») жырларында, тарихи жырларда («Қабанбай батыр», «Хан Кене», «Райымбек» (Сабдалы жырау нұсқасы) мол ұшырасады.

Жоқтауды негізінде әйел адамдар айтқан. Сонымен қатар, елдің би-батырларының қазасын естірту, басу айту секілді миссияларды (Байғараға Ізбасты бидің Байшуақтың өлімін естірту, Үмбетей жыраудың Абылайға Бөгенбайдың өлімін естіртіп жоқтауы, Орынбайдың Шоқанды жоқтауы т.б.) белгілі ақындар, шешендер атқарған.

Ш. Уәлиханов жоқтаудың бірнеше үлгілерін жинап, алғаш ғылыми баға берген. 1923 жылы А.Байтұрсынұлы да «23 жоқтау» деген атпен қазақтың жоқтау үлгілерін құрастырып, жинақ етіп шығарған. Жоқтауға байланысты М. Әуезов, С. Сейфуллин, Б. Кенжебаев сынды ғалымдар зерттеулер жасаған. Кейіннен ғалым Т. Арынов жоқтаудың көптеген үлгілерін жинап, жүйелі ғылыми зерттеу жүргізіп, «Боздағым» деген атпен жинақ шығарды. Қазақта «дауыс», «жоқтау», «жылау», «теріс өлеңдердің» өзіндік айырмашылықтары бар екенін Х. Досмұхамедов, Қ. Саттаров, С. Медеубеков, К. Матыжанов секілді ғалымдар ажыратып қарастырған.

М. Әуезов: «...қазақтағы жоқтау өлең өлген бір адамның өзіне ғана арналып шыққан тың сөз болады. Басқа біреудің айтқан жоқтауын айту, жаттама өлеңін айту – қазақ ұғынысынша мін. Ондай жоқтау көңілдің шын қайғы-зарынан шыққан емес, жалған жоқтау болады» [102, 26], – дейді. Яғни, қазақта адамның жоқтаусыз қалуы үлкен мін де, сын да болған. Ондай жағдайда ел ішіндегі ақындар арнайы жоқтау жазып берген. Жоқтау жазып беру үрдісі болғанын Көдек Байшығанұлының «Әбділдаға дауыс», «Диқанбайға дауыс», «Түнқатарға дауыс», «Сәрсенбайға дауыс», «Оразбай болысқа дауыс», «Мысаны жоқтау» секілді арнайы дауыс, жоқтау өлеңдерінен көруге болады [103, 276–331].

№1.1. Осындай жоқтаулардың бірі «жасқа жас, ойға кәрі», «туысы бөлек», «көзінің нұры» болған Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахманға арнаған жоқтау өлеңдері. Ақын ұлы Әбдірахманға он үш өлең арнаған. «23 жоқтаудың» ішіне «Әбдірақман» деген атпен Абайдың Әбдірахманға арнаған «Талаптың мініп тұлпарын» өлеңі мен «Кешегі өткен ер Әбіш» өлеңі бір жоқтау болып және аздаған текстологиялық өзгерістермен «Оспанға» (Жайнаған туың жығылмай) өлеңі енген [104, 147–148].

Жоқтау өлеңдердің ішінде «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтауы» әуен-сарынымен ақынның музыкалық мұраларының бірі болып жеткен. Жоқтауды алғаш 1984 жылы М. Мұхаметжанованың орындауында Қ. Жүзбасов хатқа түсіріп, АСҚ жинағында Абай әндерінің бірі ретінде тұңғыш рет жариялаған [6, 64].

№1.1.



№1.2. Консерваторияның ҒЗФЗ қорында сақталған М. Мұхаметжанова орындауында жазылып алынған жоқтау сарынының аудиожазбасы Қ. Жүзбасов түсірген нота жазбасымен ұқсас [15], [16]. Ырғақ, лад жағынан екеуінде еш айырма болмағанмен, интонация жағынан сәл өзгешелік бар. М. Мұхаметжанова жоқтаудың он екі жолын орындаған. *«Шешенің зарын тарттырдың»* деп келетін 3-тармақ *«Шешенің зарын тартқыздың»* болып айтылса, 9-тармақтан кейін бірден 14-тармаққа ауысып, *«Қызыл да гүлдей жасылдан»* болып айтылған. *«Айырып от қып өртедің»* болып айтылатын 11-тармақ аудиожазбадан *«Қақ айырып от қып өртедің»* болып естілді.

№1.2.



Жалпы, жоқтау әуендері музыкатану ғылымында ертеден хатқа түсіп, А. Затаевич, Б. Ерзакович, Т. Бекхожина еңбектерінде жарияланған. Жоқтаудың музыкалық сарынын зерттеген Б. Қоқымбаева 1986 жылы «Песни-плачи жоқтау» тақырыбында диссертациялық еңбек жазды.

Қазақ сал-серілерінде де жоқтау-әндер жоқ емес. Мұхиттың «Зәуреші», Жаяу Мұсаның «Сапары», Жамбылдың «Алғадайды жоқтауы», Кененнің «Базар-Назары», тіпті Ақанның «Құлагерін» де осы қатарға қосуға болады. Бірақ бұлардың барлығы жеке композитордың шығармашылық туындылары, реквием.

Ал осы ғұрыптық әннің, яғни жоқтау сарынының әнге айналып, сахналарда орындалғаны ешқандай деректерде кездеспейді. «Елім-ай» әні де жоқтау сипатындағы жалпы бұқараға белгілі ән болғанымен, сахналық әнге айналған жоқ. Оны айтып отырған себебіміз, жоғарыда берілген Әбдірахманға арналған жоқтаудың сарыны өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап Шәкәрімге қатысты жоқтау-ән болып әр жерлерде орындалғаны бар.

Мәселен, Шәкәрім әндерін насихаттаушы, әнші К. Өлмесеков өзінің өнер жолында Шәкәрімге қатысты бірнеше әндерді тауып, жарыққа шығарды. Кейіннен Шәкәрім әндері бойынша шығарған «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» CD жинағында: «Келесі бір әнді де Шәкәрімге қатысты болғасын айта кетейік деп отырмыз. Шәкәрімнің Ғафур (Ғабдулғафур) дейтін баласы Семейдің түрмесінде қорлыққа шыдамай, өзіне қол жұмсап қайтыс болған. Мынау айтқалы отырған ән – Ғафурға арналған жоқтау. Ғафурдың қызы Нағиманың жазғаны дейді. Бұл әнді мен марқұм Амангелді Дүйсенбеков деген семейлік журналистен жазып алып едім» [23] – деп түсінік береді.

К. Өлмесековтің бұл сөзінен аңғарғанымыз, әнші «жоқтау» деп түсінік беріп, лекция-концерттерінде Шәкәрімге қатысы болғасын домбыраға салып айтып жүрген. Бірақ К. Өлмесеков айтқан жоқтау мен М. Мұхаметжановаының айтқан жоқтауы интонация жағынан тым жақын. Екі жоқтау да 7-8 буынды үлгіде жазылған.

Жоғарыдағы К. Өлмесеков орындауындағы ән мен М. Мұхаметжанова орындауындағы жоқтаудың екі нұсқасын салыстыру үшін арнайы транспозиция жасалды.

К. Өлмесеков орындауындағы Ғафурды жоқтау

М. Мұхаметжанова. АСҚ жинағындағы Әбдірахманды жоқтау

М. Мұхаметжанова. ҒЗФЗ қорындағы Әбдірахманды жоқтау (аудионұсқа)

Байқағанымыздай, үш жоқтаудың әуені бір. Тек екі түрлі сөзбен және екеуі де жоқтауға арналған сөзбен айтылған. Біздің ойымызша, бұлардың барлығы сол өңірдегі халықтық жоқтау сарындары немесе жыр-дастандар осы әуенмен орындалуы мүмкін. Себебі, әнші Еркін Нұрханов (Абай ауданында туған. Ж. Кәрменовтің шәкірті) бала күндерінде жылқышылар қоста жатып осы әуенмен сол өңірлердегі жыр, қиссаларды орындайтынын айтады. Біздің айтып отырғанымыз Абайдың музыкалық мұрасы болғандықтан, оған ғұрыптық әндерді араластырудың еш қисыны жоқ. Сол себепті бұл жоқтау сарыны Абайдың музыкалық мұраларының қатарына қосылмады.

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа. Абай адам өміріндегі ән мен күйдің алар орнын айрықша бағалаған. Адам баласының өмірге келіп-кеткен аралықтағы қысқа ғұмырының әнмен басталып, әнмен аяқталарын *«Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең»* деп екі ауыз сөзбен терең сипаттап берген.

Абай осы бір ән туралы жазған өлеңіне ғажап ән де шығарған. Өлең 11 буынды, 4+3+4 бунақты қара өлең үлгісінде жазылған, 9 шумақтан тұрады. Өлеңнің 7-шумағы 6 тармақтан тұрады. Алғаш 1909 жылғы жинаққа енген.

Әнді 1935 жылы Л. Хамиди Ә. Ысқақовтан жазып алған. Ән алғаш 1940 жылғы жинақтан бастап [10], АМТ [5, 43], АСҚ жинақтарының барлығында жарияланып келеді [6, 65].

Өлең құрылысының он бір буынды, халықтық қара өлең үлгісінде жазылуы оның әуеніне де әсер еткен. Әннің музыкалық мазмұны, құрылымы, диапазоны Арқа өңірінің кең тыныстыәндеріне өте жақын, тіпті Естайдың «Ақжалмаш» әнін еске түсіреді.

Әуендегі синкопалық ырғақтар М. Мұхаметжанова жеткізген «Біреуден біреу артылса» әнінде ішінара кездескені болмаса, әуеннің бірден синкопалық ырғақпен басталуы бұған дейінгі әндерде кездесе қоймайды. «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» баяу орындалатын ән болғандықтан, бұл ырғақтар орындау кезінде жадағайланып, сөзімен де, әуенімен де бірігіп, қабысып кетеді. Негізгі салмақ орындаушының өзінде деуге болады.

Бұл ән көптеген музыка зерттеушілерінің назарына ілініп, жақсы әсер қалдырған. А. Жұбанов: «Мысалы, «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген әнінде, сөзсіз, арқаның ән дәстүрі көрінеді. Ол әннің формасынан да, интервалдық секірулерінен де, сөздің буындарына сай келетін белгілі созатын, көтеретін жерлерінен де көрінеді» [46, 112] – десе, Г. Шомбалова: «Абайдың көптеген әндерінің негізі халық өлеңдеріне құрылды. Кейде біз ақын әндерінің халықтық әуенге және халық әнінің формасы құрылысына жақындығын байқаймыз. Л. Хамиди жазып алған «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген әні осыған орайлас. Бұл ән құрылысы жағынан болсын, интонациясы, шапшаңдық сыпаты речитативті-тақпақ сымбаты жөнінен болсын қазақтың халық әндерінің құрылысына тым жақын келеді» [4, 90], – деп әуендік құрылым ерекшелігіне баға береді.

Бұл ән Ә. Ысқақовтың орындауында ғана жеткен. Кейінгі әншілер арасында орындағандар кездескен емес. Сол себепті, жинаққа Ә. Ысқақов орындауына сүйеніп, метрикалық өзгерістер жасай отырып, домбыра аспабына лайықталып беріліп отыр.

Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма. Абайдың өмірінің соңында жазған реквием сипатындағы өлеңі – «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма». 1909 жылғы жинақта К. Ысқақұлы: «Бұрын да айтылып еді, Абай бала жасынан, қазақтың тәуір жігіті партияда күшті боламын деп талап қылғаннан басқаны ойламайтұғын уақытта өсті деп. Сол себепті жазушылықтың өзі де екінші дәрежеде қалып, салақ болып, берірек ұлғайыңқыраған кезінде өкініш түсіп, жасынан ғылым жолында болмай, қазақтың айғайымен жүргендіктен, кешірген өмірінің, жазған өлеңінің ретсіз болып, яки ғибрат алмаққа жарамайтұғын, ақылға сыйымсыз жері болса, кейінгі замандағы сынаушы жастардан, өзінің тәрбиесіз, үлгісіз өскен өмірін айтып, надан елдің ішінде неше түрлі машақат, әурешілікпен бойды ыза кернеп, өткен қатем болса, аяп, аз сөге көріңдер деп жазғаны» [50, 104–112], – десе, Тұрағұл Абайұлы өз естелігінде: «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңді қалай өскен, қандай тәлім алған, қандай халықтың ортасында болған, ой кірген соң не қылған? – соларын қысқаша айтып, биография есебінде жазған» [1, 199], – деп түсінік береді.

Өлең 11 буынды, 4+3+4 бунақты *(ішінара 3+4+4)* қара өлең үлгісінде жазылған, 7 шумақтан тұрады.

№1.1. Әнді Л. Хамиди 1935 жылы Ә. Ысқақовтың орындауында жазып алған. Ән 1940 жылғы жинақтан бастап, кейінгі ән жинақтарының барлығында жарияланып келеді.

Әуен табиғатында халық әні және халық композиторлары әндерінің элементтері байқалады, қара өлең үлгісі әуенді өз табиғатына қарай бейімдегені көрінеді. Әнде халық әндерінің ізі жатқанымен, ақынның өзіне тән әуендік, ырғақтық ерекшеліктері айқын білінеді. Баяу ырғақ, тосын төменгі-жоғарғы секірістер – Абай әндерінде кездесіп отыратын өрнектер. Тек өзгеріс АСҚ жинағында екінші әуендік жолдың соңғы фразасында (қыз болмай ма) қатар тұрған триольдардың барлығы II сатыға жазылған.

№1.1.

№1.2. Абайдікі делінетін осы аттас әннің бір түрін Т. Рахимов орындаған. Жоғарыда аталған «Құлақтан кіріп бойды алар» хабарындағы «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» әнінің кіріспе сөзінде Т. Базарбаев: «Сіздерге ұсынып отырған соңғы әніміз «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма». Бұл Абайдың 1940 жылғы жинағына кірген. Енді осының 1982 жылғы (1986 жыл. Е. Ш) жинағының ішіне тағы бір варианты кіріп отыр. Сол түрін алып отырмыз. Ал енді осы әннің қазіргі айтылып жүргені жөнінде бір сөз айтайын деп отырмын. Қазіргі айтып жүрген әншілердің көбі жартысын қиып тастап орындап жүр. Сондықтан сөзі қайта-қайта екі рет қайталана береді. Біз сол қателікті түзетіп, әрбір шумақ бір-бір айтқанға, сосын қайырмасы... Абайдың өзінің формасына, стиліне жататын түрі осы» [8], [14], – деген түсінік береді.

№1.2.

Алайда 1986 жылы жарық көрген АСҚ жинағынан мұндай әнді көзіміз шалмады. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» әнінің Абай жинақтарында бір түрі ғана жарияланған. Т. Базарбаевтың бұл әуенді қай жинақтан алғанын біле алмадық. Енді соның негізіне үңілсек...

Бұл – әуелде Абайдың сөзіне жазылған Ж. Кәрменовтың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» әні. Кейінгі уақыттарда ақынның әр өлеңдерінен философиялық шумақтар қосылып, «Абай толғаулары» деген атпен орындалып келеді. Ж. Кәрменовтің өзі де толғау етіп орындаған.

«Бұл ән Қасым Аманжоловтікі екен. Қасым сонау бір жылдары Қарауылда тұратын жазушы Кәмен Оразалиннің үйіне қонақ боп барып, бірнеше күн аялдағанда осы әнді шығарып кетіпті-міс» деген әртүрлі сөз тарады. Бұл жайлы жазушы, ғалым Т. Жұртбайдан сұрағанымызда, бұл сөздің жалған, қауесет екенін айтты. Ж. Кәрменов бұл әнін өткен ғасырдың 70-ші жылдарының ішінде шығарған. Ж. Елебеков пен С. Бегалиндердің алдында орындап, сынатып, алдарынан да өткен екен. Т. Жұртбайдың бұл сөзін Ж. Кәрменовтің жары Тұрар Бәйкенқызы да қуаттап, ол оқиғаның Ж. Кәрменовтің өзінің шаңырағында болғанын және Жүсекең әннің бір-екі иірімдерін жөнге келтіріп бергенін айтады.

Иә, Қасым музыкалық аспаптарда шебер ойнаған, музыкалық қабілеті жоғары болған, бүгінге жеткен бір-екі әні де бар. Сонымен қатар, «...Қасым сегіз қырлы, бір сырлы еді. Мысалы, неше түрлі музыка аспаптарында нотасыз-ақ ойнай беретін еді. Абайдың «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» деген өлеңіне ән айтып, домбыра шертетін еді. Ол әнді Ғафу Қайырбеков білетін. Ән нотаға түсірілмеген» [105, 7–8], – дейді Қасымның ағасы Ахметжан Рахымжанов өзінің естеліктерінде. Жазушы Құрманбай Толыбаев: «Ол өлең жазғанда ылғи да домбырасын қолына алып, соның сазына ұйып, толғанатын еді. Оның өлеңдерінің әмәнда әуенді болатыны да содан еді. Қасым оншақты ән де шығарды» [105, 7–10], – дейді.

Өкінішке қарай, Қасымның әні бүгінге жетпей отыр. «Міне, мынау еді» дейтіндей нақты дәлел жоқ. Естеліктер мен ел аузындағы әңгімелерде айтылған Қасымның орындағаны Ә. Ысқақов жеткізген түрі ме әлде Абай еліне барғанда үйренген әннің басқа түр-нұсқасы ма, белгісіз. Себебі, Абай әндері Қазақстанның түкпір-түкпіріне әртүрлі түр-нұсқада тараған. Әдебиеттанушы ғалым Н. С. Смирнова өзінің «Песни Абая» мақаласында: «Ауызша айғақтар төңкеріске дейінгі жылдары Абайдың қай әні Қазақстанға кең тарағанын анықтауға мүмкіндік берді» – дей келіп, 10 әннің тізімін береді. Соның ішінде «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» да бар [106, 62].

Ән Ж. Кәрменовтің өз орындауында ұсынылып отыр.

№1.3



Міне, Ж. Кәрменовтің ел ішінде айтылып, радио, теледидардан жиі беріліп тұратын әні – осы. Ж. Кәрменовтің орындауында екі шумағы нотаға түсірілді. Себебі, әр шумақтағы буын санының өзгермелілігіне және әншінің сезім күйіне байланысты ән иірімдері де әртүрлі құбылып отырады. Мұнда әннің 3, 4-тармақтары репризалы қайталау, яғни қайталанған қос тармақ болып айтылған. Жоғарыда Т. Базарбаевтың «сөзі екі рет қайталанады» дегені осы болса керек.

Ал Кәрменов үлгісіндегі 1 және 2-тармақтағы әуен Рахимовта 3, 4-тармақта да қайталанып, бір шумақ әуенін құраса, 3, 4-тармақтағы әуен келесі шумақта да реприза арқылы қайталанған қостармақ ретінде қайырма қызметін атқарған. Кейбір фразалардың басында пунктирлік ырғақтар байқалады. Әннің 1, 3-әуендік жолындағы алғашқы бунақтың соңын (өлсем орным қара жер) мейлінше созады (фермата) және осы әуендік жолдың соңы (сыз болмай ма) Ж. Кәрменовте V сатыға, Т. Рахимовта IV сатыда түйінделіп отырады. Қалған әуендік жолдар орындау кезіндегі әншінің ішкі интерпретациясына, сезіну халіне байланысты иірім-қайырымдармен аздаған өзгеріске түскен. Екі орындаушының бар айырмашылығы осы, әйтпесе, екеуі де бір ән.

Абайдың бұл әніне қатысты түсінік соңында Абайдың өз қолтаңбасы айқын көрініп тұрған, Ә. Ысқақов арқылы жеткен «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» әннің түпнұсқасы болып берілді. Ал Т. Рахимов айтқан әннің иесі – Ж. Кәрменов.

Ақынның дәл осы өлеңімен айтылған тағы бір ән 1994 жылы шыққан фортепианоға өңделген «Абай әндері» жинағында кездесті. Әуен халықтық сарынға жақын болғандықтан, қосымшаға енгізілді.

Теректің сыйы. Абай аудармаларының ішінде біршама мысал өлеңдер бар. Сол өлеңдердің екеуі әуенімен жеткен. Оның бірі – «Қарға мен бүркіт» болса, екіншісі – «Теректің сыйы». «Қарға мен бүркіт» мысалы «Көзімнің қарасының» Ә. Ысқақов жеткізген түрімен айтылғанын және оның ақын әндерінің қатарына қосылмайтындығын айтып өткенбіз («Көзімнің қарасына» берілген түсініктерді қараңыз).

«Теректің сыйы» – М. Ю. Лермонтовтың «Дары Терека» өлеңінен аудармасы. Өлең 1909 жылғы жинақтан бастап, әр жылдардағы жинақтарда жарық көріп келеді. Өлең түпнұсқада 7-8 буынды, 76 тармақтан тұрса, Абай өлеңнің жалпы мазмұнын алып, 11 буынды қара өлең үлгісінде 38 шумақ қылып, еркін аударма жасаған.

Мысалды алғаш әуенімен жеткізуші – М. Мұхаметжанова, нотаға түсірген Қ. Жүзбасов. Ән алғаш рет АСҚ жинағында жарық көрген [6, 68].



Ән әуенінен бұрыннан құлаққа таныс Шәкәрім Құдайбердіұлының З. Егеубаева айтуындағы «Еңлік–Кебек» дастанының әуені анық байқалады. Бірақ әуен түпнұсқадан алыстаған. Ел ішінде айтылатын «Ескендір», «Масғұт» поэмаларының әуеніне де бейімделгендігі білінеді. Ән 3-әуендік жолдарда ғана «Еңлік–Кебектің» әуеніне жақындайды. Ал «Еңлік–Кебек» дастанының бізге жеткен әуені – халықтық жыр сарыны.

Қорытындылай келе, бұл әнде Абайға тән интонациялық ерекшеліктер байқалмағандықтан, «Теректің сыйы» шығармасы Абай әндерінің қатарына жатқызылмады. Жинақ құрастырушылары бұл әнді алдыңғы басылымдарға ақын ұрпақтарының орындауында жеткендігіне сүйеніп енгізген деп пайымдауға болады. Жалпы, Абайдың мысал өлеңдері мен поэмалары ел ішінде көбінесе халықтық әуендермен айтылған.

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын. Абай аудармаларының ішіндегі әнге айналған өлеңнің бірі – «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын». Шығарма В. А. Крыловтан аударылған. Өлең түпнұсқада төрт шумақ болса, аудармада бес шумақ және 2-ші және 3-шумақтардың орны ауыстырылғаны болмаса, түпнұсқаның негізгі мазмұны сақталған. Тек 5-шумақты ақын өз жанынан қосқан. Бұл бүгінде ақынның «Абай толғаулары» деген атпен («Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма») орындалып жүрген әннің бір шумағы болып та айтылады. Өлең дәстүрлі *aaba* ұйқасымен, 11 буынды (3+4+4) қара өлең үлгісінде жазылған. Бірақ өлеңнің бунақтағы буын саны толық сақтала бермейді, 4+3+4 болып жазылған тармақтар да бар.

Өлең мен әннің тууына байланысты В. Дернова: «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» және «Сұрғылт тұман дым бүркіп» деген екі ән – халық арасына кең тараған А. Рубенштейннің «Күйреген жүрек» («Разбитое сердце») романсының және А. А. Дельвиг сөзіне жазылған Глинканың «Күзгі бүрікпе жаңбыр емес» («Не осенний мелкий дождичек») деген әнінің аудармасы болып саналады. «Күйреген жүрек» романсын 40-жылдарда (19 ғасыр) Рудольф Левенштейннің неміс тіліндегі тексті бойынша А. Рубенштейн жазып алады да, 1871 жылы Виктор Крылов орысша аудармасы бойынша Петербургта басып шығарады. Баспадан шыққан соң көп ұзамай-ақ сүйемелсіз хор үшін, цитра үшін, үрмелі оркестр үшін үйлестірушілер пайда болды. Мұның өзі романстың кеңінен тарап кеткендігінің дәлелі. Аударма 1898 жылы жасалған. Абай «Күйреген жүрек» романсының сөзін бір жерден оқыған шығар деп ойлаудың мүмкіндігі жоқ, өлеңді тікелей аудармаған, Абайға ән ретінде ауызша жетіп, ақын әннің орындалуын сөз жоқ естіді» [5, 52–53], – деген кесімді пікір айтады.

Ал Қ. Мұқаметханов өлең текстологиясына тоқтала келіп, аударманың орысша аудармасының авторы жайлы мынандай мәлімет береді: «Өлеңнің негізгі авторы қазіргі күнде көпшілік оқушы жұртшылыққа белгісіз, XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген орыс жазушысы Виктор Александрович Крылов (1838–1906), псевдонимы Виктор Александров. В. А. Крыловтың өлеңдер жинағы 1898 жылы С.-Петербургте басылған. Ақын өлеңдер жинағын төрт бөлімге бөлген.

Жинақтың үшінші бөлімінің 159–166-беттерінде неміс тілінен (Левенштейннен) алты өлең аударған (1. «Непонятно», 2. «У окна», 3. «Спор», 4. «Успокоенье», 5. «Расставанье», 6. «Разбитое сердце»). Соның ең соңғы «Разбитое сердце» деген өлең Абай аударған «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңі. (Осы өлең текстіне композитор А. Рубенштейн музыка жазып, орыс халқына белгілі романсқа айналған). Абай бұл өленді сол 1898 жылы кітап болып шыққан В. А. Крылов жинағынан аударған деуге болады. Абай жинақтарында өленнің екінші, үшінші шумақтарының орны ауысып шатақ басылып жүргенін көріп отырмыз. Бірінші шумақтан кейін «Мен көрдім сынық қанат көбелекті» деп басталатын өлең, оның соңынан «Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік» деп басталатын өлең шумағы келуі керек» [86, 98], – деп, В. А. Крыловтың өленін берген.

Бұл әннен екі түр жеткен. М. Әуезов пен М. Мұхаметжановаңың жеткізгені – әннің I түрдің екі нұсқасы, ал Т. Арғынбаев жеткізгені – әннің II түрі болып саналады. М. Әуезов нұсқасы 1940 жылғы жинаққа [10] және АМТ жинағында жарияланса [5, 47], АСҚ жинағына үшеуі де жарияланған [6, 66–67]. Сонымен бірге, бұл жинаққа бұрын-соңды еш жинақтарда жарияланбаған Т. Рахимов нұсқасы (I түрдің III нұсқасы) тұңғыш рет еніп отыр [8], [14] және М. Мұхаметжанова орындауында консерватория қорынан табылған бір үлгі де салыстырмалы түрде беріліп отыр.

№1.1. Бұл нұсқаны 1939 жылы М. Әуезовтің орындауында Л. Хамиди нотаға түсірген. Ән 1940 жылғы жинақта 2/4 өлшем бойынша түсірілсе, кейінгі АМТ, АСҚ жинақтарында лады мен әуені өзгермегенімен, 6/8 өлшем жүйесіне ауысқан. Біз әнді алдымен 1940 жылғы жинақ бойынша беріп отырмыз. Әннің құрылымы өте қарапайым, сұрақ-жауап үлгісіндегі екі түрлі музыкалық құрылымға негізделген. Бірінші музыкалық фраза – *a*, екіншісі – *b*, үшіншісі – *a*, төртіншісі – *b*. Үшінші музыкалық құрылымдағы октава төмен берілген субтерцияны айтпасақ, өзге тұстары қайталау. Осы себепті әнді бір ғана музыкалық ойды білдіретін сөйлемнен тұрады деуге болады. Қайталаудың музыкалық құрылымды ұлғайтпайтыны белгілі. Әннің арқауын эолиялық лад құрайды. Тұрақты сатылары I, V, VI. Мұнда ешқандай ладтық ауысулар жоқ.

№1.1



№1.1.(а) Бұл АМТ жинағы бойынша беріліп отыр. Алдымен алдыңғы ноталық жазба мен төмендегі ноталық жазбада сәл айырмашылық бар. Мұнда триольдар алынып тасталған және бұл АСҚ жинағына I түр болып енген.

26–9114

№1.1.(а)

№1.2. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінің тағы бір үлгісі – М. Мұхаметжанова нұсқасы. Нотаға түсірген – Қ. Жүзбасов. Онда нотаға алғашқы шумақ қана берілген және мәтіндік өзгерістер бар. 1-шумақтың *«Бас ұрып қара жерге сұлағанын»* дейтін 2-тармағы *«Қара жерге бас ұрып сұлағанын»* болып, *«Жапырағы сарғайып, өлімсіреп»* дейтін 2-тармағы *«Сарғайып жапырағы, өлімсіреп»* болып өзгерген. Ал 4-тармақтағы алғашқы бунақ басына *«Бұл»* сөзі қосылғандықтан буын саны 4-ке артса, керісінше 2-бунақтағы *«кім тыңдайд(ы)»* сөзінің соңғы буыны қысқарып, 3-ке кеміген.

№1.2.



№1.2.(а) Консерваторияның фольклорлық зертхана қорында сақталған М. Мұхаметжанова орындауы АСҚ жинағындағы ноталық үлгі бірдей – *cis* эолиялық ладында орындалып, нотаға түскен. Мұхаметжанова әннің үш шумағын орындаған [15], [16]. 1-шумағы жоғарыдағы үлгімен бірдей болғанмен, соңғы тармақ *«Ол байғұстың кім білер (немесе кім білсін) жылағанын»* болып айтылған. 2-шумақтағы *«Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен, Кімге батар ол байғұс тартқан күйік»* дейтін 3, 4-тармақтары *«Қансырап, қабақ түскен, қапаланып, Ол байғұсты кім ұғар, тартқан күйік»* болып және 3-шумақтың *«Күн шуаққа жылынан қалт-құлт етіп»* болып келетін 3-тармағы *«Бейшара күн шуақта қалт-құлт етіп»* деп айтылған. Жалпы М. Мұхаметжанова айтуында жеткен нұсқалардың көпшілігінде әуендік жүйеге лайықтап, өлеңдегі бунақтардың орын ауысуы жиі кездеседі.

Қ. Жүзбасов түсірген ноталық үлгі мен консерватория қорындағы Мұхаметжанова орындаған екі нұсқада аздаған айырмашылықтар бар. Бірінші, Қ. Жүзбасов түсірген нұсқа табиғи минорлық ладта айтылса, аудио нұсқасында гармониялық минор (VII саты жоғары) ерекшелігі бар. Екінші, Қ. Жүзбасов түсірген нұсқаның диапазоны децима болса, аудио нұсқаның диапазоны терцдецимаға тең. Гармониялық минор ерекшелігін Ғ. Бисенова да қарастырып, оң пікір білдіргенімен, өз еңбегінде М. Әуезов нұсқасын ұсынған.

Ал М. Мұхаметжанова Қазақтелевидениесінің Алтын қорында сақталған «Абайдың музыкалық мұрасы» хабарында осы әнді табиғи минорда ғана орындап шыққан, VII сатының жоғарылауы кездеспейді [107].

№1.2.(а)



№1.3. Т. Рахимов орындауындағы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әні 1995 жылы айтылған. Әннің әуендік құрылымы *abab*. Ән әуенінің негізі М. Әуезов нұсқасынан алынғаны анық көрінеді. Әуезов үлгісіндегі октава төмен берілген субтерция мұнда жоқ. 3, 4-әуендік жол алдыңғы екі жол секілді, қайталанған қостармақ үлгісінде айтылады. Алдыңғы №1.1 және №1.3 нұсқаларына қарағанда диапазон жағынан шағын – октава. Осы нұсқа Т. Рахимов орындауында Семейдің Абай атындағы музыкалық-драма театрында қойылған «Әміре» спектаклінің музыкалық лейтмотиві болды. Ән мәтінінде өзгерістер жоқ.

№1.3.



Алдыңғы зерттеушілердің ән басындағы сексталық секірісті Рубинштейн романсының соңындағы сексталық секіріске жақындатуы мен әуен ішіндегі триольдық ырғақтарды «Рубинштейн романсындағы үш үлесті вальстық өлшемнің жаңғырығы болуы мүмкін» деген салыстырулары және жалпы орыс әндері мен романстарына ұқсатуы ақынның бұл әніне де қаратылып айтылған. Пікірлер де әртүрлі болған.

Г. Шомбалова: «Орысшадан аударылған «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген өлең нағыз қазақтың халық өлеңінің ұйқасымен (үлгісімен) жазылған. Ән мелодиясының интонациялық сымбаты да, ритмикалық суреті де қазақтың халық дәстүрінен едәуір шегінген, мұның өзі сөз жоқ, Абайдың жаңа түр іздеу арқылы тапқан нәтижесі еді» [4, 91–92], – десе, А. Жұбанов: «Сол сияқты «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінде де халықтық ән формасы басым. Әрине, бұл әннің мелодиялық дамуында бірқатар жаңалықтар бар. Әсіресе, Абай музыка сөйлемінің ортасында бір дыбысты созып, шырқатып тұрмайды. Ол сөзге көбірек мән беруден, бірінші жоспарға кейбір әндерінде сөзін қоюдан болуы мүмкін. Соның өзінде ол қазақ интонациясынан кетпейді. Ал сөзді бөлу – речитативті түйін қазақ музыкасында тағы бар қасиет. Ондай әндер де аз емес. Айтарымыз – Абай ән шығаруға қазақтың халықтық бай музыка интонациясын жақсы біліп, сол бір ән мұхитын аралап, жүзіп келді» [46, 116], – дейді.

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінің табиғатында терең ой мен мұң бар. Бұл жөнінде Ғ. Бисенова: «Сонымен қатар, Абай аударма жасай отырып, оның әуенін де бірге шығарады. Ақын әуенді орыс әндерінен алынған әуен емес, басқаға ұқсамайтын, өзінің түпнұсқа әуені қылып шығарады. Рубинштейнге қарағанда әуен ойлы, ол – «Күйреген жүрек» (Разбитое сердце) өлеңінде бар қайғылы интонациялар болуы мүмкін... » [7, 77], – деп Абай әуенінің өзіндік әуен екенін айтады.

№1.4. Абай әндері фортепианоға лайықталып өңделгенін жинақ басында айтқан болатынбыз. 1994 жылы шыққан «Абай әндері» жинағында әннің Әуезов жеткізген нұсқаның фортепианоға лайықталған екі үлгісі кездеседі [45, 43–46]. Әнді М. Әуезовтен жазып алған да, оны өңдеген де Л. Хамиди (екінші өңдеген Д. Ботбаев). Алайда өңдеу барысында қайырмалық әуен қосылған.

№1.4

№2.1. Бұл әннің екінші түрін Б. Ерзакович 1938 жылы Т. Арғынбаевтың орындауында нотаға түсірген. Әуен алдыңғы нұсқалардан мүлде бөлек, «халалай, алалай» секілді алексикалардан тұратын қайырмалары халықтық әуенге жақындатып, Абай стилінен алшақтата түседі. Сондай-ақ, ән 1983 жылы Біржан сал әндерінен құрастырылған «Ләйлім шырақ» жинағында (құрастырушылар: Б. Ерзакович, Ә. Дербісалин, З. Қоспақов) Біржан салдың Абай сөзіне жазылған әні болып жарияланса [108, 93], 1986 жылы жарық көрген АСҚ жинағында Абай әндерінің қатарына қосылған. Әннің Біржанға қатысы жөнінде В. Дернова: «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» деген әнді Б. Ерзакович Т. Арғынбаевтан жазып аларда Абай сөзіне шығарылған осы әннің авторының Біржан екендігін айтқан» – деген дерек береді [5, 53]. Бірақ өлеңнің жазылған жылы мен әннің шығарылған жылына сәйкес келмейтін тұстары бар. Ақынның 1909 жылдан басталған академиялық жинақтарының бәрінде өлең 1898 жылы жазылған (аударылған) деп көрсетілген болса, Біржан сал одан бір жыл бұрын, 1897 жылы (Дерновада 1887 деп қате берілген. Е. Ш) дүние салған.

Осы тұста Абай мен Біржан кездесуі жайынан сөз қозғасақ. Екі тұлғаның кездесуі тарихта болғаны рас. Ол жайында М. Әуезов шығармаларында: «Абай жастарға өз әнімен қатар, әсіресе, елдің ескі ән-күйлерін көп тапсырған. Өз тұсындағы атақты әншілерден Біржан, Әсет, Мұқа сияқтыларды қонақ етіп, аулында ұзақ-ұзақ уақыт сақтағаны да бар. Мысалы, Біржаннан ән үйрен деп өзінің тоқалы Әйгерімге де тапсырады. Бұл жасында ірі әнші болған әйел екен. Сол Әйгерім жас шағында Біржаннан ән үйренгенін айтып кеп: «Абайдың айтуынша Біржан ақын емес, әнші еді. Ал әншілігінің ерекшелігі дауысы өте зор еді. Қыстауда отырып салған әні Тізесуға

естілетін. Өзіме осыдан ән үйрен деп Абай тапсырды. Біржанды жаз бойы қонақ қып сақтады» дейді» – деп жазады [2, 231]. Бұл оқиғаны А. Жұбанов та «Біржанның творчестволық өмірінде болған үлкен бір оқиға – оның Абай ауылына баруы» дей келіп, бір-бірін бағалауы, Абайдың Біржанға әсер етуі, Біржанның «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығару» жайынан сөз қозғайды [46, 47–48].

Шыңғыстау өңірінің шежіреші ақсақалы, абайтанушы Бекен Исабаевтың «Ұлылар мекені» еңбегінде де екі алыптың кездесуін: «Аралтөбе аяғында Абай қыстауынан бір жарым шақырым қашықтықта «Тізесу» дейтін шұрылдаған су орны бар. «Тізесу» деп суы бетіне шығып жататын болған соң аталған секілді. Бұл жер халқымыздың ұлы сазгері, ұлы әншісі Біржан салды көрген кезде кеудесіне шалғынын төсеген жер. Біржан көктемде, қар кетіп жатқанда келген. – Абай «сасық қамал қыстауда қарсы алмаймын» – деп, салға арнап Тізесуда үй тіккізді. «Бір балама босанып, орауда отыр едім. Даусының несін айтайын, Тізесуда отырып салған Біржанның әні там үйде отырған маған қасымда отырып ән салғандай естілуші еді» – депті Әйгерім» – деп жазады [109, 505].

Жоғарыда айтылғандай, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңінің жазылған жылы 1909 жылғы жинақтан бастап барлығында 1898 жыл болып беріліп келеді. Осыған байланысты екі тұлғаның кездесуінің қай жылы болғанын және сол арқылы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңінің де жазылған жылын анықтаудағы тың пікірлердің бірін абайтанушы ғалым А. Омаров айтады. Ол жоғарыдағы Б. Исабаев еңбегінде айтылған Біржанның Тізесуға келуін Әрхам Ысқақов естелігінен кездестіргенін айта келіп[1], былайша тұжырым жасайды: «...Әйгерім 1886 жылдың жазғытұрымын айтқан. Тексерейік. Әйгерімнен Тұрағұл, Мекәйіл, Ізкәйіл, Кенже туған. Тұңғышы Тұрағұл 1875 жылы Ақшоқы қыстауында дүниеге келген. Екінші ұлы Мекәйіл 1884 жылы Бөріліде, үшінші ұлы Ізкәйіл он жыл кейінде, 1895 жылы Аралтөбеде дүниеге келгені мәлім. Ортаншы ұлы Мекәйілдің туған жеріне зейін қоялық. 1885 жылы Абай кіші ауылын (Әйгерім ауылы) Бөріліден Аралтөбеге көшірген-ді. Неге? Себебі, Бөріліні Мұхаңның атасы Әуез бастатқан Қожа әулетіне босатып береді (бұған дейін Қожа ауылы Шыңғыс тауының Қызылшоқы деген жерін қоныстанған). Міне, Абайдың нәрестелі болған Әйгерімге арнап, сол маңдағы Аралтөбе деген жерден жаңадан там – «қамал қора» соққан себебі осы». – Біржан сол жылдың жазын Абай ауылында өткізеді. – «Осы айтылғандар Біржан 1886 жылдың жазын Абай ауылында өткізген деп тұжыруға мүмкіндік береді» – дейді ғалым [110, 9]. Яғни, ғалымның бұл сөзінен Біржан сал «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне сол келген 1886 жылы ән шығарған дегенді меңзейді.

Сондай-ақ, А. Омаров осы кездесудегі «Абайдың Біржанға әсер еткенінің дәлелі – Біржанның «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» өлеңіне ән шығаруы» десе, «Біржанның Абайға әсері «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» деген ән өнері

[1] Негізі Ә. Ысқақов естелігінде бұл оқиға айтылмайды. Әсілі, А. Омаров мұны Мінәш (Мәрия) Әрхамқызынан немесе Б. Исабаевтан естісе керек. Оның себебін Б. Исабаевтың ұлы Шағжан Исабаев: «Менің әкем КазПедТехникумда оқыды, шешем педучилищеде оқыды. 1952 жылы отбасын құрды. Сол аралықта менің шешем Мінәш Әрхамқызының үйінде тұрып оқыған. Әкем барады, елдің бәрін таниды, әңгімелеседі. Менің ойымша, әкем осы әңгімені Мінәш апамыздан естіген болу керек» – дейді.

туралы тұңғыш өлеңінің дүниеге келуі, ол өлең «ақынның Біржанды ерекше қадір тұтқанының куәсі есепті» дейді.

Бірақ ғалым ақынның бұл өлеңі де («Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа») «1896 жылғы» деп он жылға қате таңбаланып жүр, Абайдың әнге арнаған өлеңі екеу ғана: біреуі – «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», екіншісі – «Құлақтан кіріп бойды алар». Соңғының жазылу тарихын Тұрағұлдан естиік: «Әнді өлең қып суреттегенінің себебі: мен де жасымда ақын шығармын деп аз-маз өлең жазып жүргенімде, әнді өлең қып қарайыншы деп едім, қисынын келтіре алмадым. Содан соң әкеме айттым: әнді өлең етіп суреттеңізші деп, сонан соң айтып еді, оған жалғас күйді суреттеп: «Құлақтан кіріп бойды алар, жақсы ән мен тәтті күй» деген өлеңді жазды». Бұл 1897 жылы болған оқиға. Ән туралы екінші өлең не себептен жазылғанын Тұрағұлдан білдік. Егер «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» өлеңі де осы кездері жазылса, Тұрағұл мұндай кесек туындыны естелігінде атап-ақ өтер еді. Өлең мүлде аталмаған. Неге? Себебі, ол он жыл бұрынғы туынды, ол күнде Тұраш небәрі он жастағы жеткіншек. Абай жинақтарында бұл өлеңнің 1896 жылғы кілең ойшылдық шығармалар арасында «арпа ішінде бір бидай» сияқтанатыны бұл пайымды бекіте түседі – дейді [110, 9].

Сонымен, ғалымның айтуынша, «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» жинақтардағыдай 1898 жылы емес, Біржан келгенге дейін 1885 жылы, ал «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» 1896 жылы емес, Біржан келгеннен кейін соның әсерінен 1884–1886 жылдары жазылған дегенді меңзейді және өзінің Абай өлеңдерінің «Жаңаша үлгідегі жинағына» да солай енгізген [58, 57], [111, 111].

Ал енді әннің әуені, құрылымы жайына келгенде А. Жұбанов: «Біржанның музыкасы, әрине, біз білетін Абайдың вариантына жанаспайды. Мұнда әншінің творчестволық дәстүрі сақталған. Ән бірден үлкен дыбыстық секіру арқылы басталмай, баспалдақтап төменнен жоғары қарай өрлеп шығады. Өте жұмсақ, ойлы, философиялық астары бар шығарма. Ән сөзінің мәнін, сырын Біржан өзінше ашады, өзінше музыка тілімен талқылайды. Мұнда өзінің музыкалық қазынасына Абай ауылына барғаннан қосылған жаңа арна бар екені сезіледі» – дейді [46, 47].

2011 жылы Алматы қаласында өткен «Біржан деп атым шықты алты алашқа» атты концертте композитордың бұрын орындалмаған әндері айтылып, соның ішінде «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» да айтылған болатын. Соның қарсаңында осы мәндес пікіріміздің үзіндісі А. Омаровтың мақаласында берілген екен. Кейіннен бұл пікір өзгергенін ескертеміз. Себебі, біріншіден, әннің негізінде Біржан салдың «Жамбас сипар» әні тұрғаны бірден байқалады (В. Дернова композитордың «Біржан сал» әнімен салыстырады). Екіншіден, Абай сөзімен орындалған көптеген халық әндері жеткенін білеміз. Сол себепті, әннің бұл түрін Абай әндерінің қатарына қосуды жөн деп санамаймыз. Әннің бұл түріне тоқталудың басты себебі – әннің ертеректегі жинақтар мен зерттеу еңбектерде Абай әндері қатарынан қарастырылып, жарияланғандығынан. Соған байланысты анығын айтып, түсінік беру – міндет.

№2.1.

«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» – ақынның музыкалық мұраларының ішіндегі кең таралмаған ән болғанмен, музыкалық тілі бай, драмалық сипаты терең, диапазоны кең ірі шығармалардың бірі деп толық айтуға болады.

Жинаққа мәтіндері жинақ бойынша түзетіліп, нотаға әуен ырғағына қарай бунақ орындары ауыстырылып түсірілді. Инвариант үлгі ретінде М. Мұхаметжанова мен Т. Рахимов нұсқалары алынды.

Есіңде бар ма жас күнің. Абай Құнанбайұлының музыкалық мұрасы бүгінге дейін қатталып, түптеліп, түгенделді дегеннің өзінде көптеген әндері әлі күнге айтылмай, болмаса сирек орындалып келеді. Сондай әндер қатарына «Есіңде бар ма жас күнің» әнін қосуға болады.

Тұрағұлдың естелігінде: «Сұм дүние тонап жатыр ісің бар ма», «Есіңде бар ма жас күнің» деген өлеңдері өзінің қартайып бара жатқандағысын айтқаны» – деп жазады [1, 199]. Өлеңдегі жастығын аңсаған сағынышты күй ерекше музыкалық бояулармен әрленіп, өлеңнің мазмұны мен мәнін тереңдете түскен.

Бұл өлең ақынның 1909 жылғы жинағында жарияланған. Содан бергідегі барлық жинақтарда аздаған текстологиялық түзетулермен жарық көріп келеді. «Есіңде бар ма жас күнің» 5+3; 4+3 бунақты, 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған бес шумақты өлең. Ұйқасы *abab, aaaa, aaba* болып әр тармақта әртүрлі құрылған.

Әнді 1984 жылы Қ. Жүзбасов М. Мұхаметжанованың орындауында нотаға түсіріп, 1986 жылғы АСҚ жинағына жариялаған [6, 70].



Қ. Жүзбасов: «Мәкен орындауындағы ерекшелік – ол әнді толық екі шумақ өлеңмен айтады» [11, 232], – дейді. Соған қарағанда, М. Мұхаметжанова әннің 1, 3-шумақтарын ән кеудесі, 2, 4-шумақтарды қайырма ретінде орындаса керек.

Әннің екі шумағындағы әуендік дыбыс қатарлары бірдей көрінгенмен, өзгешеліктер бар. Қ. Жүзбасов нота жазбасына 1, 3-шумақтарды орналастырған.

1-шумақтың алғашқы әуендік жолы VII сатыдан кварталық секіріс арқылы басталса, 2-шумақтың алғашқы әуендік жолы V сатыдан сексталық секіріс арқылы басталған. Әсілі, 2-шумақтың басталуын негіз етіп алған дұрыс деп ойлаймыз. М. Мұхаметжанова орындауындағы әннің дәл осылай басталуы «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінде де кездеседі. Екі шумақтың алғашқы әуендік жолдарының басталуындағы осы өзгеріс болмаса, қалған әуен бірдей жүреді. Мұнда да гармониялық минор кездеседі. М. Мұхаметжанова гармониялық минор арқылы қайырмалық сипат берген секілді.

Осы әннің әуенімен айтылған Абайдың басқа өлең-әні жөнінде айтпай кетуге болмайды. Ол В. Дернованың «Абайдың музыкалық мұрасы» мақаласынан бастау алған. Онда әнші Т. Арғынбаев «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» деген өлеңімен қарапайым, жеңіл әуен орындайтыны айтылған және сол әннің нотасы ұсынылған [4, 107] (қосымшадан оқи аласыздар).

Осы мақаланың негізінде Ғ. Бисенова өз монографиясында: «...Темірболат Арғынбаев Абайдың «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңімен қарапайым әуен айтқан болар. Бірақ 1960 жылы Алматы консерваторияның фольклорлық кабинетінде дәл осындай мәтіні бар тағы бір ән жазылды. Орындаушы М. Мұхаметжанова оны шынымен Абайға тиесілі дейді. Шынында да, бұл әуезді нұсқа әлдеқайда қызықты және өте маңызды, бұл Абайдың әндеріне өте жақын», – деген ойын айтып, М. Мұхаметжанова орындауындағы «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» әнінің нотасын берген [7, 31–32].

Байқағанымыздай, әннің басқа өлшемде түсірілгені болмаса, «Ғашықтың тілі – тілсіз тілдің» әуені «Есіңде бар ма жас күнің» әнінің әуенімен бір болып тұр. Тек бұл нұсқада дориялық ладтың кездесуіне байланысты скрипка кілтіне алтыншы бемоль қойылмаған. Ал гармониялық минор бояуы әннің ең соңында ғана кездеседі.

Ғ. Бисенова жеткізіп отырған М. Мұхаметжанова айтуындағы ән консерваторияның «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» әні консерваторияның ҒЗФЗ қорынан табылмады. Мұндағы мәселе – бір орындаушының бір әуенді екі мәтінмен айтып, екі түрлі атаумен жеткізуінде. Ғылымда қайсысы бұрын сөз болса, соның алдыға шығатыны заңдылық. Бірақ «Есіңде бар ма жас күнің» әні «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» әнінен кейін жазылса да, әнінің екі шумағындағы екі түрлі әуен байлығы екі-ақ шумақты «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінен көрінбей қалатыны айқын. Ертең орындаушылардың «Есіңде бар ма жас күнің» мәтінімен оны ары қарай дамытып, түрлендіріп айтуы болашақта да жетіліп, кең таралуына мүмкіндік береді. 2009–2010 жылдардан бастап бұл ән Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Халық әні кафедрасының оқу процесінде Абайдың «Есіңде бар ма жас күнің» әні ретінде енгізіліп, сол атпен тұрақты түрде үйретіліп келеді. Аталған тәжірибелік себептерге байланысты туынды осы атаумен ұсынылып отыр.

Сүйсіне алмадым, сүймедім. Абайдың музыкалық мұрасының ішінде еленбей, айтылмай жүргендердің бірі – «Сүйсіне алмадым, сүймедім» әні. Өлең 1899 жылы жазылып, ән де шығарылған. Поэзиялық құрылысы 7-8 буынды үлгіде жазылған төрт тармақтан ғана тұрады, яғни, бір шумақ өлең. Айтылмай жүруі де бір шумақ болуынан болса керек.

№1.1. Әнді Б. Ерзакович 1954 жылы М. Әуезовтің орындауында жазып алып, нотаға түсірген. Ән алғаш рет АМТ жинағына, кейіннен АСҚ жинағына жарияланған. Салыстыру мақсатында ноталық үлгіге транспозиция жасалды.

№1.1.

Әннің 1, 2, 3-әуендік жолдары I сатыдан септималық, октавалық және децималық секірістер арқылы дамып, әуендік жүйе құрайды. Әуеннің құрылымы мен дамуынан өлең мазмұнымен астасып, терең драмалық сипатта кең өріс алғанын байқауға болады.

№1.2. Әннің екінші бір нұсқасы консерватория қорында сақталған М. Мұхаметжанованың орындауында жетіп отыр [15], [16]. Бұл нұсқа бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған. Нотаға алғаш түсірілді.

№1.2.



М. Мұхаметжанова бір шумақты екі рет қайталап орындаған. Әуен алдыңғы нұсқадай емес, V сатыдан кварталық, субкварталық секіріспен басталған. 2-әуендік жолдағы октавалық секіріс ақынның алдыңғы әндерінде кездеспеген. 3-әуендік жолдағы секіріс бірде октавалық, бірде децималық болып естілгендіктен, екі нұсқасы да ұсынылды (жақша ішінде). Алдыңғы нұсқада децималық секіріс бар және 3-әуендік жолда VII сатының жоғарылауы байқалады. Екі нұсқаның негізгі жүйесі бір болғанмен алшақтықтар жоқ емес, интонация жағынан тек 4-әуендік жолда ғана бірігеді.

Абай әндерінде кездесетін VII сатының жоғарылауы (гармониялық минор) көбінесе орындаушылар тарапынан пайда болған секілді. Алдыңғы орындаушыларда Ә. Ысқақов, Ж. Елебеков, М. Әуезов секілді орындаушыларда кездеспейтін гармониялық минор М. Мұхаметжановада жиі байқалады. Мұның екінші себебін Т. Қоңыратбай: «Абайдың «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қалам қас», «Желсіз түнде жарық ай», «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» секілді лирикалық әндері орыстың қалалық романсы емес, халықтық дәстүрде көрінеді. Олардың музыкалық құрылымы мен тілінен гармониялық минорды кездестіру қиын. Ол кейінгі кәсіби композиторлардың Абай әндерін Вена классикалық мектебіне тән гармониялық үндестік жүйесімен өңдеуінен туған өзгерістер болатын» [99, 307–308], – деп түсіндіреді.

Жалпы, екі нұсқаның екеуінде де өзіне тән интонациялық жүйесі бар. Екі әуен де саздылығымен тартымды. Жинаққа екі нұсқасы да берілді.

КҮЙЛЕР

Қазақтың дәстүрлі күйшілік өнерінің бір бұтағы Арқа өңірінде дамыған шертпе күйлер десек, осы шертпе күйдің майталман иелері Кетбұға, Байжігіт, Қызыл мойын Қуандық, Итаяқ, Тәттімбет, Тоқа, Қыздарбек, Әшімтай сияқты бірқатар ұлы күйшілердің есімдері көпке мәлім. Осы күйшілерден қалған ұлы дәстүр Абай заманында да жалғасын тауып, жібін үзбеген өнерпаздар болды. Абай айналасындағы күйшілік өнерге қатысты сөз болғанда бір адамның аты жиі аталады. Ол – Біткенбай Көрте.

Б. Исабаевтың: «Біткенбайдан Абайдың өзі де күй үйренген. Тобықты еліндегі Бозанбайдың Бастақайы, Төлетайдың Нұғманы сияқты күйшілердің барлығы Біткенбайды өзіне ұстаз тұтқан. Бұл өнерпаздардың бәрі де тарихтағы Байжігіт күйші мектебінің ізбасарлары» [22, 275], Т. Ибрагимовтың: «Шыңғыстау өңіріне (екі бетіне де) Біткенбай алдындағы ұлы дәстүр басы – Тәттімбет» [112, 7], – деуі Абай төңірегіндегі күйшілік өнердің белгілі ұлы дәстүрмен тамырлас, сабақтас екенін анық көрсетеді. Шәкәрімнің де домбырадағы алғашқы ұстазы – Біткенбай [22, 781], [113, 36].

Қаланың далаға таңсық өнері мен мәдениетін үйрену де Абай айналасында дәстүр боп қалыптасқан. Жазушы Т. Жұртбай: «Әр баласын қалаға оқуға жіберіп, алдына төрт-бес, тым құрығанда бір өнер үйреніп қайтуды аманат етті. Өнерсіз қайту – Абай алдындағы өлім саналады. Скрипка, мандолин, үш ішекті домбырамен «Балнияз» – Огинскийдің «Полонезі», «Реңді» – Моцарттың «Рондосы», «Түрік шеруі», татардың «Бала Мискені» орындалды. Семейдегі поляк революционерлерінің әндерін үйренді. Орыстың «Айлы түнін» күмбірлетті» [84, 20], – деп жазады.

Бүгінде Қазақстанның Шығыс өлкесіне ғана тән үш ішекті домбыра Абай атымен байланыстырылады. Ол рас та, оны Жидебай, Семейдегі Абайдың қорық-мұражай және Ықылас атындағы Халық аспаптар музейіндегі ақыннан қалған жәдігерлер куәлік етеді. Абай ұстаған, Абай сөйлеткен үш ішекті домбыра кейінгі Ақылбай, Әлмағамбет, Исрайылдарға сабақтасып, Мұсахан Әзілханов, Шәкір Әбенов, Жарқын Шәкәрімұлы, Нұргүл Әкімқожа, Рүстем Нұркеновтерге дейін жалғасты.

Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап ақынның шығарған күйлерінің де болғаны жайлы аңыздар пайда бола бастады. 1977 жылы Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай жерінен музыкатанушы Қ. Жүзбасов алғаш рет Абайдың күйі деген атпен «Желдірме» күйін жазып алып, нотаға түсірсе, 1983 жылы Ғайса Сармурзиннің орындауында «Май түні» мен «Торы жорға» халыққа таныстырылды. Олар У. Бекенов сынды күйші-зерттеушілердің нотаға түсіріп, насихат жасауының арқасында айналымға түсті. У. Бекенов «Май түні» мен «Торы жорға» мақаласында: «Ғайса ақсақал осы екі күйді өзінің орындауында нотаға түсірткендегі қуаныш сезімін былайша жеткізген еді: «Шырағым Уәли, бұл күйлерді кезінде Мұқан Төлебаев пен Мұхтар Әуезов менен естіп тыңдаған. Алайда олар құптағанмен, нотаға түсірудің сәті түспеді. Мұқан марқұм қайтыс болардан 1 жылдай бұрын Бурабайда демалып жатқанында мен оған осы екі күйді домбырада орындап бердім.

– Мынау аса қажетті асыл дүниелер екен. Екеуін де осы домбыра шертісіңмен нотаға түсіріп алайын, – деген болатын сонда. Бірақ науқасы асқына бастаған соң

Алматыға күні бұрын қайтып кетті де, күйлер нотаға түспей қала берді. Өкінішімнің екіншісі – бірде жолсапармен Алматыға барғанымда сәлем бермекке Мұхтар Әуезовтің үйіне соқтым. Ол да осы екі күй жөнінен хабардар екен. Дереу домбырасын ұсынып, «Май түні» мен «Торы жорғаны» шерткізді. Сөйтті де:

– Сен Латиф Хамидиді сонау Семейден білесің ғой. Ол Абайдың көп әндерін Архамға домбырада орындатып, нотаға түсіріпті. Мына күйлердің нотасын сол жазсын, – деді. Бірақ, амал не, Ләкең екеуміз сол жолы кездесе алмадық. Қос Мұқаңның тапсырмасын орындау сәті енді түсіп, парызымды өтегендей сезімдемін» – деген естелік айтады [114, 190].

Алайда Абайдың күйі жайлы М. Әуезовте де, оған дейін Абай туралы естеліктер жазған ұлдары Кәкітай, Тұрағұл, Әрхамда да, шәкірт-замандастары Көкбай мен Төлеуде де Абайдың күй шығарғаны, күйлері болғаны жайлы сөз жоқ.

Т. Жұртбай педагог, этнолог Садық Қасимановтың ертеректе бір халық күйін Абайға теліп орындағанын атап өтеді. Алайда нақты қай күй екені белгісіз. Бұл жайт Абайдың күйлері ресми түрде табылғанға дейін орын алған, себебі С. Қасиманов 1977 жылы, яғни Абайдың алғашқы күйі анықталған жылы қайтыс болған. Осы деректерге сүйене отырып, аталған күй туралы пікірдің ғылыми негізі бар ма әлде ол ауызша тараған болжам ғана ма деген мәселе туындайды.

Осындай нақты деректердің болмауы және бүгінгі Абайдікі делінетін күйлердің музыкалық құрылым, көркемдік деңгейіне қатысты әртүрлі ой-пікірлер де болмай жатқан жоқ. Мәселен, Т. Қоңыратбай: «Арқа жерінде күйден гөрі ән мәдениетінің басымдау дамығаны белгілі. Абай да артына көбіне ән қалдырған. Оның үстіне үш күймен Абайдың күйшілік өнердегі орнын, стилі мен көркемдік тәсілдерін анықтау да өте қиын. Міне, осы жайларды ескере келгенде, Абайдың күй мұрасы туралы сөз қозғау әлі ертерек болып көрінеді» – дейді [99, 309].

Сондай-ақ, соңғы екі-үш жыл көлемінде Абайдың күйі деген атпен тағы да күйлер табылып, мақалалар жарияланып жатыр. Бұрынғы иә бүгінгі табылып жатқан күйлері әлі күнге дейін ақын әндеріндей музыкалық-теориялық тұрғыдан терең зерттелді деп те айта алмаймыз. Дегенмен, бұрын айтылып, жарияланған соң, ескеру – міндет.

Бүгінгі күні «Абайдың күйлері» болып жеткен қарапайым әрі әртүрлі құрылымда келетін бұл күйлер жеке орындаушылар мен ансамбль, оркестрлердің репертуарынан орын алып отыр.

Желдірме. «Желдірме» – «Абай» энциклопедиясында жарияланған мәліметке сәйкес, бұл күйді ғалым Қайролла Жүзбасов 1977 жылы экспедициялық іссапармен Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданына барғанда жазып алған. Күйді жеткізуші – Хамза Демшінов [6, 82]. Күй жайында бұдан өзге ақпарат кездеспейді.

Абайдың күй мұрасына қатысты пікірлерде ақын мұрасына сақ қарау, сырттан келгенді жөнсіз жапсыра бермеу, кәсіби және көркемдік тұрғыда саралау ләзім деген жанашырлық ниет жатқанын байқауға болады.

Т. Қоңыратбайдың «Абайдың музыкалық мұрасы тұсында көрінген тағы бір жаңалық – ақын-композитор күйлерінің табылуы. Абайдың күй мұрасы табылып жатса, оны тек қана құптау керек. Бірақ мұндай істе ақын шығармашылығының негізгі арнасы мен қосалқы, бәлкім өткінші салаларының аражігін анық таныған жөн. Осы тұрғыдан келгенде аталған күйлердің пішімі, құрылымы, музыкалық үн-әуен жағынан Абайдың ән мұрасына жақындығы байқала бермейді. Күйлердің көркемдік деңгейі де аса биік емес. Кей тұстары қос ішекті домбырада сыңар дауысты болып келеді. Күй соңында кездесетін гармониялық минор құрылымы да композитор стиліне қонымсыздау көрінеді. Тағы бір айтарымыз, желдірме – эпикалық дәстүрге тән жанр, терменің кештеу туған бір саласы. Қазақ халқының музыкалық мәдениетіне

әзірге Иса Байзақовтың бес желдірмесі ғана мәлім. Олай болса, Абайдың желдірмесі де кейін туған шығарма болуы мүмкін. Музыка зерттеушісі Қ. Жүзбасов бұл күйді бергі жерде – 1977 жылы жазып алған. Ғайса Сармурзин орындаған екі күйге келер болсақ, олардың таралу тарихы бізге жетпеген. Орындаушы аталған күйлерді кімнен үйренгенін, қазақ жерінің қай аймағында таралғанын жеткізбеген. Халық шығармаларының дәстүр аясында таралатынын ескерер болсақ, бұл күйді қандай дәстүрге жатқызуға болады?» [99, 309], – деуі содан болса керек.

Расында, «Желдірме» күйі аты айтып тұрғандай, екпіні жағынан жүрдек емес, керісінше баяу, сазды әнге жақын екені анық көрінеді. Әсіресе, Мәдидің «Үшқарасы» мен Зілқараның «Жиырма бес» әнінің интонациясы жиі ұшырасады.

Жоғарыда «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» әні түсінігінде қобызшы Ә. Қазақбаевтың «Абайдың өлеңіне» («Жарқ етпес...») қатысты мақаласына тоқталып [67], А. Балғожин қолжазбасының Абайға қатысты бөлігінің бізге табыс етілгені айтылған болатын. Қолжазбада «Жарқ етпес...» әнінен басқа «Желдірме» атты екі күй берілген. Күйлерді жеткізуші – «Абайдың өлеңін» айтып берген Иманқұл Қазыбаев.

«Желдірме» I

«Желдірме» II

Аталған мақалада осы ән-күйлерді жазып алушы А. Балғожин екі күйге қатысты мынандай түсінік береді: «Оба эти пьесы перенял у того же любителя-музыканта в г. Семипалатинске /1921 год/. К сожалению, имя этого человека Иманкул Казыбаев за давностью лет забыл, но из тех отрывочных сведений, которые сохранились у него в памяти – удалось установить, что автор этих пьес уроженец Кокпектинского района. Оба эти пьесы могут исполняться как в отдельности, так и вместе, образуя как бы 2-х частную форму. II-й вариант в отличие от 1-го исполняется в сопровождении голоса, причем в качестве поэтического текста используется стихотворение Абая «Не алмас қыран бүркіт». В принципе, оба варианта «Жельдирме» по интонационному строю мелодики скорее приближается к песне нежели к кюйю и скорее являются переложением для домбры одноименных песенных напевов. Козыбаев Иманкул заявляет, что и 1-й вариант исполнялся голосом, но поэтический текст им полностью забыт» [68].

Ә. Қазақбаев осы деректі негізге алып, «Х. Демшінов жеткізген күй сабырлы, әнге ұқсас әуені бар. Ал, Иманқұлдың орындауындағы «Желдірменің» екеуі де жылдам екпінде орындалады. Бұл жағынан Абайдың күйлерінің ортақ тұстары немесе өзіндік қолтаңбасы ешкімге беймәлім болғандықтан, Иманқұл орындаған күйлерді Абайдың күйі деуге келе қоймас» – десе, келесі бір сөзінде «Торы жорға» күйінің шапшаң жүруі және сарынының сан алуандығы мен мінезінің әр сәтте құлпыра өзгеріп тұратын тұстары Иманқұлдың орындаған «Желдірме» күйімен мінездері мен құрылымы жағынан ұқсастықтарын аңғаруға болады» – деп, «Торы жорға» күйімен белгілі бір дәрежеде ұқсастыққа ие екенін алға тарта отырып, «Иманқұл күйлерді 1921 жылы үйренген. Олай болса, «Желдірме» күйі Абайдың немересі Исрайыл жеткізген

ақынның алғаш жеткен «Май түні» күйінен көп ілгеріде ел арасында таралып кеткен күй болып тұр ғой» – деген қорытынды жасайды. Жорамалдың өзінде ғылыми негіз болу керектігін ескеретін болсақ, онда бұл қорытындының қай негізге сүйенгені белгісіз. Ғылыми жағынан дәлелділігі нақты көрсетілмеген.

Біріншіден, этнограф «которые сохранились у него в памяти – удалось установить, что автор этих пьес уроженец Кокпектинского района» деуі респонденттің автордың көкпектілік екенін көрсетсе, екіншіден, Абай туындыларына ойлы, мұңды, салмақты, сыршылдық тән десек, аталған әуендерде Абайға тән музыкалық стиль мен әуендік нақыштар байқалмайды. Үшіншіден, Абайдың музыкалық мұрасы үш ішекті домбырамен тығыз байланысты екенін ескерсек, бұл аспапта «тез, өте шапшаң, ойнақы» (быстро, очень подвижно, задерно) сипаттағы күйлер кездесе қоймайды. Төртіншіден, интервалдардың, яғни қос ішектегі дыбыстардың дұрыс таңбаланбауы көрініс береді *(e1 – d2)*. Ал мұндай интервалдар Шығыс, Арқа күйлерінде ұшыраспайды. Сондықтан бұл әуендердің авторлығын Абайға телу ғылыми тұрғыдан негізсіз болып табылады.

Сөзді қорытындылай келе, екі желдірме – Шығыс өңірінде халық әуендеріне (әнжыр болсын, күй болсын) Абайдың өлеңдерін қосып орындаудың нәтижесінде туған нұсқалар деген ойға тірейді. Осы тұрғыдан алғанда, 1977 жылы жазылып алынған «Желдірме» күйінің де түп-төркіні анықтала түседі: Абайға тән айрықша стиль мен көркемдік көрініс таппаған. Бұл да Абай сөзімен айтылған халықтық әуен-саз үлгісі деуге негіз бар. Яғни, ол «Желдірмені» де тікелей Абайдың төл туындысы ретінде қабылдауға ғылыми негіз әлсіз екені көрінеді. Оның үстіне «Май түні» мен «Торы жорғаға» қарағанда орындалуы да сирек, жоқтың қасы. Осы себепке байланысты 1977 жылы Х. Демшіновтен жазылған «Желдірме» күйі бұл басылымда Абай мұрасы қатарынан алынып тасталды.

Май түні. Күйдің шығу себебі жайында нақтылы дерек жоқ. Күй сарыны, жыл мезгілінің жаз айындағы жайма-шуақтықты, күннің мамыражайлығын айшықты бейнелейді. Абай әндерінің әуезді, лирикалық интонациялары күймен бірге ұштаса қабысып жатады. Күйді Ғайса Сармурзин Абайдың немересі Исрайылдан, ал Исрайыл ақынның өзінен тікелей үйреніпті. У. Бекенов: «Май түні» күйі негізінен лирикалық әуен-сарынды, өзінің атына лайық табиғат сұлулығын бейнелейтін, соль минор тонында орындалатын, екі бөлімді шертпе күй. Мұндағы бес тактіден келетін қысқа қайырымды қайталау иірімдері Абай әуендерін еске түсіреді» [114, 190], – дейді.

Музыкатанушы А. Қазтуғанова: «Май түні» табиғат сұлулығын бейнелеп, терең сезіммен орындалады. Күйдегі табиғи минор мен гармониялық минордың астасып келуі Абай әндеріне тән ерекшелік. Атап айтатын болсақ, «Есіңде бар ма жас күнің», «Татьяна сөзінің» 4-нұсқасында және т.б. әндерінде мұндай ерекшеліктер байқалады. Күй әуенінің даму желісі де оның әндерімен сабақтастықты аңғартады. Мәселен, күйдің кіріспе бөлімінде асықпай, біртіндеп дамитын әуеннің кенеттен жоғары қарай секірме жасауы, Абайдың «Бойы бұлғаң» әнінде кездесетін тәсіл іспеттес. Ал күйдегі тізбектеліп, сатылай өрбитін иірімдер оның «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қарашада өмір тұр» әндерімен ұштасады» [115], – деп, күйдің

27–9114

музыкалық болмысын сипаттап, Абайдың вокалдық шығармашылығындағы ладтық ұқсастықтар мен стильдік белгілердің сәйкестігін көрсетеді.

«Май түні» күйінің нотаға түсуі екі-үш кезеңді қамтиды. Алғаш рет бұл күй 1982–1983 жылдары телеарнадан көрсетілген «Абайдың музыкалық мұрасы» атты арнайы хабарда жұртшылыққа таныстырылды. Хабарды белгілі күйші, зерттеуші Уәли Бекенов жүргізіп, бағдарламаға күйді орындаушы Ғайса Сармұрзин мен Абайдың немересі Мәкен Мұхаметжанова қатысты [107]. Күй осы хабар арқылы алғаш рет ресми түрде таныстырылып, көпшілік назарына ұсынылды.

Кейінірек У. Бекеновтің орындау үлгісі негізінде күй нотаға түсіріліп, түрлі жинақтарда жарияланды [6], [115]. Алайда аталған телехабар уақыт өте келе эфирден алынғандықтан, көпшілік назарына қайта ұсынылмай қалды. Соған қарамастан, У. Бекенов нотаға түсірген үлгі күйді орындаушылар арасында кең таралып, негізгі орындау нұсқасына айналды. Бұл нұсқа «Шығыстың шыңырау күйлері» жинағына да сол қалпында басылды [117, 31–35].

Бірақ осы нұсқаның нотаға анық түсірілмегені семейлік домбырашы-ұстаз Серік Малаев тарапынан айтылып жүрді. Оның айтуынша, ол бұл күйді телехабардан дыбыстық жазба арқылы көшіріп алып, Ғ. Сармурзиннің орындауына сүйеніп, өз бетінше нотаға түсірген. Алайда аудиожазбаның сақталмауы себепті ол кезде бұл нұсқаны ғылыми айналымға енгізу мүмкін болмаған. Осыған байланысты С. Малаевтың нота-нұсқасы ұзақ уақыт бойы жарияланбай қалды. Ал бұл уақытта У. Бекеновтің таралған нұсқасы негізгі үлгі ретінде орнығып үлгерген еді.

Арада отыз жылдан астам уақыт өткен соң, С. Малаев өзінің бұрынғы жазбасын негізге алып, «Май түні» күйінің ноталық үлгісін «Шыңғыстау өңірінің шертпелері» атты жеке жинағына енгізіп жариялайды [112]. Ал соңғы жылдары, нақтырақ айтқанда, 2024 жылы, әлеуметтік желі платформаларында Қазақстан телеарнасының «Алтын қор» мұрағатынан аталған хабардың бейнежазбасы табылып, көпшілікке қайта қолжетімді болды. Бұл жайт С. Малаевқа өзінің ноталық нұсқасын салыстырып, нақтылауға мүмкіндік беріп, күйдің көптеген әуендік, қағыстық, аппликатуралық ерекшеліктерін бейнежазба арқылы қарай отырып, күйді қайта нотаға түсіріп шықты.

Екі нұсқаның көркемдік жағынан айтарлықтай айырмашылықтары бар. Ол күй бойындағы өрнек, бедерлерден анық байқалады. Ал У. Бекенов нұсқасының өзгеше болуын білетіндер күйді басқа адамға түсірткенімен түсіндіреді. Тағы бір назар аударарлық жайт – 1995 жылы У. Бекеновтің 60 жылдығына арналған кеште «Май түні» мен «Торы жорға» күйлері К. Байсейітова атындағы оқушылар оркестрінің орындауында ұсынылуы [118]. Жалпы кез келген күйдің оркестрге бейімделуі оның түпнұсқалық сипатына өзгеріс енгізетіні белгілі. Бұл шығармаларда да бастапқы әуендік бояуы, екпін-ырғағы өзгеріске ұшырап, мазмұндық тұрғыдан жаңаша сипат алған. Осыған қарағанда, аталған күйлердің бүгінге жеткен алғашқы ноталық нұсқалары оркестр маманының нотаға түсіруімен хатталған сияқты.

Сонымен, 2020 жылы жарық көрген Абай шығармаларының академиялық толық жинағына «Май түні» күйінің тек У. Бекенов нотаға түсірген нұсқасы ғана енгізілді. Ал 2022 жылы жарық көрген «Көзімнің қарасы» жинағында бұл шығарма екі

нұсқада берілді. Атап айтқанда, Ғ. Сармұрзиннің телехабардағы орындауына сүйене отырып, С. Малаев нотаға түсірген үлгі көркемдік сапасы мен түпнұсқалық негізге жақындығы ескеріліп, I нұсқа ретінде жарияланса, У. Бекенов ұсынған үлгі II нұсқа ретінде берілген болатын [65, 38].

Осы жинақты әзірлеу барысында бірнеше факторлар ескеріліп, қайта қарастырылды. Ең алдымен, әлеуметтік желіде жарияланған телеарна қорындағы («Алтын қор» сайты) Ғ. Сармурзиннің орындау жазбасы негізгі дереккөз ретінде алынса, екінші, осы аудиоматериалдың С. Малаев соңғы нотаға түсірген үлгісімен толық сәйкес келуі, сонымен қатар, Абайға тиесілі делінетін күй мұрасын тарихи-музыкалық тұрғыда біріздендіру, яғни алғашқы орындаушылық түпнұсқаға барынша жақын келетін үлгі негізге алынып, С. Малаев түсірген ноталық үлгі негізгі үлгі ретінде енгізілді. Бұл «Торы жорға» күйіне де қатысты сөз.

Торы жорға. Күйді жеткізуші – Ғайса Сармурзин. Күй алғаш АСҚ жинағына жарияланған. Бірақ жинақта: «Ғайсаның Абай ауылында тұратын Оспан деген жылқышы күйеу баласы ақын ел-жұртты аралағанда атқосшы болып бірге жүреді екен. Оспан домбыраны жақсы тартқан және Абайдың әндері мен күйлерін ақынның өз орындауында тыңдай жүріп, оның «Торы жорға» күйін көкейінде тұтып қалса керек. Ал күйдің шығуына мына бір оқиға себеп болады. Абай таланты бас идірген Дәке деген дәулетті бір адам ақынды құрметтеп, ат сыйлайды. Жорғаның көз тартар сұлулығы мен әсем жүрісіне сүйсінген Абай бірден-ақ оған «Торы жорға» деп ат қояды. Осы шағын эпизод М. Әуезовтің «Абай жолы» романында суреттелген. 1924 жылы Оспан үйінде қонақта отырғанда үйреніп алған. Бұл күйді Ғайсағаң (Сармурзин) содан бері жадында сақтап келіп, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр» [6, 72–82] деген күй тарихы да, ондағы оқиғалардың болған жылдары да салыстырылмаған күйде, қисынсыздау деректермен берілген. Және бұл күй тарихы кейінгі жинақтарға да осылай енген.

Біріншіден, Абай күйін жеткізген Оспанның Ғайсаға ешқандай туыстық (Ғайсаның Оспан деген күйеу баласы) қатысы бар деп айтылмайды. Екіншіден, Абай мен Ғайсаның заманының арасында салыстыруға келмейтін айырмашылық жатыр. Ғ. Сармурзин Абай дүниеден өткен 1904 жылы туған. Егер Оспан Ғайсаның күйеу баласы болған жағдайда, Ғайсадан кемінде 25-30 жыл кейін туу керек. Сондықтан мұны АСҚ жинағында кеткен қателіктердің бірі деп түсінеміз.

Ал күйдің дүниеге келу тарихы мен табиғаты, музыкалық ерекшелігін Уәли Бекенов «Абай» журналына жарияланған мақаласында былай деп жазады: «Торы жорға» күйін Ғайса Сармурзин өте ертеректе Оспан деген кісіден үйренген. Ол да домбырашы екен. Абайдың жылқысын бағып, атқосшысы болған. Ел арасындағы сауық кештерде мынау Абай ағамыздың «Торы жорға» атты күйі еді деп, домбырасын құйқылжытып тартып, тыңдаушысын бауырағаң. Бұл күйдің шығу тарихы былай айтылады.

Абайдың сүйікті ұлы Әбдірахман әскери артиллерия академиясына оқуға түскен жылы қатты сырқаттанып, бұрынғы Верный қаласындағы ауруханада жатқан кезінде оны күтуге Абай кіші баласы Мағауияны жіберді. Мағауия бірде ұлы жүздің Дат деген адамына кездеседі. Абайдың баласының осында екенінен күні бұрын хабардар

Дат оған бірден үйіріліп, құрмет көрсетеді де, кетерінде астындағы торы жорғасын сыйға тартып, үлкен өтініш жасайды.

– Еліңе ала бар. Абай ағамызға жасаған сыйым болсын. Ұлы жүздің бір жігіті сәлемдемеге жіберген бір тайы еді деп ала кеткін.

Сөйтіп қоярда-қоймай жүріп торы жорғаны Мағауия арқылы Абайға жолдайды. Бұл жөнінде «Абай жолы» романында айтылған. «Торы жорға» күйі атына сай, тұлпар түлігіне арналған тартымды туынды. Абайдың:

Тығылмай әм сүрінбей, жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса – жүйрік, мінсе – берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.
Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей... –

деп жырлағанындай, «Торы жорға» күйі әуендік ырғақ иірімдерінің әсем саздылығымен, музыкалық суреткерлігімен, бейнелеу толқындарының нақтылығымен ерекшеленеді. Ол соль мажор тонында орындалатын, әсем өрнекті, жүрдек, ойнақы шертпе күй. Шығарма ырғағында тайпалған ат жүрісі, әсем жорғаның екпін бейнесі шебер суреттелген» [114, 189–190].

«Торы жорғаның» да хатқа түсу тағдыры «Май түні» күйіне ұқсас. Оның да ноталық үлгісінің алғашқы У. Бекенов нұсқасы және кейінгі С. Малаев нұсқасы бар. Бұл күйдің де 2020 жылғы жинаққа У. Бекенов нұсқасы жарияланса, «Көзімнің қарасы» жинағына С. Малаев үлгісі I нұсқа, У. Бекенов үлгісі II нұсқа болып берілді. Ал бұл жинаққа жоғарыда аталған негіздерге сүйеніп, С. Малаев үлгісі ғана берілді.

Майдақоңыр. Күйді жеткізген – Жүнісбай Стамбаев (1891–1973). Ол – бұрынғы Семей облысы Шұбартау ауданы Айғыз ауылында дүниеген келген. Ж. Стамбаев Байжігіт, Қызылмойын Қуандық, Тәттімбет, Кенжебайлар қалыптастырған шертпе күй дәстүрінің өкілі болып табылады. Жүнісбай солардан бері қарай күй дәстүрін ұстанған Бодау мен Қызайларға шәкірт болған күйші. Ол өзінің жиен немересі Таласбек Әсемқұловты жастайынан тәрбиелеп, сол арқылы Байжігіттің және одан да басқа көптеген халық күйлерін бүгінге қалдырған тұлға.

1967 жылы күйші тұрған Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданындағы Калинин совхозына (Айғыз) Алматыдан арнайы келген фольклорлық экспедиция өкілдері «Майдақоңыр» күйін жазып алған. Аудиожазба Құрманғазы атындағы консерваторияның фольклорлық зертхана мұрағатында сақталған [15], [16]. Жазылып алынған жылы алдыңғы күйлерден бұрын болғанымен, жарияланған жылы кейін болғандықтан күйлердің соңы болып беріліп отыр.

Абайдың бұл күйі жайында нақты дерек бар деп айта алмаймыз. Біздің пайымдауымызша, Аягөз, Шұбартау өңірі – Шыңғыстауға іргелес жатқан, кезінде Абай ауылының Бақанас, Байқошқарды (сырт Шыңғыстау) бірде жайлау, бірде күзеу етіп көшіп қонған, ауылы аралас, қойы қоралас жатқан ел. Күй Жүнісбай күйшіге ел ішінен, құлағына сіңген болуы мүмкін. Күйді тауып, хатқа түсіріп, «Шығыстың

шыңырау күйлері» жинағына алғаш жариялаған – күйші, зерттеуші М. Әбуғазы [117, 168–169].

Абайдың ақтолқыны. Абай мұрасына қатысты тың деректердің табылуы бұл ғасырда да жалғасын тауып отыр. Ел арасындағы көнекөз ақсақалдар мен өнер өлкесінде өрісін кеңейткен ардагер өнерпаздардан әртүрлі деректердің жетуі – соның айғағы. Абайға қатысты бұл жолғы сөз «Ақтолқын» күйі жайлы болмақ.

2020 жылы Абайдың академиялық толық жинағын әзірлеу жұмыстары барысында «Егемен Қазақстан» газетінде күйші-зерттеуші, өнертану ғылымдарының PhD докторы Ардаби Мәулетұлының «Абайдың «Ақтолқын» күйі» атты мақаласы жарияланды [119]. Мақалада автор бұл күйдің Абайға тиесілі деген ойын негіздеп, оның тарихи-орындаушылық деректерін алға тартты. Осы жарияланымнан кейін зерттеуші жинақ құрастырушылармен байланыс орнатып, күйдің бүгінге қалай жеткені жөнінде қосымша мәліметтер ұсынды.

Алайда аталған күй сол кезеңде ғылыми ортаға кеңінен танымал емес, көпшілікке беймәлім нұсқа ретінде қарастырылды. Осы себепті оны жинаққа енгізу барысында асығыстыққа жол берілмеді. Бұл шешім, ең алдымен, шығарманың авторлығына қатысты мәселенің арнайы мамандар тарапынан жан-жақты зерттеліп, сарапталуын күтуді көздеді. Яғни, тыңнан Абай шығармасы ретінде ұсынылған кез келген туындыға абайлап қарап, оның мәтіндік және музыкалық негіздерінің ғылыми сараптамадан өтуі басты қағида ретінде басшылыққа алынды.

Содан бергі уақытта Абайдың «Ақтолқын» күйі өнерпаздар мен өнертанушыларға, өнерді түсініп бағалайтын, оның ішінде күйге зейінді жұртқа біршама белгілі болды. Бірақ осы уақыт ішінде музыкатанушылар тарапынан күй жайлы, оның Абай музыкасымен байланысын ғылыми-теориялық тұрғыда салыстырып, таратып айтып, талдау жасап, бағалаған пікір көрінбеді. Тек, күйші Қ. Жұмағалиев «Абай Құнанбаевтың ән-күйлерінің ерекшеліктері» дейтін мақаласында терең талдамаса да, ақынның алдыңғы күйлері ішінде «Майдақоңырға» жақындығын ғана атап өтеді [113, 48–55].

Жинақты қайта қарастырған тұста, бұл күйді бесінші күй қылып қоспасақ та, ел ішінен жеткен мұндай мұраның бар екенінен хабардар етіп, әлі де жұрт талқысына ұсына отырып, «Түсініктер» бөлімінде бергенді жөн санадық.

Күй Қытай жерінен табылған. А. Мәулетұлы өз мақаласында: «М. Әбуғазымен бірлесіп «Әшім және Іле аймағының күйлері» атты Іле бойындағы күйшілердің күйлерін негіз еткен бір кітап құрастырдық. Осы кітапқа қатысты материалдар жинау мақсатында 2008 жылдың жаз кезінде ҚХР-ның Іле қазақ автономиялы облысына күй жинау жұмыстарымен бардым. Іленің Күнес ауданы Зекті қалашығында тұратын Имаш Асқарбекұлы (ол кезде 88 жаста еді) және Камал Мақайұлымен болған бір сұхбатта Іле бойындағы ертедегі күйшілердің орындауында «Абылай ханның сыбызғысы», «Абайдың ақтолқыны», «Қызылмойын Қуандықтың күйі», «Қарайт батырдың күйі» сияқты ескі күйлердің соңғы кездерде ұмыт бола бастағанын өкінішпен айтты. Әшімнің «Ақ ерке» деген күйін «Абайдың ақтолқыны» деп жаңсақ айтып отыр ма деген оймен, әңгімеге араласып анықтап сұрағанымда, Имаш ақсақал маған «Ақ ерке» күйінің басқа күй екенін, ал «Абайдың ақтолқыны» атты күйдің

бұрыннан бері тартылып келе жатқан көне күй екенін айтты» – дейді [119]. Бірақ «Ақерке» күйінің Абайдың «Ақтолқынына» қаншалықты қатысы бар, ол ашылып жазылмаған. (Бұл сұхбат You Tube әлеуметтік желісіндегі «Ardabi Күй Құдірет Kazakh musik» парақшасында сақтаулы) [120].

А. Мәулетұлы екінші рет 2010 жылы Қытайдағы қазақтар арасында сақталған музыкалық мұраларды жинау экспедициясы кезінде, Іле қазақ автономиялы облысы Қорғас ауданы Сарыбұлақ ауылының Шұбарағаш деген жерінде тұратын 73 жасқа келген Мәлік Әлиақынұлы есімді күйші ақсақалды кездестіріп, одан оннан аса күй жазып алған. Мәлік ақсақал әңгіме барысында Сарыбұлақта ел басқарған Тергеусіз Бәлекейұлы деген күйші болғанын және одан қалған күйлердің Тергеусіздің Ыбырай, Дәуіт деген балалары арқылы өзіне жеткенін айтады. Сонымен бірге, Мәлік күйшінің айтуынша, Тергеусіздің Қуанышбай деген кенже баласы да керемет күйші және ол атақты Әшім күйшімен рухани жақын болған. 1980 жылы Қуанышбай Тергеусізұлы магнитофон таспасына өз қолымен бірнеше күй жазғанын, ол күйлердің Тергеусіздің немересі Сатыбалды Ыбырайұлының қолында сақталғанынан да хабар етеді. Осыдан кейін Ардаби Мәулетұлы Сатыбалды Ыбырайұлын іздеп тауып, сол үнтаспаны өзіне көшіріп алғанын жазады. Сол күйлердің арасында «Абайдың ақтолқыны» да болған. Ардабидің елге әкеп, жұртқа таныстырып жүргені – осы күй. Күй оң бұрауда ойналған. Ардаби Мәулетұлы «Абайдың Ақтолқыны» күйінің әуенін, құрылымын ақынның алдыңғы табылған күйлерімен салыстырады. Әсіресе, күйдің табиғаты мен мазмұны Жүнісбай Стамбаев жеткізген «Майдақоңыр» күйіне жақындығын айтады. Төменде Абайдың «Ақтолқыны».

Абай Құнанбайұлы
Орындаған Қуанышбай Тергеусізұлы
Нотаға түсірген Жанғали Жүзбай

mf
f
mf

Ал жоғарыда айтылған «Абайдың Ақтолқыны» мен «Ақеркенің» бір-біріне қаншалықты қатысы бар? Жоғарыда сілтемесі берілген әлеуметтік желідегі Әшімнің шәкірті Имаш Асқарбекұлымен болған сұхбатты сөзбе-сөз толық бергіміз келіп отыр.

– Ақсақал, «Ақтолқын» дегеніңіз «Ақерке» емес пе?» деген Ардабидің сұрағына Имаш Асқарбекұлы:

– Жоқ, «Ақерке» басқа, «Абайдың ақтолқыны» деп шертеді. Қазақстаннан мамандар келді (1950 жылдар). Сонда Әшімнің домбырасын шерткізген уақта «Бір жоғымыз табылды» деп айтты, – деп жауап береді. Осы жерде бірге отырған Имаш күйшінің бұл сөзіне Әшімнің екінші шәкірті Камал Мақайұлы қарсылық білдіріп, ештеңе демейді [120]. Бірақ бір көңіл аударар нәрсе, Қазақстаннан келген мамандар «Абайдың ақтолқынын» Әшімнің өзінен тыңдаған. Ол Әшімнің Іле қазақ автономиялы ауданы Құлжа қаласында құрылған «Қазақ-қырғыз мәдени ұйымында» жұмыс істеп жүрген кезі. Ал Қазақстаннан келген маман кім болды? Ол – әзірге белгісіз.

Ал А. Мәулетұлы «Ақтолқын» дегеніңіз «Ақерке» емес пе?» деп неге сұрағанын және Имаш Асқарбекұлының «Ақеркені» «басқа күй» деуі мен Камал Мақайұлының оған қарсылық білдіріп, ештеңе демеуінің сырына үңілгенімізде, Имаш Асқарбекұлының «Ақеркені» «басқа күй» деп отырғаны – «Ақерке» біріншіден теріс бұраудағы күй болса, екіншіден, ол бүгінгі күнде Әшімнің күйі болып орындалады екен. Ол М. Әбуғазы мен А. Мәулетұлы құрастырған «Әшім және Іле аймағының күйлері» жинағына солай енген [121, 74]. Ал Ардаби жеткізіп отырған «Абайдың ақтолқыны» жоғарыда берілгендей, оң бұрауда шертіледі.

Ал Камал Мақайұлының қарсылық білдіріп, ештеңе демеуі – ол «Ақерке» күйін ертеректе бір жерлерде «Ақерке» деп, енді бір жерлерде «Абайдың ақтолқыны» деп ойнаған. Құлжа қаласының жергілікті радиосынан берілген хабарда: «Ақерке»

деген күй тарихтан бері қарай осылай аталып келе жатқан күй болатын. 1953 жылы Қазақстаннан мамандар келген кезде Бестөбеде Әшімге домбыра шерткізген екен. Сол кезде «Абайдың ақтолқыны» деп шертіпті. Сонда бұл күйдің аты екі түрлі айтылады» – деп тартқан екен бізге жіберілген аудиожазбада. Одан бөлек, Камал Мақайұлы Шыңжаңда шығатын белгілі ғылыми журналға да күй тарихын жазып, «Ақеркенің» нотасын жариялаған (Камал Мақайұлы нота танымаған адам. Күйді нотаға сауаты бар адамдарға түсірткен). Онда да күй нотаға теріс бұрауда түсірілген. Ол жайында төменде тоқталамыз. Ардабидің «Ақтолқынды» «Ақерке» емес пе?» деуі содан.

Камал Мақайұлы Ардаби Мәулетұлының ұстазы болғандықтан, осының мәнжайын сұрағанымызда, «Бұл туралы ұстазымнан сұрағанымда, «мен жаңылысыппын» деп жауап берді» деді. Ақырында бір күй екі атаумен («Ақерке», «Ақтолқын») тарап кеткен. Төменде Әшімнің «Ақерке» күйі.



2021 жылы «Жетісу» телеарнасының «Қазақ үні» хабарында шертерші Айбол Құдайбергенов «Ақтолқын» күйін орындап, тарихы мен нотасы Қытайда шығатын белгілі журналға Камал Мақайұлының атынан жарияланғанын, оны Қытайдан келген журналист Қажет Андасұлынан алғанын және сол бойынша үйренгенін әңгімелейді. Сонымен қатар, Айбол Құдайберген Қажет Андастың жариялаған мақаласы бойынша күйдің шығу тарихын айтып, сол сайыста Абай мен Шәкәрім төрешілік еткенін де жеткізеді. Алайда ол орындаған күйдің аты да «Ақтолқын» болғанымен, күй теріс бұрауда орындалған Әшімнің «Ақеркесі» болып шықты [122]. Оны Ардаби Мәулетұлы да растап, Әшімнің «Ақерке» күйі екенін және өзі тартқанынан әлдеқайда қысқа әрі аздаған өзгешелігі бар екенін айтты.

Айбол Құдайбергенге дерек берген Қажет Андасқа хабарласып, ол жариялаған мақаламен танысып шыққанымызда, мақала авторы Қажет Андастың әкесі қаламгер, зерттеуші Андас Омарақын екені белгілі болды. Мақаланы түрлі басылымдарда жарық көрген еңбектер мен қолжазба негізінде реттеп ұсынған – қаламгердің ұлы, журналист Қажет Андас екен. Сол Андас Омарақынның «Қызайдан шыққан бітімгерлер» мақаласында: «Әшімнің шәкірті Камал Мақайұлы ұстазынан үйренгені бойынша бұл күйді 1995 жылы Абайдың 150 жылдығына орай нотаға түсіріп, ел назарына ұсынады. Нота домбыраның оң бұрауына (суретте нота теріс бұрауда түскен. Е. Ш) ыңғайластырып жазылған» – деп жазып және Камал Мақайұлы мақаласындағы күйдің факсимилесін ұсынады [123].

Сондықтан алдымен Қажет Андас арқылы қолымызға тиген 1995 жылы «Шыңжаң қоғамдық ғылымы» журналының №3 санында жарияланған Камал Мақайұлының «Абайдың күйі «Ақтолқын» мақаласына назар салғанды жөн көрдік. Онда:

«Іленің Күнес ауданында 1836–1920 жылдар мөлшерінде Қоңқай молда (Қоңқай домбырашы) деген адам өткен. Қоңқай сол кездегі қазақ ішінде жоғары мағлұматты молда, атақты домбырашы болған. Қоңқайдың төл шәкірті Әшім ол кісі туралы мынадай әңгіме шерткен еді: «Іледе өткен Байеке, Сасан, билермен бірге Қоңқай молда да 1890 жылдар маңайында қазақтың Көктұма сиезіне өнерпаз қатарында қатынасыпты. Қазақ елі ол заманда ру, тайпа арасындағы ойламаған жерден кезіккен дау, шараларды иісі қазақ болып бас қосып, ақылдасып, бітім жасап шешкен. Көңілдегі кірбеңдіктерді арылтып, көк қасқа тай, ақсарбас қой айтып сойып, ынтымақ, береке-бірлік тілегіне келіп тарқасатын болған. Береке-бірліктің ұйтқысы болған осындай басқосуларда ақындар өлең айтып, әншілер асқақтата ән шырқап, домбырашылар күмбірлете күй шерткен. Ат шаптырып және басқа да ұлттық ойындар ойнап, думанды той жасап, елдікке келіп тарқасқан екен. Мұны «Ердің тірлігі – елдің бірлігі» деп атапты.

Қоңқай осы Көктұма сиезіндегі жиында домбырамен күй сайысқа түсіп, өнер көрсетіп, жүлде алыпты. Бір күні Қоңқайдың оң қолының бас бармағының үстіне жара шығып, басбармағы бірінші буыннан үзіліп түсіп қалады. Қоңқай өз кезегі келгенде төрт саусағымен домбыраның ішегін қағып, тамылжытып күй шертіп, естушілерін таңғалдырып, раздығын (разылығын. Е. Ш) алған екен. Қоңқайдың осы жолғы сапарында өзі теңдес мықты өнерпаздармен достасып, олармен бірге Семей жақты аралап, қайтқандығы мәлім. Мынау – сол сапардан шертіп келген Абайдың күйі «Ақтолқын» екен. Мен ұстазым Қоңқай молдадан үйренген едім... 1953 жылы жазда, Шыңжаңның әдебиет-көркемөнер жұмыстарына көмектесуге келген қазақстандық Жардам Тілекин қатарлыларды Бұқара Тышқанбаев Күнеске бастап барып, әнші, домбырашыларды жиып ән айтқызып, домбыра шерткізгенде мен де күй шертіп берген едім. Ал Әшім бірқанша күйді шерткен соң, Абайдың «Ақтолқыны» деп осы күйді шертіп болғанда, аңсары ауып құлай тыңдаған Жардам Тілекин орнынан қарғып тұрып, «Аға, сізге рахмет! Бір жоғымызды тауып бердіңіз» – деген еді. Сол түн Бестөбе қалашығындағы Жайырбектің (Қажет Андастың айтуынша, Жайырбек – сол тұстағы аудан әкімі. Е. Ш) үйінде думанды, көңілді сауық кеш болған еді.

Данышпан Абайдың «Ақтолқын» күйін мен де қолыммен шертіп, нотаға жаздырып, қайта қағаз бетіне түсіріп, Абайдың 150 жылдық тойына арнап отырмын» – деп жазады [124, 106–108]. Алайда, мақаладағы күй теріс бұрауда (квинта) түскен. Яғни, бұл – жоғарыда Айбол Құдайберген тартқан, Имаш Асқарбекұлы айтқан теріс бұраудағы Әшімнің «Ақерке» күйі.

Ал Андас Омарақынның жоғарыдағы мақаласының күйге қатысты мазмұны да осы мәндес болғанмен, «съезге Байеке домбырашы Қоңқайды, Қарайт пен Сарайт батырларды, Сасан мен Бұқашты, мәмбет Тәнеке мен Базарды ертіп апарады. Орыс жағынан бірнеше орыс мансаптысы мен бірнеше тілге жетік Саршуаш би де келеді» – деп съезге келген Байеке, Сасан билерден басқа да ел жақсыларының аты нақты аталуы, сондай-ақ, осы сайыста «Абай, Шәкәрім бастаған қасқа-жайсаңдардың төрелік етуі», «Абай бір рет шертіп көрсеткен күйін Қоңқайдың дәл қайталап тартуы», «нәтижесінде бас бәйгені ұтып алуы» секілді деректер берілген. Бұл мақаладағы ең көңіл аударатын нәрсе – «Әшім шерткен күйдің аудио нұсқасы Қытайдың орталық радиосының архивінде сақтаулы деген дерек бар» делінуі [123]. Жоғарыда айтқанымыздай, А. Омарақын мақаласында да Камал Мақай түсірткен нотаның факсимиле үлгісі берілген (төменде). Яғни, күйдің аты «Ақтолқын» болғанмен, заты бөлек, бүгінде Әшімдікі болып тартылып жүрген «Ақерке» күйі.





Күй туралы деректер ертеректегі Қазақстанда шыққан кейбір еңбектерде жазылған. Күйші, зерттеуші Мұрат Әбуғазы «Қоңқайдың қоңыр күйінің құдіреті» мақаласында: «Іле өңірінде Қоңқайдың жеткізуі бойынша сақталған «Қызылмойын Қуандықтың күйі», «Қуандықтың жоқтауы», «Абайдың ақтолқыны» сынды туындылар айрықша назар аудартады» – деп жазады [125, 46][1]. Соған қарағанда, «Ақтолқын» жайлы деректер Қазақстанға 1990 жылдардың ортасынан бері жете бастаған секілді.

Ендігі сөз, әдебиет-көркемөнер жұмыстарына көмектесуге келген қазақстандық Жардам Тілекин жайында болмақ. Жардам Тілекин кім? Камал Мақайұлының мақаласында бұл адамның аты мен тегі сәл өзгеріп, орыс халқының тегіне жалғанатын «-ин» жалғауы арқылы берілген. Ол – бүгінде ұмыт бола бастаған, қазаққа белгілі ақын, жазушы Жәрдем Тілеков еді.

Жәрдем Тілеков – 1911 жылы бұрынғы Орал облысы Жымпиты ауданының Аралтөбе ауылында дүниеге келген. 1936–1937 жылдары Орал облыстық «Екпінді құрылыс» газетінде бөлім меңгерушісі, 1937–1957 Жазушылар одағының Орал, Атырау, Семей облыстарындағы өкілі болып қызмет істеген. «Жазушы» баспасында, «Жұлдыз» журналында қызмет атқарған. Ол қазақ өлеңінде де, қара сөзінде де өзінің қолтаңбасын қалдырған қаламгер. Екінші дүниежүзілік соғысқа қатынасып, майдан даласында да тілшілік қызмет атқарған. 1940 жылы «Каспий толқыны» поэмасы жарық көрсе, кейіннен «Сырым батыр» поэмасы дүниеге келген. «Ақсұр ат» тұңғыш өлеңдер жинағы 1948 жылы жарыққа шыққан. Сондай-ақ, «Жаңа жүк», «Қайнар», «Хинган асуынан асқанда», «Сақа солдат», «Жорық жылында» секілді әңгімелер мен повестердің, «Темір Масин» очерктер жинағының, «Жоңғар даласында», «От кешу» романдарының авторы. Шығармалары шет ел тілдеріне аударылған.

[1] Мақала 2017 жылы oner.kz сайтында жарияланған. Кейіннен «Көне күйлерді жүйелеу және іріктеу жұмыстарының өзекті мәселелері: ғылыми-тәжірибелік дөңгелек үстел материалдары» жинағына енген.

1917 жылғы революциядан кейін Ресейде коммунистік жүйе орнап, коммунизмді дүниежүзіне тарату мақсатында әртүрлі ұрандар тасталып, 1919 жылы Коммунистік Интернационал (Коминтерн. Интернационал – саяси партиялар мен ұйымдардың бірлестігімен ұсынылған халықаралық саяси ұйым) құрылады. Ресейде оқып жатқан Қытайдан келген студенттер коммунизмді қабылдап, Қытайдың әр жерінде коммунистік бағытты насихаттап топтар құрады. 1921 жылы Қытайда коммунистік партия құрылғаны жарияланады. Осыдан бастап Кеңес үкіметінің қолдауымен әртүрлі саяси өзгерістер мен күрестердің соңы 1949 жылы Қытай Халық Республикасының құрылуымен аяқталады. Осы уақыттарда коммунистік-социалистік бағытты ұстанған екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар жақсарып, «Совет-Қытай достық қоғамы» құрылып, екі елдің бір-біріне көмек көрсету келісім шартына қол қойылып, әртүрлі бағыттағы байланыстар күшейе түседі. Қытайдағы қазақ жастары Қазақстанға келіп білім алса, Қазақстаннан арнайы мамандар ол жақтағы қазақтарға білім, ғылым, мәдениет, әдебиет, көркемөнер саласы жұмыстарына көмектесу үшін ҚХР-на барды. Солардың ішінде Жәрдем Тілеков те болған. Оның бұл сапары жайлы ішінара алдыңғы аға буын қаламгерлер болмаса, жас буынның білмейтіні анық. Жалпы бүгінгі күні Жәрдем Тілеков туралы естеліктер де өте аз. Замандастарынан С. Сейітов, С. Бақбергеновтердің бірлі-жарым жазбалары ғана кездеседі.

Іле аймағы Текес ауданында дүниеге келіп, 1962 жылы атамекенге оралған ақын Естеу Нүсіпбековтің 1999 жылғы «Шалқар» газетіне жарияланған «Жақсының жүрген жері – жәрмеңке» мақаласында осы тарихи сәттердің ортасында жүріп куә болғанын былайша еске алады: «Мен 1954 жылы 1-сәуірде Шиңжаң халық баспасының оқулықтар бөліміне редактор болып қызметке кірдім... Қазақстаннан көмекке келген адамдармен 15 күндей бұрын әр ұлт зиялыларының кездесу салтанаты болған. Сонда олармен танысқанбыз. Олар: «Теміржолшы» газеті редакторы Ыбырайке Тыныкин, көркем әдебиет баспасы проза бөлімі меңгерушісі Жәрдем Тілеков, «Қазақстан» мемлекеттік баспасы аударма бөлімінің редакторы Жүнісбек Орысбаев ағайлар болатын» [126, 5]. Жалпы бұл адамдар жөнінде қысқаша деректер алдыңғы аға буын жазушылар мен журналистердің кейінгі жылдардағы Шыңжаң өңіріндегі қазақ әдебиетіне қатысты мақалаларында айтылыпты. Қ. Жұмаділовтің Ж. Бабалықовтың 90 жылдығына арналған «Күреспен өткен ғұмыр» мақаласында Ыбырайке Тыныкинді атап өтсе [127], Ж. Алпартегінің «Жас алаш» газетінің сайтына шыққан Тілеужан Сақалов жөніндегі «Шығыс Түркістан әдебиетін тұңғыш зерттеуші» мақаласында жоғарыдағы үш қаламгердің (үшеуінен басқа Ғұбайдолла Дауылбаев деген төртінші адамның да аты аталады) көмек сапары жөнінде айта отырып, Т. Сақаловтың солардан тағылым алғанын жазады [128]. Яғни, ҚХР-на әдебиет, журналистика саласы бойынша көмекке Жәрдем Тілековтен басқа бірнеше адам барғаны анық.

Үш қаламгердің алған міндеті мен атқарған жұмыстары – оқулық шығару, әдебиет пен көркемөнер жұмыстарына қол ұшын созу. Е. Нүсіпбеков: «Ыбекең бастауыш мектеп, Жәкең орта мектеп оқулықтарына, Жүнісбек ағай аударма бөліміне кеңесші болып бөлінді... » – деп жазады [126]. Расында, олар Шыңжаңдағы

қазақ мектептерінің әр сыныптарына лайықтап «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі грамматикасы», «Әдебиет» оқулықтарын жазып шыққан.

Е. Нүсіпбеков Жәрдем Тілековтің адами да, кәсіби де болмысына былай деп баға берген: «Баспада отырған екі жыл ішінде жалғыз Жәкеңнің өзі ғана 4 салада өнімді әрі аса шалымды еңбектер етті:

Біріншіден, халық баспасының журналистерін шыңдады. Ұланғайыр кадр тобын әзірледі... Жоғарыда аталған оқулықтардың әрқайсысы Жәкеңнің қолынан әлденеше дүркін өтті. Ал мен үшін Жәрдем Тілеков ғайыптан тірілген әкемдей, мейірімі, шапағаты, қамқорлығы мол ағамдай, пікірлес, сырлас, рухтас ұстазымдай болды. Кітаптардағы мәтіндердің тілі нәрлі, жоғары сапада әзірленуі тікелей Жәкеңнің арқасы десем, асыра айтқандық болмайды. Қытайшадан, ұйғыршадан аударылған әдеби шығармалардың кейбірін Жәкең табылғанынша орысшасымен де салыстырып, өңдеп беріп отырғаны бар.

Екіншіден, Жәкең халық баспасынан тыс «Шиңжаң газеті», «Шиңжаң оқуағартуы» «Шұғыла» журналы, Шиңжаң радиосы редакциялары қызметкерлерінің де материал қорытуына, өңдеуіне, редакцияларына, уақытпен санаспай, қолмақол көмек көрсетіп отырды... Жәкеңнің Шиңжаң тарихында тұңғыш жасалған Б. Тышқанбаев пен Уан Иыху авторлығындағы «Қасен-Жәмилә» киносының сценарий мәтінін редакциялағаны, Қажығұмар Шабданұлының «Бақыт жолында» повесін алғаш талдап, ол туралы өрелі баяндама жасағаны – жеке-жеке келелі әңгіме желісі. Қысқартып айтқанда, аталған шыңжаңдықтардың бәрі (аттарын жазбадық. Е. Ш) – Жәкеңнің редакторлық илеу, уқалауын көрген терінің пұшпақтары, жазушы, журналист ретінде Жәрдем Тілековтің шекпенінен шыққан қаламгерлер.

Үшіншіден, Жәкең Шиңжаң әдебиетшілері, журналистері, жоғары мектеп оқытушылары арасында әдебиеттану, кеңес әдебиеті мен журналистикасы жөнінде ғылыми-теориялық баяндамаларды да көп жасады, зор бағдарламалы лекциялар оқыды. Абайдың қайтыс болуына 50 жыл толуын еске түсірген әдеби кештің басбаяндамасын жасауды бастаған Жәкең айына 2 дүркіннен, алғаш өлкелік көркемөнерпаздар бірлестігінде, кейін Шиңжаң университеті әдебиет факультетінің аспиранттары алдында бүкіл кеңес әдебиеті курсы бойынша жүйелі лекциялар оқыды...

Төртіншіден, Жәкең болашақта жазылатын «Жоңғар даласында» романына материал, ой, идея жинаумен шұғылданды. 1944–1949 жылдар Шиңжаңда болған ұлтазаттық көтерілісті зерттеді. Шығыс Түркістан республикасын, Үш аймақ уақытша үкіметін құруға қатысқан қайраткерлермен, зиялылармен жиі әңгімелесетін... Жәкеңнің мұндай әңгімелесулері өлке тарихынан маған да ұшан-теңіз мол білім беретін» – деп айрықша тоқталады [126].

Е. Нүсіпбековтің мақаласына қарасақ, қазақстандықтардың барған жылы К. Мақайұлы айтқан 1953 жылмен сәйкес келеді және Абайдың қайтыс болуына 50 жыл толуына байланысты кеш ұйымдастыру, баяндама жасау, айына екі дүркіннен, өлкелік көркемөнерпаздар бірлестігі мен аспиранттарға лекциялар оқуы Әшімнің қазақстандықтардың алдында күй тартқанын растай түсетіндей.

Бір айта кетер сөз, Ж. Тілековтің өзі де өнерден құралақан болмаған адам. Сағынғали Сейітовтің «Тағдырын туған елге табыстаған» мақаласында: «...Ауыл азаматтарымен бас қосқан кездерде кейде көңіл көтеріп, ән салу, күй тарту тәрізді өнер көрсету керек болғанда, сөз кезегі алдымен Жәрдемге тиетін еді. Бес жасынан домбыра тартып үйренген ол Құрманғазы, Дәулеткерей, Сейтек күйлерін айтулы күйшілерден кем тартпайтын. Сондай мәжілістердің бірінде Ғабит ағамыз:

– Кәне, Жәрдем, домбыраңды ал да, Дәулеткерейдің «Құдашасын» тартып жіберші, – деп қолқалайтын. Сонда «Құдашаға» «Қызыл қайың», «Заман-ай» күйлері жалғасатын. Жәрдем құр орындаушы емес, кейбір күйлердің тарихын өте жақсы білетін. Мәселен, ол Сейтектің «Заман-айы» дүниеге қалай келгенін кемінде 40-50 минуттай әңгімелейтін» [129], – деп жазады.

Міне, Әшімді көрген Жәрдем Тілеков жайлы қысқаша деректер осындай. Бірақ сөз бен саздың бағасын білген қаламгердің Абайдың «Ақтолқынын» Әшімнің өзінен тыңдай тұра, «қазақтың бір жоғы табылды» деп қуана тұра Қытай сапары, ондағы әдебиет пен өнер өкілдері жайлы жазбай кетуі мүмкін бе? Өкінішке қарай, ол туралы естеліктері табылмай тұр.

Абай шығармаларының шекараның арғы бетінен табылуын әртүрлі тарихи жағдайлармен және Абай, Шәкәрім тәрбиесін көрген Әсет Найманбайұлы, Зият Шәкәрімұлы секілді арғы бетке өткен сол кездегі қазақ зиялыларымен байланыстырып жатады. Ол рас та.

Абай сөзі ақынның немере інісі Зият Шәкәрімұлы арқылы да барды. Т. Жұртбай «Білмей мұны жазған жоқ» мәтінтанулық зерттеу еңбегінде Алаш қайраткерлерінің бірі Райымжан Мәрсековтің інісі Шериаздан Мәрсековтің «Абай Құнанбайұлының тәлімдері», «Шәкәрім Құдайбердіұлының тәлімдері» деген атпен ақын өлеңдерінің көшірмесі табылғандығын айтады. Алашордалықтарға қуғын-сүргін жасалып, Ә. Бөкейханов пен М. Дулатовтарды тұтқындау жөніндегі бұйрық шыққасын Р. Мәрсековтің Шығыс Түркістанға бой тасалап (1922), осы істің бел ортасында жүрген інісі Шериаздан да шекараның арғы бетіне өтіп, ол жақта мәдени-ағарту ісімен айналысып, мектеп ашып бала оқытып, жоғарыда аталған еңбектерді оқу құралы ретінде пайдаланғандығын, сондай-ақ, 2001 жылы ақын, журналист Аманжан Жақыптың (Аманжан Жақып – ҚХР Бұратолада дүниеге келген. Қазақстанға 1955 жылы келген) қаншама тағдырды бастан кешкен тағы бір қолжазбаны өзіне табыстағанын жазады [130, 14]. Иә, мұның барлығы Абай шығармаларының ол жақта кең таралғандығынан хабар береді. Бірақ күйге келгенде, кешегі де, бүгінгі де табылып отырған күйлердің жету тарихы Әсетке де, Зиятқа да, Шериазданға да еш қатысы жоқ. Дегенмен, Абайға қатысты «Ақтолқын» күйінің бірнеше түр, нұсқаларының жетуі – оның халық арасына біршама таралғандығын білдіретіні анық. Екінші, «Ақтолқынның» тарихының да, ареалдық кеңістігінің де Қытайдың бір ғана Іле аймағына ғана тиесілі болуы – жоғарыдағы күй тарихымен бір жақындықтың барын аңғартпай қоймайды. Бірақ...

Енді бір қызық жағдай, 2022 жылдың 15 мамыры күні Ардаби Мәулетұлы жеке мұрағатынан Әшімнің өз орындауында «Ақтолқын» деп тартылған тағы бір күйдің бар екенін айтып, күйдің аудиожазбасын жіберді. Бұл күй де нотаға түсірілді (төменде).

Орташа, ойнақы

Бұл жоғарыда Қ. Андастың «Әшім шерткен күйдің аудио нұсқасы Қытайдың орталық радиосының архивінде сақтаулы деген дерек бар» деген сөзінің расқа айналуы ма? Әзірге белгісіз. Тыңдадық. Күйді орындар алдында «Ақтолқын» екенін айтып хабарлаған. Ол Әшімнің өз дауысы ма әлде жазып алып отырған адамның дауысы ма, ол да беймәлім. Аудиожазбаның сапасы төмен болғанмен, тыңдауға жарамды. Күй оң бұрауда орындалған. Бірақ күй атына алдыңғы күйлердей Абай аты қосылып айтылмаған. Алдыңғы күйлердің ешқайсысына ұқсамайды, мүлде басқа күй. Бұл күйдің Абайға қаншалықты қатысы бар? Ардаби Мәулетұлы өзінде «Ақтолқын» аталған күйлердің бірнеше түр, нұсқалары бола тұра неге өзі басын ашып, таратып жазбаған? Түсініксіз...

Сонымен бірге, Абай атымен байланысты ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Кино, фотоқұжаттар және дыбысжазбалардың орталық мемлекеттік архивінен» «Абай толғауы» аталатын күй алынды. Шығарма 1959 жылы жазылып, 1981 жылы архивке өткізілген. Орындаған – Мұқыш Жүнісов [131].



28–9114

❊ - тұтып ойнау белгісі

«Абай толғауы» – басынан аяғына дейін staccato (итал. – бөлу, ажырату) ерекшелігімен орындалады, яғни тұтпа қағыс арқылы үзік дыбыстармен орындалған шағын көлемдегі шығарма. Бұл толғау атымен сақталған күйде А. Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда, «көңілдің күйін-мұңын, мүддесін, зарын, күйінішін, сүйінішін айтып шер тарқату, ішкі ғаламында болған халды тысқа шығарып, басқаларға білдіріп, басқаларды сол көңілінің күйіне түсіріп, халын түсіндіретін» табиғат байқалмайды [132], алдыңғы күйлерге жақындығы жоқ. Соған қарағанда, бұл белгілі бір автордың Абайға арнаған туындысы болса керек.

Сөзді қорыта келгенде, онсыз да ақиқаты аз, аңызы көп ақынның күй мұрасына қарама-қайшы пікірлердің бар екенін ескерсек, «Ақтолқынға» келгенде, күйдің ізі тіпті шиырлай түскендей. Ал «Желдірме» аталатын күйлердің вокалдық-орындаушылық жанрға қатысты болуы – Абай күйлерінің зерттелуінің кенжелеп тұрғанын көрсетеді. Келешекте музыкатанушы мамандар Абайдың күй мұрасына әлі де назар салып, терең зерттеуі қажет деп санаймыз.

* * *

Абайдың бізге нақты қанша әні жеткені және қаншасы жоғалғаны туралы дөп басып айту қиын. Ақынның музыкалық мұрасы бүгінгі күнге дейін әрқилы нұсқалармен жетіп, түрлі сарында «Абайдың әні», «Абайдың күйі» деген атаулармен ел ішінде орындалып келеді. Бұған ертеректегі зерттеу еңбектерде келтірілген мәліметтер де дәлел бола алады. Мәселен, Н. С. Смирнова «Абай әндері» атты мақаласында: «Қазақ халқы Абай әндерін адамның жас тұрғысына қарай талғап айтып, таңдап тыңдаған. Қариялар домбырамен «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Өлсем орным қара жер», «Ішім өлген, сыртым сау», «Сұрғылт тұман» секілді әндерді сүйіп айтқан» [106, 66], – деп көрсетеді. Мұнда аталған бірнеше өлеңнің нақты авторлық әуені сақталған ба әлде халықтық әуенмен орындалған нұсқасы ма, белгісіз. Өйткені Абайдың бірқатар өлеңдері халық әндерінің сарынына салып айтылып, кейіннен солайша ел ішінде қалыптасып қалғаны белгілі.

Мұхтар Әуезовтің мына пікірі бұл үрдістің мәнісін тереңірек түсіндіреді: «Абайдың «мынасы өзімдікі, анасы пәлендікі» деп айтқан сөзін естіген кісі жоқ.

Және өлеңіне қосылған әнді өзі домбыраға тартып, ән қосып бірер айтып берген соң, маңайындағы жігіттер қағып алып кетеді. Содан әрі не күйде, қалай тартып, қалай айтылып жүргеніменен Абайдың көп жұмысы болмаған» [92, 126–138], – дейді. Бұл ойдан байқалатыны – Абай әндерінің әрі қарай қалай орындалатыны көбінесе орындаушылар еркіне берілген. Ал мұндай еркіндік ақын әндерінің түрліше нұсқада өмір сүруіне ықпал еткен.

Абай өлеңдерінің халықтық музыкалық дәстүрмен тоғысуын алғаш ғылыми тұрғыда арнайы зерттегендердің бірі – В. Дернова. Ол өз еңбегінде: «Абай өлеңдерін халық өзінше мелодиялық жағынан өте жиі өңдеп те отырды. Халық жақсылап ұғып алған мелодияны өрнектеп, ал жарым-жартылап ұққан мелодияны толығымен қайтадан жөндеп немесе көбірек таныс басқа мелодиямен ауыстырып та отырды. Мұндай жағдайда ән текстісін де жиі өзгертіп, оны мелодияға бағындырып отырды. С. Нұрышев өзінің «Крыловтың XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі творчестволық мұрасы» деген кітабында 1915 жылы шыққан «Қазақ» газетінде (№114) Семей қаласында өткізілген сауық кеші туралы хабар жазылғандығын, бұл кеште «Абай әндері» деген атпен Абай аударған Крыловтың «Есек пен бұлбұл» мысалы орындалғандығын айтады» [4, 107–108], – деп жазады. Бұдан музыкалық-поэтикалық мәтіндердің ауызша таралуын, сондай-ақ, авторлық нұсқалардың біртіндеп көмескіленуін де байқауға болады.

Абай өлеңдерінің таралу жолдары негізінен ауызша жаттау және қолмен көшіріп жазу арқылы жүзеге асты. Сауатты адамдар ақын шығармаларын арнайы көшіртіп, жеке қолжазба дәптерлер түрінде сақтаған. Мұндай қолжазбалар кей жағдайда ұзатылған қыздың жасауына қосылып, отбасылық мұра ретінде де беріліп отырған. «Сауаты барлардың қолында Абай өлеңдерінің көшірілген қолжазбалары болса, қарттардың қарапайым кеңесінде Абай сөзін қолданып сөйлеу әдеткі жағдайға айналған. Хат білетіндері бір-біріне хат жазысқанда Абай сөздерін қолданған. Баянауылдың белгілі қазағы Сәдуақас Шорманов өзінің достарына жазған хатында Абайдың «Көңілім менің қырық жамау» өлеңін келтірген» [106, 66]. Бұл дерек Абай шығармашылығының ауызекі сөз мәдениетіне терең еніп, күнделікті қарым-қатынастың бір бөлшегіне айналғанын аңғартады.

Ақын өлеңдерінің кең таралуына Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Әлмағамбет, Әріп, Әсет тәрізді шәкірттерінің үлесі айрықша болды. 1886 және 1889 жылдары «Дала уәлаяты» газетінде Көкбайдың атынан бірнеше өлеңдері жарияланып, Абай мұрасы алғаш рет баспасөз бетінде көрініс тапты. Осылайша ел ішіне тараған ақын өлеңдері қарапайым халық арасында үлкен қызығушылық тудырып, оларды әнге қосып айту дәстүрге айналды. Көп жағдайда бұл өлеңдер халық әндерінің әуеніне бейімделіп, өңделіп орындалған.

Абай шығармашылығының әнге айналып, халықтық орындау дәстүріне енуі XX ғасырдың басында, әсіресе 1909 жылы жарық көрген алғашқы жинақтан кейін, кәсіби әншілер репертуарында да орын ала бастады. Мұндай үрдіс Шәкәрімнің өлеңдеріне қатысты да байқалады. Бұған дәлел ретінде Абайдың сөздеріне құрылған әндердің көне аудиожазбаларының сақталуы мысал бола алады. Мәселен, Қали Байжановтың орындауындағы «Шама» әнінің бірнеше нұсқасы белгілі. Соның бірі Шәкәрімнің «Анық пен танық» атты өлеңінің алғашқы алты шумағымен орындалған.

Бұл деректер Абай мен оның айналасындағы ақындардың шығармалары халықтың көркемдік санасында терең орныққанын және оларды таратудың әрі орындаудың сан алуан жолдары болғанын көрсетеді.

Жалпы алғанда, Абай шығармашылығының музыкалық жолмен таралуы қазақтың ауызша мәдениеті арқылы музыкалық кеңістікте де кең өріс алған.

Осыған орай, ұсынылып отырған қосымша бөлімде аталмыш мәселені нақтылай түсіп, Абай өлеңдерінің халық әуендерімен орындалуына қатысты деректерге арнайы түсінік беруді орынды деп санадық. Мұндай түсінік авторлық және халықтық сипаттың аражігін ажыратуға мүмкіндік береді.

№1. Абай әндерін алғаш хатқа түсіру кезеңдерінде А. Затаевич ақынның «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» өлеңінің мәтінімен «Үкілім-ай» әнін Семейде Күләш Оспановадан жазып алған. Ән «1000 ән» жинағында жарияланған [35, 280].

Жалпы, бұл әндегі баяу ырғақ, кеңдік Абайдың әніне бір жақындықты байқатуы мүмкін. Бірақ Ә. Ысқақовтың орындауында бұл өлең сөзінің өз әні бар. Қайырмалық сипаттағы «Үкілім-ай, жеңеше-ай, сағындым, сәулем өзгеше-ай» сөздері әннің Абайдан алшақ, халықтық нұсқа екенін білдіреді.

№2. «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» өлеңіне берілген түсінікте ақынның осы өлеңімен тағы бір әннің 1994 жылы жарық көрген фортепианоға өңделген «Абай әндері» жинағына [45,76] енгенін айтқан болатынбыз. Әуен Абай стилінен алшақ, халықтық сарын. Анығында, бүгінде «Жамбыл мен Айкүмістің айтысы» деп орындалып жүрген айтыс сарынындағы Жамбылдың әуені анық байқалады. Әуенді өңдеген – композитор Ж. Тезекбаев. Жинақта әуен кімнен, қайдан алынғандығы жөнінде ешқандай түсінік берілмеген. Бұл Абай музыкаларының жинақтарында да, біз жинақтаған материалдар арасында да кездеспеген әуен.

№3. В. Дернова өзінің еңбегінде: «Абайдың тағы бір өлеңінің А. Затаевич жазып алған халық әнімен орындалатынын бізге Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми қызметкері Т. Бекхожина айтты. «Қарындарым» әні[1] әлі күнге дейін Абайдың «Қыс» өлеңімен айтылады. Әнде түпнұсқадағы бунақ орны ауысып, әр екі жол қайырмамен аяқталып отырады. Ән мәтіні Т. Бекхожинамен бірігіп жазылды» [4, 41], – дейді. «1000 ән» түсініктерінде А. Затаевич бұл әнді Зайсан уезінде Иманхан Әбдіханов деген 1921–1922 жылдары Орынборда әскери-саяси курстан өткен, оқыған, зиялы, сол өңірдің әндерін өте жақсы білетін адамнан жазып алғанын айтады [35, 402]. Әуен қазаққа белгілі «Бүлдірген» әнінің интонациясына өте жақын.

1000 п. №624.
"Кариндарим" (припевное слово)

№4. Абай сөзімен жазылып алынған әндердің бірі – Т. Арғынбаевтың айтуымен жеткен «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл». Бұл – осы өлең сөзімен айтылған үшінші ән. Әнді Б. Ерзакович нотаға түсірген, бірақ оның еңбектерінен бұл ән жөнінде ештеңе кездестіре алмадық. В. Дернова мақаласында ғана Б. Ерзаковичтің жазып алғандығы жөнінде айтылып өткен [4, 24]. Бұл әнге қатысты «Есіңде бар ма жас күнің» әніне берілген түсінікте кеңірек айтылған. Қайталап қосымша беріліп отыр. Ән нотасы В. Дернова мақаласынан алынды [9, 107].

[1] «1000 әнде» «Қари-дарим» болып берілген. №624. [31, 238] және 4-тактідегі жақша ішіндегі си нотасы «1000 әнде» жоқ, оны мәтінді жазушылар қосқан секілді. Нота Дерновaның мақаласы бойынша берілді.

№5. Абай сөзімен айтылған әндердің бірнешеуін М. Төлебаев хатқа түсірген. М. Төлебаевтың «Мақпал» жинағында Абай сөзімен айтылған үш ән жарияланған. Соның алғашқысы «Қалқа» әні (№26). Жинақ түсініктерінде: «Қалқа» – Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің алғашқы шумағының өзгеріске ұшыраған түрі, «48 х.ә» №5» деп түсінік берілген [133, 52, 143].

№6. М. Төлебаевтан жеткен екінші ән де осы сөзбен айтылған. Жинақ соңында: «Сайра да бір сөйле» – Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің алғашқы шумағының өзгеріске ұшыраған түрі, «26 х.ә» №23» [133, 52, 143], – деген түсінік берілген.

№7. «Жарқ етпес...» өлеңі халық әндерінің тағы бірінің сөзі болып орындалған. А. Затаевичтің «Песни разных народов» жинағында С. Сейфуллиннің айтуында жазылып алынған «Қараторғайға» (Ақан серінің «Қараторғайына» жақындық бар. Е. Ш) қатысты кең түсінікте: «1000 әнде» осындай атаумен тоғыз ән берілген. Дәл осындай атаумен Б. Ерзаковичтің ҚХӘ жинағында тағы екі ән бар (60 және 62-беттер). Затаевичтің келтірген жазбалары «Дала Қараторғайы» деп аталатын әндердің біршама қысқартылған нұсқалары. (ҚХӘ, 60-бетті қараңыз). 1924 жылы Мәскеуде «1000 ән» жинағын құрастырып болғаннан кейін Затаевич өзінің ескі респондеті Ғ. Бөкейхановтан «Қараторғайдың» толық нұсқасын мәтінімен жазып алады («1000»/306–326 және 691 қараңыз. 181). Белгісіз себептермен жазба «500 әнге» енгізілмеген. Бірақ ән хорға өңделген түрінде клубтық көркемөнерпаздар қойылымдарына арналған «Қазақстан әндері» жинағында жарияланған (Мәскеу, Музгиз, 1932). Екінші рет Қазақ радиосының ішекті квартетіне қайта өңделген («АВЗ», 208, 250, 295-беттерді қараңыз). Бөкейханов жеткізген әннің 1-шумағы

сөздерінің орны ауысқан немесе сөздері өзгерген халықтық нұсқадағы Абайдың «Жарқ етпес қара көңілім» өлеңінің сөзімен айтылса, 2-шумақ – Жаяу Мұсаның «Сұрша-қыз» әнінің мәтінімен айтылған» деген түсінік беріліп,

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Қалқатай, маған жар жоқ, сірә, сендей,
Саған жар менен артық табылса да.

Қайырмасы:

Қараторғай, жүрсің зорға-ай
Бейшара шырылдайсың жерге қонбай. –

деген ән мәтіні берілген [20, 17–18]. Осы дерекке байланысты М. И. Глинка атындағы музейдің (Мәскеу) архив материалдары негізінде 2019 жылы жарық көрген А. Затаевичтің «Народные песни и кюи» (НПиК) жинағы қарастырылып, респонденттердің арасынан Ғ. Бөкейханов та, «Қараторғай» әні де кезікпеді. Жалпы В. Дернова келтірген қайырма мәтініне қарағанда, Ақан серінің де «Қараторғайы» «Жарқ етпестің» сөзімен айтылған секілді.

№8. Абай сөздерімен тек халық әні ғана емес, халық композиторларының әндері таралған. Сондай әндердің бірі – «Жасымда ғылым бар деп ескермедім. Ән «Мақпал» (1979) жинағында «Ахау» деген атпен жарияланған. Жинақ түсініктерінде: «Ахау» – Қ. Бабақовтың орындауында Біржан сал әні, «№48» х.ә» №7» [133, 77, 144], – деп жазылған.

1984 жылы Б. Ерзакович, Ә. Дербісалин, З. Қоспақовтардың Біржан сал әндерінен құрастырған «Ләйлім шырақ» жинағында «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген атпен берілген. Жинақ түсініктерінде: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім (Ахау). Ән Қ. Бабақовтың орындауы бойынша нотаға түсірілген. Әннің сөзі Абайдікі болғандықтан, бұрын Біржан әндерінің қатарында жарияланған жоқ. Әншілердің айтуына қарағанда, Біржан Абай ауылына барғанда ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңіне арнап осы әнді шығарған. «Мақпал» №46» [108, 91, 131] , – деп түсінік берілген («Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнінің түсінігін қараңыз).

Ән Біржанға тиесілі ме, жоқ па белгісіз. Дегенмен, әннің басталуы оның «Жонылалды» әніне, соңғы фразалары Ж. Тоғандықов айтуындағы «Біржан салдың соңғы әніне» жақын.

№9. Сондай-ақ, бұл қатарға Б. Ерзаковичтің Көкшетау облысының Айыртау ауданында Жақыпов Шайзаттан жазып алынған «Сыз болмай ма» әнін де қосуға болады. Ән Б. Ерзакович құрастырып шығарған «Қазақ халқының ғашықтық әндері антологиясында» жарық көрген [134, 84].

Ән интонациясы мен ырғағынан Арқа өңіріне кең жайылған Уәйіс Шондыбайұлының «Бозқараған» әні тұрғанын аңғару қиын емес (Ертедегі жинақтарда халық әні «Қос барабан» болып берілсе, Қ. Байбосыновтың «Сыр сандық» жинағында халық әні «Қос балапан» болып берілген [78, 66]). Ән өзгеріске түскен.

№10. Қазақ радиосы мен архив қорларында Ж. Тоғандықовтың орындауында Абай өлеңдерімен айтылған екі-үш халықтық әуен сақталған. Оның бірі «Қараңғы түнде тау қалғып» әніне берілген түсінікте айтылған «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» әні болса, енді бірі – «Аш қарын жұбана алмас майлы ас жемей» өлеңімен айтылған әуен. Әуен ғибратты мәні бар терме бағытында речитативті түрде қоңырлата айтылған. Әнші әр шумағын әртүрлі құбылтып орындайды.

№11. Ж. Тоғандықовтың ендігі бір айтқан әні ақынның «Ойға түстім, толғандым» өлеңімен айтылған. Бұл ән де баяндау үлгісінде, халықтық сарынмен айтылған.

№12. А. Затаевичтің жинақтаған музыкалық мұралары екі рет жарыққа шықты. Әлі де бір-екі кітапқа жүк боларлық қолжазбалары қорларда сақтаулы. Солардың М. И. Глинка атындағы музей қорынан алынған үлгілері В. Дернова, Ғ. Бисенова, Б. Ерзакович, Қ. Жүзбасов секілді ғалымдардың зерттеу еңбектері мен жинақтарында жарық көрді. Сол еңбектердің бірінде жарияланған тағы бір ән жайлы айта кеткен жөн. «Сегіз аяқ» әніне берілген түсінікте «Өткен заман» немесе «Сегіз аяқ» әні

жөнінде жазылған болатын. Сол әннен кейін тұрған үшінші жазба туралы В. Дернова: «Үшінші жазба «Бозбала» деп аталады. Абсалықов – Абай» деп қысқа ғана жазып, әннің мәтінсіз ноталық үлгісін қалдырған [9, 44].

"Бозбала" Абасалыкова - Абая

«...Абайдың «Бозбала» деген сөзі бар өлеңі осы әуенмен айтылған деп болжауға болады және ол сөз өлеңнің басында тұруы міндетті емес» [9, 44] – дейді В. Дернова. Біріншіден, зерттеуде ұсынылған ноталық үлгі толық аяқталмаған. Екіншіден, Абайдың «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» атты өлеңінің мәтінін аталған әуен астына орналастырып көру арқылы үйлесімділік деңгейін анықтауға тырыстық. Алайда поэтикалық өлшем мен музыкалық фразалар сәйкеспейді. Үшіншіден, ұсынылып отырған әуен Абайдың стильдік ерекшеліктерінен алшақ. Бұған қоса, ән құрылымында поэтикалық мәтінмен байланысты емес, алексикалық немесе одағай түріндегі сөздер болуы мүмкін. Осы айтылғандар негізінде бұл әуеннің Абайдың нақты бір өлеңіне тиесілі екендігін сенімді түрде растау қиын.

№13. Консерваторияның ҒЗФЗ қорынан Абайға қатысты тағы бір ән табылды. Ән Талдықорған облысы Ақсу ауданы Ақсу ауылынан жазылып алынған. Экспедиция мүшелері: Т. Базарбаев, Е. Рахмадиев, А. Темірбекова. Аудиотаспада орындаушы «Абайдың әні «Топайкөк», орындаған Назарбек Әмірғалиев» деп өзін және айтатын әнін хабарлайды [15]. Ән Абайдікі делінгенмен, ән Абай стилінен алыс, Арқаның кәсіби әндеріне жақын. Әндегі *«Топайкөк-ай»* және *«Қалдым-ау қайран»* сөздері ғана анық естілгені болмаса, қалған мәтін түсініксіз, таспа сапасы төмен.

Осы экспедиция негізінде 1975 жылы музыкатанушы Алма Темірбекованың «Казахские народные песни» жинағы жарық көрді. Ән осы жинаққа ноталық үлгіде бір шумақ мәтінімен берілген. Жинақтағы «Мақпал» әніне берілген түсінікте (46-түсінік) «Әсет әншінің «Ардақ», Ақан серінің «Мақпал», Абай сөзіне жазылған «Топайкөк» әндері қазақ халқына кең таралған» десе, «Топайкөк» әнінің өзіне берілген түсінікте «Топайкөк (Серый конь). Абай Құнанбаевтың сөзіне жазылған лирикалық ән. Ақсу ауданының Ақсу ауылында Н. Әмірғалиевтен 1958 жылы жазылып алынды» деген түсінік жазылған [135, 96, 132]. Ондағы мәтін:

Қараша-ордаш әнімнің-ай асыл тегі,
Ән салмасам келмеді-ау, аха-хай, әннің көбі.
Көкшетаудың баурында-ау екі қыздың,
Еріккенде салатын-ау, аха-хай, «Топай көгі».

Қайырмасы:
Өттің дүние, қалдым қайран,
Жастықтың әсерімен, аха-хай салдым сайран. –

болып берілген. Осы берілген шумақты негіз ете отырып, аудиотаспаны қайта тыңдап, хатқа түсіргенімізде жоғарыдағы мәтіннен аз айырмашылық байқалғандай болды. Бірақ нақты емес. Сол бойынша мәтіні жазылып, нотаға түсірілді.

Қараша ордам – әнімнің-ай асыл тегі,
Ән салмасам келмейді-ау, аха-хай, әннің кебі.
Көкшетаудың баурында-ау әнін шырқап,
Еріккенде салатын-ау, аха-хай, «Топайкөгі».

Қайырмасы:
Келдің дәурен, қалдым қайран!
Игәгәгім, игей, игәгәй
О-оу-ей, ау,
Қалдым-ау қайран!

Жинақ түсінігінде Н. Әмірғалиев айтқандай, ән емес, сөз Абайдікі. Ал жинақта берілген «Көкшетаудың баурында-ау екі қыздың» деген мәтіні ән тарихына да, ән мәтінінің нұсқаларына да жақындата түседі.

«Топайкөк» – Арқаға әншілігімен де, композиторлығымен де аты шыққан Жарылғапберді Жұмабайұлының әні болып саналады. Е. Төлеутайдың «Баянауылдың дәстүрлі ән өнері» еңбегінде:

«...Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Бауырында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып, шарықтайтын салған әні.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген кемеңгері.
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,
Баянға алып келіп жайған еді.

«Топайкөк» әнінің шығу тарихы жайындағы деректер бір ізге түсіп, жүйеленген жоқ. Әннің сөзі айтып тұрғандай бұл жерде Жарылғапберді «Топайкөкті» шығарушы емес, оны Көкшетаудан Баянға алып келіп таратушы ғана болып тұрған сияқты. Бір деректерде «Топайкөк» Шоқанның туысы Сақыпкерейдің әні делініп жүр. Сәдуақас мырза Шоқанның қарындасы Нұриланы алуға барғанда, сол жолы Сәдуақасқа күйеужолдас әрі әнші ретінде еріп барған Жарылғапберді осы «Топайкөкті» үйреніп қайтқан деседі. Ал З. Ақышевтің мақаласында Жарылғапберді «Топайкөкті» Ұлытаудан – Шыңғыс төренің ауылынан қайтып келе жатқанда шығарған екен деп, әннің бұрынғы сөздерінен бөлекшелеу, төмендегі бір шумақ өлеңін келтіреді:

Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Бауырында Көкшетаудың көкте жатып,
Шығарып Жарылғаптың салған әні.

Бұл жерде әннің сөздеріне назар аударсақ, Жарылғапберді «әнді Көкшетаудың бауырындағы көкте жатып, өзі шығарып салғанына» куә боламыз» деген ой айтады» – дейді [136, 43].

Ал Б. Балабеков ән тарихына қатысты Ә. Сәтбаев айтты деген әңгімесінде (қысқартып мазмұны берілді): «Құдайберген ақсақал Алсай еліне Мәкен деген қызын беріп, сонда барып жүргенде әншісі Жарылғапберді Көкшетауда төрелер үйінде бір жеті мейман болған екен. Қыр астына қарай ән салып әрі-бері өткен қыздарды көріп жүрген Жарылғапберді:

Жігіттер шек келтірмес құдіретке,
Тілеймін медет бер деп барша үмбетке.
Елінде Көкшетаудың бір топ қызға,
Ән бастым осылай деп «Топайкөкке». –

деп «Топайкөкті» дайындап жүрген екен. Бұл сөзді сол жерде отырған Қаныш та, Әбілқайыр Досов та растап, құптайды. Қыздар қыр астына кетіп бара жатқанда:

Астымда бір атым бар қыраулатқан,
Келмейді еркін дауысым тұмауратқан.

Етегін ақ көйлектің шаң басыпты,
Қыздарды қыр астында кім аунатқан? –

деп тиісе өлеңдетіпті. Қыздар қайтарында Жарылғапбердіге «Топайкөктің» әуеніне салып 3-4 шумақ өлеңмен жауап беріпті:

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Түсінбеген адамнан дұшпан артық.
Қолына жігіттердің түссе гаухар,
Жұмсайды затын білмей мыстан артық
Ежелден бізге мәлім жігіт сыры,
Көрінді мынау әннің бізге қыры.
Жігітті жаяу жүр деп біз айтпаймыз,
Шығады біздерден де әннің түрі.
Құдеке, әнің жақсы, сырың қандай,
Түрлері сөздеріңіз шекер-балдай.
Құдалар сауықшыл елдің баласы екен,
Біз-дағы ән саламыз Біржансалдай.

Жарылғаптың жауабы:

Ерке қыз, еркелетіп мен басамын,
Әнменен Көкшетаудан бір асамын.
Сіздерді күнде қырдан көргеннен соң,
Домбыра екі ішекке ән қосамын» [137, 39–40].

Е. Төлеутай «Мұндағы назар аударатын мәселе – әннің әуелде қыз бен жігіт айтысы ретінде дүниеге келуі. Әрі бұл әннің әуелде айтыс болғандығына Жарылғапберді жағынан ауылдастары ретінде ағайынды Әбікей мен Қаныш Сәтбаевтар куәлік берсе, Әбілқайыр Досов[1] болса, көкшетаулықтар атынан болған оқиғаны қуаттап тұр. Демек, «Топайкөк» әнінің тарихи шындығы бұл жерде дәлелденгендей», – деп жазады [136, 43].

Е. Төлеутай ән тарихының екінші бір нұсқасын Жүніс Шаймерденовтің қызының жазып қалдырғанынан келтіреді. Бұл да осыған ұқсас, қыздармен айтысқа құрылған. Шорманның баласы (немересі) Біләл Баянауылдан Көкшетаудағы қайын жұртына барғанда Жарылғапберді бірге бара жатып, жолай Көкшедегі бір көлдің жағасына ат шалдырып, шатыр тігіп, аялдапты. Көл жағасында ән салып отырған екі қызды көріп, әңгімелесіп, өздерінің күйеу болып келе жатқанын айтқан Жарылғапбердіге қыздар «Топайкөкті» айтқан екен. Ән аяғы айтысқа ұласып, Жарылғапберді:

Астымда бір атым бар қыраулатқан,
Келмейді әнге дауысым тұмауратқан.

[1] Әбілқайыр Досов (1899–1938) – қоғам қайраткері. Ақмола облысы, Көкшетау уезі Қотыркөл болысында туған. 1937 жылы саяси жаламен ұсталып, 1938 жылы ату жазасына кесілген.

Етегін ақ көйлектің шаң басыпты,
Қалқаны шаңдақ жерге кім аунатқан? –

деп тиісе өлендетіпті. Оған қыздар да:

Өлген соң арыстаннан тышқан артық,
Жәй білмес ақымақ достан дұшпан артық.
Қолына кей жаманның түссе гаухар,
Ұстайды бәсін білмей мыстан артық. –

деген жоғарыда келтірген шумақтармен жауап беріпті.

Ақыры қызды ауыл келе жатқан күйеу Біләлді 40 жігітімен қонақ етіпті. Сөз соңында: «Біз үшін бұл әңгіме «Топайкөк» әні туралы айтылатын әңгімелердің ішіндегі ең әдемісі, сонымен қатар шындыққа ең жақын нұсқасы болуымен құнды. Өйткені бұл әңгіменің алдындағы нұсқаларының бірінде Сәдуақас Шорманов қайын жұртына барғанда күйеужолдас қылып Жарылғапбердіні ертіп алған болып шығады. Бісміллә айтқан нұсқа да нақтылығы кемшіндігімен, жүйесіздігімен көңілімізге күдік тудырғандай. Ал Жүніс әнші айтқан нұсқасында оқиғаның Сәдуақаспен емес, Біләлмен байланыстырылуы нанымдырақ. Екі нұсқадағы айтыста келтірілген өлең жолдары аздаған ерекшеліктері болмаса, негізі бір-бірін қайталайды. Деректердің былайша түзілуі әнші Жарылғапберді мен ақын қыздар арасында айтыстың болғанына айғақ болып тұр. Бұдан Жарылғапберді аталған әнді айтыс мақамы ретінде пайдаланған деген ұғым тумаса керек. Өйткені «Топайкөк» құрылымы жағынан аса күрделі әндердің бірі. Ал айтыс мақамдарының қарапайым, жеңіл болып келетіні белгілі. Кейін уақыт өте келе Жарылғапберді әндегі айтысқа байланысты сөздерді алып тастап, үлкен әннің талабына сай келетін сөздерді іріктеп алып, өрнек қосып түрлендіріп, осы күнгі әншілерге жеткен нұсқасын қалдырған тәрізді. Қалай десек те, Жарылғапберді «Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп, Баянға алып келіп жайғанның» өзінде «Топайкөк» ұрпақтан ұрпаққа Жарылғапбердінің әні болып тарап келе жатыр», – деп жазады [136, 45].

Осы «Топайкөк» әнінің Шыңғыстау өңіріне кең таралғаны тарихтан да, көркем әдебиеттен де белгілі. М. Әуезов ол әнді әнші М. Ержановтан естіп, «Абай жолы» романына енгізіпті деген сөз бар. Ән романның белгілі бөлімдерінде Абай – Тоғжан, Абай – Әйгерім сахнасының музыкалық арқауына (лейтмотив десе де болады) айналғаны да мәлім. Әдебиетші Құнпия Алпысбаев «Ән әуені, әнші әлемі» атты мақаласында романдағы ән мен әнші, өнер мен өнерпаз бейнелеріне жеке тоқталып, оның ішінде М. Әуезовтің «Топайкөк» арқылы «ән мен ұмырды табыстырып, адам жанының нәзік сырын ән әуезімен айшықтауын» терең талдап қарастырады [138, 407–423].

Сондай-ақ, Шыңғыстау өңіріндегі ақын-композиторлар әндерін, соның ішінде Шәкәрім әндерін сақтап жеткізуші Ниязбек Алдажаровтың айтуында «Топайкөктің» бір нұсқасының бүгінге жетуі – әннің Шыңғыстау өлкесінде кең тарағанын білдіреді. Ниязбек айтқан «Топайкөк» әуенінің бүгінгі нұсқадан алшақ тұстары да, ортақ тұстары да жоқ емес [96]. Оның мәтіні:

Табынып, сыйынамын құдіретке,
Бір өзің мәдәт бер деп тіршілікте.

Бауырынан Көкшетаудың түлеп ұшқан,
Сұрасаң әннің аты «Топайкөк» де. –

болып келеді. (Екінші шумақ түсініксіз. Таспа сапасы төмен). Бұл шумақ Б. Балабеков әңгімесіндегі Ә. Сәтбаев айтты деген шумақпен негізі бір.

Ал Н. Әмірғалиев нұсқасындағы (...Көкшетаудың баурында-ау екі қыздың, Еріккенде салатын-ау, аха-хай, «Топайкөгі») мәтіннің негізінде қыздармен айтыс немесе екі қызбен айтыстың жатқаны білінеді.

«Бабалар сөзі» көптомдығының 99 томында «Топайкөктің» екі нұсқасы берілген. І нұсқа:

Жігіттер шәк келтірме құдіретке-ай,
Тілеймін медет бер деп барша үмметке-ай.
Баурында Көкшетаудың екі қыз-ау,
Ән салған осылай деп «Топай көкке», ей!

ІІ нұсқа:

Көкшетау, Баянаула-ай, жер нояны,
Елінен көктей гүлдеп-ай, шығады әні.
Бауырында Көкшетаудың көкке шалқып,
Толғанып Жарылғаптың-ай, уай, «Топай көкке» салған әні.

Жарылғап ескі әншінің-ай маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген-ай ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан әкелдім деп,
Баянға алып келіп-ай, уай, «Топайкөкке» жайған еді [139, 326–327].

Ал М. Ержанов орындауындағы мәтінде де аздаған парық бар.

Көкшетау, Баянауыл – жер науаны,
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.
Көлінде Көкшетаудың көкке шығып,
Сондағы Жарылғаптың салған әні.

Жарылғап ескі әншінің маңғазы еді,
Әнді ерттеп, күйді мінген ардагері.
Осы әнді Көкшетаудан естідім деп,
Баянға алып келіп жайған еді.

Қорытындылай келе, бұл әнге қатысты Н. Әмірғалиев те, Н. Алдажаров та ұсынған мәтін нұсқалары мазмұндық жағынан ертедегі үлгілермен сәйкес келеді. Алайда олардың екеуінің де мәтіндері Абайдың поэтикалық стилінен алшақ. Егер әннің толық мәтіні немесе белгілі бір бөлігі Абай қаламынан туған болса, оның алғашқы дереккөздерінде, не болмаса ел ішіндегі ауызекі нұсқаларда Абай автор ретінде аталар еді. Алайда ондай айғақты дерек кездеспейді. Бұл ретте әннің бір нұсқасын жеткізген Шыңғыстау өңірінің тұрғыны Н. Алдажаров та аталмыш

шығарманың Абайға қатысы жөнінде ешқандай нақты мәлімет келтірмейді. Бұдан, ән әуелі Шыңғыстау өңірінде кеңінен таралып, кейіннен халық жадында Абай есімімен байланыстырылып кеткен деп қорытынды жасауға болады. Ал музыкалық мазмұны жағынан авторлық сипаты бар, кәсіби деңгейі жоғары ән.

Міне, ел арасында Абай сөзімен айтылған немесе Абай әні деп айтылған халықтық нұсқалардың тасқа басылып, бүгінге жеткендегісі осындай. Тек осы 10-12 ән ғана емес, татьяналық әндер ішіндегі 1.4 (1-түрдің 4-нұсқасы) және 2-түрлері (2.1 мен 2.4 аралығындағы әндер) тұтас халықтық нұсқада айтылған. «Сегіз аяқтың» да А. Бимбоэс бастап жазып алған 1-түрлері (1-түрдің 3 нұсқасы) мен Т. Арғынбаев, Х. Елебекова жеткізген түрлері әлі күнге белгісіз, бұрын ешкім айтпаған түр-нұсқалар болып тұр.

Ғ. Бисенова «Мәскеудегі М. И. Глинка атындағы музей қорында Ескендір Тынышпаевтың Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» сөзімен айтылған «Әсет әні» деген әннің барын, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының қорында Ақсу ауданының тұрғындары Арғынбековтің жеткізуінде «Сегіз аяқ», Әмірғалиевтің жеткізуінде «Көзімнің қарасы», «Қапыда тоты», Нұрламановтың жеткізуінде «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», Қапал ауданынан Айдабековтің айтуында «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңінің сөзімен айтылған «Қайран, көкем» әндері сақталғанын» айтады [7, 104].

Сондай-ақ, Ғ. Бисенова өзінің зерттеу еңбегінде Абайдың 60-қа жуық әні бар екенін атап өтеді және олардың қатарында «Жас әйел алған шалдарға» атты туындыны да көрсетеді. Ғалым бұдан әрі әндерді мазмұнына қарай жіктеп, топтастырған. Бірақ бұл аттас ән тізімге енбеген. Тіпті, ғылыми еңбектің кейінгі тарауларында бұл туралы ешқандай мәлімет берілмеген. Жинақ соңында берілген әндердің ноталық үлгілері арасынан да аталмыш туынды көрінбейді. Сондықтан бұл шығарманың нақты қандай шығарма екені қазіргі таңда белгісіз. Мүмкін бұл халықтық сарынмен айтылған «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген өлең болуы ықтимал деген жорамал ғана айтуға болады.

Консерватория қорындағы экспедициялық кітапша тізімінде Абайға қатысты «Тоты құс түсті көбелек» (екі адамнан жазылған), «Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат», М. Мұхаметжанова орындап қалдырған «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Абайдың толғауы» секілді әндер де бар. Өкінішке қарай, белгілі себептермен қолымызға тимеді.

* * *

Қазақ өнерінің бір саласы – эпикалық-жыршылық дәстүр. Бұл бүгінгі күнде Сыр, Батыс және Жетісу өңірінде барынша сақталған. Осы өңірлермен салыстырғанда, өткен ғасырдың ортасынан бері Арқа, Шығыс өңірлерінде жыр айту кенжелеп, бүгінгі күні үзіліп қалды. Мұның себебін ғалымдар Арқадағы әншілік өнердің алға шығуымен байланыстырады. Болмаса Жанақ, Арыстанбай, кешегі сал-серілер, бертінгі Шашубай, Майасар, Құлтумалар эпик жыршы болғаны анық.

Арқа өңірінде «Қозы-Көрпеш – Баян сұлудың» Жанақ нұсқасы көп айтылған. Б. Ерзакович Ш. Әбеновтің жеткізуі бойынша кіріспесінен бастап, «Сарыбайды

жоқтауы», «Қарабайдың қайғысы», «Сақау кемпірдің қарғысы», «Таңсықтың жермен қоштасуы», «Таңсыққа шешесінің айтқан мақалы», «Бетпақ дала туралы», «Айбастың Таңсыққа кездесуі», «Таңсықтың Айбасқа қайтарған жауабы», «Қозы-Көрпештің зары», «Қозы-Көрпештің Баянға кездесуі», «Баянның жауабы», «Баянның зары», «Баянның өмірмен қоштасуы», «Таңсықтың Баянды жоқтауы» секілді бөлімдердің барлығы бөлек әуенмен орындалғанын таратып жазып, жырдың музыкалық құрылымын кең зерттеп, музыкалық талдау жасайды [55, 156–229]. Бұл турасында Ғ. Бисенова: «Бейсенбай Жақыпбеков (Жәнібекұлы. Т. Жұртбай) көп жылдар Абай айналасында болды. Ол тек Абай әндерін ғана таратқан жоқ, ол көптеген жыр-дастандардың білгірі. Бейсенбай туралы кейінгілердің естелігінде «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жырының әртүрлі эпизодтарына байланысты өз жанынан шығарған он жеті әуен нұсқалары болған. Ш. Әбеновтың жеткізген әуен ішіндегі «Баян сұлу зары» Бейсенбай шығарған әуен болуы мүмкін» [7, 117], – деген ой айтады. Бұл деректен Шыңғыстау өңірінде жыршылық дәстүрдің ерекше дамығанын, өзіндік сипат алып, шығармашылық тұрғыда түрленіп, көркемдік жағынан байытылғанын, ежелден келе жатқан жырлар осы аймақта қайта өңделіп, жергілікті жыршылардың орындау мәнері мен орындаушылық шеберлігі арқылы жаңа өң, тың сипат алғанын байқауға болады.

Бұл бағыттағы Абай шығармашылығында көрінген жаңалық – оның поэмалары (дастандары). Ақынның жаңаша тұрпаттағы поэмаларының ел ішінде құмарта, таласа-тармаса айтылғаны айдан анық. Оны Ахаттың Шәкәрім дастандарына қарата: «Ләйлі – Мәжнүн», «Дубровский» поэмаларын ел баспаға басылмай-ақ жаттап алды» [22, 795] – дегенінен де көруге болады.

Абай поэмалары халықтық жыр сарындарымен ауызша дәстүрде кең айтылып, өткен ғасырдан бастап жинақталып, бірнеше нұсқалары сол тұстағы ғылыми еңбектерде басылды. Сондай-ақ, кейінгі айтушылардың орындауында да сақталып жетті. Осыған орай, Абай поэмаларының халық арасында ертеден айтылған түр-нұсқаларын да назарға алып, түсінік беруді орынды деп санадық.

Ескендір. Қазақ даласына таралған дастандардың бірі – Ескендір туралы аңыздар. Мұның бірнеше үлгісін Г. И. Гизлер, К. Төлеутаев, Б. Ерзакович секілді ғалымдар еңбегінен көруге болады. Ескендір тұлғасы Абай шығармашылығынан да орын алып, Шыңғыстау өлкесінде кең айтылды.

М. Әуезов: «Абайдың оригиналдық поэмасы үш шығарма: «Масғұт», «Ескендір», «Әзім». Бұл үш поэманың бәрі де ақынның қазақ өмірінен, өз ортасы, өз дәуірінің болмысынан алған шығармалары емес. Үшеуі де шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылады. Тегінде, Абай бірнеше өлеңдерінде поэма жазуды өзіне мақсат етпеген тәрізденетін... Ондай әңгімелі өлеңдерден Абай өзі ойлаған өсиеттік, адамгершілік терең тәлім-тәрбие туа қоймайтындай көретін... Бірақ жалпы алғанда, көлемдері азғана, оқиға, сюжеттері шағын шыққан осы поэмалардың да негізгі идеясы мен мақсаты Абайдың көп лирикалық шығармаларындай, ұстаздық тәрбиелік ойларға арналғанын көреміз» [37, 186], – дейді.

Г. И. Гизлер еңбегінде Семей өңірінен мәтінсіз жазып алған алты ноталық үлгі беріледі, соның алтыншысына «Мелодия №6. Песня о Искандер-хане и его

29–9114

делах» деп, Ескендір жыры екеніне түсінік берілген [140, 149]. Мұны Б. Ерзакович: «Бұл әскерімен Сырдария өңіріне дейін келген Александр Македонский туралы Г. И. Гизлердің соңғы жазып алған әні» [141, 132], – деп көрсетеді.

Мұндай «Ескендір. II» (№71) деген атпен А. Затаевич те Батыс өңірінің Бөкей бөлімінде Шамбулат Кударов деген адамнан мәтінсіз жазып алып, «500 ән-күй» жинағына енгізген [72, 510].



А. Затаевичтің «1000 ән», «500 ән-күй» жинақтары – қазақтың музыкалық фольклорының алғашқы жүйелі басылымдарының бірі екені белгілі. Алайда осы еңбектерде әндердің тек ноталық үлгілері беріліп, олардың мәтіні көп жағдайда назардан тыс қалған.

Осы жинақтарды қалпына келтіру мақсатында 2007 жылы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «500 ән-күйдің» жаңа басылымын жарыққа шығарды. Ұзақ жылғы еңбектің нәтижесінде бұрын мәтінсіз берілген көптеген әндердің сөздері қойылып, ноталық жазбалар поэзиялық өлшемдерге сәйкестендірілді.

Алайда мұндағы кейбір музыкалық шығармаларға сәйестендірілген мәтіндер белгілі бір жағдайда ғылыми күмән туындатады. Атап айтқанда, жоғарыдағы «Ескендір. II» әуеніне Абайдың «Ескендір» поэмасының мәтіні жазылып, әуеннің ырғақ жүйесі өлең өлшеміне қарай қойылған. Біріншіден, әуен Арқа және Шығыс Қазақстан өңіріне тән музыкалық-поэтикалық шығармашылық дәстүрден алшақ. Екіншіден, А. В. Затаевич қазақ ән-күйлерін жинақтаған кезең – XX ғасырдың 20-жылдарының басы екенін ескерсек, ол уақытта Абайдың 1909 жылы жарық көрген тұңғыш жинағы Батыс Қазақстан өңіріне кеңінен таралып, «Ескендір» жырланып үлгерді ме? Осы тұрғыдан алғанда, Орал өңірінен жазылып алынған әуенге Абай поэмасының мәтінінің қосылуы – музыкалық мұра мен әдеби мәтін арасындағы үйлесімнен гөрі редакция тарапынан болған сәйкестендіру екені байқалады.

Сондай-ақ, «1000 ән» жинағында Әлкей Өтекиннің орындауында «Ескендір. Жаяу Мұсаның әні (II)» деген осы аттас ән берілген. Ол кейіннен З. Қоспақовтың Жаяу Мұса әндерінен құрастырған «Ақ сиса» жинағына

Ескендір патша болып дүниені алған,
Қалмаған бұл жалғанда не бір арман.
Қайтсек те бір амалын табамыз деп,
Ізденіп мәңгі суын оған барған.

Бәріміз бір кісінің баласымыз,
Жігіттер, бір-біріңе қарасыңыз.
Бұл дүние ешкімге де бермес опа,
Жеріне бабаң барған барасыңыз. –

деген мәтінмен енген [142, 92]. Мәтіннің қайдан алынғаны жазылмаған.

Б. Ерзаковичтің жоғарыда аталған еңбегінде: «Александр Македонский жайлы жырды К. Төлеутаев 1972 жылы «Ескендір Зұлқарнайын қиссасы» деген атпен балқаштық А. Ақышевтан жазып алған. Жыр мәтіні Абайдың «Ескендір» поэмасы бойынша орындалған» [141, 132], – дейді. Әрі осы еңбекте «Ескендірдің» үш нұсқасын салыстыра көрсетеді.

Б. Ерзакович: «Ескендір туралы үш әннің әуенін салыстыра қарастырғанда аздаған өзгешеліктері болмаса, айтылуы және әуені жағынан ортақтық бар. Алдыңғы екі түрінің мәтіні белгісіз», – деп жазған [141, 133]. Бірақ Б. Ерзакович мәтіні белгісіз алдыңғы екі нұсқаны да, соңғысын да Абайдың «Ескендір» поэмасының мәтінімен берген. Ноталық жазбада берілген жырдың әуені Арқа, шығыс өңіріндегі «Түсіпхан», «Жетім бала», «Қабанбай батыр» секілді жыр сарындарымен ортақтығы байқалады.

Қобызшы Ә. Қазақбаевтың жеке қорынан 2014 жылы К. Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық өнер университеті Қорқыт Ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының ШҚО бойынша жасаған экспедициясы кезінде семейлік жыршы Дүйсенғазы Нығметжановтан жазылған Абайдың «Ескендір» дастаны алынды [143]. Д. Нығметжанов – қазақтың «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Сәтбек батыр», «Қалқаман–Мамыр», «Еңлік–Кебек», т.б. көптеген жырларын жатқа айтушы, республикаға белгілі эпик жыршы.

Д. Нығметжанов айтуындағы «Ескендір» де халықтық сарынмен айтылған. Жыршы 11 буынды жырларға осы жыр сарынын көп пайдаланады. Бұл осы күнде айтыс ақындарының да әуені ретінде қолданылып жүр. Мәтінінде айтарлықтай өзгешеліктер де бар.

Масғұт. Ғалым Т. Жұртбай: «ШҚО Абай ауданы Қызыл ту совхозы Қазақстан бөлімшесінде тұратын қиссашы Күмісбек Әбілахашов көптеген қиссаларды білетін еді. 1980 жылдары жазушы Д. Рамазанға сол кісінің орындауында «Түсіпхан», «Қалқаман–Мамыр», Әсеттің «Ақсақ француз» қиссаларын жаздырттым, ол әзір де өзімде бар. Ал «Қалқаман–Мамыр» қиссасы туралы 1972 жылы «Қиссашы шопан» деген атпен «Жас Алашқа» мақала жазғам. Сол қиссалардың ішінде Абайдың «Ескендір» мен «Масғұтын» әуенмен айтатын.

Ей, Күмісбектің күнгейі,
Күнге қарап күліп тұр.
Күміс бастау, бал бұлақ,
Бұтағына иіп тұр... –

деп басталатын өзінің көрген-білгенін, жаңағы жыр-қиссалардың атын қосып айтатын өлеңі де бар болатын. Қиссаны айтқан кезде сөздің мәніне, жырдағы оқиғалардың әртүрлі дамуына байланысты бір әуеннің өзін түрлентіп, құбылтып отыратын», – деп Күмісбектің әуенімен Абайдың «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңін айтып берді. Біз оны «Масғұттың» сөзімен беріп отырмыз.

Жеткізген: Тұрсын Жұртбай

Ә. Қазақбаевтың жеке қорынан жоғарыда аталған экспедиция кезінде жазылған дастандардың тағы бірі – «Масғұт» [143]. Орындаушысы – Наукенов Сали Қалиұлы. С. Наукенов дастаннан үзінді ғана айтқан, ұзақтығы – 4 минут.

Орындаушы дәстүрлі жыршылық мектептің өкілі емес. Ал әуені халықтық сарын болғанымен, белгілі бір шығармамен байланысы бар. Анығында, шығарма екінші жартысынан бастап соңына дейін Сыр өңірінен шыққан ардагер өнерпаз Әлмырза Ноғайбаев орындауындағы С. Сейфуллиннің «Ақсақ киік» поэмасының әуенімен айтылған. «Ақсақ киік» поэмасы өткен ғасырдың 70–80-жылдары Ә. Ноғайбаевтың айтуында халық арасына кеңінен таралып, мәлім болғаны белгілі. Ал бұл әуеннің арғы негізі бүгінгі күні орындалып жүрген Кете Жүсіптің «Ер жігіт», Базар жыраудың «Суық сөз құлаққа емес, көңілге мұз...» шығармаларының Сыр мақамы жатыр.